



ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Рәбиға Сыздықтың туғанына 100 жыл және академик Рәбиға Сыздық қалыптастырған поэтикалық мектеп өкілі, Рәбиға Сыздықтың шәкірті, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор Бибайша Нұрдәулетованың 60 жылдық мерейтойына арналған «ҒЫЛЫМДАҒЫ ДӘСТҮР: САРДАР ЖӘНЕ САРБАЗ» атты халықаралық ғылыми конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

2025 жыл
Ақтау қаласы

УДК 80/81
ББК 81.2
Қ70

Yessenov University президенті Б.Б. Ахметовтің
жалпы редакциялауымен

Редакциялық алқа:

А.А. Сейдалиев, С.Сырлыбекқызы, Н.С. Қамарова

Қ70 ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Рәбиға Сыздықтың туғанына 100 жыл және академик Рәбиға Сыздық қалыптастырған поэтикалық мектеп өкілі, Рәбиға Сыздықтың шәкірті, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор Бибайша Нұрдәулетованың 60 жылдық мерейтойына арналған «**Ғылымдағы дәстүр: сардар және сарбаз**» атты халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Ақтау: Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, 2025. – 330 б.

ISBN 978-601-366-295-4

Жинаққа ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Рәбиға Сыздықтың туғанына 100 жыл және академик Рәбиға Сыздық қалыптастырған поэтикалық мектеп өкілі, Рәбиға Сыздықтың шәкірті, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор Бибайша Нұрдәулетованың 60 жылдық мерейтойына арналған «**Ғылымдағы дәстүр: сардар және сарбаз**» атты халықаралық ғылыми конференция материалдары енгізілді. Ғылыми мақалаларда Рәбиға Сыздықтың тағылымы, қазіргі тіл біліміндегі жаңа бағыттар: зерттеу бағыттары, болашағы, тіл білімінің өзекті мәселелері, әдеби тіл және қазіргі қазақ тілінің мәселелері, пәнді оқытуда жаңа технологиялардың әдістемелік жүйесі туралы айтылған.

Жинақ зиялы қауым өкілдеріне, ғалымдарға, оқытушылар мен білім алушыларға арналады.

УДК 80/81
ББК 81.2

ISBN 978-601-366-295-4

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің президент-ректоры Ахметов Берік Бақытжанұлының кіріспе сөзі

Құрметті конференцияға қатысушылар! Ардақты ағайын! Қадірлі зиялы қауым!

Қазақ тіл ғылымының көрнекті өкілі, ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Р. Сыздықтың қазақ тіл біліміндегі орны, зерттеу бағыттары мен алатын орны, ғалымдық тұлғасы туралы осы отырған әрқайсыңызды жақсы білесіз.

Бүгінгі қазақ тіл ғылымы – бірнеше ғасырлар бойы дамып жетілудің жемісі. Өзінің даму тарихында аталмыш ғылым сан-салалы көзқарастардың, ғылыми тұжырымдардың және білікті зерттеушілердің куәсі бола отырып, да-муын тоқтатпай, бүгінде өрге ұмтылуда. Осы орайда тіл білімінің өзекті мәселелерін өткір айта және өзінің ғылыми зерттеулеріне арқау ете білген, зерделі тұжырымдарымен өз орнын тапқан, қазақ тілінің өзіндік болмысын танытқан, тіл білімінің даму, өзгеру, жаңару үрдісінен қалыспай келе жатқан ғалымдардың орны ерекше. Рәбиға апайдың ғылымдағы жүріп өткен жолы – көпке үлгі боларлық тағылымды жол, ал оның тағдыры – кеңестік дәуірде туып, білім алған, ғылымға құлаш сермеген қазақ қызының өнегелі тағдыры.

Ғалымның ұстаздық жетекшілігімен немесе кеңесшілігімен қорғаған ғылым докторлары мен кандидаттары өздерінің тақырыпты терең меңгеруімен, құнды маман болуымен ерекшеленеді. Профессор Р.Сыздықова еңбектері үкімет тарапынан да әлденеше рет жоғары бағаланды.

Р.Сыздықова қазақ тіл біліміне осындай көп еңбек сіңірді. Бірнеше аспиранттар диссертацияларына ғылыми жетекшілік жасады, көптеген диссертацияларға оппонент болды. Осы өнімді, жемісті еңбегі үшін 1972 жылы «Құрмет Белгісі» орденімен және көптеген грамоталармен наградталды. Профессор Р.Сыздықова еңбектері үкімет тарапынан да әлденеше рет жоғары бағаланды. 1984 жылы Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген ғылым қайраткері құрметті атағы берілді. Есімі Қазақ КСР-інің «Құрметті Алтын кітабына» жазылды (1981), Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың (1995), Мемлекеттік сыйлықтың (1996) лауреаты атанды.

Партия мен Үкіметтің мектеп жөніндегі қаулы-қарарларында мұғалімдерге тиісті ғылыми жәрдем беру мәселесі, үнемі көрсетіліп отырады. Осыған орай ғалымдар әрқашанда оқу-ағарту жұмысын өркендетуге атсалысып келеді. Орта мектептерде берілетін білім аумағын анықтау, оқу жоспарын жасау, программалар мен оқулықтарды жетілдіру, ғылыми педагогикалық жұмыстарды өркендету, пән методикасын жасау сияқты маңызды мәселелерге тіл білімі ғалымдары да белсенді түрде қатынасып жүр. Осындай игілікті істерге аса көңіл бөліп, нәтижелі жұмыс істеп жүрген

көрнекті ғалымдардың бірі – Р.Сыздықова. Биыл – Рәбиға апайдың туғанына 100 жыл!

Осындай ұлағатты ұстаздың шәкірті – біздің университеттің белді ғалымы Нұрдаулетова Бибайша Ілиясқызы. Мен осы университетке басшы болып келгеніме 7 жылдан асты. Әр оқытушының немен тыныстап жүргенін жақсы білемін. Университеттің абыройын асқақататып отырған ғалым-ұстаздардың, оның ішінде Бибайша Ілиясқызының орны ерекше. Осыдан отыз жыл бұрын қазақ филологиясына еңбек етуге келген Бибайша Ілиясқызы отыз жылдың ішінде орасан зор үлес қосты. Ғылымдағы жетістігі ұшан теңіз. Кейде Бибайша Ілиясқызының еңбекқорлығына өзіміз де таң қаламыз.

Соңғы он екі жыл бойы тек ғылыми жобалардың жетекшісі болып, абыроймен аяқтап келеді. Қазіргі таңда Б.И.Нұрдаулетованың жетекшілігімен 2023-2025 жылдарға арналған ҚР ҒЖБМ грантымен қаржыландырылатын «АР19680234 Маңғыстау топонимастикалық ареалы: тарихи топонимия, топонимдер және оларды интерпретациялау» ғылыми жобасы жүзеге асырылуда.

Биыл профессор Б.Нұрдаулетованың «Сакралды Маңғыстау» авторлық курсы халықаралық жаппай ашық онлайн курс (COURSERA) базасына енгізілді.

Көзін тырнап ашқалы жыр тыңдап, сөз киесін бағамдап өскен, кейін Светкалидай ақынның жан жары болған Бибайша Ілиясқызына Маңғыстаудың әдебиетін, тарихын, сырлы тастарын зерттеу аса қиынға соқпады. Бабалардан қалған асыл сөздерді, жыр-мұраларды қағазға түсіріп, асықпай парақтады. Бабалардың бойтұмары болған жыршылық, жыраулық өнерді дәріптей білді. Осы орайда екі жыл бұрын университетте «Дәстүрлі музыка өнері» білім беру бағдарламасын ашудағы орасан еңбегін, басқа оқу орындарымен хабарласып, білім беру бағдарламаларын алуға мұрындық болып, қандай пәндер оқытамыз деп шарқ ұруы да нәтижелі болды.

Қырық жылға жуық уақыт бойы білім беру, ғылым саласында адал еңбек етіп келе жатқан Бибайшаның ұрпақ тәрбиесіндегі, білім берудегі, ғылымдағы еңбектерін тарқатып айтсам, бір күнім де жетпес еді.

Саналы ғұмырын ел руханияты жолына арнап келе жатқан әріптесімізге мықты денсаулық, ғылым жолындағы ізденістеріне сәттілік тілейміз.

Құрметті Бибайша Ілиясқызы! Алпыс деген жаңа белесіңіз құтты болсын! Еліңіздің құрметі мен ыстық ықыласына бөлене беріңіз!

ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Рәбиға Сыздықтың туғанына 100 жыл және академик Рәбиға Сыздық қалыптастырған поэтикалық мектеп өкілі, Рәбиға Сыздықтың шәкірті, ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор Бибайша Нұрдаулетованың 60 жылдық мерейтойына арналған «Ғылымдағы дәстүр: сардар және сарбаз» атты халықаралық ғылыми конференция жұмысына сәттілік тілеймін! Назарларыңызға рақмет!

АКАДЕМИК РӘБИҒА СЫЗДЫҚ ФЕНОМЕНІ: ОТАНДЫҚ ТІЛТАНЫМ МЕН ТҮРКІТАНУДЫҢ БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ

Анар ФАЗЫЛЖАН,

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры,
филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор,
Алматы қаласы, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада тіл білімі мен түркітану ғылымының көрнекті өкілі, академик Рабиға Сыздықтың феномені тұлғатану параметрлері бойынша танылады. Сонымен қатар Р.Сыздықтың мұрасын жалғастыруды көздейтін отандық тілтанымдық, оның ішінде түркітанушылық зерттеулерді дамытуға қатысты ұсыныстар келтіріледі. Ғалым мұрасы туралы тың қорытындылар, отандық тілтаным мен түркітанудың бүгінгі мен болашағы туралы ойлар қозғалады.

Рәбиға Сыздық абайтану, түркология, лингвопоэтика, әдеби тіл, лингвотекстология, лингвомәдениеттану, лингвокогнитология, лингвостилистика, лингвопрагматика, лексикография, персонология, лингводидактика, лексикология, жазба тіл мәдениеті, орфоэпия, лингвопублицистика 45 тақырып пен саланы қамтыған 18 іргелі бағытта зерттеулер жүргізген ғалым. Оның ұлттық тілтанымның қалыптасуы мен дамуына қосқан үлесі, сондай-ақ түркітану ғылымының дамуына тигізген ықпалы мақалаға арқау болды.

Мақалада ғалымның ғылыми ізденістері мен феномені бүгінгі және болашақ ұрпаққа берер мәні мен маңыздылығы ерекше назарға алынды.

Кілт сөздер: Рәбиға Сыздық, тіл білімі, феномен, қазақ тілі, ғылыми ғалым мұрасы, тұлғатану.

Мақалада бір-бірімен байланысты екі мәселе қаралмақ. Біріншісі – академик Рәбиға Сыздық феноменін М.Ярошевский қолданған тұлғатану параметрлері бойынша ашу. Екіншісі – Рәбиға Сыздық мұрасын жалғастыруды көздейтін отандық тілтанымдық, оның ішінде түркітанушылық зерттеулерді дамытуға қатысты ұсыныстар жөнінде болмақ. Әрине, бұларды соңғы зерттеу немесе ұсыныстардың толықтыруды қажет етпейтін жетік тізімі деп айта алмаймыз. Ғалым мұрасы туралы тың қорытындылар, отандық тілтаным мен түркітанудың бүгінгі мен болашағы туралы ойлар үздіксіз жетіле береді.

Репрессияланған ғалымдардың тұлғасын персонологиялық аспектіде психологиялық тұрғыдан зерттеген М.Ярошевский (өзі де қудаланып Л.Н.Гумилевпен ГУЛАК-та бірге азап шеккен) ғалымның жеке тұлғасын тану үшін алдымен ғылым психологиясын мынадай 3 аспектіде зерттеу керек дейді:

1. Ғылыми таным психологиясы;

2. Ғылыми қарым-қатынас психологиясы;
3. Зерттеуші тұлғасының параметрлері.

Осылардың үшіншісін М.Ярошевский былай анықтайды: 1) идеялардың даму жолы (идеогенез); 2) бұрыннан белгілі таным жүйесі (категориялды апперцепция); 3) ішкі уәждеме; 4) қарсылас (оппоненттік) орта; 5) дара танымдық стиль; 6) санадан жоғары дүние (А.Г.Аллахвердян, Г.Ю.Мошкова, А.В.Юревич, М.Г. Ярошевский, 1998). Академик Рабиға Сыздыққа қатысты ғылыми таным психологиясы мен ғылыми қарым-қатынас психологиясын болашақта тереңінен зерттеу керектігін алға тарта отырып, қарым-қатынас психологиясының басты шамасы болып табылатын кобиография мәселесіне ғана тоқталып, сонымен бірге жоғарыда көрсетілген зерттеуші тұлғасының алты параметрі бойынша академик феноменін ашуға тырыспақпыз.

Кобиография – тұлғаның өмірімен тағдырлары өрілген, оның қалыптасу, даму кезеңдерінде жолы, идеялары ортақ болған ақылдос серіктерінің, әулет, отбасы мүшелері, кәсіптестерінің өмірбаяндарымен үйлескен түрдегі биографиясы.

Ғылымда, қоғамда орны бар тұлғаны тану оның жеке биографиясын зерттеумен ғана мүмкін емес, айналасындағы өзімен бірге өмір сүріп, тағдырлас болған, аралас-құралас, идеялас болған, қызмет атқарған саласында бірге із қалдырған барлық тұлғалардың биографиясымен бірлікте қарастырса ғана оның рөлі ашылады. Кобиографияда мықты рөл ойнайтын түрткіжайттарға әулет, ата-ана, өз отбасы мен жары, ұстаз, замандас, әріптес, дос-жаран, шәкірттері жатады. Сонымен академик Рабиға Сыздықтың тұлғасын зерттеуде мына тұлғалардың өмірдеректерін қарастырмайынша, ғалымның образы, қоғамдағы орны, адами қасиеттері толық ашылмайтыны анық: әкесі Сәтіғали Құтқожин, анасы Жеміс, алғашқы жары дипломат Мақаш Сыздықов, екінші жары Халық әртісі, ақын Шахан Мусин, еңбектегі өмірінің бастапқы он жылдығынан басқа кезеңінің бәрінде табан аудармай қызмет атқарған ұжымы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтындағы әріптестері, оның ішінде ұстаздары Абай тілін зерттеуге бағдар берген профессор Мұхтар Әуезов, аға ғалымдар Нығмет Сауранбаев, Ісмет Кеңесбаев, Мәулен Балақаев, Ғайнетдин Мұсабаев, Ахмеди Ысқақовтар, замандас ғалымдар Әбдуәли Қайдар, Шора Сарыбаев, Құлмат Өмірәлиев, Ербол Жанпейісов, құрбы-құрдас ғалымдар Қанапия Непалиевалар мен басқа ғылыми ортаның аралас-құралас ғалымдары Надия Қарашева, Лидия Әуезова, Гүлбараш Байтоғаева, Елизавета Лизунова, Болат Сүлейменова, қырғыз ғалымы Бибинур Оразбаева; Институттың жас ғалымдары мен шәкірттері Нұргелді Уәли, Айман Алдашева, Зейнеп Базарбаева, Ғарифолла Әнес, Аманқос Мектептегі, Бердібай Шалабаев, Гүлғайша Сағидолда, Бибіайша Нұрдәулетова, Қалдыгүл Есенова, Құралай Кудеринова, Баян Жұбатова, Айман Қобланова, Орынай Жұбаева және тағы басқалары; идеялас болған сол кездегі қоғамның мәдени өміріндегі беделді тұлғалар, зиялы қауым өкілдері Оралхан Бөкей, Асқар Сүлейменов, Фариза

Оңғарсынова, Кәдірбек Сегізбаевтарды және т.б. өмірбаяндарымен бірге қарау, яғни кобиографиясын жасау маңызды.

Ғалым персонологиясының аталған параметрелері бойынша академик Рәбиға Сыздықтың тұлғасына мынадай сипаттама беруге болады.

Идеялардың даму жолы (идеогенез). Ғалым еңбектеріндегі тарихи мәні зор нәтижелерге бастайтын идеялардың пайда болуы, дамуы мен кемелденуі. Бұл ғалым есімінің тарихта сақталуына жол ашады, оны ғылымдағы тұлғалар қатарына қосады. Мұндай идеялар көбіне ғалымның шығармашылық қабілеті, зерттеушілік ізденісі және жаңа ақпаратты қабылдап, оны сараптай білу дағдысымен байланысты болады.

Идеяның пайда болуы ғалымның жеке тәжірибесіне, біліміне және оның ғылыми ортадағы қажеттіліктерді сезіне алуына тәуелді. Ал оның жетілуі үздіксіз зерттеу, талдау, және кейде эксперименттік әдістер арқылы іске асады.

Мұндай идеялар тарихтың бағытын өзгертетін маңызды нәтижелерге әкелуі мүмкін. Олар жаңа теориялар құруға, технологиялық серпілістер жасауға, немесе бұрын шешілмеген мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Осы арқылы ғалымның есімі тарихтың ғылым саласындағы маңызды тұлғалары қатарында сақталады.

Рәбиға Сыздықтың ғылыми шығармашылығындағы идеялардың амплитудасы өте кең, палитрасы бай. Идеялардың туындауына себепкер болған ең алдымен тәрбиеленген ортасы, тарихи оқиғалар. Мәселен, ұлттық тілдегі мағыналары осы заманғы тілде көмескі тартқан ескіліктерді түгендеу идеясының туындауына анасының сөзіндегі бала санасы үшін түсініксіз сөздерді зеректікпен аңғаруы себеп болғанын ғалым өз естеліктерінде шебер суреттейді: «Ғылымда атымды шығару үшін мақсатты түрде әртүрлі бағытта зерттеу жүргізбедім. Ғылымның баурап әкететін қасиеті бар ғой. Құнығып зерттей бастасаң, өз-өзінен түрлі сұрақтар шыға береді. Бір жолы шешем: «Сыйлы қонақтарым келді, еттің жылы-жұмсағын салуым керек», – деді. «Мұндағы жылы-жұмсақ деген қос сөздің жұмсағы түсінікті, ал шикі еттің жылы болуы қалай?» деп ойландым. Сөйтсем, бұл сөздің төркіні – жаулы сөзі екен. Өте ертедегі бабаларымыздың тілінде жау/жағ сөзі «май» деген мағынаны берген. Жау тұлғасының осы мағынасы қазіргі тілімізде көздің жауын алды (көздің майын тауысты) деген сияқты, жаубүйрек (тағам атауы), жаужұмыр (өсімдік атауы) сөздерінде сақталған. Демек, о баста жаулы-жұмсақ деген сөз «майлы әрі жұмсақ» деген мағынада қолданылған. Жау сөзінің «май» мағынасы бірте-бірте ескіріп, ұмыт бола бастаған соң дыбыстық тұрпатын өзгертіп, жылы деген сөзге айналған.

Осылайша қызығып жүріп, бірнеше тақырыпта зерттеулер жүргіздім. Олардың көбі қаржыландырылмады да. Бүгінгі таңда тарихи лексикология бойынша пайдаланылып жүрген «Сөздер сөйлейді» атты еңбегімді жанымның қалауы бойынша жазып шықтым» (Р. Сыздықова, 2019). Ал беделді тілдік тұлға тілін лингвостилистикалық, лингвопоэтикалық, грамматикалық аспектілерде кешенді зерттеу идеясының туындауына Мұхтар Әуезов

себепкер болғанын білеміз. Өз естеліктерінде ғалым «Абайға тілін зерттеуге шақырған Мұхтар Әуезов» деп жиі айтатын. Алаш қайраткер-тілтанушыларының мұрасын зерттеу ісіне «халық жауы» деп жазықсыз айыпталып репрессияланған әкесі Сәтіғали Құтқожинге деген бала кезден бергі сағыныш, кішкентайынан іште қалып қойған конфликтілі сезімнің күрмеуін іздеу себеп болды. Ұлтшыл, елшіл, ісіне адал азаматты жазықсыз өлім жазасына кесу, әкеден айырылу, «халық жауының» қызы деген шеттету, жәбірлеу жастайынан ақылды, зерек қазақ қызының намысын қайрады, әділдікті іздеуге, сол жолда әрекет етуге жетеледі, соның жемісі Құдайберген Жұбановтың, Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми мұрасына арналған еңбектер болды.

Әріптесі Құлмат Өмірәлиевпен бір бөлімде қызметтес, пікірлес болған кезеңінде бала кезден ойында жүрген тіл тарихына деген қызығушылық арта түседі. Бұл қызығушылық әдеби тілдің қалыптасу кезеңі туралы пікірталастарға тартылуға себеп болады. Сөйтіп, қазақ әдеби тілінің тарихы туралы революциялық озық идеяның ғылыми дәлелденуіне жеткізеді: бірнеше іргелі зерттеу жүргізіледі, ЖОО оқулығы жазылады, теориялық ұстаным дәйектеледі, ашылған жаңалық қазақ әдеби тілінің тарихы «жаңа кирил жазу кезеңінен басталады, 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін қалыптасты» деген бұған дейінгі біржақты пікірді біржолата жоққа шығарады, ғылыми айналымға «Қазақ әдеби тілінің тарихи тамыры тереңде, ол ауызша тілден, көне дәуірден бастау алады» деген пікірді орнықтырады.

Ғалымның барлық идеяларының туындауы мен жетілу генезисін бір мақала көлемінде қамту мүмкін емес, алайда Рәбиға Сыздықова арналған болашақта персонологиялық ізденістерде осы бағытта қаралатын мәселе көптігіне назар аудартқымыз келеді. Мәселен, біз ғалымның жарияланымдарын сараптай отырып (Р.Сыздық, 2014), оның қалам тартқан мәселелерін түгендеп көрдік. **Абайтану:** Абай тілінің морфологиясы, Абай тілінің синтаксисі, Абайдың сөз өрнегі; **әдеби тіл:** қазақ әдеби тілінің тарихы, әдеби тіл теориясы, қазақ тілінің тарихы; **түркология:** жазба ескерткіш тілі; **лингвопоэтика;** **лингвотекстология:** жазушы тілі, тілдік тұлғасы, поэзия тілі, ақын тілдік тұлғасы; **лингвомәдениеттану;** **лингвокогнитология;** **лингвостилистика;** **лингвопрагматика;** **лексикография:** авторлық лексикография, тарихи лексикография, этимологиялық лексикография, неологиялық лексикография, аударма лексикография; **персонология:** лингвистикадағы тұлғатану, тілтаным тарихы, ахметтану, міржақыптану, жұбановтану, ясауитану, дулатовтану; **лингводидактика:** қазақ тілін оқыту теориясы мен әдістемесі; **ғылымды ұйымдастыру;** **ғылыми кадр тәрбиелеу;** **лексикология:** синхронды лексикология, семасиология, ономасиология, диахронды лексикология; **жазба тіл мәдениеті:** тілдік норма, норманың қалыптануы, жазу теориясы, орфография, грамматология, ортология, ортологиялық кодификация, ортологиялық лексикография; **орфоэпия:** ауызша сөз мәдениеті, ауызша сөз теориясы, сөз сазы, просодика, сөзсаптам, сахна сөзі мәдениеті; **лингвопублицистика:** көсемсөз теориясы,

көркемсөз теориясы, эколлингвистика – ғалымның қызығушылық диапазоны осындай. Біздің санауымызша, ғалым 45 тақырып пен саланы қамтыған 18 іргелі бағытта зерттеулер жүргізген.

Бұрыннан белгілі таным жүйесі (категориялды апперцепция). Априорлық ғылыми-философиялық категориялар: ғылыми танымның алдыңғы тарихи тип санаттарының торы. Бұрыннан белгілі таным жүйесі, яғни категориялды апперцепция, танымдық үдерісте маңызды рөл атқарады. Бұл ұғым адам санасында бұрыннан қалыптасқан априорлық ғылыми-философиялық категориялар арқылы жаңа ақпаратты қабылдауды сипаттайды.

Априорлық категориялар – ғылыми танымның тарихи түрде қалыптасқан алдыңғы типтік санаттарының жиынтығы. Олар жаңа мазмұнды түсіну мен ұғынуда жетекші рөл атқарады. Ғылымда жаңадан танылатын кез келген құбылыс немесе мазмұн осы категориялар торы, призмасы арқылы қабылданып, зерделенеді (интерпретацияланады). Мұндай механизм танымдық үдерістің үздіксіздігі мен жүйелілігін қамтамасыз етіп, жаңа білімді игеру мен оны ғылыми жүйеге енгізуді жеңілдетеді.

Бұл тәсіл ғылыми ойлау жүйесінің тарихи негізделген құрылымына сүйенетіндігін және жаңа ақпаратты қабылдаудағы мәдени-танымдық тәжірибенің маңыздылығын көрсетеді. Қарапайым тілмен айтқанда, *категориялды апперцепция* Рәбиға Сыздық дүниеге келген заманда бар болған ғылыми-философиялық категориялар. Бұларға ғалымның бала кезінен білген дәстүрлі ұлттық, жалпыхалықтық білімдер жүйесі, сол кездегі бастауыш, орта, жоғары білім беру жүйесі, дүнияуи білімдері, діни білімдері, орыс жазушыларының танымал шығармалары, Абайдың мұрасы, Ыбырай және орыс миссионерлері мен зиялыларының ағартушылық идеялары, XX ғасырдың басындағы Еуропадағы және Ресейдегі ғылыми ілімдер, түркі дүниесіне ортақ білімдер, жасырын болса да, есітіліп қалатын, ел ішінде ізі қалған Алаш идеясы.

Ішкі уәждеме. Бұл шама – тұлғаның ақиқатты іздеуге деген сүйіспеншілігін, ғылымға деген ұмтылысын және зерттеулер жүргізуге уәж болатын құндылықтар жүйесін білдіреді. Ол адамның танымдық қызығушылығы мен зияткерлік ізденісі негізінде жатқан рухани-этикалық бағдарын қамтиды.

Мұндай құндылықтар жүйесі ғылыммен шұғылданудың мәнін терең түсінуден, шындықты ашуға деген ықыластан, жаңа білімге ұмтылудан және осы жолда табандылық танытудан көрініс табады. Бұл – тұлғаны ғылым жолында ілгерілететін, оның зерттеушілік қызметін мағыналы ететін маңызды ішкі күш.

Кез келген ғалымды ғылыммен айналысуға итермелейтін уәж болады. Материалдық мүдде де уәж болады. Ал, біздің білуімізше, Рәбиға Сыздықтың ішкі уәжі ең алдымен әке аманаты, халқын сүю, тілін сүю, саяси жүйе ақтамаған әкенің адал атын өз еңбегімен ақтап шығу болды. Ғалым екеуара әңгімеде «әй, кәпір» атанбауды берік ұстанатынын жиі айтатын,

ондағысы ғалым болу тек зияткерлікті емес, сонымен бірге ахлақты биік қою, адамшылықты естен шығармау дегенді білдіретінін түсіндіріп жүретін.

Қарсылас орта. Ғалымның шығармашылық жолында қарсылық көрсеткен орта мен оппоненттері оның ғылыми идеяларының қалыптасуы мен таралуында үлкен рөл атқарады. Әдетте, мұндай оппоненттер нақты тұлғалардан тұрады, алайда Рәбиға Сыздық жағдайында бұл ұғымды жеке адамдармен бірге тұтас тоталитарлық жүйе ретінде қарастырған дұрыс.

Адам бойындағы кез келген жақсы қасиет қарсылық көрсеткен оппоненттердің де арқасы деген тұжырым терең мәнге ие. Оппонент сыны мен қарсылығы ғалымның жеке тұлға ретінде қалыптасуы мен дамуына ықпал етіп, оның ұстанымдарын анықтап, өз ұстанымдарын дәлелдеуге, жетілдіруге итермелейді.

Ғалымның өмір жолындағы оппоненттерін зерттеу келешектің ісі болғанымен, олардың идеялық және әлеуметтік тұрғыдан қандай бағытта болғанын түсіну қиын емес. Рәбиға Сыздықтың шығармашылық жолында әсіреуропашилдық пен кеңестік әсіретенгермешілікті жақтайтындар, «халық жауының ұрпағы» деген клишені таратушылар оппоненттік ортаны құрады. Сондай-ақ ғылыми ұстанымына қарай ғалым әсірепуристік (тілді таза сақтауға шамадан тыс ұмтылу) және әсіреинтернационалистік бағыттағыларға да оппонент болды деуге болады.

Ғалым осы екі шектен де алшақ тұра отырып, ғылымда алтын ортаны ұстанған зерттеуші ретінде ерекшеленді. Ол тілдің тарихи тереңдігін ескере отырып, тілдегі ұлттық болмысты заманға лайық үдерістерге үйлестіре сақтауды қолдады, сонымен қатар жаңа заман талаптарына сай тілдегі ескіліктерді бейімдеу қажеттілігін де мойындады. Оның еңбектері қазақ тілін ғылыми тұрғыда зерделеуде тепе-теңдік үлгісін көрсетіп, ұлт пен мәдениеттің мүддесін жоғары қоя білетін ғалым бейнесін айқын ашып береді (Р.Сыздықова, 2014)

Дара танымдық стиль ғалымның ойлау желісі, әдістері, таным ерекшелігін көрсетеді. Бұл параметр бойынша Рәбиға Сыздыққа қатысты ізденістер алда жүргізілуі әбден керек деп ойлаймыз, себебі ғалымның ойлау желісі, зерттеу әдістері мен ақиқат дүниенің объектісін ғылыми танудағы өзіндік ерекше амал-тәсілдері қазақ персонологиясында бүгінгі күнге дейін толық қарастырылып бітпеген мәселе. Аталған проблеманың алғашқы зерттеулерін профессор Н.Уәли, А.Алдаш, Қ.Есенова, Қ.Күдеринаның т.б. шәкірт-ғалымдардың ғылыми мақалаларынан көруге болады (Н.Уәлиев, 2004; А.Алдашева, 2004; Қ.Күдерина, 2009). Біздің ойымызша, академик Р.Сыздықтың дара стилінің өзегі «тілдің дамуға, бар болуға негізі оның тамырында жатыр» деген концепция болып табылады. Ол — кеңестік тоталитарлық жүйе кезінде ауқымды шығармашылық өнім берген ғалым. Ғалымның еңбектері Кеңестік идеологияның орыстандыру саясатына қарсы ұлттық ғылымның, ұлттық тілдің иммунитет жүйесінің мықты тірегі болды. Ғалым ұлттық тілдің орыстандыру саясатына қарсы тұру тетігін оның тамырынан іздеуді дұрыс деп ұйғарды. Сөйтіп, тілдің тарихымен айналысты.

Тарихи қабаттардан сөз маржанын терді. Ол жалпыадамзаттық ойды дамытқан мұра жасаушы тұлғалары бар тіл өмір сүруге құқығы бар деп, қазақ тілінің тарихи кезеңдерін зерттеумен қатар сол кезеңдердегі беделді тілдің тұлғалардың, ұлт көсбасшыларының тілін зерттеуді жолға қойды. Сөйтіп, лингвистилистика, лингвопоэтика, сөз мәдениеті, мәтін лингвистикасы сияқты ғылыми бағыттарды дамытуға үлес қосатын теориялық тұжырымдар жасады.

Рәбиға Сыздық өзі зерттеген тіл мәдениеті, стилистика, лингвопоэтика, тіл тазалығы, қазақ тілінің ортологиялық кодификациясы, тіл тарихы, тілдегі ескіліктер мен жаңалықтар мәселелері бойынша анықтағын білімдерін үнемі пайдалана отырып, зерттеушілік базасын кеңейтіп, әдістемелік қорын жақсартып отырды, сөйтіп ғалымның дара танымдық стилі дегенде мынадай ерекшеліктерді айтуға болады:

- кез келген қорытынды, тұжырымды тілдік фактілермен дәлелдеп көрсету;

- бірді-екілі қолданыстарды тілдік фактілер ретінде қараудан аулақ болу;

- тілдік фактілер деп ауқымды тілдік базадан аңқыталған құбылыс, деректерді ғана анықтау;

- кез келген тілдік фактіні анықтау жолында ауқымды эмпирикалық материал жинап, оны ғылыми ой, талдау елегінен өткізу, іргелі зерттеудің осы басты көрсеткішін барлық ізденісінде берік ұстану;

- тілдегі құбылыстың неологизм (кең мағынада) екенін дәлелдеу үшін сол құбылыстың тілдің тарихи жағынан алдыңғы уақыттық кеңістіктегі кесіндісінде болмағанын көрсететін тарихи-салыстырмалы, әдетте түркі тілдері материалымен салыстырмалы зерттеулер жасап отыру;

- тілдегі жаңа құбылыстардың орнығу себептерін түсіндіруде әдетте беделді, көпшілікке танымал, көпшілік санасына әсері жоғары дегдар тілдік тұлға материалына көбірек жүгіну;

- мәтін құрылысында, тілінде, таңдалған синтаксистік құрылымы мен жалпы композициялық бөліктерін ұйымдастыруда, қолданған стильдік құралдары мен тілдік бірліктерінде, терминдік кеңістігінде үнемі оқырманды ойлап отыруды басты ұстаным қылу, яғни ғылыми стильдің талаптарын сақтай отырып, оқырманның қабылдау деңгейі әртүрлі болатынына қарай түрлі амалдар арқылы мәтінінің түсініктілік дейгейін көтеру, сол арқылы аудиториясын кеңейту. Мысалы, жаңа терминді қолданған болса, жақшаға түсіндірмесін беру, тың әдебиетке сілтеме жасаса, оның қысқаша мазмұнын қосымша сілтемемен түсіндіріп кету, өз тарапынан терминдік атау ұсынса, жанына оның басқа халықаралық тілдердегі баламасын көрсетіп кету, т.б. осы сияқты лингвопрагматикалық тәсілдерді жүйелі қолдану;

- өзге ғалымдардың зерттеу нәтижелеріне құрметпен қарау, сілтеме жасау мәдениетінің жоғарылығы;

- ғылыми этикетті жоғары қою, оппоненттік пікірмен жұмыс істеу әдебі шыңдалғаны әр еңбегінен айқын байқалады: оппонент пікірінің оң жағын

міндетті түрде көрсетіп кету, келіспейтін тұстарына нақты дәйекті тілдік фактілермен дәлел келтіру;

- зерттеушілік қызығушылығын қоғам сұранысына бағыттап отыру, қоғам пайдасына, игілігіне, ізгілік идеялардың өміршеңдігі жолына бар ғылыми-зияткерлік қайратын, өмірін арнау: қазақ тілінің тамыры терең ұлттық тіл болып қалыптасу жолын, басынан өткерген кезеңдерінің портреттерін түгендеу, модификациялық әлеуетін ашып көрсету, мемлекеттік тіл мәртебесіне лингвистикалық параметрлері жағынан да, тарихи тәжірибесі жағынан толыққанды жауап бере алатын әлеуетін делелдеп көрсету сияқты мәселелер академик Р.Сыздық зерттеу тақырыптарының басын біріктіретін өзекті идея болды;

- ғылымды тек ғылыми ортаның игілігі ғана емес, сонымен бірге қалың бұқараға да тиесілі, түсінікті болуы тиіс қоғамдық қатынастың күрделі формасы деп түсіну, сол жолда қызмет ету: барлық зерттеу нәтижелерін қарапайым оқырманға түсінікті түрдегі форматқа салып, БАҚ арқылы қазақтілді қауымдастықпен коммуникация жасап отыру, сол арқылы өзі өмір сүрген қоғамның тілтанымдық, ғылыми санасының көтерілуіне септігін тигізу, т.б.

Бұл тізім болашақтағы осы бағыттағы зерттеулер негізінде де толығымен түседі деп ойлаймыз.

Санадан жоғары жүйе. Зияткерлік-уәждемелік шығармашылық белсенділіктің шартты түрде алған формасы, ол арқылы субъект білім нысанын дамытуда осы нысанды жетілдірудің бұрын-соңды болмаған әртүрлі жобаларын жасайды.

«Санадан жоғары жүйе» ұғымы кейбір зерттеулерде «жоғары сана» немесе «суперсана» деп те аталып жүр. Біздің мақалада – адамның күнделікті қалыпты ойлау шегінен әлдеқайда тереңірек немесе жоғарырақ деңгейде жүретін психикалық үдерістерді сипаттайтын ұғым. Ол – зияткерлік-уәждемелік шығармашылық белсенділіктің бір формасы. Бұл жүйе арқылы ғалым өзі зерттеп жатқан нысанын бұрын-соңды болмаған жаңа қырынан көруге және жетілдіруге арналған тың ізденіс жүргізеді, идеялар тудырады. Санадан жоғары жүйені қалыптастыратын түрткіжайттарға еркін қиял (импровизация), шабыт көздерін іздеу, бейсана жүретін ойталқы, сондай-ақ адамның өмірлік тәжірибесі, танымдық көкжиегі, эмоционалдық көңіл-күйі, құндылықтар жүйесі секілді ішкі факторлар да жатады. Сонымен, санадан жоғары жүйе – адамның әдеттегі санасына тән шектеулерден асып, зияткерлік те, рухани тұрғыдан да терең шығармашылық ізденіс жасайтын психикалық тетік. Ол ғалымның зерттеу нысанын жетілдірудегі ерекше, тың жобаларды дүниеге әкеліп, қоғам дамуына тың серпіліс беруіне жетелейді. Мұндай жүйенің әрекеті ғылым, өнер, инновация, жалпы шығармашылық салада алдыңғы қатарлы идеялардың өмірге келуіне негіз бола алады.

Бұл мәселе шетелдік ғылымда нақты зерттелді, отандық ғылымда дәл осылай аталмағанымен, жанама түрде немесе басқаша атаумен қарастырылды. Мәселен, психосинтез бағытының негізін қалаған Роберто

Ассаджоли «Higher Unconscious» (Жоғары бейсаналылық) және «Superconscious» (Суперсана) ұғымдарын енгізді. Ол адамның рухани өсуін, шығармашылық әлеуетін ашудың негізі – жоғары сана немесе суперсана арқылы келетінін көрсеткен (Roberto Assagioli, 1965). Карл Густав Юнг «Архетиптер және ұжымдық бейсаналылық» (The Archetypes and the Collective Unconscious) атты еңбегінде адамның жеке бейсаналылығынан (жеке санасынан) тыс орналасатын терең қабаттар барын айтады. Сол қабаттардың бір қыры – шығармашылыққа, инсайт пен интуицияға негіз болатын «жоғары» немесе «терең» психикалық құрылымдар дейді (C.G.Jung, 1959; C.G. Jung, 1933). Абрахам Маслоудың «өзін-өзі жетілдіру» (self-actualization) тұжырымдмасы бойынша жоғары деңгейдегі рухани-шығармашылық күйге басымдық берген тұлға «тәжірибе шыңы» (peak experience) арқылы «жоғары санаға» жақындайтынын атап өтеді (А. Н. Maslow, 1968; А.Н. Maslow, 1971). Трансперсоналдықты зерттеген психологтың бірі Кен Уилбер адам санасының бірнеше деңгейін (spektrum) атап, оның ішінде «жаңа сапалы рухани деңгей», «жоғары сана» тәрізді сатының бар екен көрсетеді (K.Wilber, 1977; K. Wilber, 1980). Ал Михай Чиксентмихайи өзі «ағын» (flow) деп атаған психикалық күйді адамның ішкі шабытының жоғары шоғырлану күйі түрінде сипаттайды. Мұны да белгілі бір деңгейдегі «санадан жоғары» күйдің бір көрінісі ретінде қарастыруға болады деп санаймыз, себебі мұнда адам күнделікті рационалдық және талдама ойдың шекарасынан асып, толығымен шығармашылық әрекетке «сүңгіп кетеді» (M.Csikszentmihalyi, 1990). Жоғарыда көрсетілген еңбектерде «санадан жоғары жүйе» (суперсана, жоғары бейсаналық, трансценденталдық сана, рухани сана, т.б.) туралы толықтай немесе жанама түрде айтылады, әр автордың өз термині мен тұжырымдық ерекшелігі бар болғанымен, барлығы адамның ішкі психикасында «күнделікті сана» мен «бейсаналы» қабаттан тыс бұрын-соңды болмаған идеяларды туындататын немесе шынайы шығармашылық күйге жеткізетін «жоғарырақ» деңгейдің, яғни, М.Ярошевскийше айтқанда, санадан жоғары жүйенің бар екенін атап өтеді.

Қазақ ғылымында, психология, философия, педагогика, персонология салаларында бұл мәселе дәл осылай «санадан жоғары жүйе» атауымен жеке бағытта арнайы, кешенді зерттелмегенмен, осы атау беріп тұрған ұғым зерттеу нысанына көне дәуірден бері алынып келді. Адамның рухани-шығармашылық әлеуетін, ішкі психикалық үдерістердің жоғары деңгейін қарастыратын еңбектер баршылық. Көп жағдайда бұл ұғым «рухани даму», «кемелдену», «интуиция», «көкіреккөз», «шығармашылық психологиясы», «құндылықтық бағдар» сияқты атаулар арқылы берілді. Мәселен, Әл-Фараби «Ізгілікті қала тұрғындары» (Он томдық шығармалар жинағы Әл-Фараби, 2007), «Бақытқа жол сілтеу», «Бақытқа жету туралы кітап» (Әл-Фараби Әлеуметтік-этикалық трактаттар, 1975) сынды трактаттарында адамның ең биік мақсаты – рухани жетілу мен ақылдың (сана) жоғары сатыға көтерілу деп көрсетеді. Оның еңбектерінде адам бойындағы танымдық қабілеттің тереңдеуі, рухани «інжу-маржанға» (зияткерлік және рухани биіктікке)

жетудің шарттары талданады. Әл-Фараби адам санасы ізденіс арқылы үздіксіз дамып, шығармашылық пен пайымның жаңа сатысына көтеріледі деген ойды айтады. Тілдік әлемі Академик Рәбиға Сыздықтың зерттеу нысаны болған философ Ахмет Ясауи «ішкі» рухани трансформация, Хақиқатқа жету жолдарын сопылық дүниетаным негізінде қарастырады. «Диуани хикмет» еңбегінде (Қожа Ахмет Йасауи. Диуани Хикмет, 2010) пенденің рухани кемелденуінде жүрек көзі (ар-ождан, иман) ашылып, адам Аллаға жақындаған сайын өз бойынан бұрынғы «шектеулі сана» аясынан шығып, өзгеше танымдық деңгейге өтеді деген идеялар бар. Мұны Рәбиға Сыздық та байқап, өз зерттеуінде талдайды. Қазақ ойшылдарында санадан жоғары жүйе ұғымының ажырамас компонентіне діни санадағы рухани құндылықтар алынып отырады, мәселен, Абайдың «Толық адам» концепциясы бойынша «Жетінші қара сөзінде» адам бойындағы Жаратушыдан берілген ақыл мен жүректің үндесуі туралы айтылады (Д. Омаров, 2007). Бұл үндестік адамды жаңа рухани дәрежеге шығарады, яғни қарапайым сана шегінен «асатын» таным мүмкіндігіне жол ашады. Сол сияқты Шәкәрімнің «Үш анық» трактатында (Үш анық / ҚазССР, 1991) «жан», «рух», «таза ақыл» туралы ойлар айтылып, адамның ішкі түйсігі мен ар-ожданын жетілдіру арқылы ақиқатқа жақындай түсуге болатыны жазылған. Мұнда адамның «көзі ашылған» (жанның оянуы) сәттерін бүгінгі «инсайт», «жоғары сананың ашылуы» ұғымдарымен астастыруға болады. Сонымен ертеректегі қазақ ойшылдары еңбектерінде қазіргі психологиядағы танымал «суперсана», «санадан жоғары жүйе» ұғымдары тікелей дәл солай аталмағанымен, идея тұрғысынан жақын, тіпті кеңірек қаралған деуге болады. А. Нысанбаев, Ғ. Есім, Д. Раев және т.б. отандық философтар мен мәдениеттанушылар өз еңбектерінде (Егемен Қазақстан, 2004) тұлғаның дүниені пайымдау деңгейлерін руханият, ұлттық таным, адамгершілік, діл мәселелерімен байланыстыра қарайды. Ғарифолла Есім «Абай хәкім», «Абайдың рухани әлемі» еңбектерінде Абай танымындағы жүрек, ақыл, рух ұғымдарын жүйелеп, адамның рухани зердесі туралы пайымдарын талдайды (Ғ.Есім, 2013). Мұнда рухани биіктік жоғары санаға ұқсас құбылыс ретінде түсіндіріледі.

Сонымен, санадан жоғары жүйе осының алдындағы ғалым тұлғасын психологиялық аспектіде бағалау параметрінің бірі болып табылатын «дара танымдық стилдің» жемісі болады. Дара танымдық стилі жоқ ғалымда санадан жоғары дүние де қалыптаспайды. Санадан жоғары жүйе зияткерлік-уәждемелік шығармашылық белсенділіктің шартты түрде алған формасы, ол арқылы субъект зерттеу нысанын дамытуда осы нысанды жетілдірудің бұрын-соңды болмаған әртүрлі жобаларын жасайды десек, осы тұрғыдан академик Рәбиға Сыздықты былай бағалауға болады: ол Кеңестік сұрқай мәдениетке үйлеспейтін өзіндік бет-бейнесі бар уникалды дүниелік ретінде өз ұлтының мәдениетін жоғары қою, сол мәдениетті әмбебап түрде көрсететін жалғыз құралы – тілін зерттеу, сақтау идеясын бәрінен биік қойды, «халқымен үздіксіз коммуникацияда болатын тілтанушы» және

«ұжымдық ізгі сана иесі әрі соны өзі өмір сүрген қоғамда қалыптастырушылардың бірі» деген сәтті кейстің иесі.

Осы мақалада көтеріліп отырған мәселенің екіншісіне, яғни Рәбиға Сыздық мұрасын жалғастыру үшін отандық тілтанымды, оның ішінде түркітанудағы зерттеулерді дамытуға қатысты ұсыныстарға тоқталғанда, мыналарға назар аударған абзал.

«Отандық тілтанымның бүгіні, бүгіндегі біз» деген мәселе туралы айтқанда, қазіргі қазақ тілінің ахуалын мықтап ескеру керек. Қазір қазақ тілі қандай халде? Әлемдегі тіл-тілдің ахуалын сипаттап, жағдайын тіркеп отыратын «Ethnologue» сайтының көрсетуінше (<https://www.ethnologue.com/guides/how-many-languages>), қазақ тілі 1996 жылы 8 миллион сөйлермені бар, әлемдегі иелмені көп алғашқы жүздіктің ішінде 93-інші орында тұрған тіл болған. 2021 жылғы дерек бойынша 93-тен 89-ыншы орынға көтерілді. Салыстыру үшін эзербайжан тілі (82 орын), өзбек тілі (54 орын), түрік тілі (20 орын). Алғашқы сөйлермені көп жүздіктің ішінде, яғни қазақ тілі алға қарай жылжып келе жатыр. Сонымен бірге қазақ тілі алдыңғы қатарлы 70 тілдің, дамыған 600 тілдің, мемлекеттік мәртебеге ие болған 259 тілдің бірі болып тұр. Бұл статистикалық деректегі деңгейден төмендемей, керісінше тілімізді алға ілгерілету үшін тек демографияға сеніп қалу өзін ақтамайды. Осыны қалай үдетеміз? Ол үшін тілтанымдық зерттеулерді тілге төнген қауіптерді анықтап, солардан сақтанудың жолдарын табуға қатысты арналарға бағыттау керек деп санаймыз. Бүгінгі қазақ тілі:

- ұлттық тіл;
- мемлекеттік тіл;
- қазақстанда этносаралық қатынас тілі;
- еуразиялық экономикалық одақ: халықаралық қатынас тілі;
- автохтонды тіл (қазақ мәдени кеңістігінің тілі).
- мемлекеттік тіл болу тарихи тәжірибесі мол тіл;
- ішкі әлеуеті күшті жас тіл;
- әдеби үлгісі қалыптасқан, стильдері сараланған тіл;
- Қазақстанның барлық аумағына бірдей таралған тіл

бола тұрса да, барлық тілдерге бірдей төнген жаһандық дәуір қауіптерінен қорғаулы тіл емес. Аталған қауіптердің ішінде, сарапшылардың пікіріне сүйене отырып, қазақ тілі үшін салдары қиыны деп үшеуін көрсетуге болады:

1. Ұрпақаралық тілдік трансмиссияның әлсіреуі. Бір қазақ отбасында әртүрлі тілде сөйлейтін ұрпақ өмір сүре бастады.

2. Тілдің калькалануының етек жаюы. Бұл жаһанияттағы ағылшын тілінің экспансиясына ұшыраған барлық тілдердің сырқаты болғанымен, қазақ тілі үшін кері әсері көбірек, себебі тілдік экспансияның екі объектісі ағылшын және орыс тілдерінің әсері бар.

3. Қазақ тілінің постиндустриалдық қоғам талаптарына сәйкес жаңғыруының баяу өтуі.

Осы қауіптердің алдын алу үшін не істемек керек, бүгінгі Тіл білімі институты не істеп жатыр деген сауалға жауап бермес бұрын Институттың қазіргі кезеңге алға тартқан миссиясы мен іргелі және қолданбалы зерттеулерінің бағытына тоқталып кету абзал. Институт миссиясы:

- қазақ тіл ғылымын, түркітануды дамыту;
- қазақ тілі модернизациясының, лингвистикалық базасының, мемлекеттік тіл саясатының ғылыми негіздерін жасау.

- ұлттық сөздік қорды үздіксіз жинау, сақтау, толықтыру, жүйелеу, стандарттау. Бұрынғы кезде ол қағаз нұсқада жүзеге асты: Институт қорындағы картотекалық база 4 жарым миллион карточкадан тұрады. Бүгін бәрі цифрлық форматқа көшірілді – картотекалық қор сайтқа түсті. Ал сөздік қор қазақ тілінің ұлттық корпусы негізінде жинақталып, жүйеленіп толығып жатыр;

- қоғамның тілтанымдық мәдениетін көтеру – бұл жолда Институт ғалымдары академик Рабиға Сыздықтың қалыптастырған үлгісімен үнемі БАҚ арқылы ғылыми жетістіктерін қоғамға насихаттау жұмысын атқарып келеді.

Институт қызметінің қазіргі кездегі негізгі бағыттары:

- корпуслық лингвистика;
- лингвокогнитивтік-лингвомәдениеттанымдық зерттеулер;
- әлеуметтік тілтаным;
- коммуникативтік-прагматикалық зерттеулер;
- құрылымдық-функционалды;
- тарихи-салыстырмалы.

Институт өз миссияларын аталған бағыттар бойынша іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізу арқылы орындап отыр, зерттеу нәтижелері тек монография, сөздік, яғни қағаз кітап түрінде ғана шығып жатқан жоқ, сонымен бірге олардың нәтижелерінің барлығы дерлік Қазақ тілінің ұлттық корпусы сияқты төмендегідей бірнеше тілтанымдық ресурсты жасауда пайдаланылып, сала мамандары, филолог, тілтанушыларға да, қарапайым тіл иелменіне де бірдей түсінікті форматқа түсіріліп, халық игілігіне цифрлық өнімдер арқылы ұсынылып отыр:

- www.tbi.kz (Институт ресми сайты);
- www.qazcorpus.kz (Қазақ тілінің ұлттық корпусы);
- www.ahmettanu.kz (Ахмет Байтұрсынұлының мұрасына арналған ғылыми-танымдық ресурс);

- www.tbikartoteka.kz (Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының 1940 жылдан бері жинаған әрбір сөздің контексті жазылған кимақаздар – картотека қоры);

- www.tbikitap.kz (Институт зертхана қорындағы ғылыми әдебиет);
- www.soztekser.kz (қазақ сөзін орфографиялық тұрғыдан тексеретін сайт);

• www.tiltanym.kz («Tiltanym» ғылыми лингвистикалық онлайн журналы);

• www.tbisozdik.kz (алуан түрлі параметр бойынша сөзге анықтама, ақпарат беретін лексикографиялық ресурс, әмбебап электрондық сөздік жүйесі).

Сонымен бірге Институт осы жылы психолінгвистика бөлімін ашты, сана мен тілдің қатынасын зерттеу қолға алынды (Тіл және сана, 2022); 2021 жылы социолінгвистика бөлімі құрылды, қоғам мен тілдің арақатынасы туралы зерттеулер көбейді (Тіл және қоғам алаңы, 2021-2023), бүгінде қалалану үдерісінің қазақ тілінің дамуына әсері қарастырылып жатыр; 2021 жылдан бері лингвоэкономика бағытындағы ізденістер басталды – экономиканы дамыту құралы, экономиканың қозғаушы күші ретіндегі тілдің әлеуеті қарастырылып жатыр, шынымен де осы постулатты дәлелдейтін факторлар бар екен (А.Пиязбаева, А.Фазылжанова, 2023), Алтын орда дәуіріндегі тарихи жазба естерткіштер тілі тың тілтанымдық білімдер тұрғысынан зерттеліп, сөздігі, аудармасы, транскрипциясы жасалды (Г.Мамырбек, 2024)

Осы айтылғандар негізінде түркітанушылық зерттеулердің жоқтың қасы екені байқалады, жасыратыны жоқ, кеңестік кезеңнен бері біршама кенжелеп қалған отандық тілтанымдық түркітанудың болашағы қатты алаңдатады. Бұлай істемеу, бұған алаңдамау академик Рәбиға Сыздық мұрасына, өнегесіне адал болмаудың белгісі болар еді. Сондықтан Институт академик Рәбиға Сыздықтың 100 жылдығына арналған конгресс тақырыбында түркітануды үлкен арна ретінде алып, конгрестің бір мақсаты ретінде белгіледі.

Біз түркітануды дамытуды концептуалды тұрғыдан адамзаттың мәдени кеңістігі тұрғысынан қарауды ұсынбақпыз. Біріншісі кеңістік – мәдениет, мәдениетті жасайтын этностар. Екіншісі – өркениет, өркениетті жасайтын этностардың үлкен қауымдастықтары. Үшіншісі – жаһаният, жаһандану дәуіріндегі құрмаласқан қоғам. Осы тұрғыдан түркология қалай даму керек? Қазіргі түркітануды мәдениеттік, өркениеттік, жаһанияттық тұрғыдан дамып отырған салалардың үлгісімен әрі қарай қалай дамытамыз деген мәселені ойластыру керек деп санаймыз. Бұл тұрғыдан алғанда, мәдениет аспектісінде, біздіңше, қазір барлық түркітанушыларға, соның ішінде Ресей Федерациясының тағы басқа мемлекеттің құрамындағы бауырлас түркі елдердің ғалымдарына осы түркі тілдерін неогумбольдтшылардың бағыты тұрғысынан, олар ұсынған «ана тілі категориясы» бойынша зерттеу керек деп ойлаймыз. Мысалы, Ресейдегі түркі этнос өкілдері арасында жастар ана тілінде сөйлемейді деген алаңдаушылық бар. Әрине, мұның саяси т.б. сыртқы себептері күшті, сондықтан жастарды сөйлету қиын. Бірақ ана тілінің өзінде сақталған, басқа тілде мүлде жоқ білімдер, соның астарында жатқан мықты ұлттық құндылықтар мен зияткерлік ақпараттар жүйесі болатынын тілтанушылардан артық басқа ешқандай сала маманы анықтап, түгендеп бере алмас. Неогумбольдтшылар бойынша ана тілі деген жай атау емес, ол

лингвистің зерттеу объектісі ретіндегі үлкен категория. Сондықтан қазіргі түркітанушылық зерттеулерді, түркі этностары тіліне арналған ізденістерді лингвокогнитивті модусқа қарай көбірек бұру керек деп санаймыз. Сонымен, мәдениет тұрғысынан түркі тілдерін зерттеу отансүйгіштік, рух, зияткерлік, рухани саламаттылық деген мәселелермен астасып, бұлардың барлығы ана тілінің *энергеясы* (Гумбольдтың термині) арқылы қалыптасатынын көрсетуі тиіс (В.Гумбольд, 1984) «Ана тілінің энергеясы» термині Вильгельм фон Гумбольдтың «тілдің ішкі формасы» (innere Sprachform) идеясымен байланысты. Ол бойынша тіл қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен бірге, тіпті бірінші кезекте адамның дүниетанымы мен танымдық құрылымдарын қалыптастыратын динамикалық күш. Мұндағы «энергея» ұғымы ана тілінің ақиқат дүниені қабылдау, тану ерекшеліктерін анықтай отырып, сана иесіне әсер ету қабілетін білдіреді. Бұл ойды дамытқан неогумбольдтшылдар мектебі «ана тілі энергеясын» ұлттық сананың, құндылық бағдарларының және адамның шығармашылық қабілеттерінің қалыптасуына әсер ететін тарихи, тарихи-психологиялық және когнитивті факторлардың жиынтығы ретінде сипаттайды (О. А. Радченко, 2006) Қорыта айтқанда, мәдениет аспектісіндегі түркітанушылық зерттеулерде әсіресе азсанды түркі этностары тілін ана тілі категориясы ұғымы бойынша зерттеп, тілде сақталған «энергеяны» ояту арқылы тілді ұлт санасында жаңғыртуды алға тарту керек деп ойлаймыз.

Өркениет аспектісінде түркітануда қандай зерттеулер болды дегенде мықты дамыған түркі компоративистикасын атап өту керек. Алтай теориясы/гипотезасы бойынша ізденіс жүргізіп кеткен, жүргізіп жүрген түркітанушылар көп (М.Рясянен, 1968; Sergei Starostin, Anna V. Dybo, and Oleg A. Mudrak. 2003) Гипотеза мен теория деп әдейі бөліп қойдық, себебі бір зерттеушілер сеніммен теория десе, екіншілері күмәнмен гипотеза деуді ұсынатыны белгілі (А.М. Щербак, 1959). Бүгінде осы бағытта А.В. Дыбо сияқты (А.В.Дыбо, 2007). Ресей түркологтары зерттеулерінің маңызы жоғары. Сол сияқты XX ғасырдан бері көптеген түркітанушылардың назарына алынған диалектологиялық зерттеулердің отандық тіл ғылымдағы дамуының да бергені мол болды (Ғ.Қалиев, Ш.Сарыбаев, 1967). Көптілді түркі лексикографиясында да жаңалық жоқ емес (Türk Dillerinin İktisat Terimleri Sözlüğü, 2024; Türk Dillerinin Dil Bilimi Terimleri Sözlüğü, 2024; Türk Dillerinin Askerî Terimleri Sözlüğü, 2024) Дегенмен осы бағыттағы зерттеулердің көбі бүгінгі отандық тіл білімінде жан-жақты дамып отырған жоқ екені көпке аян. Оларды тоқтатпай жалғастыру, заманауи әдістеме, зерттеу амалдары арқылы жүргізу керек деп ойлаймыз. Бұл дәстүрлі тіл біліміндегі ешқашан наны таусылмайтын бағыттар бола бермек.

Жаһаният тұрғысынан түркітануды қалай дамытамыз дегенде ағылшын тілі экспансиясының салдарына назар аудармай кету мүмкін емес. Бұл мәселені тіпті өзімен туыстас француз, неміс тілдерін зерттеуші ғалымдар да көтеріп, қатты алаңдаушылық көрсетіп жүр. Мысалы, В.А. Плунгян бұл жөнінде «Биологи же борются с исчезновением живых существ:

они сумели убедить богатое западное общество, что вымирание землеройки в Судане — это трагедия. Но языки гораздо ценнее землероек, потому что это наше знание о самих себе. И если останется десять языков, мы станем гораздо беднее. Другое дело, что с этим богатством мы плохо умеем обращаться: плохо его описываем и оцениваем, потому что теоретическая лингвистика начала развиваться только в XX веке. Она быстро эволюционирует, но объект исследования (язык) исчезает еще быстрее — сокращается на глазах, как шагреневая кожа», - дейді (В.А.Плунгян, 2012)

Тіл-тілдің ірі тілдермен жұтылу үдерісінің қарқыны сондайлық қатты, тіпті лингвисттерге тілді алуан түрлі жақтан зерттеу жүргізетін кеңістік қалмай барады, тілдер азайып, өліп жатыр. Бір өкініштісі, солардың ішінде түркі тілдері де жоқ емес. Сондықтан, оларды сақтап қалу үшін тілтанушыларға, түркітанушыларға қазіргі техника, технология, занауи жаһанияттық құралдарды AI, IT өнімдерін көмекке алу аса қажет. Ең алдымен бұл тілері сақтап қалудың тиімді жолы оларды кешікпей виртуалды кеңістікке көшіру. Біз ортақ түркі виртуалды тілдік кеңістік жасауды ұсынамыз. Түркі бірлігі үшін де, жекелеген түркі тілдерінің қорын сақтау үшін де түркі тілдерінің цифрлық смарт-базасы, параллель корпустарын жасау кезек күттірмей шешуді қажет ететін түркітанушылар алдындағы өзекті мәселе деп санаймыз. Сол сияқты «Жас түрік» электронды ашық «тірі» кітапхана әзірлеу идеясын алға тартамыз, онда бүкіл түркі тілдеріндегі көркем әдебиет, түркілік көсемсөз, түркілік ғылыми әдебиет жинақталатын болса игі еді. «Түркі дүниесі» мәдени аудиовизуалды медиапортал түркі тілдеріндегі кинотуынды, ғылыми дәрістер, т.б. зияткерлік аудио-видео медиа файлдарды түркітілдес қауымдастыққа ұсына арал еді, әрі оның құрмаласуына (интеграциясына) қызмет етер еді. Түркі тілдерінің дербес онлайн аудармашы ресурсын жасау да кенжелеп отыр. Кез келген түркі тіліне автоматты аударатын дербес ресурс түркілік кеңістікке игі қызмет ететіні сөзсіз. Ұсыныстарымыздың жалғасы ретінде «Түркология» ғылыми веб-сайтын әзірлеуді алға тартамыз. Ал тілтанымдық түркологияны жаһаният тұрғысынан дамытуда компьютерлік лингвистика, интернет лингвистика, корпустық лингвистика саласына акцент беру маңызды болмақ.

Қорыта айтқанда, академик Рабиға Сыздық қалыптастырып кеткен түркітанушылық зерттеулерді тоқтатпай, заман талаптарына сәйкес дамыту үшін оларды заманауи технологиялар мен әдістемелерді пайдалана отырып, жүргізу, соның негізінде тың, жаңа бағыттар қалыптастырып, ізденіс жасау – бүгінгі тілтанушылар парызы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Аллахвердян А.Г., Мошкова Г.Ю., Юревич А.В., Ярошевский М.Г. Психология науки. Учебное пособие. -- М.: Московский психолого-социальный институт: Флинта, 1998. - 312 с.
2. Рәбиға Сыздықова: Абайға, Мұхтарға қарсы шабуылдар солақай саясаттың кесірінен болды // Егемен Қазақстан, 2019 (электронды ресурс)

<https://egemen.kz/article/212455-rabigha-syzdyqova-abaygha-mukhtargha-qarsy-shabuyldar-solaqay-sayasattynh-kesiri>

3. Көптомдық шығармалар жинағы [Мәтін] / Р. Сыздықова ; [жауап. шығ. О. Жұбаева] .- Алматы : Ел-шежіре , 2014.– 2000 дана . – 978-601-7317-92-8, 978-601-7317-88-1 (т. 4)(мұқ) - ҚР тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында шығарылды . Қысқарт. көрсет. библиогр.: 205-206 б. 4-том . Сөздер сөйлейді (сөздердің қолдану тарихынан). Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар– 411 б.

4. Уәлиев Н. Р. Сыздық зерттеулеріндегі әдеби тіл нормасының типтері мен түрлері және олардың айырым белгілері // Академик Рәбиға Сыздық және қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 2004.

5. Алдашева А. Қазіргі тіл мәдениеті: талғам мен дағды //Академик Рәбиға Сыздық және қазақ тіл білімінің мәселелері.– Алматы, 2004.

6. Күдерінова Қ. Р. Сыздық және қазақ әдеби тілінің өміршеңдігі // Әдеби тіл және қазақ тілінің өміршеңдігі. Ұлттық ғылым академиясының академигі, филология ғылымдарының докторы Рабиға Сыздықтың 85 жылдық мерейтойына орай өткізілген ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы, 2009-356. 17-20б.

7. Roberto Assagioli. *Psychosynthesis: A Manual of Principles and Techniques*. London: Hobbs, Dorman & Company. 1965

8. Jung, C. G. *The Archetypes and the Collective Unconscious*. Princeton University Press, 1959; Jung, C. G. *Modern Man in Search of a Soul*. Harcourt, Brace & World, 1933

9. Jung, C. G. *Modern Man in Search of a Soul*. Harcourt, Brace & World, 1933

10. Maslow, A. H. *Toward a Psychology of Being*. Van Nostrand, 1968

11. Maslow, A. H. *The Farther Reaches of Human Nature*. Viking Press, 1971

12. Wilber, K. *The Spectrum of Consciousness*. The Theosophical Publishing House, 1977

13. Wilber, K. *The Atman Project*. Quest Books, 1980

14. Csikszentmihalyi, M. *Flow: The Psychology of Optimal Experience*. Harper & Row, 1990

15. Он томдық шығармалар жинағы Әл-Фараби, Әбу Насыр ; құраст.: Ә. Н. Нысанбаев, Ғ. Құрманғалиева, Н. Сейтахметова ; ауд.: Ә. Әлімжанова [ж.б.] .- Астана : Лотос-Астана , 2007. – 9965-571-45-7 (мұқ.)(4 т.), 9965-571-35-Х - Мәдени мұра бағдарламасы бойынша шығарылды . Түсінікт.: 234-251 б. ; Философ. арабша-қазақша түсінд. сөздік: 251-294 б. 4-т. . Әлеуметтік философия. Этика. Эстетика– 295 б.

16. әл-Фараби Әлеуметтік-этикалық трактаттар / Әл-Фараби. – Алматы: Ғылым, 1975. – 420 с.

17. Қожа Ахмет Йасауи. Диуани Хикмет. –Түркістан: Тұран, 2010. 39 б.

18. Омаров Д. «Абайдың рухани мұрасы» - Алматы: «Ел-шежіре» баспасы, 2007.
19. Үш анық / ҚазССР Ғылым акад., М. О. Әуезов атын. Әдебиет және өнер ин-ты; Жауапты ред. А. Сейдімбетков Алматы: Қазақстан: «Ғақлия ғыл.-әдеби орталығы», 1991 – 80 бет.
20. Нысанбаев Ә., Еліміздегі адам ресурсы: сан мен сапа / Ә. Нысанбаев//Егемен Қазақстан.- 2004.- 7мамыр
21. Ғарифолла Есім. Абай хәкім // Абай Құнанбайұлы. Ұлы Дала Тұлғалары сериясы. – Алматы: «Әдебиет әлемі» 2013. – 500 б
22. <https://www.ethnologue.com/guides/how-many-languages>
23. «Тіл және сана – 2022» ғылыми-тілтанымдық алаңының жинағы: Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты жанындағы психолингвистика халықаралық секцияның «Психолингвистиканың өзекті мәселелері» атты дөңгелек үстелінің материалдары. – Алматы: «Everest», 2022. –180 бет.
24. Тіл және қоғам (2021-2023 жж.). Әлеуметтік лингвистика бөлімінің тұрақты тілтанымдық алаңы / жауапты ред. Г. Исаева. – Алматы: Everest, 2023. – 150 бет.
25. Пиязбаева А, Фазылжанова А. Экономикалық сананың тілдегі репрезентациясы // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. №3 (191) 2023. – 41-55 бб.
26. Г.Мамырбек Құтбтың «Хұсрау уа Шырын» дастаны: сөздігі, транскрипциясы, аудармасы. Сөздік. Алматы: Асыл ЖК, 2024. – 810 б.
27. Гумбольдт В. фон. О различии строения человеческих языков и его влиянии на духовное развитие человечества // Избранные труды по языкознанию. М.: Прогресс, 1984.
28. Язык как мирозидание : лингвофилософская концепция неогумбольдтианства / О. А. Радченко. — Изд. 3-е, стер. — Москва : КомКнига, 2006. — 310 с. — (История лингвофилософской мысли). На 4-й с. обл. авт.: О. А. Радченко, д.филол.н., проф. — ISBN 5-484-00475-6.
29. Рясянен М. Об урало-алтайском языковом родстве// Вопросы языкознания. - М., 1968, № 1
30. Starostin, Sergei A., Anna V. Dybo, and Oleg A. Mudrak. (2003). Etymological Dictionary of the Altaic Languages. Brill Academic Publishers. ISBN 90-04-13153-1.
31. Щербак А.М. Об алтайской гипотезе в языкознании // Вопросы языкознания. 1959. № 6. С. 51—63.
32. Дыбо А.В. Лингвистические контакты ранних тюрков: лексический фонд: пратюркский период. М., Вост. лит. 2007. 223 стр.
33. Қазақ диалектологиясы [Мәтін] : педаг. ин-тар мен ун-тің филол. факультеттерінің студенттеріне арналған оқулық / Ғ. Қалиев Ш. Сарыбаев ... – Алма-Ата : Мектеп, 1967. - 171, (4) б.

34. Türk Dillerinin İktisat Terimleri Sözlüğü / Dictionary of Economic Terms of Turkic Languages – Astana: Türk Akademisi / Turkic Academy, 2024. – 488 sayfa / page.

35. Türk Dillerinin Dil Bilimi Terimleri Sözlüğü / Dictionary of Linguistic Terms of Turkic Languages – Astana: Türk Akademisi / Turkic Academy, 2024. – 520 sayfa / page.

36. Türk Dillerinin Askerî Terimleri Sözlüğü / Dictionary of Military Terms of Turkic Languages – Astana: Türk Akademisi / Turkic Academy, 2024. – 504 sayfa / page.

37. В.А.Плунгян. Мир теряет языки. 17-августа, 2012 г. // <https://big-i.ru/biznes-i-obshchestvo/fenomeny/a11340/>.

АКАДЕМИК Р.СЫЗДЫҚТЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫНДАҒЫ СӨЗ ҚҰДІРЕТІН ТАНУДЫҢ ЛИНГВОСИНЕРГЕТИКАЛЫҚ НЕГІЗІ

Жамал МАНКЕЕВА,

филология ғылымдарының докторы, профессор

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,

Алматы, Қазақстан

Лингвистикадағы тіл табиғатының күрделілігі, динамикалық сипаты мен замануи функционалдық, прагматикалық күйіне қатысты методологиялық проблеманың туындауы, тілді зерттеу үдерісінде жаңа концептуалды құралды қажет етуі лингвистер тарапынан заңдылық деп бағалануда.

Себебі қазіргі жаһандану, интеграция үрдісімен байланысты анықтасақ, синергетика – интеграциялық өрістегі біртұтастық даму заңдылығына бағынатын күрделі динамикалық жүйе. Ал, тілге қатысты ол – сыртқы әлемнің тұтас моделінің тілдің ішкі синтаксистік, семантикалық заңдылықтарына сәйкес құрылған ақпараттық ашық жүйесі.

Осымен байланысты қазіргі таңда синергетика XX ғасырдағы ғылыми дамудың жарқын да динамикалық үлгісінің бірі ретінде танылып, жаратылыстану ғылымдарында өмір сүру туралы түсінік «зат алмасу», «өзін-өзі реттеу», «өзін-өзі басқару», «іштей даму», «ортаның жағдайына бейімделу» сияқты уәждері мен байланысты түсіндіріледі. Осыған орай қазіргі таңда ғылымның гуманитарлық салаларында да тіршілік жүйесінің өзін-өзі реттеу бейімділігін қарастыратын синергетикалық парадигма қалыптасуда.

Нақты айтқанда, тілге тән өзгермелі, эволюциялық, тұтастық, бірсызықтық емес, көпөлшемді сипаттары тілдік жүйенің өзінің ішкі әлеуеті арқылы іштей дамуын туғызады.

Бұл даму үдерісі жеке тұлғаның (қаламгердің, ақынның, жазушының т.б.) немесе белгілі бір әлеуметтік топтың (саяси, қоғам қайраткер т.б.)

сөзінде), сондай-ақ, үдерістердің *тіл ~ ұлт, тіл ~ мәдениет* сабақтастығына ұласқан ұлт тілінің когнитивтік кеңістігінде көрініс табады. Соның нәтижесінде дискурстық, психологиялық, әлеуметтік, мәдени репрезентациясын сипаттайтын эмпирикалық материалды зерттеу жаңа өзекті мәселелерді алға шығарады.

Соның ішінде, айшықты көрінісі арқылы тілдің күйін танытатын көркем мәтін тілін зерттеудің мәні өзінің даму барысында табиғи жолмен өсіп-өніп отыратын адамзат мәдениетінің моделі болып, оның дамытушы болуымен негізделеді.

Осы тұрғыдан қарастыратын лингвосинергетик – ғалымдардың пайымдарына сүйенсек, [1] лингвосинергетика – тілді адами, әлеуметтік, биопсихикалық, когнитивті құбылыс ретінде танытын жаңа парадигма. Сондықтан да адам болмысы мен әрекетіне сәйкес бейнеленетін күрделі жүйе құрылымының көркем мәтіндегі кестелі сөзінің құдіретін тану синергетика-әдіснамасы арқылы іштей ұйымдасқан жүйенің психолингвистикалық үрдісінің динамикасын бейнелейтін адами жүйе ретінде танылады.

Оның өзегі ретіндегі сөзді көркем мәтіндегі одан әрі дамып өзгеруге тартатын қуат, ақпарат көзі өз ішінде ұйымдаса келіп, тұтастықты құрайды. Сондықтан лингвистикалық синергетика пәнін қысқаша түрде тілдің өзін-өзі ұйымдастырушылық және өзін-өзі реттеушілік тетігін зерттеу деп анықтауға болатын сияқты.

Заманауи тіл білімінің жаңа бағыттары мен нәтижелері ана тілінің мемлекеттік мәртебесіне сай қоғамдағы коммуникативтік қызметінің кеңеюімен (саяси, әлеуметтік, құқықтық, ақпараттық, т.б.) ең бастысы, танымдық өзек ретіндегі тілдің көркем мәтінде айшықталатын өміршеңдік, жасампаздық қабілетін дәлелдейтін антропоөзектік парадигманың кешенді кеңістігі зерттеулерден жүйелілік қағиданы талап етеді.

Осымен байланысты қазақ тіл білімінде академик Р.Сыздық қолданған қазақи танымға сай *сөз құдіреті* ұғымын дүниені тіл арқылы тануды зерттеуде алға апаратын синергетика терминімен сәйкес адамтанымдық қағида деп сипаттауға болады [2].

Ғалымның қазақ сөзінің құдіретін танытуды мақсат еткен зерттеулердің өзегін құрайтын – көркем мәтіндегі көркемдегіш және бейнелегіш құралдарды лингвостилистикалық категория деңгейінде қарастыру қазіргі қазақ тіл білімінің антропоөзектік парадигма аясында жалғастырылуда.

Мысалы, Ғ.Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» романының лингвостилистикалық құрылымын 1-ші жақтан баяндау, интонациялық-ритмдік тон, ерекше синтаксистік құрылымдар, инверсия т.б. тәсілдермен қатар қайталау тәсілі ерекшелейді: романның *зытып келем, зытып келем...* деп басталуы [3].

Қазіргі қазақ прозасының көрнекті өкілдерінің шығармаларын зерттеген еңбегінде академик Р.Сыздық бұл мәселені былайша анықтайды. «Көркем текстегі қайталаманың типтерін іздестірген зерттеуші болса,

Ә.Кекілбаевтың «Үркерінен» оның небір түрлерін таба алады. Қайталама элементтердің орны, морфологиялық тұлғасы, синтаксистік қызметі жағынан топтап қарастырсақ бұл құбылыстың стильдік статусы айқындалары сөзсіз» [2, 89]. Осымен байланысты ғалым қайталаманы шығарма тілін көрсетуде өте ұтымды тәсіл, стильдік категория деп бағалайды.

Профессор Б.Шалабай қайталау тәсілінің түрлерін, олардың ерекшеліктерін ажыратып, көрсетеді: «Синтаксистік қайталаулар лексикалық қайталаулармен, лексикалық қайталаулар дыбыстық қайталаулармен ұштасып, шығарманың қайталап бас өзіндік ырғақ әуенін, құрылым жүйесін жасайды. Бұл әсіресе ерекше сезімдік тебіреніспен баяндалатын тұстарда, кейіпкердің күннің ішкі жан-дүниесін ашатын баяндауда айрықша рөл атқарып тұрады» [4, 6].

Психолингвистік аспектіде көркем тілдегі эмоцияның көрінісі (соның бірі – қайталау) көркем шығарманың мазмұнын құрастырушы, авторлық ассоцияларды бағыттап, тұтастырып реттеушілік те қызмет атқарады.

Жаңа поэтикалық мән туғызуда көріктеу құралдарының, соның ішінде метафораның орны бөлек екені белгілі. Бір ұғымның қайталануы метафоралау үдерісі ретінде поэзияда жиі кездеседі. Адамның ассоциялау, салыстыру, концептуалдау қабілетіне негізделген бұл үдерістің шын болмысы лингвосинергетикалық аспектіде айқындалады.

Мысалы: М.Жұмабаевтың *өмір – шірік шөп, өмір – дала, өмір – сағым, өмір – құрақ* авторлық метафоралары ақынның бір-бірімен байланысты тұтас көркем идеясын, ойлау деңгейі мен дүниені қабылдауының ортақ синергиялық желісін көрсетеді. М.Жұмабаевтың тілдік тұлғасын зерттеген ғалым Ж.Ермекова ақын жырларындағы дыбыстық қайталауларды ішкі сезімнің сыртқы, символдық бейнесін ашып тұрған көріктеу құралы деп қарайды:

*Сылдыр, сылдыр, сылдыр,
Қанымды қайнатты құрғыр.
Есімнен аударды құрғыр,
Лебізіңнен еріп барамын,
Жаным-ай, жақында қол бер!
Жүректі жандырды құрғыр,
Кеудені кернеді жалын,
Сәулем, періштем, тез кір!
Талдым, қалды сүлдер.
Сыбырға айналды *сылдыр* [5, 108].*

М.Жұмабаевтың осындай тезаурустық жүйесінің синергиялық негізіне сәйкес бейнелерін когнитивист-ғалым Қ.Жаманбаева «...сыртқы дүниені тануға бағытталған белгілер емес, ішкі дүниенің тылсым сырларын іздеуден, жан дүниенің тереңіне үңілуден туған бейнелер» деп санайды [6, 77].

Қорыта айтқанда, қазақ тіл білімінде кезінде Қ.Жұбановтың (танымдық), А.Байтұрсынұлының «коммуникативтік-функционалдық) т.б. тұлғаларымыздың ғылыми мұрасындағы тіл иесін рухтандырған сөз

қуатының бағасынан бастау алған арнаның кейінгі Қ.Жұмалиев, Р.Сыздық, Б.Шалабай, Б.Нұрдәулетова сынды ғалымдар мен кейінгі толқын ғалымдар дамытқан лингвостилистика, лингвомәдениеттану, прагмалингвистика, мәтінтану, дискурс, т.б. когнитивтік зерттеулердің деңгейі ендігі кезекте бір тұтастықта, бір-бірімен тығыз байланысты синергиялық жүйе ретінде зерттеуді қажет етеді.

Соның нәтижесінде қазақ танымында сөзді «өнер» деп таныған қағидаға сай қалыптасқан дәстүрде (паремиологияда, фразеологияда, ақын-жыраулар тілінде т.б) қалыптасып, көркем сөздің коммуникативтік әлеуетін, экспрессиясын бейнелеп, кестелейтін бір жүйе ретінде тіл иесінің, суреткердің санасынан тараған күш (синергия) арқылы іштей тығыз байланысқан жүйелер тоғысын лингвосинергетика кеңістігінде тану маңызды болмақ.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Г.Хакен Синергетика. М.1980
2. Р.Сыздық. Сөз құдіреті. Алматы: Санат, 224 б.
3. Ш.Елемесова Көркем мәтіндегі ұлттық релеванттардың тілдік көрінісі /канд.дисс. Алматы, 2004 б.
4. Б.Шалабай Қазақ көркем прозасының тілін зерттеудің ғылыми-теориялық негіздері. Алматы 1997, 130 б.
5. Ж.Ермекова М.Жұмабаевтың тілдік тұлғасы /канд.дисс. – Алматы, 2010. –140 б.)
6. Қ.Жаманбаева Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. – Алматы, 1998. – 140 б.

АКАДЕМИК РӘБИҒА СЫЗДЫҚТЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫН ТЕРЕҢДЕТЕ ЗЕРТТЕУ (БОЛЖАМДАР МЕН ҰСЫНЫСТАР)

Айман АЛДАШ,

филология ғылымдарының докторы, профессор

А. Байтұрсынұлы атындағы

Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері

Аңдатпа. Мақалада академик Рәбиға Сыздықтың қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихынан бастап, тіл білімі ғылымының тіл мәдениеті, лингвостилистика және ортология сынды аса маңызды салаларына арналған зерттеу жұмыстарындағы ғылыми тұжырымдары мен көзқарастарын бүгінгі жаңа ғылыми салалар әдіснамалары арқылы тереңдете қарастырудың маңызы талданады. Ғалымның тілдің диахронды және синхронды аспектілерін сабақтастыра зерттеудегі негізгі идеялары мен ғылыми бағыт-бағдарлары ұлттық әдеби тілдің кезеңдерін, нормаларын және стильдік ерекшеліктерін тереңінен

зерделеумен тығыз байланысты. Бұл ғылыми көзқарастар қазақ тілінің өміршендігін сақтауға бағытталған жаңа зерттеулер үшін маңызды негіз болады.

Кілт сөздер: әдеби тіл, ұлттық әдеби тіл, тіл дамуы, сөз мәдениеті, стилистика, емле, тіл экологиясы

Академик Рәбиға Сыздықтың тіл тарихынан қазіргі қазақ әдеби тіліне дейінгі Ұлт – Қоғам –Тарих – Мәдениет – Әдебиет тұтастығына арналған зерттеулерінде қазақ тілінің кешегісі мен бүгінгісі бойынша толық тұжырымдар да, тіл ғылымы іргелі және қолданбалы салаларын дамытатын тезистер түріндегі бағыт-бағдарлар бар. Ғалымның ғылыми түйіндері мен көзқарастары тіл тарихына, қолданбалы лингвистикаға қатысты диахронды және синхронды аспектілерде тірек ұғымдарды, жалпы идеяларды бүгінгі жаңа ғылыми салалар әдіснамалары арқылы тереңдете зерттеу маңызды болып саналады.

Тіл тарихы бойынша барлық көзқарастарды, ұлт тілінің, әсіресе жазба нұсқалардың кезең-кезеңімен қалыптасуын, ондағы лексикалық-грамматикалық, фонетикалық өзгерістерді, басқа түркі тілдерінің араласуының себептерін негізге ала отырып, «әдеби тіл» категориясын нақтылай түсу бүгінгі тіл үшін де аса өзекті.

Маңыздылығын анықтай түсудің мәнісі мынада: біріншіден, қазақ әдеби тілінің қайнаркөздері академик Р. Сыздықтың еңбектерінде толық тұжырымдалған [1]. Ғалымның көзқарастары Қ.Өмірәлиевтің, Б. Әбілқасымовтың, Е. Жұбановтың пікірлерімен үндеседі. Осы тұрғыдан келгенде, сөз жоқ, қазақ әдеби тілінің ұлт тарихының қай кезеңінен тұспа-тұс келетіндігі дәлелденген, негіздері анықталған деуге әбден болады.

Атап айтқанда, Академик Р. Сыздықтың күрделі зерттеулерінің бір бағыты жазба ескерткіштердің тілі екендігі мәлім. Бұл қатарда ортағасырлық түркі жазба мәдениеті үлгілерінің санатына енетін «Жами' ат-тауарих» («Жылнамалар жинағы») атты еңбек ортағасырлық қазақ тарихы мен тілін зерттеуде қазақ тілтанымына елеулі үлес қосты [2].

Ғалымның тіл тарихы бойынша зерттеулерін жалғастырған профессор Б.Әбілқасымовтың [3], профессор Е. Жұбановтың [4], көрнекті ғалым Қ. Өмірәлиевтің [5] зерттеулерін айрықша атауға болады. Тілші-тарихшы ғалымдар ауызша дамыған қазақ әдеби тілі ұғымын ауыз әдебиеті мен жазба ескерткіштердегі, алғашқы функционалды тармақтардағы тілдік фактілерді жүйелеп дәлелдеді.

Ұстаздың диахронды зерттеулері әрі қарай жалғасын тапты, мәселен, академиктің өзі маңыздылығын айрықша атап, өзге түркі жазбаларымен салыстыра, салғастыра зерттей беру жұмыстары бүгінгі қазақ тілі үшін маңызды екенін айтып, Алғысөзін жазып берген «Қадырғали Жалайырдың «Жами' ат-тауарих» жылнамасының тезаурус сөздігі» [6] жарық көрді, онда Жылнамада қолданылған барлық лексикалық қор, еркін және тұрақты тіркестер, араб және парсы сөздері, ономастикалық атаулар толық қамтылды,

осы арқылы Сөздік құрастырушылары академик Р. Сыздықтың «Жами' атауарих» қазақтың төл дүниесі деген тұжырымын әбден бекемдеді.

Алтын Орда дәуірінде жазылған Сейф Сараидың «Гүлістан бит-түрки» мен Құтбтың «Хұсрау уа Шырын» мәтіндерінің транскрипциясы, лингвотекстологиясы, графикасы, лексикасы, грамматикасы жайында баяндалған және қазіргі қазақ тілімен сабақтастықта талданған [7] еңбекті атауға болады. Мәмлүктер билігі тұсында (XIII – XV ғ.) мәмлүк-қыпшақ тілінде жазылған жазба ескерткіштердің (грамматикалық еңбектер, сөздіктер, діни кітаптар және т.б.) зерттелу мәселелері қарастырылған еңбек те – [8] академиктің тіл тарихы бойынша зерттеулерімен сабақтасады.

Осы мәліметтерді алға тартудың себептері бар.

Академик Р. Сыздық түркі тілдерінің даму дәуірлері мен кезеңдеріне ортақ жазба ескерткіштердің, әсіресе ортағасырлық жазба ескерткіштердің тіліне қатысты аталымдарды жүйелеуді, анықтауды қажеттігіне бірнеше рет назар аудартқан болатын. Профессор Б. Әбілқасымов та өз көзқарастарын бірнеше рет ұсынды [Б.Әбілқасымов].

Осындай пікірлердің болуының басты негізі – ғалымдардың алдыңғы дәуірлердегі жазба нұсқалардың тілін әдеби тіл категориясымен, қазақ тілінің қалыптасу кезеңдерімен байланыстыра қарауында.

Біріншіден, барлық зерттеушілер жазба ескерткіштердің тілі әдеби тіл екендігін мойындайды. Екіншіден, тіл тарихын терең зерттеген ғалымдар алдыңғы кезеңдердегі еңбектерде (И.Н. Березин, Ш. Уәлиханов, В.В. Вельяминов-Зернов, Әли Рахим) айтылған «кітаби тіл», «шағатай тілі» деген терминдердің негізсіз екендігін дәлелдеуді мақсат еткен. Осы себепті анықтаманы нақтылай түсуге ғалымдар әр тұрғыдан келеді.

Мәселен, профессор Б. Әбілқасымовтың алдыңғы зерттеулерінде YIII ғасырдан басталатын нұсқаларға *ежелгі түркі әдеби тілі*, ал ортағасырлық жазба нұсқаларға *көне әдеби тіл*, XY – XX ғасырдың I жартысындағы ескерткіштер тілін *ескі қазақ әдеби тілі* деп ажыратады. Сөйтіп, ғалым өзінің көптеген тұжырымдарының негізінде барлық дәуірлердегі жазба нұсқалардың тілін ескі қазақ әдеби тілі деп тану керектігіне анық тоқталады. Алтын Орда ескерткіштеріне қатысты *ортақ түркі әдеби тілі*, Ясауи хикметтерінің тілі *қытшақ-оғыз әдеби тілі* деген көзқарастардың бар екенін атап өтеміз.

Арғы дәуірлерден келе жатқан жазба ескерткіштердің тілінен бастап XX ғасырдың орта тұсына дейінгі жазба ескерткіштердің тілін сабақтастықта, жүйелі түрде қараған академик Р. Сыздықтың зерттеулерінде «әдеби тіл» *әрдайым жазба түрде туып, жазба түрде тарала бермеген, олай болуы міндетті емес* [9] деген тұжырым бар. Бұл үшін ғалым жазба ескерткіштердің тіліндегі оғыз, қарлұқ, араб, парсы сөздеріне қатысты дыбыстық алмасулардың себептерін көрсете отырып, тілдік фактілер ретінде *тілдік дәстүр* аталымына назар аудартады. Тілдік дәстүр – ұлт санасындағы концептілер, тұрақты тіркестер, образды қолданыстар. Осы тұжырымға келуінің негіздері төмендегілер: а) *тілді қолданушыларды бір халық (этнос)*

етіп ұйымдастыратын; ә) диалектілерден жоғары тұрған; б) сол халықтың рухани-эстетикалық сұранысын біршама өтей алатын; в) ұлттық ойсананы, ұлттық идеяны қалыптастыратын; г) ұлт болып құрылудың міндеттерін көрсететін тіл. нақты айтқанда, қазақ әдеби тілі дегенді ажырату үшін тілдік дәстүр негізге алынуы тиіс, ал тілдік дәстүр монолитті түрде көріктеу құралдарында, ұлтты ұйымдастыратын концептілер сақталған [1].

Академик Р. Сыздық жазба ескерткіштердің тілінде оғыз, қарлұқ, араб, парсы сөздері бар екендігін айта отырып, қыпшақтық қабат дегенді әрдайым еске салады.

Концептілер ретінде ғалым *ел, халық, жер, бөрі, ақ сұңқар, қара нар, құмай жүйрік, тұлпар, көңіл, ұлан, ару* тәрізді сөздерді көрсетеді және олар оқиға желісінің басында стереотип ретінде де, әрі қарай сан алуан тұрақты тіркестердің құрамында да бар. Ал тұрақты тіркестерді Ұстаздың еңбектерінде белгілі бір модель түрінде көрсетілген эмпирикалық материалдарды жинақы ұсыну мақсатында *концептілер, тілдік-көркемдік кестелер* және поэтикалық түйдектер деп топтастырамыз.

Кесте 1. Академик Р. Сыздық еңбектеріндегі концептілер, тілдік-көркемдік кестелер және поэтикалық түйдектер үлгілері.

Концептілер	Тілдік-көркемдік кестелер	Поэтикалық түйдектер
<i>ел, халық, жер, бөрі, ақ сұңқар, қара нар, құмай жүйрік, тұлпар, көңіл, ұлан, ару, табиғат, күн, ай, төрт түлік атаулары, туыстық атаулар</i>	<i>қыз айттыру тілегін тілеу сөзінен шықпау, көңілі тыну ақ сүт беру ақ некелеп алу көңіліне қарау құлдық ұру кісі салу сүйінші сұрау</i>	<i>Жатып қалған жас тайлақ, Жардай атан болған жер Жатып қалған бір тоқты Жайылып мың қой болған жер</i>

Қазақ әдеби тілінің қалыптасуына қатысты академик Р. Сыздықтың түйіндері: а) *ортағасырлық жазба ескерткіштерде 58-60 %- ы қыпшақ негізді тілдік бірліктер; ә) әдеби тіл статусының бастау көздерін көріктеу құралдары мен концептуалды тілдік бірліктердің жазба ескерткіштерде молынан игерілуі анық дәлелдейді; б) ескі кітаби лексика / шағатай тілі* деген терминдерді қолдану негізсіз; в) *қазақ әдеби тілі қазақ халқының ұлт болып қалыптаса бастағанға дейінгі түрі және ұлттық түрі* деп бөлінеді; г) бұл екі кезеңнің аралық тұсы – өткен ғасырдың екінші жартысы, яғни *қазақтың ұлттық әдеби тілі XIX ғасырдың II жартысынан бастап қалыптасты* [10].

Осы себепті *ескі әдеби жазба тіл / ұлт болып қалыптасқанға дейінгі әдеби тіл / әдеби тілдің ұлттық түрі / қазақтың ұлттық әдеби тілі* ұғымдарын, тұтастай алғанда, әдеби тіл категориясын ғылыми тұрғыдан бекіте түсу үшін ең алдымен жазба ескерткіштердегі қыпшақ тілінің үстемдігін дәлелдеп беретін концептілерді, ұлттық санаға тән стереотиптерді, жазба нұсқалар кеңінен дамыған кейінгі кезеңдердегі тілдік фактілерді өзара сабақтастықта талдау қажеттігі байқалады. Бұл – академик Р. Сыздықтың тұжырымдарын әрі қарай дамыта түсудің бір болжамы.

Академик Р. Сыздықтың ғылыми еңбектерінің негізгі арналарының тағы бірі тілді синхронды аспектіде зерттеу екендігі белгілі.

Ғалымның синхронды аспектідегі ғылыми бағыттары әдеби тіл категориясына қатысты жоғарыда аталған маңызды мәселелермен тоғысады.

Синхронды аспектіде Ұстаз еңбектерінде сөз мәдениеті мен лингвостилистика және ортология мен норма мәселелері біртұтастықта қаралады.

Өзара ұштасатын осы салаларға қатысты Ғалым тұжырымдарының тоғысатын тұстарының бастысы – жоғарыда аталған, ел тарихының әр кезеңінде жыр болып төгілген, хатқа түскен, жанрлары жағынан да әр басқа көркемсөз туындыларының тіліндегі тілдік дәстүр (*әсіресе мақсатында тілдік-көркемдік кестелер мен поэтикалық түйдектер*) кейінгі дәуірдегі сипаты қандай дегенге орай ой салу. Ғалым сонымен қатар соңғы кезеңдердегі тілге қатысты оң іс-шаралардың қарқынды атқарылуын құптай отырып, *«тіліміздің сапасы, табиғи сипаты, әсемдігі қандай? Бұрынғы бабалар қалдырған байлығы мен көркемдігін күшейтіп отырмыз ба, жоқ, әлде, біртіндеп жоғалтып жатырмыз ба?»* деген бірнеше сауал тастайды. Өйткені Ұстаз бабалардан келе жатқан сөз асылының, тіл өрнегінің, көркемсөз өнерінің дәстүрлі алуан қырының қоғам дамуының әр тұстарындағы жазылған көркем туындылардың мәтіндерінде сақталуын, сөз саптаудағы жаңа ізденістерге үлгі-тірек болуын арман еткен.

Өткен ғасырдың орта тұсындағы проза жанрындағы тілдік бірліктердің жұмсалудың кеңінен талдап, бағалау нәтижесінде Академик Р. Сыздық қазақтың көркемсөз өнеріне қатысты аса өзекті мәселелерді ілгері шығарып, қазақ лингвостилистикасының тұжырымдамасын жасады. Ғалымның «Стилистиканың лингвистикалық міндеті стильдік әсердің өзін емес, сол әсерді туғызатын тілдік механизмді зерттеу болып табылады» деген тұжырымы [11] әлемдік тіл біліміндегі лингвостилистикаға қатысты көзқарастардан басқаша, тың жаңалық.

Сөз мәдениеті мен стилистиканы өзара байланыста қараған ғалым еңбектерінде *сөз өнері* – барлық талдау мен тұжырымның тірегі. *Сөз өнері* термині Ахмет Байтұрсынұлының еңбегінен басталатыны мәлім. Ұлт ұстазының мұраларында *сөз өнері, ақын тілі, әншейін тіл, лебіз өрнегі, көрнекі лебіз, жалаң лебіз, тіл қисыны, сөз талғау, сөз дұрыстығы, тіл тазалығы, тіл дәлдігі, тіл қисыны*, сонымен қатар *шығарманың тілінің ғылымы, шығарманың түрінің ғылымы* деп келетіндер – тезистер тәрізді,

дегенмен, тұтастай алғанда, кейінгі кезеңдерде зерттеу нысанасына айналған лингвостилистика мен сөз мәдениеті салаларының негізгі ұғым-түсініктері.

Сөз мәдениеті туралы алғашқы еңбектердің бірі – профессор Н. Уәлидің шағын кітабы [12]. Академик Р. Сыздық алғысөзін жазып берген осы зерттеуде сөз жатықтығы, сөз байлығы, сөз тазалығы, сөз дәлігі, сөз әсерлілігі, сөз әдеби мәселелері талданған. Автор тілдік жүйе мен тіл қолданысының, әдеби норма мен узустың, көркемсөз байлығын әсерлі етіп, дәл етіп жұмсаудың мәселелерін қозғаған.

Осыған байланысты Ғалым зерттеулерінің сөз мәдениеті, әдеби норма, емле, ауызша сөз бен жазба тілдің бір-біріне ықпалы, осы әсерден туындайтын сипаттар, сыртқы түрткіжайттар мен ішкі тілдік түрткіжайттардың тілдің дамуына ықпал жасайтын мәселелеріне арналған тұстарында да синхронды даму сипаттарына қарай қарастыруды қажет ететін жайттар бар деп ойлаймыз.

Бұл ретте сөздің коммуникативтік сапасын анықтау аса маңызды.

Тілдік бірліктер қарым-қатынастың жағдаятына қарай ұйымдасады, сөйтіп, сөйлейтін сөздің, хатқа түсетін сөздің нақты формасы пайда болады. Сөйлеушінің/ жазарманның санасында жағдаятқа қарай тілдік бірліктерді ұйымдастыру үшін нақты бір процестер жүреді. Өзі нысана еткен аудиторияның әлеуметтік рөлі ескеріледі; адресатқа ықпал ету мақсатын көзделеді, сөйтіп, тілдік бірліктер іріктеледі. Тілдік бірліктерді таңдап жұмсау жазарманның / сөйлеушінің тілді меңгеру деңгейіне байланысты. Мәселен, кейінгі баспасөз үлгілерінде ақпаратты жеткізу мақсаты анық болғанымен, құрылымы әр басқа сөйлемдер кездесті: бірінде *«Мемлекеттік алып ту аспанға көтерілді»* немесе *«Мектебіміз үнемі ауқымды облыстық, республикалық мәдени іс-шараларды ұйымдастырады»* деген сөйлемдердегі *«алып»* және *«ауқымды»* адъективтері тіл жүйесі, тіл заңдылығы бойынша анықталатын сөзбен (яғни ауқымды мәдени іс-шара; алып мемлекеттік ту) тікелей дәнекерлеседі, ұйымдасқан тілдік бірліктердің сипаты коммуникативтік сапа межелері тұрғысынан талдауды қажет етеді.

Академик Р. Сыздықтың синхронды аспектіде терең қарастырған саласы – емле мәселесі. «Бүгінгі қазақ тілінің қызметі жазумен астарласып жатыр, бұл күнде тіл жазусыз қызмет ете алмайды, сондықтан емле мәселесі де «тіл мәдениетін» яғни жазуда да дұрыстықты, жүйелілікті, қолайлылықты талап етеді» [13, 5] деген Ұстаз сөзі тіл дамуының қазіргі қарқынды даму жағдайында фонетикалық инварианттарды, күрделі сөздердің бірге, бөлек немесе қосаралықпен жазылуын, басқа да көптеген жайттарды ғылыми негіздеуде тірек болады.

Соңғы онжылдықтарда қазақ тіл білімі теориялық зерттеулердегі тұжырымдардың практикада қолданылуын тереңдетуге бет бұрып отыр. Тілдің қолданбалы саласының көздейтіні – тілді қолданушылардың тілге саналы көзқарасын қалыптастыру, тілді қолдануына, меңгеруіне ықпал ету. Сондықтан қазіргі тұстағы «қазақ емлесін оңтайландыру проблемасымен қатарлас ұлттың сөз мәдениетін жетілдіретін, әдеби тілдің нормаларын

насихаттайтын ортологиялық құралдардың жаңартылған типтерін түзу, әртүрлі салалардағы терминжасамның моделдерін біріздендіру, норматив сөздіктер мен норматив грамматиканы ғылыми-практикалық тың материалдармен толықтыру өзекті бола бастады» [14].

Осы проблемаларды тереңдете зерттеудің маңызды жағы – тіл экологиясына тікелей байланысты.

Қазіргі кезеңде жаһандану әлемінде тілдің бәсекелестік қабілетін таныту, сайып келгенде, қазақ тілінің өміршендігін сақтау жайы өзектілігін танытты. Бұл бағытта, сөз жоқ, ең алдымен қазақ тілінің байлығын, ұлттық болмысты танытатын тіл сипатын толық меңгерген этнотілдік норма, этномәдени индивид пен социум қалыптастыру шаруалары қарқынды жүзеге асырылмақ керек. Әрине, бұл бағытта тіл стратегиясына қатысты оң іс-шаралардың қарқынды атқарылуы аса құптарлық. Дәстүрлі түрде қолданбалы жарияланымдар (қағаз нұсқадағы практикалық құралдар, лексикографиялық еңбектер) маңызын жоғалтқан емес. Ақпараттық технологиялар мен цифрлы технологиялардың көмегі тілдің насихаттау ісінде айрықша тиімділік танытып отыр. Сонымен қатар академик Р. Сыздықтың «белгілі бір кезеңдегі тіл қолданысының параметрі сол дәуірдегі әдеби тілдің даму бағытымен әрі принциптерімен өлшенеді» [11] деген тұжырымдамасы негізінде ең бастысы – Ғалымның әдеби тіл – жазба тіл мен ауызша тілдің өзара ықпалдастығы – әдеби норма – сөздің коммуникативті сапасы – ұлттық әдеби тіл байлығының сақталуы мәселелерін қоғам дамуындағы келелі өзгерістерге, сыртқы түрткіжайттарға және тілдің өз динамикасындағы жаңа сипаттарға қатыстыра отырып тереңдете зерттеу нәтижелерін қорытатын ғылыми зерттеулер жүргізу өзекті болып саналады.

Мақала «ЖТН АР23486743 «Қазақ лингвостилистикасындағы академик Рәбиға Сыздық тұжырымдамалары: қазіргі қазақ әңгімелерін талдаудың метамоделі» тақырыбындағы гранттық жоба міндеттерін орындау мақсатында әзірленді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – 3-бас. – Алматы: Арыс, 2004. – 208 б.
2. Сыздық Р. Язык «Жамиат тауарих» Жалаири. – Астана, 2014. – 280 б.
3. Әбілқасымов Б. Қазақтың ескі жазба әдеби тілі. – Алматы: «Қазақ тілі» баспасы – 2015. – 128 б.
4. Жұбанов Е. Эпос тілінің өрнектері. – Алматы: Ғылым, 1978. – 184 б.
5. Өмірәлиев Қ. ХҮ-ХІХ ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. – Алматы: Ғылым, 1976. – 269 б.
6. Алтын орда жазба ескерткіштері мәтіндерін лексикографиялаудың теориясы мен практикасы: монография / М.Малбақов, А.Сейітбекова, Г.Мамырбек. – Алматы: Асыл ЖК, 2024. – 136 б.
7. Сейітбекова А. Сейф Сараидың «Гүлістан бит-түрки» жазба ескерткіші: сөздігі, транскрипциясы, аудармасы. – Алматы, 2024. – 700 б.

8. Жұбатова Б.Н., Аубакирова Қ. Мәмлүктер билігі тұсындағы Мысырдағы түркі-араб мәдени-тілдік байланыстары (XIII-XV ғ.): монография. – Алматы: «Қазақ университеті», 2019. – 190 б.

9. Сыздық Р. Ауызша дамыған қазақ әдеби тілі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2014. – 242 б.

10. Академик Р. Сыздықтың ғылымы мұрасы / Хрестоматия. – Алматы: Асыл ЖК, 2024. – 224 б.

11. Сыздық Р. Көркем әдебиетті танудың кейбір қырлары // Р. Сыздық. – Электронды ресурс: <https://ult.kz/post/rabiga-syzdykova-korkem-adebiet-tilin-tanudyn-kyrlary>

12. Уәли Н. Сөз мәдениеті. – Алматы, Ғылым, 1984. – 50 б.

13. Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы). – Астана: Елорда, 2001. – 230 б.

14. Алдаш А. Қазақ ортологиясы: монография / Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 296 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ АБЫЗ АНАСЫ – РАБИҒА СЫЗДЫҚОВА

Доц. Др. Эсра ЯВУЗ АДЖАР

Нигде Өмер Халисдемир университеті

Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар факультеті

Қазіргі түрік диалекттері мен әдебиеттері кафедрасы

Нигде, Түркия

Рабиға Сыздықова – Қазақстанның жетілдірген ең маңызды тіл мамандарының бірі. Ол бар ғұмырын Ахмет Байтұрсынұлы, Құдайберген Жұбанов, Сәрсен Аманжолов, Ісмет Кеңесбаев, Мәулен Балақаев, Ғайнетдин Мұсабаев сияқты тіл ғалымдарының дәстүрі бар Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының шаңырағында өткізіп, Тюркологияның маңызды мәселелерімен айналысты.

Қазақ тілі және түркологиясы туралы отыз жылдан астам уақыт ішінде отыздан артық кітап және үш жүзден артық мақала жариялады. Қазақстанның және шет елдердің әртүрлі университеттерінде дәрістер оқыды. Ол өз елінде және шетелде көптеген конгресстерге, конференцияларға және симпозиумдарға қатысып, баяндамалар жасады.

Сыздықованың зерттеулерінің ең маңыздысы – қазақ әдебиетінің жетекші тұлғаларының бірі болған Абай Құнанбайұлы туралы зерттеулер. Сонымен қатар оның қазақ ауыз және жазба әдебиеті шығармалары туралы грамматикалық зерттеулері, қазақ әдеби тілінің тарихы мен сөздік құрамы, тілі, емле және емле ережелері туралы зерттеулері қазақ тілінің көптеген мәселелерінің шешімін тапқан маңызды ғылыми зерттеулер болып табылады.

Саналы ғұмырын білімге арнаған белгілі тіл жанашыры Рабиға Сыздықованың қазақ тілі және түркология ғылымының маңызды мәселелерін

қозғайтын отыздан астам кітабы мен үш жүзден астам мақаласы жарық көрді. Олардың барлығын бөлек қарастыру мүмкін болмағандықтан, зерттеуде тек академиялық кітаптары қарастырылды.

«Абай шығармаларының тілі» атты еңбегі 1968 жылы жарық көрді. Бұл кітапта, Абайдың өмір сүрген кезеңі және Абайдың қазақ әдеби тіліне қосқан үлесі туралы мәліметтерден кейін Абайдың қара сөздері мен өлеңдерінің сөздік құрамы берілген. Бұл шығармада Абайдың туындыларында кездесетін ескі сөздерге, қазақ тіліне енгізген түрікше, араб, парсы, орыс сөздеріне, шығармаларында қайта жаңғыртылған сөздерге, тақырып жағынан жіктелген сөздерге назар аударылады. Одан кейін Абай шығармаларында қолданылған тіл морфология жағынан да, синтаксис тұрғысынан да қарастырылады. Мұнда Абайдың поэтикалық тілінде, әсіресе, прозасында әдеттен тыс кейбір грамматикалық құрылымдар, олардың мазмұны, қолданылу себебі ашылады. 2014 жылы жарық көрген жаңа басылымда осы тақырыптардан бөлек Рабиға Сыздықованың «Абай: энциклопедия»сындағы мақалалары да қамтылған.

Оның «Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы» атты еңбегі 1970 жылы жарық көрді. Еңбекте қазақ поэзиясы мен Абай поэзиясының синтаксистік құрылымы жан-жақты қарастырылған.

«Сөздер сөйлейді: Сөздердің қолданылу тарихынан» атты еңбегі 1980 жылы жарық көрді. Шығармада батырлық пен ғашықтық дастандарында, өткен дәуір ақын-жырауларының шығармаларында, мақал-мәтелдерде кездесетін көп мағыналы немесе түсініксіз сөздердің контекстік қолданысы, шығу тегі, мағынасы ашылады.

«Жазушы және сөз мәдениеті» атты еңбегі 1983 жылы басылды. Зерттеу қазақ әдеби шығармаларындағы тілдің ұлттық заңдылықтарын енгізуге, бүгінгі қазақ прозасы мен поэзиясына арқау болып отырған тілдік дәстүрлерді түсіндіруге тырысады, сонымен бірге бүгінгі әдеби шығармаларда кездесетін мағына мен стиль қателері көрсетілген.

«Сөз сазы: Сөзді дұрыс айту нормалары» атты еңбегі 1983 жылы жарық көрді. Бұл зерттеуде сөздерді дұрыс айту үшін тілдің заңдылықтарын білудің қажет екендігі, оны халыққа, әсіресе жастарға үйретуде, радио, теледидар, сахна өнері және мектептердің үлкен әсері болғанын, сондықтан ұстаздар, шешендер, жүргізушілер және өнер адамдарының ана тілінің ережелерін білуінің және қажетті сөздерді дұрыс қолдана білуінің маңыздылығы егжей-тегжейлі түсіндіріледі.

А. Алдашева, З. Бейсембаева, Қ. Неталиевамен бірге дайындаған «Қазақ әдеби тілінің ауызша түрі» атты еңбегі 1987 жылы жарық көрді. Зерттеуде ауызекі әдеби тілдің сөздік қоры, грамматикалық ерекшеліктері мен көркемдік дұрыс айтылу заңдылықтары ашылып, тіл өркениетін көтеруге ықпал ететін ұсыныстар айтылды.

Оның «Ахмет Байтұрсынов» атты еңбегі 1990-жылы басылды. Зерттеуде XX. ғасырдың басында қазақ тілінің алғашқы оқулықтарын жазып, әліпбидің негізін қалаушы, қоғамтанушы, ағартушы, журналист, жазушы Ахмет Байтұрсынұлының өмірі, қызметі, ғылыми еңбектері қарастырылады.

М. Қойгелдиевпен бірге дайындаған «Қадырғали би Қасымұлы және оның жылнамалары жинағы» атты еңбегі 1991 жылы жарық көрді. Зерттеуде «Джами ат-теварих», оның тілі, араб әртінен Кирилл әрпіне транскрипциясы және мәдени жазба және тарихи дерек көзі ретінде Қадырғали би Қасымұлы жазған дастандар мен ғылыми зерттеулер талқыланады.

«Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғғ.)» атты еңбегі 1993 жылы жарық көрді. Шығармада қазақ әдеби тілі XV-XIX. ғасырлардағы тарих жүйелі түрде түсіндіріліп, сол кезеңдегі шығармалар, олардың авторлары және олардың мәдени-көркемдік ерекшеліктері жан-жақты таныстырылады.

Оның «Емле және тыныс белгілері» атты еңбегі 1994 жылы басылды. Зерттеуде қазақ тіліндегі дұрыс емле ережелері мысалдар арқылы жан-жақты түсіндіріледі.

Оның «Абайдың сөз өрнегі» атты еңбегі 1995 жылы басылды. Зерттеуде Абай тілі, шығармаларындағы сөз таңдауы, сөз түрлендірулері, сөз ойындары, оның «Қара сөздер» шығармасының тілін қалай жасағаны және Абай тілін оқыту жайы жан-жақты қарастырылады.

«Сөз құдіреті» атты еңбегі 1997 жылы жарық көрді. Зерттеуде М. Әуезов, Т. Ахтанов, Ш. Мұртаза, Ә. Кекілбаев, С. Бердіқұлов, М. Мағауин, О. Бөкеев, Ә. Сүлейменов, Қ. Жұмаділов, Қ. Сегізбайұлы сияқты қазақ әдебиетінің маңызды есімдерінің шығармаларында қолданылған тіл негізінде қазақ прозасы көркемдік-эстетикалық тұрғыдан зерттеліп, әдеби тіл ережелерін бір қалыпқа келтіру қарастырылған.

«Қазақ тілінің анықтағышы» атты еңбегі 2000 жылы басылды. Зерттеуде қазақ тілінің емле ережелері, тыныс белгілерінің қолданылу ережелері, тыныс белгілерінің ерекшеліктері сияқты мәселелер жан-жақты қарастырылған.

Оның «Тілдік норма және оның қалыптануы» атты еңбегі 2001 жылы басылды. Зерттеуде тіл өркениеті және оның мәселелері, тіл заңдылықтары, тіл ережелерінің өлшемдері, грамматикалық ережелер, емле ережелері, сөздерді дұрыс айту, сөзді дұрыс айтудың әдебиет пен өнердегі маңызы сияқты тақырыптар қозғалады.

2001 жылы оның «Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі» атты еңбегі жарық көрді. Бұл зерттеуде «Абай шығармаларының тілі», «Абай өлеңдерінің синтаксисі», «Абайдың сөз өрнегі», «Абай энциклопедиясы» атты зерттеу мақалалары орын алады.

Б. Шалабай және А. Әбіловамен бірге дайындаған «Көркем мәтінді лингвистикалық талдау» атты еңбек 2002 жылы басылды. Зерттеуде әдеби шығармалар лингвистикалық тұрғыдан қарастырылады.

Оның «Ясауи Хикметтерінің тілі» атты еңбегі 2004 жылы жарық көрді. Бұл зерттеуде XII. ғасырдың жетекші тұлғаларының бірі Қожа Ахмет Яссауидің «Хикметтер» шығармасының тілінің сөздік құрамы мен құрылымы, морфологиялық құрылымы, дыбыстық тәртібі мен әдеби формалары зерттеледі. Зерттеудің соңында транскрипция мәтіні, түпнұсқа көшірмесі және сөздік орын алған.

2004 жылы «Қазақ тілінің қазіргісі мен көкжиегі туралы ойлар» атты еңбегі жарық көрді. Өкінішке орай бұл кітаптың мазмұны туралы мәлімет таба алмағандықтан ақпарат бере алмаймыз.

Оның «Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар» атты еңбегі 2009 жылы басылды. Бұл зерттеуде қазақтың өткен ғасырларда жасалған бай ауыз әдебиеті туындыларындағы көне сөздер мен ақындардың тіліндегі мағынасы белгісіз сөздер немесе қазіргі кезде басқаша қолданылып келе жатқан сөздер, жаңа құрылымдарда соңғы кезде пайда болған және шет тілдерінен енген сөздер, ғылыми-теориялық критерийлер негізінде қарастырылады.

2017 жылы «Ауызша дамыған қазақ әдеби тілі» атты еңбегі басылды. Бұл зерттеуде бес жүз жылдық тарихы бар, қазіргі қазақ әдеби тілінің негізін құрайтын ауызша әдеби тіл туралы сөз қозғалады. Зерттеу автордың 1968 жылдан бастап жоғары оқу орындарындағы «Қазақ әдеби тілінің тарихы» курстарында оқытылатын оқу құралының кеңейтілген нұсқасы болып табылады. Автор бұл зерттеуді оқулықтағы талдаулар мен түсіндірулерді кеңейтіп, мысалдар санын көбейту арқылы жасаған. Зерттеуге Абай энциклопедиясында жарияланған мақалалар да енген.

Қазақ тілі мен әдебиеті саласындағы осы және ұқсас жан-жақты ізденістерінің арқасында Сыздықова қазақ әйелдері арасында тіл білімі саласында жаңа белестерді бағындырып, 1979 жылы 6 сәуірде Қазақ КСР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланды. Рабиға Сыздықова, Алаш Орда үкіметінің есебінде тұрғаны үшін 1937 жылы «халық жауы» атанып, тұтқындалып, атылған әкенің баласы болудың қиындығын бастан кешірді. Алайда анасы Жеміс Калукызы мен үлкен ағасы Хамит Куткожиннің қолдауының, сондай-ақ өзінің табандылығы мен еңбекқорлығының арқасында ол жұмыстан ешқашан қол үзген емес. Әрине, оның табандылығымен, қажырлылығымен атқарған еңбегі бағаланған. Кеңестік кезеңде де, Тәуелсіздік тұсында да көптеген марапаттар мен медальдармен марапатталған.

1994 жылы зейнеткерлікке шықса да, ғылыми өмірін конференциялар, түрлі газет-журналдарда жарияланған мақалаларымен жалғастырған Проф. Др. Рабиға Сыздықова 2020 жылы 4 шілдеде өмірден өтті. Ол мынау дүниеден көшіп кетсе де, оның есімі ешқашан өлмейді, шығармаларының арқасында ұрпақтан ұрпаққа көшіп, жалғаса береді. Рабиға Сыздықова Кеңес Одағы кезінде де, Тәуелсіздік тұсында да қазақ тілі және түркология саласында үлкен қызметтер атқарды. 1950 жылдардан бері ол білім саласында да, оқуда да көп нәрсеге қол жеткізді. Бұл зерттеулердің көбін ол дәстүрі бар «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында» жұмыс істеген кезінде шығарды.

Оқу-ағарту саласында әліпби, емле мен жазу ережелері, әдеби тілдер тарихы сияқты пәндерден оқулықтар дайындады. Академиялық тұрғыда тіл тарихы, лексика, ауызекі сөйлеу тілі, сөздерді дұрыс қолдану, сондай-ақ қазақ әдебиеті тарихындағы маңызды атаулар шығармаларының тіліне қатысты морфология, сөйлем тану сияқты пәндермен жұмыс жасады. Осы

зерттеулердің ішіндегі ең маңыздысы – оның Абай шығармаларының тіліне қатысты зерттеулері. Әсіресе оның Абай туралы дайындаған бұл еңбектері Абайды, оның шығармаларын қазақ халқына таныту, түсіндіру жағынан өте құнды. Оның үстіне мұндай құнды ғалымды және оның еңбектерін түркі әлеміне танытудың маңызы зор. Бұл тұрғыда қазақ тілі мамандары мен қазақ халқына үлкен жауапкершілік жүктеледі.

RABIA SIZDIKOVA’NIN KAZAK EDEBÎ DILININ TARİHİ ADLI ESERİNİN TÜRK DİL TARİHÇİLİĞİ AÇISINDAN ÖNEMİ

Doç. Dr. Metin DEMIRCI,
Türk Dili ve Edebiyatı Öğretmeni Nazim Doğruer

Bilindiği üzere Türk dili tarihi, Osman Nedim Tuna’nın tespitine binaen çivi yazılı Sümerce tabletlerdeki alıntı kelimeler şeklinde bilinen ilk örneklerine rastlanan, coğrafya olarak Moğolistan ve Çin içlerinden Avrupa’nın ortalarına, Sibirya’dan Hindistan ve Kuzey Afrika sahasına kadar yayılmış olan Türk dilinin tarihidir. Türk dili tarihi günümüzde Asya ve Avrupa kıtalarında konuşulan ve yazılan Türk yazı dilleri ve bunların ağızlarının tarihî süreçlerini kapsar¹.

Türk dillerinin konuşulduğu coğrafya; Anadolu, Azerbaycan, Kafkasya, İran, Irak, Afganistan, Batı ve Doğu Türkistan’ın büyük bölümü, güney, kuzey ve batı Sibirya ile Volga bölgesini kapsar. Geçmişte, Türk dilli dünya Karadeniz ile Hazar Denizi arasındaki bozkırları, Kırım, Balkanlar gibi yoğun yerleşim alanlarını da içine alıyordu. Türk dünyasında aşağı yukarı 20 standart dil vardır.²

Buran ve Alkaya (2011) Türkçenin konuşulduğu coğrafyayla ilgili: «20-90 doğu boylamları ile 33-65 kuzey enlemleri arasındadır. Bu coğrafya kuş uçuşu doğudan batıya 6-7 bin, kuzeyden güneye 3 bin kilometredir. » şeklinde bilgi vermektedir.³

Çeşitli kaynaklarda dil, lehçe, şive ağız gibi farklı sınıflandırmaların⁴ yanında Türkiye Türkoloji’sinde artık uzak lehçe ve yakın lehçe grupları olarak tasnif edilen⁵ geniş bir coğrafyaya, çok eski tarihlere kadar giden Türk dilinin kökeni ile ilgili çalışmalar ve her bir lehçe grubunda yer alan Türk yazı dillerinin ayrıntılı bir şekilde ses bilgisi, biçim bilgisi, söz dizimi ve anlam bilgisi yönünden yapılan çalışmaların yanında Türk dilinin tarihiyle ilgili yapılan çalışmalar da gerek Türk Türkologlar gerekse yabancı Türkologlar tarafından titizlikle yapılmaya devam edilmektedir.

¹ Türk Dilleri Tarihi, Erişim Linki: https://tr.wikipedia.org/wiki/T%C3%BCrk_dilleri_tarihi, Erişim Tarihi: 25. 10. 2024.

² Türk Dilinin Bugünkü Coğrafyası ve Türk Dili Konuşan Halklar, Erişim Linki: https://cdn.istanbul.edu.tr/FileHandler2.ashx?f=10_636783927034211507.pdf, Erişim Tarihi: 25. 10. 2024.

³ Buran, A. ve Alkaya, E. (2011). Çağdaş Türk Yazı Dilleri I. Anadolu Üniversitesi Yayınları: Eskişehir. S. 14.

⁴ Arat, R. R. (1992). Türk Lehçe ve Şiveleri Türk Milletinin Dili. Türk Dünyası El Kitabı, Türk Kültürünü Araştırma Enstitüsü Yayınları: 121, C. II, Ankara. s. 59-68; Arat, R. R. (1953). Türk Şivelerinin Tasnifi. Türkiyat Mecmuası. Cilt: 10, 59 – 138.

⁵ Buran ve Alkaya a. g. e. s. 3.

Bu alışmalardan en nemlisi elde edilen mevcut bilgi, bulgu ve verilerden hareketle Trk dili tarihiyle ilgili alışmalara ve coğrafiyaya hâkim Trk dili tarihi yazarlarının bin bir emek ve zahmetle ortaya koyduğu Trk dili tarihi alışmalarıdır.

Trkiye’de de bu minval zere Caferoğlu’nun⁶, Ercilasun’un⁷, Akar’ın⁸ ve stner’in⁹ Trk dili tarihi eserleri nemli eserlerdir. Bunun dıřında Trk dilinin tarihi olarak dnemlendirilmesi ve isimlendirilmesiyle ilgili yntem, teknik, kullanılan terimlerle ilgili farklılık ve benzerlikleri ele alan Karademir’in¹⁰, Berbercan’ın¹¹, Heyet’in¹², Johanson’un¹³ ve lmez’in¹⁴ alışmaları da vardır.

Her bir lehe grubunda yer alan mstakil yazı dillerinin kendi dil tarihlerini ele alan alışmaların yanında genel anlamda Trk dilinin yaşı, tarihi, tarihi dnemlere ayrılması yani dnemlendirilmesi, bu dnemlerin isimlendirilmesi, bu dnemlerde eser veren yazar ve řairler ve de onların eserleri aynı zamanda gemiřten gnmze kadar gelen tarihi buluntular ve eserler, bunların yanında szl ve řifahi kltrle gnmze kadar ulařmayı bařaran anlatılar, sz varlıkları, bunların bilinmesi, bir araya getirilmesi, tasnif edilmesi, benzerlik ve farklılıkların tespiti buna dayalı olarak dilimizin tarihinin yazılması olduka meřakkatli bir iřtir. Bu meřakkatli iřin stesinden gelerek bir Trk Dili Tarihi yazın mstesna kiřilerden biri de Kazak Trkolog Rabia Sızdıkova’dır. Kazakistan Trkolojisinin en nemli isimlerinden ve «Kazak dilinin bilge anası» olarak kabul edilen Rabiğa Sızdıkova ve onun Kazak Edebî Dilinin Tarihi (15-19. Asırlar) adlı 15-19. Yzyıllar arasını kapsayan eser, zelde Kazak Trkesi ve Trkoloji’si genelde Trk dili ve Trkoloji iin nemli bir yere sahiptir. Eser, Trkiye’de yazılan Trk dili tarihi eserleriyle karřılařtırma aısından da nem arz etmektedir. Elimizde bulunan eser Almatı’da El-řecire yayınları arasında 2014 yılında yayımlanmıřtır. Eser 1993’te 320 sayfa olarak 204’te 348 sayfa olarak yayınlanmıřtır.

Her bir lehe grubunda yer alan Trk yazı dilleriyle ilgili yazılan dil tarihi kitapları genel Trk dili tarihini yazmak iin nemli kaynaklar olarak değerdendirilmelidir. Aynı zamanda Trk dnyası olarak, yazılan bu Trk Dili tarihi kitaplarını yazmak kadar bu kitapların diğerk Trk devletlerinde konuyla ilgilenen arařtırmacılar tarafından varlığından haberdar olma daha doğrusu varlığından haberdar etmek de nemli bir alışma olarak karřımıza ıkmaktadır. Bu aynı zamanda her bir Trkolog’un grev sorumluluğudur denilebilir. Bu grev sorumluluk bilinciyle bu tr kaynak kitapların alanında uzman kiřiler tarafından

⁶ Caferoğlu, A. (2001). Trk Dili Tarihi I-II. İstanbul: Alfa Yayınları.

⁷ Ercilasun, A. B. (2004). Bařlangıçtan Yirminci Yzyıla Trk Dili Tarihi. Ankara: Akağ Yayınları.

⁸ Akar, A. (2006). Trk Dili Tarihi. İstanbul: tken Neřriyat.

⁹ stner, A. (2015). Trkenin Tarihî Geliřmesi. İstanbul: Bilge Kltr Sanat Yayınları.

¹⁰ Karademir, F. (2016). Trk Dilinin Tarihî Dnemlerini Adlandırma Sorunu. Uluslararası Trk Edebiyat Kltr Eğitim Dergisi, 5(2), 545-564.

¹¹ Berbercan, M. T. (2014). Trk Yazı Dilinin Tarihî Dnemleri ve Orta Trkenin Yeri Meselesi. Tarih Okulu Dergisi, 17, 765-783.

¹² Heyet, C. (2008). Trk Dilinin ve Lehelerinin Tarihî Seyri (eviren: Mrsel ZTRK). Ankara: Trk Dil Kurumu Yayınları.

¹³ Johanson, L. (2001). Trk Dnyasının Sınırları: Trk Topluluklarının Geliřmesinde Bağlayıcı ve Ayırıcı Unsurlar (eviren: Nurettin DEMİR). Trkbilig, 2, 168-177.

¹⁴ lmez, M. (2003). Trkenin ve Trk Dillerinin Yaşı Konusu. Toplum ve Bilim, 96, 62-74.

diğer Türk lehçelerine aktarılması gerekiyorsa oralarda yayımlanması Türk dili için eşsiz bir hizmet olacaktır.

Bu vesileyle yüksek lisans öğrencim Nazım Doğruer'e Kazakistan'da okuyup oradan mezun olduğu için böyle bir duygu ve düşünceyle Kazak Türkçesiyle ilgili yazılmış ama Türkiye Türkçesine aktarılmamış bir dil bilgisi kitabı üzerine çalışmasını ve Türkiye Türkçesine aktarmasını söylemişim. Yaptığı çalışmalar neticesinde Rabia Hoca'mızın *Kazak Dilinin Edebî Tarihi* adlı eseri üzerine çalışmaya karar verdi, böylece «*Kazak Türkolog Rabiğa Sızdıkova Ve «Kazak Edebî Tiliniñ Tarihi (15-19. Ğasırlar)» Adlı Eseri Üzerine*» adlı yüksek lisans tezini¹⁵ yazdı ve mezun oldu. Bu vesileyle Rabia Hoca'mızın dil tarihi tezde Türkiye Türkçesine aktarılmış oldu. Tezin Giriş kısmında Türkoloji, Kazak-Sovyet Türkolojisi, Kazak Türkolog Rabiğa Sızdıkova, hayatı, Rabiğa Sızdıkova ve Türkoloji, Rabiğa Sızdıkova'nın eserlerinin kronolojik listesi, editörlüğünde çıkarılan eserler, danışmanlığında hazırlanan doktora tezleri, danışmanlığında hazırlanan yüksek lisans tezleri, hayatı ve çalışmaları hakkında yazılan bilimsel yazılar hakkında bilgilere yer verildi. Daha sonra ise Kazak Edebî dili ve tarihi hakkındaki diğer çalışmalara değinilmiş ve Sızdıkova'nın görüşleriyle diğer araştırmacıların görüşleri karşılaştırılmıştır. Tezde Kazak Edebî Tiliniñ Tarihi (15-19. Ğasırlar, 2014) adlı eserde Rabia Sızdıkova'nın Kazak edebî dili ile ilgili ölçütler ve kullandığı yöntemler değerlendirilmiştir. Yine tezde *Kazak Edebî Tiliniñ Tarihi (15-19. Ğasırlar, 2014)* adlı eserin aktarımı yer almıştır. Ekler bölümünde ise aktarımı yapılan kaynak eserin iç ve dış kapak görselleriyle Sızdıkova'ya ait fotoğraflar eklenmiştir.

Türklük bilimi alanında yapılan bu çalışmayla Kazak Türkoloji'si ve Türkiye Türkoloji'si arasındaki bağlara küçük de olsa bir katkı sağlamak, dilimizin araştırılmasına ömrünü adanmış, yüce Türk milletine millî bir hizmet sunan sayısız Türklük bilimi araştırmacılarından Kazak Türkolog Rabiğa Sızdıkova'yı ve Türkoloji çalışmalarını tanıtarak bundan sonraki araştırmalarda onun ilmî çalışmalarından faydalanabilmek amaçlanmıştır.

Daha fazla okur ve araştırmacıya ulaşabilmek amacıyla tezden hareketle uluslararası bir dergide «*Kazak Türkolog Rabiğa Sızdıkova ve Kazak Edebî Dilinin Tarihi Adlı Eseri*»¹⁶ adlı bir makale, ikimiz tarafından yayımlanmıştır. Hem tezde hem makalede detaylı bir şekilde konu, ele alındığı için burada uzun uzun anlatmaktan ziyade bazı önemli hususlar Doğruer'in yukarıda ismi zikredilen tezinden ve Doğruer ve Demirci'nin makalesinden hareketle *Kazak Edebî Dilinin Tarihi* adlı eserin önemi aşağıda verilmiştir:

1. Bilindiği üzere edebî dil veya yazın dili, sözcüklere farklı anlamlar yükleyip sözcüklerin imgesel gücünden yararlanarak estetik duygular oluşturmayı ve bir edebî tarzı yansıtmayı amaçlayan, yazınsal işlevi ağırlıklı olan dildir¹⁷.

¹⁵ Doğruer, n. (2019). Kazak Türkolog Rabiğa Sızdıkova ve “Kazak Edebî Tiliniñ Tarihi (15-19. Ğasırlar)” Adlı Eseri Üzerine. Kahramanmaraş Sütçü İmam Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü Türk Dili ve Edebiyatı Ana Bilim Dalı Basılmamış Yüksek Lisans Tezi.

¹⁶ Doğruer, N. & Demirci, M. (2023). Kazak Türkolog Rabiğa Sızdıkova ve Kazak Edebî Dilinin Tarihi Adlı Eseri. *Asya Studies-Academic Social Studies / Akademik Sosyal Araştırmalar*, 7(26), 125-140.

¹⁷ Edebî dil, Erişim Linki: https://tr.wikipedia.org/wiki/Edeb%C3%AE_dil, Erişim Tarihi: 25. 10. 2024.

Kazak Türkoloji'sinde, edebî dil kavramıyla ilgili Kazak Türkologların farklı görüşler ileri sürdükleri görülmektedir. Bu görüşler, edebî dilin en temel şartının yazılı dil olup olmaması konusu etrafında oluşturulmuştur. Aynı zamanda sözlü dilin de edebî dile temel teşkil edebileceğini savunan araştırmacılar da olmuştur. Kazak Türkoloji'sinde edebî dil kavramıyla ilgili görüş birliğinin olmadığı görülmektedir. Edebî dilin yazılı dil temelinde oluştuğuna dair görüşlerin ağırlıklı olduğunun görülmesine rağmen Sızdıkova'nın çalışmasında doyurucu kanıtlarla ortaya koyduğu düşünceleri, son zamanlarda Kazak Türkoloji'sinde en çok benimsenen görüşler olmuştur. Böylece Rabia Sızdıkova'nın yazdığı dil tarihinde aslında ne kadar bilimsel bir yöntem kullandığı ve Kazak Türkoloji'sine katkı sağladığı görülmektedir.

2. Malum olduğu üzere bütün dünya dillerinin sözlü bir dönem geçirdiği sonradan yazı dili olarak ortaya çıktığı görülmektedir ancak bir dilin edebi dil olarak doğuşu bu sözlü dönemle mi olmuştur ya da yazı dili olması sonrasında mı edebi dil olma özelliğini kazanır düşüncesi irdelenen düşüncelerdendir. Kazak Türkoloji'sinde edebî dil kavramı dışında, farklı görüşlerin ileri sürüldüğü bir başka konu da Kazak edebî dilinin başlangıç noktasıdır. Türkolog, *Kazak Edebî Tiliniñ Tarihi- 15- 19. Ğasırlar* adlı çalışmasının ilk basımını 1993'te (2. basımı 2004) yapmış ve kendi dönemlendirmesini sunmuştur. Bu çalışmasında, Kazak edebî dilinin gelişim tarihini önce iki ana döneme ayırmış ve birinci dönemi kendi içinde iki aşama olarak göstermiştir. Aynı şekilde, ikinci dönemi de kendi içinde iki aşamaya ayırmıştır. Rabia Sızdıkova'nın dil tarihinde öncelikle sözlü dilin edebî dile kaynaklık edeceği belirtilmiş ve Orhun ve Yenisey yazıtları gibi eski Türkçe, *Kodeks Kumanikus, Kitabü'l İdrak li- Lisani'l Etrak, Et- Tuhfetü'z Zekiyye fi'l- Lügati't Türkiyye, Kutadgu Bilig, Dîvânu Lügâti't –Türk, Atabetü'l Hakayık, Kısasü'l Enbiya, Gülistan, Hüsrev vü Şirin ve Muhabbetnâme* gibi orta Türkçe yadigârları söz varlığı, dil ve üslup açısından incelenmiş ve bu eserlerin Kazak edebî dilinin ana kaynakları olduğu belirtilmiştir.

3. Kitapta 15 ve 17. yy. da Kazak halkına hizmet eden dilin özellikleri ortaya konmuş ve Kazak edebî dilinin temelini oluşturan sözlü ürünlerin dilini incelemedeki güçlüklerle değinilmiştir. Asankayğı ve Kaztuğan (15. yy.), Şalkıyız ve Dospambet (16. yy.), Şoban, Jiyembet ve Marğaska (17. yy.) gibi şairlerin sözlü geleneğe dayanan şiirleri dil özellikleri ve edebî açıdan incelenerek bu sanatçılar, özgün Kazak edebî dilinin ilk temsilcileri olarak gösterilmiştir.

4. Kitapta eserlerin söz varlığı art zamanlı ve eş zamanlı incelenmiş, dil özellikleri ve sanatsal yönleri ortaya konmuştur.

5. Ebulgazi Bahadır Han'ın *Şecere-i Türkî* ve Jalayır Kadirğali Bey'in *Jami'at- Tavarih / Cami'üt Tevarih* adlı şeceresini örnek göstererek Kadirğali Bey'in *Jami'at- Tavarih*'ini söz varlığı ve dil özellikleri açısından incelemiştir. Yazar, yazılış yılının 1600-1602 yılları arası olduğunu belirttiği bu eserin eski Kazak yazı dilinde günümüze ulaşan ilk nesir örneği olduğunu belirtmektedir.

6. Söz varlığı ve bu alandaki değişimlere değinildikten sonra Arapça, Farsça ve Rusça kelimelerin Kazak Türkçesindeki durumu tartışılmıştır. Daha sonra kelime türetme yöntem ve şekilleri incelenmiştir.

7. Kazak millî edebî dilinin temellerinin atılmasında Altınsarin ve Abay'ın önemine değinilmiştir. Altınsarin'in Kazak millî yazılı dilinin gelişmesindeki rolü irdelendikten sonra Abay'ın şiir dili, üslubu, sanatsal gücü örnek parçalar üzerinden incelenmiş ve Abay'ın bu yeni edebî dilin kurucusu olduğu vurgulanmıştır.

8. Kitabın son bölümü üç alt başlığa ayrılmış ve Kazak dilinin araştırılması meselesiyle yazım ve imla konusu ele alınmıştır.

9. Sızdıkova'nın çalışmasında üzerinde durduğu diğer bir konu ise Kazak dilbilimindeki terim konusudur. Türkçe olmayan terimler için teklif etmiş olduğu terimleri bilimsel boyutlarıyla açıklamış ve kendi çalışmalarında bunları kullanmıştır.

10. Kazak Türkolog bu çalışmasıyla Kazak Türkolojisinde, kendi zamanına kadarki bazı bilimsel görüşlerin değişmesini sağlamıştır.

11. Sızdıkova, Kazak edebî dilinin başlangıcı ve dönemledirmesi konusunda yeni bir bakış açısı getirmiştir.

12. Sızdıkova, incelemesinde daha önceki bazı tasnifleri vermiş, bu tasniflerin eksik yönlerini dile getirerek kendi tasnifini sunmuştur.

13. Sızdıkova'nın halkın konuşma dilini sözlüklerin temeli olarak görmesi yine farklı bir bakış açısı olarak düşünülebilir. Türkolog, *Kodeks Kumanikus*, *Tercüman-ı Türkî ve Arabî*, *Kitab'ül İdrak Li-Lisani'l Etrâk*, *Et- Tuhfetü'z Zekiyye fi'il- Lügati't Türkiyye* gibi sözlüklerin konuşma dilini yansıtan eserler olarak kabul edildiği gerçeğinden hareketle bu eserlerdeki Türkçe kelimelere ve muhtevaya dikkat çekmiştir.

ТӘУЕЛСІЗ КЕЗДЕГІ АХМЕТТАНУДЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛЫПТАСТЫРҒАН – АКАДЕМИК РАБИҒА СЫЗДЫҚ

ІСІМАҚОВА А.,

Назарбаев университетінің профессоры,

филология ғылымдарының докторы,

Астана қ., Қазақстан

1988 жылдың қарашасында Ахмет Байтұрсынұлы бастаған алаш саяси элитасы ақталды. Ел жаппай қуанғанымен, қолымызда алаш арыстарының шығармашылық мұрасы жоқ еді. Көп ұзамай 1989 қаңтарында Рабиға Сыздықтың «Ахмет Байтұрсынов» атты кітабы жарыққа шықты. Бұл кезде доктор Сәрсенбі Дәуіт бастаған жас ғалымдарды Әдебиет және өнер институты Мәскеуге жіберген еді. Ш. Сәтбаева бастаған бөлім Ахмет Байтұрсынұлының бір томдық еңбегін төте жазудан қазіргі емлеге енді ғана түсіріп жатқан еді. Қолымызға тиген Р. Сыздықтың кітапшасынан А. Байтұрсынұлы туралы тұңғыш рет мағлұмат алған едік. 1989 жылдың күзінде шыққан А. Байтұрсынұлының тұңғыш бір томдық шығармалар жинағын қолға алғанда қуанышымыз шексіз еді. Академик Р. Сыздықтың

кітапшасында қазіргі ахметтанушылар ұстанатын басты қағидалар бар еді. Әдебиеттанушылар ақырын, шетін ғана көрсетіп қойған ахметтанудың негізгі ұстанымдары Р. Сыздықтың кітабында соқырға таяқ ұстатқандай анықталған болатын.

Кейін естегіміздей, Р.Сыздық совет кезінде ҚазССР ҒА жалпы жиналысында сонау 1977 жылы: «А. Байтұрсынұлы қазақ тіл білімінің негізін қалаған бірегей ғалым», – деген екен. Сондықтан ғылыми орта А. Байтұрсынұлы туралы ақталған кездегі тұңғыш кітапты жазуды Р. Сыздыққа тапсырған. Дегенмен сол кезде Р. Сыздық пен Ш. Сәтбаевадан басқалар Ахаң туралы жазуға асықпады: совет заманының үрейі әлі кетпеген кез.

Р.Сыздықтың сол кітабында ұлт ұстазының өмірбаянынан бастап, алғашқы мақалалары мен баяндамаларынан бастап, бүкіл ғылыми еңбектері тұңғыш рет жүйеленіп сипатталған еді. Әліпбиден басталған ғалымның көзі тірісінде шыққан «Тіл – құралдары», «Оқу құралы» бастаған 14 тілтанулық, әдебиеттанулық еңбектері туралы тұңғыш ғылыми анықтама берілген болатын. Содан бері 35 жыл өтсе де, бұл кітапша күні бүгін қазіргі ахметтанудың негізгі тұғыры болып келеді.

Р.Сыздықтың «А. Байтұрсынұлының әр ғылыми еңбегіне берген талдауы академиялық деңгейдегі таныту» дер едім. Р. Сыздық екі айға жетер-жетпес уақытта соншама аналитика жасауға дайын болғаны күні бүгінге дейін таңғалдырады. Бұл монографияды Р. Сыздық ахметтанудың негізгі ұстанымдарын да айқындап берген. Ұлт ұстазының тілтанулық зерттеулерінің негізі, күні бүгін қандастар қолданып келе жатқан төте жазумен жасаған реформасы; түркі тілдеріне ортақ негізгі тілтанулық теория; «Ана тілі» деген пән сөзімен басталған дискурс: қазақ тіліне үйрету: әуелі тыңдалу, оқыту, жазылу: сатылы жүйені де реттеп бергені осы ретте нақтыланған. Сөз жүйесі, сөйлем жүйесі деп пән сөздерді қазақша қалыптастырып бергенін де тұңғыш рет айтқан Р. Сыздық болды. Зат есім, сын есім, етістік т. б. пән сөздерінің авторы ұлт ұстазы бір өзі екенін де осы ретте анықталған. Төте жазу қашаннан ресми орныққаны, қандастарың бұл жазумен күні бүгін қолдануы да заманаулыған деп айқындап берген академик Р.Сыздық еді. Төте жазу негізінде ұлт ұстазы қазақ тіліндегі дауысты, дауыссыз дыбыстардың санына дейін анықтағаны да осы ретте айғақталған.

Біз күні бүгін «термин» деп келе жатқан түсінікті А. Байтұрсынұлы «Пән сөзі» дегені де орынды ұтымды екенін де тұңғыш рет айтқан Р.Сыздық болды. Мәскеуден орысша оқып, еуропалық теориямен қаруланған маған бұл кітап басқаша әсер етті. Қалай осыншама тілтанулық, әдебиеттанулық теорияның, шексіз пән сөздерінің бір өзі авторы болған А.Байтұрсынұлының пән сөздерін, оның есімін айтпай пайдаланып келе жатқанымызға қайран қалдым. Р.Сыздықтың бұл кітаптағы А. Байтұрсынұлына деген ерекше ықыласы мен ғалымның совет кезі тыйым салған ғылыми дискурсын танытуға арналған құрметі ерекше еді. Мен үшін Р. Сыздықтың осы кітабы мен Ш.Сәтбаеваның бір томдыққа жазған алғы сөзі ахметтануға жол ашты.

Екі ғалым да тілтану мен әдебиеттануда бұрын-соңды айтылмаған жаңалық ашты. Р.Сыздықтың Ахаң ақталған кездегі шыққан бұл кітабында қазақ тілін «ана тілі» деген ұлт ұстазының тілтанулық негізгі ұстанымдары айқындалғанымен аса құнды. Бұл кітап бізге қазіргі ахметтануға жол ашты. Байқағанымдай, Р. Сыздық Ахаңның ғылыми еңбектерімен баяғыдан таныс болғандай. Сондықтан Ахаңның тілтанулық пән сөздерін совет кезінде өзі зерттеулерінде о баста пайдаланған екен.

Абайтанушы Академик Рабиға Сыздықтың «Абайдың сөз өрнегі» атты зерттеуінде классикалық көркем сөздің табиғаты заманауи аналитикалық деңгейде қамтылған. Зерттеуші келесі теориялық дискурста: «Абай тілін танудың қырлары, сөз – өлеңнің арқауы (образдың эстетикалық өрісі (зонасы); Етістік – көріктеу құралы), Сөз таңдау (Өлең жәнне сөз; Текст түзу; Синонимдерді таңдау; Сөз – символ); Сөз құбылту (Абай фразеологиясы. Перифраздар. Фразеологизмдерді өзгертіп қолдану); Сөз үндестіру (Дыбыстар гармониясы; Алитерация мен ассонанс; Анафора мен эпифора; Түбірлес сөздер; ішкі ұйқастар); «Қара сөздердің» тілі қалай өрілген? Абай тілінің тағылымы» атты тарауларда әдеби теориялық аналитика Ахаңша айқындаған.

Ә. өкейхан, А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, З.Ахметов, З.Қабдоловтардың абайтанулық зерттеулерін негізге алған Р.Сыздық батырлар жырларынан бастау алатын Абайға дейінгі асыл сөз табиғатын салыстыру үшін пайдаланған. Р. Сыздық Ахаңша Абай өлеңдері мен қара сөзіндегі сөздерді тұңғыш рет әдеби-тілтанулық теориялық талдауға алған. Зерттеушінің келесі тұжырымдарының теориялық мәні ерекше болып табылады. Осы ретте де Р.Сыздықтың Ахаңның «Діндер дәуірі» қағидасымен таныс болғаны аңғарылады. «Абай мұрасы қолжазба түрінде таралып, сақталған кезде 38-сөз «Ғақлийат тасдиқат» деген атпен өзге «Сөздерден» бөлек көшіріліп келген. Мұның бір сыры болу керек. Бұл – Абай «Қара сөздерінің» ішіндегі көлемі жағынан ең үлкені, тақырыбы мен адресаттары (оқушылары) жағынан да өзге туындыларынан бөлектеу тұрғаны. Сірә, бұл шығармасын Абай қазақ балаларының мұсылманша сауатын ашатын орындарда (молдаларда, мектеп, медреселерде) ислам діні негіздерін дұрыс түсініп, білулеріне көмектесетін құрал ретінде ұсынғысы келген болар. Уәсила Абайқызының естелігі де, осы шығарманың мазмұны мен стилі де, бөлек көшірілуі де бізді осындай болжамға итермелейді. Мұнда автор дін тақырыптарына қатысты өзінің, түсінік-танымдары және жалпы мораль жайындағы ой-толғамдарын сөз етеді, иманды уағыздайтын, бірақ оны теріс түсіндіретін дін адамдарын сынай отырып, хукім шариғатын түсіндіреді. Демек, Абайдың бұл шығармасын теологиялық әдебиеттің қазақ тіліндегі алғашқы үлгілерінің бірі деуге болады. Теология Құдай туралы ілім болса, бұл ілімді сөз ететін әдебиет түрлерін белгілі бір дінді ұстаған халықтардың өз ана тілдерінде жасап алу қажеттігі әрдайым сезіліп отырған, өйткені ұстанып отырған діннің канондарын (заң ретінде ұсынылған ереже-

қағидаларын) жақсы білген күнде ғана рухани өмірінің қажеттігін өтейтін құрал етіп пайдалануға болатыны белгілі.

Ал Абайдың 38-сөзін жазудағы мақсаты мұндай нақты практикалық, болу-болмауы жөнінде өз пікірімізді жоғарыда айттық. Дегенмен қайткен күнде де «жүрегінің қуаты – перзенттеріне адам ұғлының, мінездері туралы» ойларын жазуды көздеп, ол әңгіменің негізіне «Алла тағаланы танымақты» алады, өйткені «Алланы танымақтық – дүниені тану, адам өзін тану, адамшылықты жетілдіру, Алланың бір сипаты – ғылым-білімді тану» деп бастаған автор әрі қарай «иманның хақиқатын» сөз етеді, Алла тағаланың сегіз сипатын атайды, ол сипаттарды айырып білу керек екенін айтады, сол сегіз сипаттың екеуі – ғылым мен құдіретті түсіндіреді, кеңінен сөз етеді. Одан әрі қарай ислам дінінің дұрыс түсіндірілуге тиіс канондарын «бұл заманның молдалары мен ишандары өздері дұрыс түсінбейтінін, өзгелерге дұрыс түсіндірмейтінін айтып, сондықтан олар «Хаким атына дұшпан» дей келіп, «Құдай тағаланың ниһаятсыз (шексіз, өлшеусіз) жолында жүруді өзіне шарт қылған адамның қандай қылғанда «таза мұсылман, толық адам» болатынын айтады» [1, 179-180]. Бұл талдау «Әдебиет танытқыштағы» «Діндер дәуірі» мен «Мінәжат» тараушасымен таныс болған автордың ұстанымы» дер едім.

Ең алдымен, Ыбырай мен Абай қазақ тілінде теологиялық әдебиетті дүниеге келтірудің бастамасын көрсетті, ислам діні негіздерін, мазмұнын, қағидаларын қазақша айтуға, түсіндіруге әбден болатынын танытты. Міне, 38-сөз деп аталған орны ерекше шығарманың стильдік, тілдік сыр-сипаты осындай...

«Шеберлік – көркемдік сияқты, Абайдың тіліндегі кестенің бізі, өткірдің жүзімен салынған сөз өрнектерінің бір нақышы. Міне, поэзиясы мен прозасында осындай шеберлік пен көркемдік көрсеткен ұлы Абайдың поэтикалық сөз кестесі, толғауы тоқсан қызыл тілінің өрнегі осындай» [2, 183-184]. Қазіргі Абайтануға осындай аналитикалық талдауды еңгізген академик Р. Сыздықтың бұл зерттеуі нақтылықтың үлгісі болып қала бермек.

Р. Сыздық Абайға еріксіз еліктеу туралы: «Бұл үлгі-өнегені тек Шәкәрім емес, Абайдан кейінгі қазақ поэзиясы жақсы қабылдағанын және құр еліктеу түрінде емес, Абайша мазмұн мен түрді, яғни поэтикалық идея мен оның тілдік көрінісін сәйкес келтіру мақсатында қолданғанын байқаймыз. Мысалы, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Ахмет Байтұрсынов, Ілияс Жансүгіров сияқты ақындар жан толғанысын поэзия тілімен айтуға келгенде «Сегізаяққа» жүгінеді. Абай «Сегізаяғында» өзінің философиялық, азаматтық, суреткерлік ой-толғамдарын білдірсе, Ахмет Байтұрсынов та үстіміздегі ғасырдың басында елдік, ұлттық тәуелсіздігінен айырылып, отар жұрттық күн кешіп отырған, ғылым-білімнен де құр қалған халқына

*Қазағым, елім,
Қайқайып белің
Сынуға тұр таянып.
Талауда малың,*

*Қамауда жаның
Аш көзіңді оянып.
Қанған жоқ па әлі ұйқың,
Ұйықтайтын бар не сиқың?! –*

деп, қазақ қоғамының ұлттық намысын оятпақ болады. Бұл идея Ахмет Байтұрсыновтың бүкіл ақындық, ағартушылық қызметінің лейтмотиві болса, оны білдірудегі ең бір ұтымды деп тапқаны – осы ойын айтатын өлеңін «Сегізаяқтың» үлгісімен жазу. Мұнда ақын ұстаз тұтқан Абайдың үлгісімен алғашқы екі жұпты алты тармақта айтылмақ идеяның тезисін (баяндауды) береді де соңғы екі тармақта сол тезистен шығатын түйінді, яғни антитезисті ұсынады» [2, 197-198]. Ұлт ұстазының ақындығын түсініп, жаңаша танытудың да ретін Р. Сыздықтың осылай айқындап бергенін біле жүрейік!

Қайым Мұхаммедхан бастап берген Абайдың ақындық мектебіне қатысты концепт осылай нақты аналитика арқылы дамытылған. А. Байтұрсынұлының асыл сөзін Абай дискурсына қатысты тура осылай салыстырып талдау үлгісін де тұңғыш рет іске асырған – ахметтанушы академик Рабиға Сыздық. Ахметтанудың осындай аналитикалық жолын көрсеткен академик Р. Сыздықтың бұл теориялық зерттеуі қазіргі әдебиет теориясындағы жанр, нарратология мен асыл сөздің ішкі имманенттік табиғатын нақтылап берген аналитикалық дискурстың үлгісі болып қала бермек! Асыл сөздің дыбыстан тұратын ырғағын, әуені мен оның ішкі табиғатын тура осылай Ахаңша көріп, оны түсіндіріп талдай білу тек әдеби тілтанулық теорияның еншісінде екенін академик Р. Сыздық бізге аманат етіп кетті. Қазіргі ахметтанудың негізін анықтап берген академиктің бұл зерттеулері Ахмет Байтұрсынұлы бастап берген «асыл сөз» теориясының замануи жаңашылдығы болып қала бермек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абай (Ибраһим Құнанбаев) Өлең – сөздің патшасы. – Алматы, 2008. - 568 б.
2. Рәбиға Сыздық *Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі.* – Алматы: Арыс, 2004. - 616 б.

«ҒАЛЫМНЫҢ ХАТЫ» НЕМЕСЕ УАҚЫТПЕН ҮНДЕСТІК

МҰРАТОВА Г.,

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры, ф.ғ.д.,
Астана қ., Қазақстан

Рәбиға Сәтіғалиқызы Сыздық – түркітанушы ғалым, тіл маманы, ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымының докторы, профессор, Түрік Тіл қоғамының корреспондент мүшесі, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік

сыйлығының, Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері. Ғылымның төрінде өзінің меншікті орны бар, сүбелі де салмақты еңбектері бар. Сол еңбектерді мазмұнына қарай сараласақ, әрқайсысы бір-бір ғылыми бағыттың арнасына айналып жүре берер және де бір-бір азаматқа ғылыми атақ-дәреже алып берер сүйекті дүниелер: Тіл нормасы мен тіл мәдениеті; (сөз сазы; сөздер сыры мен тіл тынысы;) қазақ әдеби тілінің тарихы мен дамуы; стиль мәселесі; «сары алтынның буынан жыры бар» Дулат ақын тілі; Ұлы Абайдың «Көңілге сәуле қондырар» сөз өрнегі; ортаазиялық әдеби тілдегі Қадырғали Жалайри орны, «Ұлттың рухани көсемі» Ахмет Байтұрсынов пен ұлағатты тұлға Құдайберген Жұбанов еңбегі, әдеби тілдің сан ғасырлық тарихы тұнған Қожа Ахмет Иассауи руханияты ... болып, сала-салаға тарқатыла береді. «Атақты академиктің қазақ тілінің мұңын мұндап, жоғын жоқтауға, көкейлі замандастарына ой салып, жүректеріне от тастау үшін жазылған әрбір мақаласы, әр зерттеу еңбегі тұрғыластарының жүректері дауалап, бара бермейтін тың тұжырымдарға толы», – деп бағаланып келеді.

Сөз басын ғалымның ең қомақты, кейінгі зерттеулерінің бірімен сабақтастырғанды жөн көрдік. «Қазақ хандығын құрудағы тілдің мәні мен қызметі қандай рөл атқарды дегенді арнайы талдап-танудың мәні зор», – деп атап өткен болатын көрнекті ғалым Р. Сыздық. «Хандықты құрайтын тайпаларды топтастырып, біріктіріп, ұстап тұрушы фактор – тіл. Тіл – халықтың ең басты, ең қажет, ең оңтайлы, ең күшті қорғаны», – деген ғалым пайымы ұлттық тіліміздің мәртебе-мерейімен үндесіп жатқаны сөзсіз.

Әдеби тілдің қалыптасу, өркендеу жолын академик Р. Сыздық былайша сабақтайды: «Қазақ хандығын құруда одақтасқан ірі-ірі рулардың тілі – түркі тілі, оның ішінде солтүстік-батыс тобын құрайтын қыпшақ тілі тобы болды. Сол қоғамның рухани-мәдени сұраныстарын да өтеп келе жатқан тіл әрі қарай да іргесін сөкпей, өз табиғатымен, тіл заңдылығымен дами береді. Атап айтқанда, сөз байлығы дами түсті, көркемдік, стильдік түрлері түрлене түсті, жыраулық мектеп күшейеді. Дидактикалық мақсат көздеген үгіт-насихат сөздері мен билік үкім айтқан билер сөздері де проза жанрының дами түсуіне мүмкіндік берді»...

Қазақ хандығы жасап тұрған кезеңдерде, бүгінде қазақ әдебиетінің үлгілері ретінде танылып жүрген өлең-жырлардың авторлары ретінде Доспамбет жырау, Шалкиіз жырау, Жиёмбет жырау, Марғасқа жырау, Ақтамберді жырау, Үмбетей жырау, Бұқар жырау, Тәтіқара ақын, Көтеш ақын, шал ақындар аталады. Олардың шығармаларында хандық дәуірдегі қазақ әдеби тілінің сөз байлығы, ХҮ-ХҮІІІ ғасырдағы қазақ әдебиеті, оны танытатын нұсқалар туралы деректер мол екендігі ғылыми ортаға кеңінен таныс.

Тіл білімі ғылымының көрнекті өкілі Р. Сыздық сонымен қатар, қазақ тілінің хандық құрылғанынан көп бұрын әдеби тіл ретінде қалыптасқаны туралы тұжырымды ойлар айтып, ғылыми мақалалар ұсынды. Жоғары оқу орындарына арналған «Қазақ әдеби тілінің тарихы» атты оқулықтарда кеңінен талқыланып келеді. «Ауызша дамыған қазақ әдеби тілі сөздік

казынасы бай, фонетикалық жүйесі өзге түркі тілдерінен бөлініп, сараланған грамматикалық тұлға тәсілдері ерекшеленіп, орныққан өте көркем, әсерлі тіл болып осы заманға жетті». Ғалымның қазақ әдеби тілінің тарихын, ХҮ ғасырдағы қазақ хандығының құрылуымен сабақтастыра отырып, нақты фактілермен рет-ретімен баяндаған «Ауызша дамыған қазақ әдеби тілі» атты қомақты еңбегі 2014 жылы жарық көргені белгілі.

Ғалымның тілдік нормаға арналған «Тілдік норма және оның қалыптануы» (2001) атты монографиясы қазақ тіл білімінде норма мәселесін теориялық тұрғыдан арнайы сөз еткен тұңғыш ізденіс болып табылады. Сонымен қатар, бүгінгі әдеби тіліміздің қолданысында қалыптанған лексика-грамматикалық, орфографиялық, орфоэпиялық, көркемдік заңдылықтарын жүйелі көрсеткен, қазақ тілі нормаларын кодификациялауда өзіндік орны ерекше өзге де еңбектері бар екені белгілі. Ал енді осы ғылыми нысандар, ғалымның өмірдегі өз ұстанымы, өз болмыс-бітімімен үйлесе үндестік тапқанына таңырқайсың. (Диалектикалық бір шарттастық бар болады да тұрады, әйтеуір). Ғылыми лабораториясы мен қарапайым тірлігіндегі сабақтастықты, ғылымға көзқарасы мен өмір құбылысына көзқарасындағы ортақ оралымды байқағандай боласың. Өзіне де, шәкірттеріне де талап қойғыш, өмірде әр нәрсенің дұрыстығына жете мән беретін ғалым, бір қарағанда уақ-түйек болып көрінетіндей жағдайды – маңызды мәселе дәрежесінде қарастырып келеді. Сөзді дұрыс айту нормалары, сөз сазы, емле және тыныс белгілері, тіл тазалығы, сөйлеу мәдениеті мәселелеріне үнемі көңіл бөлуде яғни сауатты жазатын, *сауатты* сөйлейтін *қазақтың тілін қалыптастыру* немесе *тіліміздің сұлулығы мен сымбатын сақтап қалу* – ғалымның бір мақсаты. Жалпы, қай мағынасындағы тазалық, сауаттылық, әсемдік, мағыналы сәндік Рәбиға Сәтіғалиқызының ішкі болмысымен үндес, өмірдегі ұстанымымен (кредо) қатарласа жүретінін байқайсыз...

Ғалым ізденістері өмірдегі өз мінезімен сабақтас дедік қой. Ғылыми ізденісінің өрісті бір бағыты – Абайдың «қуаты күшті нұрлы сөздерін саралау» болып келеді. Әрине, оның бір себебі: ұлы ойшылдың рухани-мәдени әлеміне тағзым етуі, жас ұрпаққа сол биікті нұсқауы болса, екінші бір себебі – ұлы ақынның ұлттық психологиямыздағы кейбір тоғышар қылықтарға күйінгеннен туып, «қуатты ойдан бас құраған» сөздерінің әсер-күші. «Пейілі шикі, ақылы күйкі» пенделердің қылығы түңілтеді. Пенделікті кісілікке жеңдіруді – қатаң заң, қалыпты норма деп есептейтін қазақ қызының ішкі жан дүниесі Абайдың сөз өрнегімен бірге өріліп кеткендей...

Академик Р. Сыздықтың Ұлы Абайдың қазақтың әдеби тілінің дамуы барысындағы еңбегін, рөлін, өлеңдерінің көркемдік поэтикасын қарастырған «Абай шығармаларының тілі», «Абайдың сөз өрнегі» атты монографиялық зерттеулері ұлы тұлғаның қазақ руханиятындағы, қазақ сөз өнеріндегі орнын айқындап берудегі үлкен бір жетістігі болып табылады, сондай-ақ, Абай энциклопедиясындағы мақалалары үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағын алады (1996).

«Сөзді құлақпен қармай, жүрекпен тыңдай білу» (Абай) керектігін лингвостилистикалық талдау барысында да көрсетіп отырады. Кешегі Дулат Бабатайұлынан бастап Ә. Кекілбаев, А. Сүлейменов, Ф. Оңғарсынова, Д. Исабековтердің шығармашылығына үніле отырып, қазақ сөзінің нәрлілігіне тамсантады, сұлулығына сүйсіндіреді. «Жазушы және сөз мәдениеті» (1983), «Сөз құдіреті» (1994) еңбектерінде бүгінгі қаламгерлеріміздің сөз сырына бойлаған тереңдігі кеңінен талданады.

Тумысынан туралыққа тартып, әр нәрсенің әділетіне жығылатын қазақ зиялысы Р. Сыздықова өз отбасы мен Отанының басынан өткенді бөле-жарып қармайды. Заманындағы зиялы азаматтардың бірі – әкесі Сәтіғали Құтқожин – құзғын-заман құрбаны болса, өмірдегі серігі, Қазақстанның халық әртісі Шахан Мусин де «тағдырдың тоңазытқышына мұздаған еді». Қазақ зиялысының бұл зұлматтан аман қалғаны – некен-саяқ қой.

А. Байтұрсынов, Қ. Жұбановтарды жабылған жаладан ақтап алуға тәуекелге баруы – үлкен *азаматтығы* ғана емес, ардақтыларымыздың халқы үшін сіңірген еңбегін ұлықтау екені күмәнсіз. Кеш келсе де, шындық – бәрібір салтанатты. Кімге, қашан келгеніне қарамастан солай ғой! Ендеше, шындыққа шырай беру керек болса, Рәбиға Сыздық қай кезде де оны мойындатуға шамасы жеткенше әзір. Репрессияға ұшыраған аса көрнекті ғылым мен қоғам қайраткерлері, қазақ тіл білімінің негізін қалаушы ғалымдардың өмірі мен ғылыми еңбектері туралы Р. Сыздық алғашқы болып ғылыми зерттеулер жасағаны да белгілі. Мысалы, «Қ. Жұбанов – ғалым-азамат» (2004), «Ахмет Байтұрсынов» (1990), «Х. Досмұхамедов. Таңдамалы» (1998) сияқты еңбектерді атауға болады және де осындай игі істермен қатар олардың ғылыми мұраларын жинастырып баспаға әзірлеу жұмыстарын да қолға алған болатын.

Қожа Ахмет Иассауи хикметтері тіліне арналған монографиясы (2004), «Язык Жами ат-тауарих Жалаири» (1989), М. Қойгелдиевпен бірге жазған «Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы» (1991) тағы басқа зерттеулерін атауға болады. Қожа Ахмет Иассауи хикметтерінің тілі арқылы ұрпағын әдеби тілдің сан ғасырлық тарихына бойлату бір мақсаты болса, енді бірі – рухани биікті Иассауи даналығының межесімен өлшету болар, өйткені өткеннің бәрі өткінші емес, ертеңімізге ала жүрер еншіміз де болатынын тарихи пайымы мол ғалым жадынан шығармайды. Бір кезде (70-жылдары) бастаған ісін қайта қолға алғаны – Абай айтқандай – *ақылды қайраттан асыра, үстірттемей, тереңге баруы* деп ұғамыз. Ғалымның ғалымдығы істі қалай бастағанынан да, қалай аяқтағанын да көрінетінін, өз үлгісі арқылы біздер танып та жатамыз. «Қабілет-қарымың бар ма, ойыңның *шау тартып, күңгірт қалуына* әсте, жол берме!» – деген «бұйрықты» біз, шәкірттері, орындай бермейміз-ау, ал, өзі үшін ол – заң! Өмірде сергек адам, өнерде де (ғылым да өнер ғой) бойкүйездікке жаны қас. Ол қасиетіне шәкірттері мен әріптестері тағы куә.

Тақырып ұсына ма, жазғаныңды қарай ма, бәрібір, үнемі тілге (зерттеу нысанына) жаңа қырынан келуге бағыттайды. «Қашанғы бұрыннан

айтылғанды шиырлай беруге болады» - деп, ғылымдағы тоқырау мен консерваторлыққа қарсы шығып, қасандық емес, жаңашыл динамизмге бағыттап отыратынына ол кісінің жетекшілігімен қорғалған тақырыптар арқылы көз жеткізесіз. Жаңалыққа сергек қарауы да – ғылымға деген *жанашиырлығы* деп ұғамыз. Тілші-ғалым ретіндегі абырой-атаққа тек қана тынымсыз еңбекпен емес, терең пайыммен де жеткенін Рәбиға Сәтіғалиқызының әлемін таныған әрқайсымыз айта аламыз. Кей-кейде сападан гөрі санға басымдық берген қазіргі уақытта Сыздықова сияқты ғалымдардың, ғылымға қалай қызмет ету керектігін көрсетуі де – біз үшін өнеге өрісі.

Рәбиға апай өзімен өрелес интеллект иесімен де, жаңа бастаған жас талаппен де – кім-кіммен де пікірлес, мәжілістес бола алады. Қазақтың маңдай алды ғалымы, ұлтымыздың элитасы кәдімгі қарапайым қалпында ортамызды олқысынбай әрдайым қасымыздан табылатын. Біз болсақ, оның кім екенін «ұмытып», біресе еркелеп, біресе «тыңдамай» еркін кетіп, «қорықпай-ақ» қасында отырамыз... *Таудың жақындаған сайын аласарып, алыстаған сайын биіктейтіні* адам табиғатына тән құбылыс екен ғой. Көпшіл, ақжарқын апамыз кіммен достасса да, *пейілі кедей баймен, көңілі тар жомартпен*, түсінігі төмен төре мен қоңсы қона алмайтын еді... Ол кісі біреудің көңілінен шығуды мақсат та етпейді, ұнамаса орып тастайды, кесімін бір-ақ айтады, бірақ бірдеңені кек тұту – табиғатына мүлде жат болатын. Ұлтымызға ұлағат болатын тұлғалар туралы, ұлттық құндылықтарымызбен мақтана алу керектігі туралы көп жазылады ғой. Өз-өзімізді таныта алмай, өзгенікін мансұқтап кететініміз жайлы да жиі айтылып жатады.

Биылғы, 2024 жыл – көрнекті ғалым, ұлағатты ұстаз, қазақ ғылымының мәртебелі биігі Рәбиға Сәтіғалиқызы Сыздықтың ұлық есімін ұлықтаған ерекше жыл болды деп айта аламыз. Кейінгі жастар, ғылым есігін «таза қолмен» ашып келе жатқан жас ғалымдар академик Р. Сыздықтың ғылыми тұлғасын одан әрі танып, өнегелі өмірі мен ғылымдағы сара жолын парасаттай білсе ғалым еңбегінің зая кетпегені... Солай боларына сенім мол! Ғалымның аты да, хаты да өлмей, бүгінмен жарасып, ертеңге жалғасып, үндестік тауып жатса, ;алымның өзі мақсат қойғанындай, оның ел алдындағы парызының орындалғаны деп білеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сыздықова Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. - Алматы: Арыс, 2004. – 616 б.
2. Сыздықова Р. Ауызша дамыған қазақ әдеби тілі. - Алматы: Дайк-пресс, 2014. – 348 б.

АКАДЕМИК РӘБИҒА СЫЗДЫҚТЫҢ АБАЙ СӨЗІН ЗЕРТТЕУІ

ТЫМБОЛОВА А.,

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
филология ғылымдарының докторы, доцент,
Алматы қ., Қазақстан

Қазақ тіл ғылымының ірі көрнекті өкілдерінің бірі, ҚР ҰҒА академигі, Түрік тіл қоғамының корреспондент-мүшесі, ҚР-ның еңбек сіңірген ғылым қайраткері, ҚР Мемлекеттік сыйлығының және Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың, I дәрежелі «Барыс» орденінің иегері Рәбиға Сыздықтың қазақ тіл білімінде тұлға ретінде алатын орны, зерттеу бағыттары, ғалымдық қыры туралы «Ғалымға ғашық көзбенен» қаншама дүниелер жазылып жатса да көптік етпейді. Ғалым ұлы ақынның шығармашылық құдіретін ғашық көзбен тамсана талдаса, бүгінде артынан ерген қалың шәкірттері мен көпшілік оқырманы өзіне ғашық көзбен қызыға қарайды. Ғылымынан ғибрат, өмірінен өнеге алуға ұмтылады. Сондықтан ғалымның ғылым майданындағы ғаламат табыстары туралы жаза беру толастамақ емес.

Біз бұл мақаламызда академик Рәбиға Сыздықтың өзінің сөз өрнегін талдағалы отырмыз. Өйткені бейнеттің де зейнеті бар. Қазақтың ұлы ақыны Абай тілінің көркемдік бітімін, сөз қисынын айрықша күш жұмсап, терең талдаған ғалымның бүгінде өзінің де сүбелі сөз өрнегін салғаны анық. Сондықтан мақаламызда ғалымның аса күрделі тақырып – Абайдың көркем тілін зерттеген еңбектеріндегі майдан қыл суырғандай сұңғыла ізденгіштігін, соны түренге соқпақ салып, Абайдың сөз өрнегін сарыла саралағандағы өзіндік мұраларының қолтаңбасын, ақын шығармаларының бүкіл тілдік болмысын тың әдіс-тәсілдермен жеткізе зерделегенін, яғни «Абайтануға» сіңірген еңбектерін қарастырамыз.

Поэзияны – көркем дүние – сырлы ұғым деп түсінетін ғалымның көңіл көкжиегі Абай өлеңдерін аса ыждаһаттылықпен беріле зерттеп, ақындық, суреткерлік қырын асқан талғампаздықпен талдайды. Абай тілін, оның мәдениеті мен өрнегін, байлығы мен кемелдігін, жатықтығы мен жетіктігін, бейнелілігі мен көркемділігін алсақ, ол заманда оған бұл жағынан теңдесерліктей ешбір ақын жазушы, әдеби тілдің басқа бір үлкен, тұтас ескерткіші болмағандығы анық дегенді қазақтың зиялы қауымы түгелдей дерлік айтты. Осыны жүйке жұлынымен түйсінген ғалым ғұмырының мағыналы бөлігін осы іске жұмсайды.

Жас күнінен соны тақырыптарды, яғни тілдің бейнелік сипатын, сөз құдіретін, төл тіліміздің болмысын зерттеуге баруына ғалымның ғасырлар бойы жиналған халық тілінің күллі байлығын бойына сіңіріп өскен зеректігі де сеп болса керек. Сөйтіп қазақтың әдеби тілінің құнарынан қанып ішкен, сөз жүйесін тауып тіркестірудің, құрастырудың амал-тәсілдерін жақсы білетін ғалымның өзіндік сөз кестесінің көркемдігі ұлы ақынның тілін талдауға мүмкіндік берген сияқты.

Абайтану ілімінің алғашқы деректері алдымен Әлихан Бөкейханұлы, Міржақып Дулатұлы, Ахмет Байтұрсынұлының мақалаларынан бастау алып, бүгінде арналы ізге түскен. Әсіресе 1913 жылы «Қазақ» газетінде басылған «Абай – қазақтың бас ақыны» атты мақаласында: «Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ», -деп аса жоғары баға берген А. Байтұрсынұлының мақаласынан кейін қазақ ғылымында ұлы ақынның мұрасын індете зерттеу басталып кетеді.

Ұлы Мұхтар Әуезовтің тәлімін көрген Рәбиға Сыздық ұстазының мына сөзін еске алып отырады: «Сіздер бастауыш, баяндауыш, зат есімдерді зерттей бересіздер, зерттей бересіздер. Солардың бәрін зерттеп болған соң не істейсіздер? Тіл білімінде тек қана бастауыш пен баяндауыш емес, басқа да зерттейтін тұстары бар ғой. Басқа тақырыптарға неге көшпейсіздер?» дегенді ол кісі осылайша тұспалмен жеткізді. Содан мен тың тақырыпты іздеуім керек екен деп іздене бастадым», -дейді ғалымның өзі беріп жүрген сұхбаттарында. Абайтануды дербес ғылым саласы дәрежесіне көтерген сұңғыла суреткердің осы сөзінен кейін ғалым Р. Сыздық та Абай шығармаларының тілін зерттеуге белін бекем буады.

Әрине ғалым өзіне дейінгі зерттеулерді қопарады. Абайдың тілі туралы тұңғыш пікір айтқан орыстың көрнекті ғалымы П. М. Мелиоранскийдің, одан кейінгі ақын шығармаларының идеясын, тақырыбын, мазмұнын талдаған барлық еңбектерге зер салады. Мазмұнның формасына, яғни қаламгер тіліне үңілу содан кейін басталады.

Ұлы ақынның тілі туралы жалпы пікір айтылып жүргенмен, Абай шығармалары тілінің өзін талдап-таныту, оның өз қаламына тән шеберлік тәсілдері мен өзге де индивидуалдық ерекшеліктерін зерттеу кемшін боп тұрған тұста, ғалым ақынның тілін құрылымдық жағынан талдау арқылы қазақ әдеби тілінің белгілі бір кезеңдегі сипатын тануға болатындығын көрсетті, оның тілдегі дайын тұрған қалып-нормаларды пайдаланушылардың бірі емес, яғни образдарының тыңдығы, өлеңнің ритмикалық-интонациялық жағынан да бұрынғы дәстүрден шығып, құбылып келуін бағамдап, сапалық жаңа түрдің іргетасын қалағандығын дәлелдеді.

Мұхтар Әуезов Абайдың ақындығы жөніндегі пікірлерінің үлкен бір түйінін 1934 жылғы «Абай ақындығының айналасы» атты еңбегінде айрықша атап өтеді. Жазушы Абайдың тілі туралы дәлелді сөзін де сол тұста айтады. Мұнда Абайдың «шағатайша» өлеңдерін, олардың тілін өзге мұраларынан бөліп қарап, шағатай әдебиеті үлгісіне, соның әсері мен тіліне Абай таза еліктеу нәтижесінде келгенін, ақынның поэзия есігін қағар шақта ізденген, бірақ үйрену орнына еліктеген әрекеті екенін айтады.

Қазақтың құлагер ақыны І. Жансүгіров те молда, қожалы ауылда өскен, дін мектептерінде оқыған Абайдың кітаби өлеңдер тілінен, шағатай тілінен әсер алуы заңды екенін көрсетеді. Міне осы екі суреткердің пікірлері Абайдың тілі жөнінде кейінгі ой айтушыларға бас нөқта болғаны үнемі айтылады. Бұл ретте Абай ең алдымен өз тұсында көріне бастаған кітаби

тілді емес, қазақтың халықтық тілін мақсатты түрде жете қолданғандығын ғалым дәлелдеп береді.

Сондай-ақ ғалым қазақтың жалпы әдеби тілі, жазба әдеби тілі, қазіргі әдеби тіл дегендердің барлығы бір категория емес, қазақтың әдеби тілі Абайдан да бұрын басталған деген пікірін тұшымды дәлелдейді.

Бұны М. Әуезов те Абайды «қазақтың халықтық, салттық және өзінен бұрынғы ауыз әдебиетіне көрік берген мол, шебер сөздік қорынан пайдаланып, халықтың әдебиеттік тілін қалай жасаудың жолын көрсетуі», екіншісі – «қазақ қоғамы ортасында Абай заманында кіре бастаған жаргондық сипаттағы кітаби шұбар тілден іргесін ашып алуы, одан бас тартуы» [1, 141], -деп сипаттайды. Суреткер Абай – әдеби тілді бастаушы ғана емес, өзінен бұрынғы әдебиет тілін халықтық әдебиет тілі сапасында өсіре, байыта, сұрыптай түскен классик деп білеміз деп атап көрсетеді.

Абай тілін сонау 30-жылдары Қ. Жұбанов бастап, бертініректе С. Аманжолов, Н. Сауранбаев, І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев, А. Ысқақов тәрізді тіл мамандары едәуір қарастырды. Солардан кейінгі Абайдың тілін ғана емес, жалпы әдебиеттегі орнын дұрыс бағалап, тану үшін зор үлес қосқан еңбектерді саралап, Абайдың сөз қолданысындағы өз қаламына тән жеке сәттерін көрсету мен өлең құрылысына қатысты тілдік элементтерді жалпы тұжырымнан нақтылы талдауға бет бұрған бірегей ғалым Р. Сыздық деп айтуымызға болады.

Академик Р. Сыздық Абай тілін танудың қырларын талдауда өзіне тән көркемдік қолтаңбасын, яғни ақынның «шығармашылық контекстін» дербес қарастырады. Ғалым бұл арада грамматиканың өлеңдегі үлесін (И. Благой) анықтауға ұмтылып, ақын поэзиясын талдауда өзіндік жол іздейді. Сөйтіп Абай өлеңдеріндегі эксплицитті (анық) және *имплицитті (жасырын) мағыналарды ашады*. Абайдың байырғы қазақ әдеби тілінің үлгісін жақтап, сол дәстүрді әрі қарай дамытқандығын дәлелдеп береді.

Абайдың өлеңдерінде халық тіліндегі үйреншікті өрнектер де, ана тілінің рухына сай, оған ешқандай да жаттығы жоқ жаңа үлгілердің тоқайласып отыратындығын және олардың өзара бір-бірімен үндесіп кететіндігін жарқырата көрсетеді. Кандидаттық, докторлық диссертациясын Абайдың шығармаларының тілінен қорғап, ақын туралы үш үлкен монография, 30-40 шақты мақала жариялаған ғалым Абайдың тілін зерттеу арқылы қазақ әдеби тілінің бір кезеңін өркендетеді.

Бүгінде көрнекті ғалымның тіл ғылымындағы өзге еңбектерінен бөлек, «Абай шығармаларының тілі» (1968), «Абай өлеңдерінің синтаксисі» (1970), «Абайдың сөз өрнегі» (1995), «Абай тілі сөздігі» (1968) атты зерттеулерінің өзі академик Рәбиға Сыздық стилін талдауға негіз боларлықтай дәрежеге жетті. Ғалым «Абайдың сөз өрнегі» (1995) еңбегінде ақын шығармаларының тіл өрнегіндегі, сөз кестесіндегі сөз қолдану, сөз таңдау, сөз құбылту, сөз үйлестіру, сөз үндестіру тәсілдерін талдайды. Абай өз шығармаларында 6 мыңдай сөз қолданған деп жазады ғалым. Бұдан ақын тілі кедей екен деуге болмайды. Өйткені, қандай үлкен жазушы болса да, өзі білген сөздерді

орынды-орынсыз жұмсамайды, тақырыбына, айтпақшы ойына қатысы бар сөздерді ғана қолданады. Шындығында, Абай қазақ сөзін шығармаларында қолданылған сөздердің аясынан әлдеқайда көп білген. Бірақ оларды тегіс қолдана алмаған. Осы себептен де Абай қолданған сөздердің кейбіреулері аса жиі, кейбіреулері тіпті сирек кездесетіндігін санамалап көрсетеді. Соны көрсету мақсатында ғалым ақын тілінің жиілік сөздігін жасап, ондағы сөздердің статистикалық мәніне терең үңіледі. Мысалы, аллаға сиынған ақынды өмірді сүйген, әр нәрсеге үмітпен қараған суреткер дей келіп, оның Алла сөзін 133, Құдай 160, Тәңірі 43 рет кездеседі деп анықтап, бұл сөздерді актив қолданғандығын айғақтайды [2, 71].

Абай өлеңдерінің құрылымдық жүйесін синтаксистік тұрғыдан кешенді талдауын ғалымның табысы деп бағалауға болады. Бұл орайда ғалым алдымен өлең табиғатының қара сөз құрылымынан түбірлі айырмасын ашып көрсете отырып, өлеңді фразаны қарапайым синтаксис категорияларына бұтарлай салмай, өзіне тән тәсілдермен байланыстыра зерттейді. Мысалы, «Асау терек долданып, буырқанып, тауды бұзып жол салған, тасты жарып, арыстанның жалындай бұйра толқын, айдаһардай бүктеліп, жүз толғанып» деген жолдар арқылы ақынның өлеңдерінде етістік ұйқастардың көпшілігі тиянақты баяндауыштар емес, не пысықтауыш, не бағыныңқы сөйлемдердің баяндауыштары болып келеді дейді. Абайдың етістіктің өзге тұлғаларын да активтендіргенін, әсіресе *да* шылауымен келген шартты рай тұлғасын («Жарқ етпес қара көңілім не қылса да»), барыс септіктегі –у жұрнақты тұйық етістік («Интернатта оқып жүр»), жатыс, барыс септіктеріндегі өткен шақ есімше («Қансонарда»), –мақ жұрнақты тұлғалардың («Тоты құс түсті көбелек») ұйқас құрауға жиі қатыстырғандығын анықтайды [3, 372]. Ғалым Абай өлеңдері құрылымының синтаксисі күрделілігі, көркемдік эффектілігі жағынан поэтикалық дәстүрден де асып түсетін, кейінгі қазақ поэзиясына бағдаршам бола алатын дәрежеде деп тұжырымдайды.

«Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі» еңбегінде –мақ, –ар жұрнақты тұлғалар шағатай не татар тілдерінің элементі емес, қазақтың Абайға дейінгі ауызша тарап келген әдеби тіліне тән, тіпті ауыз әдеби тіліне хас норма. Сондай-ақ *тын, тұғын (баратын, баратұғын), мен, менен (тау менен тас), да, дағы (барды да, барды дағы)* сияқты қатарларды өлең шарттарына (өлшем, ырғақ, ұйқасқа) қатысты» деп тың пікір ұсынады. Сондай-ақ ақынның бір ғана –сы жұрнақты туынды етістікті стильдік тұрғыдан қалай поэтикалық образ тудыруда қолданғандығының өзін тәптіштеп талдайды. Абай қолданыста бар *балсіну, сәнсіну, керексіну* деген сөздердің орнына *балсу, сәнсу, керексу* деген жаңа тұлғаларды ұсынады. «Ел керексіп, сөзге емексіп, не болады мақтаның» дегенде Абай елді шын мәнінде керек етуді емес, көлгірсіп, керек еткен болғанып мақтан қуғанды айтпақ болған дейді. Ақын өлеңдерінде кездесетін *еркесу, серкесу* (Еңбегі жоқ еркесіп, бір шолақпен серкесіп), қайраттысып (қайраттысып, қамқорсып, сайманымды бүтіндеп), *жарамсақсу, салғыртсу, әсемсу, сәнсу* деген тілдік тұлғалардың барлығы Абай тіліне тән деп дәйектейді.

Абай образды тұрақты тіркестерді поэтикалық экспрессияның құралы ретінде жұмсаудың шебері екендігін санамалап қарастырады. Мұндай жаңа фразеологизмдерді жасауда (*ұяттың күзетшісі, тентек жиын, саңырау қайғы, адам сауу, қорлыққа жығылу, көңілге ажым салу, т. б.*) Абай семантикалық өрісі әртүрлі сөздерді шебер жымдастыра қолданғандығын бағамдайды. Бұл мысалдардың осылайша жете талдануы академиктің өзіндік соны ізденістерінің жемісі. Көркем шығарманың микро және макродүниесі тұтас алынғанда ғана оның мазмұны, тілдік көрінісі, яғни поэтикалық әлемі айқын ашылатындықтан, ғалым зерттеу барысында ұтымды тың тәсілдердің барлығын қолданады.

Ақын тіліндегі көріктеу құралдары мен амалдары арқылы жасалған поэтикалық образды сөздерді, яғни металоги́я тәсілімен туған сөз образдарға тәнті бола отырып талдайды. «Әсіре қызыл емес деп жиренбеніз, түбі терең сөз артық, бір байқарсыз» деп Абайдың өзі айтқандай, образдың эстетикалық өрісін талдағанда ақынның соны эпитеттерді молырақ ұсынғандығын, оқырман сезіміне әсер ететін, белгілі бір стильдік мақсатпен қолданылған қазақша құбылту деп атап жүрген троп түрлерінің, яғни эпитет, метафора, метонимия, перифраз, т. б. экспрессивті элементтерді тауып, жарқырата көрсетуі де ғалымның тереңдігін танытады.

Абай мұрасындағы халыққа түсініп оқуға кедергі жасайтын араб, парсы сөздеріне, көне сөздер төркінінің қатпарына үңіле отырып, түсініктеме береді. Демек, академик Р. Сыздық – ұлы ақынның тілінде кездесетін сан алуан тұрақты тіркестер мен көне сөздердің байырғы мағыналарын ашып, олардың семантикалық өрім-өзгерістерін саралау арқылы қазақ халқының ұлттық рухани болмысында өзіндік қолтаңбасын айқындаған бірегей ғалым. Ғалымның тілдік тұлғасының көркемдік әлемі бүгінде сүбелі ғылыми еңбектер мен зерттеу мақалаларына айналды. «Абай қолданған амал-тәсілдердің ерекше эстетикалық астарын, түрленіп, құбылуын ғылым тілімен жеткізіп, әр сөздің ішкі бояуын жарқырата ашып түсіндіру оңай емес-ті. Абайды ұғыну, жаңа қырынан тану үшін оған дейінгі сан ғасыр халық кәдесіне жараған көркем әдеби дәстүрді игеру, барды бағамдау, сонан соң таразының екінші басына ұлы ақынның тапқаны мен ашқанын тартып, безбендеу қажет болды» (Момынова Б. «Ана тілі» газеті. 29 қазан, 2009). Ғалымның Абай тілін талдаған еңбектеріне бүгінде ғалым-әріптестерінің берген осындай пікірлерінің өзі бір еңбекке жүк боларлықтай жиналды.

Сонымен, Абайдай сөз иесінің шығармаларына әдеби-лингвистикалық (лингвостилистикалық) зерттеу жүргізуінен ғалымның өз қаламына тән шеберлік зертханасының шымырлығын, қолтаңбасының даралығын байқаймыз. Абай тілін танып-зерттеуге тікелей қатысты, маңызды зор мәселе – текстологиялық зерттеулер болса, ғалым бұл тұста да қыруар шаруа атқарады. Абайдың авторлық қолданысын тануға көмектесетін қаншама бұрмаланып берілген сөздерді түгендеп, олардың дұрыс нұсқасын жинақтап, талдайды.

Қорыта келгенде, есімі Қазақ ССР-інің «Құрметті Алтын Кітабына» жазылған, ҚР Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты академик Рәбиға Сыздық – өзінің қажырлы еңбегі мен қабілетінің арқасында қазақ тіл білімі дамуына жаңа жол салған, бағыт берген, Абайдай дара ақынның сөз өрнегін зерттеу арқылы өзінің де сара сөз өрнегін қалыптастырған, қазақ тілінің ұлттық болмысын, ұлттұтастырушылық қызметін қалыптастыруда орасан үлес қосқан көшбасшы тілдік тұлға.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әуезов М. Абай мұрасы жайында // Қазақ ССР Ғылым академиясының хабарлары. 1951. №2 (71). - 128-б.
2. Сыздық Р. Абайдың сөз өрнегі // Сыздық Р. Көп томдық шығармалар жинағы. Екінші том. -Алматы, 2014. -571б.
3. Сыздық Р. Абай шығармаларының тілі. - Алматы, 1968. – 334 б.

ЗИЯЛЫ ЗАМАНДАСТЫ ҚҰТТЫҚТАУ

Орхан СӨЙЛЕМЕЗ,
Кастомону университетінің профессоры,
филология докторы
Кастомону қаласы, Түркия

Ата жұртымыз Қазақ халқына сәлем жолдаймын!

Бүгін конференция жасап, мерейтойы өтіп жатқан Бибіайша ханым – қазақтың мықты ғалымы.

Профессор Нұрдәулетова 2019 жылы мені Түркиядан Ақтауға конференцияға шақырды. Сол кезден бері таныспыз. Бірге жұмыс істеп келе жатырмыз.

Оның зерттеулері тек Қазақстан ғана емес, түркі елдерінің бәріне қызық. Онда лингвистика, әдебиет, тарих, география сияқты ғылымдар да қамтылады. Гранттық мега жобаның авторы.

Біз бірге Скопус журналдарға мақала жазып шығардық.

Мен өзім Қазақстанға жиі барып тұрамын. Бибіайша ханымды да Түркияға шақырдым. Академиялық мобильділік бойынша біздің университетімізге іссапарға келіп жұмыс істеді.

Әріптесіміз профессор Мехмед Қылдыроғлымен бірге топонимия бағытында зерттеулер жүргізді.

Бибіайша ханымның күйеуі Светқали Нұржанмен доспыз. Біздің бір магистрантымыз Светқали ақынның өлеңдері туралы диссертация қорғады.

Зиялы отбасының балалары да дарынды. Қызы Айсара ханым – түрік тілін өте жақсы біледі. Ол анасына көмектесіп, Қазақстан мен Түркияның арасында ғылыми байланыс орнатуға үлес қосып жүр.

Замандасым Бибіайша ханымның мерейтойында барлық жақсылықты тілеймін. Дені сау болсын! Еңбегінің жемісін көрсін!

Түркі елдерінің мәдени-рухани байланысын нығайту үшін қызмет ете берейік!

Конференция сәтті өтсін!

АКАДЕМИК Р.СЫЗДЫҚ ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ РОМАНДАРЫНЫҢ ТІЛІ ТУРАЛЫ

Ә.Д.ҚАБЫЛОВ,

филология ғылымдарының кандидаты, Yessenov University профессоры

Қазақ тіл білімінің көрнекті қайраткері, ғұлама ғалым Рәбиға Сәтіғалиқызы Сыздықтың ғылыми зерттеулерінің бір ерекшелігі – тіл білімі мен әдеби шығармашылықты бір-бірімен сабақтастықта, тұтастықта, байланыста зерттеуі дер едік. Оның Абай шығармаларының тілін зерттеуден басталған осы бағыттағы ізденістері қазақ әдебиетінің майталман өкілдерінің шығармаларын лингвостилистикалық тұрғыдан талдап, көркем шығарманың поэтикалық тілін зерттеудің үлгісін көрсетті. Бұл тек тілші ғалымдар ғана емес, әдебиетші ғалымдар үшін де үлкен өнеге болып келеді.

«Көркем әдебиет тілі дегенді сөз еткенде мұндағы сөз түрлерінің, тұлға-тәсілдердің жоғын, көп-аздығын діттеу – мақсат емес, аз немесе көп кездесетін дүниеліктің көркемдік мәні, эстетикалық құны қандай, жазушы оларды шығарманың поэтикалық деңгейіне сай етіп жұмсай алды ма, сөз күдіретін дұрыс танып, оның потенциалды қабілетін аша білді ме?» деген жәйттар әңгіме өзегі болмаққа керек» [1,169], – деп көркем шығарма тілінің поэтикалық табиғаты мен ондағы жазушы шеберлігінің ролін басты назарға алады.

Ғалым көркем шығарма мәтінін лингвистикалық талдаудың жолдарын айтқанда: «Көркем шығарма тілі – күрделі, қыры мен сыры мол құбылыс. Өзінде тілдегі дәстүрлі қалыпқа сай келе бермейтін көптеген ерекшеліктерді де қамтиды. Сондықтан көркем мәтінді лингвистикалық талдау, бір жағынан, әдеби тілдің тарихи ерекшеліктерін ескеруге, екінші жағынан, жалпы тілдік (соның ішінде көркем тілдік те) фактілер мен авторлық даралық құбылыстарды айқын ажыратып, дұрыс бағалай білуге негізделеді [2,12], – деп атап көрсетеді.

Ғалым өзінің 1997 жылы жарық көрген «Сөз күдіреті» атты еңбегінде М.Әуезовтің жиырмасыншы жылдардағы әңгімелерінің тілін талдаудан бастайды. Бұл еңбегінде М.Әуезовтің: «Әдебиет – тілімен әдебиет» деген сөзін келтіре отырып, ұлы классикке: «Абай – қазақ жазба әдеби тілінің ұлттық кезеңінің бастаушысы болса, М.Әуезов – сол тілдің көркем проза, драматургия, публицистика, ғылыми әдебиет стильдері деп танылатын

тарамдарының іргетасын қалаушылардың ірілерінің бірі, көшбастаушыларының зоры» [3,8-9], – деп баға береді.

Осы еңбегінде, сондай-ақ, Ш.Мұртаза, Ә.Кекілбаев, М.Мағауин, О.Бөкеев, С.Бердіқұлов, А.Сүлейменов, Т.Ахтанов, Қ.Жұмаділов, К.Сегізбайұлы секілді қазақ әдебиетінің хас шеберлерінің прозалық шығармаларының тіліне лингвостилистикалық тұрғыдан талдау жасап, поэтикалық тілінің қыр-сырын ашып, сыры мен сымбатына ғылыми тұрғыдан баға береді. Сол сөз зергерлерінің көркем тілінің табиғаты мен болмыс-бітімін, сөз қолдану ерекшеліктерін, сөзді ойнату, ойды құбылту, оқырманға әсер ету жолдарын нақты мысалдар келтіре отырып талдап көрсетеді.

Осы еңбегінде Әбіш Кекілбаевтың «Үркер» және «Елең-алаң» романдарының поэтикалық тілін жан-жақты талдап көрсеткен. «Тарихи романдардың тіл кестесі» деген тарауға топтастырылған үш жазушының тарихи романдарын – Ә.Кекілбаевтың «Үркер» және «Елең-алаң», М.Мағауиннің «Аласапыран» және Қ.Жұмаділовтің «Дарабоз» романдарындағы жазушы мәнерін талдаудағы мақсат – тарихты суреттеудегі тілдік құралдарды қолдану тәсілдері, шығарма тілінің тарихи стиль тезіне түсу құбылысының көрінуі және тарихи реалийлердің көрінісі себеп болғанын айтады. Мұның бәрі тарихи шығарма жазуға жазушы тәжірибесі жетіліп, қаламы төселгеннен кейін баратындықтан, тарихты бейнелеудің амал-тәсілдерін іздеп-табатынын тілге тиек етеді.

Шығарманың тақырыбы, фабуласы, идеясы, шешімі секілді оның тілі де жазушының даралық мәнері жағынан назар аудартатынына көңіл аударады. Тарихи шығарма болғандықтан, жазушының суреттеліп отырған замана көрінісі, жеке кейіпкерлер, тарихта болған және «ойлап тапқан» оқиғалар, адамдар секілді фактілерді іздеуге, әдебиеттермен, құжаттармен танысу және суреткерлік шеберлік жолында көп ізденгені анық. Негізгі оқиға біреу («Әбілқайырдың орыс патшасына бодан болуға елші жібергені, соның нәтижесінде хан ордасына патша елшілігінің келіп, бір жылдан астам уақыт ішінде көрген-білгені, істеген әрекет-қарекеті, сол мерзім ішінде қазақ қауымының «ел ұстағандары» (ел билеген хан, би, батырлардың) мен қара халқының тіршілік-тынысы, ой-санасы, талап-мүддесі суреттеледі») болғанмен, автор қазақ халқының ұзақ тарихына, елдік жолындағы көптеген оқиғалар мен ұрыс-шайқастар көріністеріне барады. «Тіл – автордікі, баяндау, суреттеудегі үн (тон) – кейіпкердікі. Тіпті автордың өзі айтып тұрған күнде де, көзінің бір қиығын кешегілердің таным-түйсігі мен бүгінгілердің талғам-талабына тастап отырған. Ол үшін тілдің көркемдік-стильдік амалдарына иек артқан. Бұл амал-тәсілдердің бірқатарын өзіндік қолтаңба мәнеріне айналдырған, бірсыпырасын активтендірген, бірсыпырасын шебер жұмсаудың үлгісі ретінде берген», – деп жазады автор.

Ә.Кекілбаевтың бұл тарихи романдарының «тілдік-стильдік мәнері поэтикалық сипатымен ерекшелетінін» ғалым көптеген мысалдармен дәлелдеп көрсетеді. Жазушының нәрсенің не адамдардың сыны мен сырын, белгісі мен қасиетін, сапасы мен салмағын бейнелейтін образды сипаттамаларға шебер

екенін мынадай мысалдарымен көрсетеді: билік қолына тимей жүрген Өсеке балаларын – *«шаршы төр бұйырмай, асық жіліктің табағында күндері өтіп жатқан Өсеке балалары»* [4,46] деп сипаттайды. Мұндай анықтауыштардың аса образды, ұлттық таныммен берілгенін былайша түсіндіреді: қазақ қауымындағы әлеуметтік топтардың беделі, салмағы отыратын орнына, алдына тартылған табақтың ішіндегі сыбағаға қарай танылатын болған, демек, *«асық жіліктің табағында күні өту»* – лауазымдық орын тимеу; *«шаршы төр бұйырмай»* – қазіргіше айтсақ, «номенклатураға ілінбеу» болып шығады. Ал орыс патшасына бағынып, жаны жайланған башқұрт жұрты бодандықты қалап жүрген Әбілқайыр мен оның жақсастарының көзіне *«нулы жердің балдырғанын татып, сулы жердің тұнығын кешіп тұрған башқұрт»* деп суреттейді.

«Іргеңнің бел арқанын қиып отырған дұшпан» деген сипаттама да жауласып отырған көрші елдің бейнесін бейнелеуде сол кездің қазағының көзімен қарағанда аса сәтті шыққан мінездеме болмақ. Мұндай мысалдар жазушы шығармаларында молынан ұшырасатыны және бұл жазушы тілінде жүйелі келіп, жиі қолданылатын авторлық дүниелер екендігін алға тартады.

Жазушы нағыз бостандықты – *«басында ноқта, тірсегінде тұсау жоқ бостандық»* деп, еркін, тәуелсіз өмір сүру дегенді – *«бағы найзасының ұшында, ырысы құрығының ұшында»* деп халық ұғымына өте жақын образды түрде бейнелейді.

Ә.Кекілбаевтың әсерлі эпитеттер табуға шебер екендігін жазушының *«ұрғашы ниет», «сумаңдап желе жортып келе жатқан көшелі ой», «айғыр топ нөкер», «майлақы түн», «жер ойық қол»* сияқты мысалдарымен көрсетіп, бұларды «жазушының даралық мәнерін емес, шеберлік мәнерін танытатын фактілер» деп атап өтеді. Мысалы: аллитерацияға құрылған: *қияда тосып, қырындай жолыққан қырғи қабақ жау; кеңірдегін күнге, кіндігін айға ілген; жарық өкше, жалаңаш балтыр егінші; қырық құйқылжыған қырқылжың дау; шонданайын шортандай шоршытқан»,* ассонансқа құрылған: *алқымынан ала кетер, арқасына сала кетер; айтқаны болып, атқаны тиіп... тұрған абыройлы шағы; өз қолыңнан өрге сүйреп, өркенін өсірген тұқымың өле-өлгеніңше... т.б.*

Жазушы романдарындағы образды параллельдердің енді бір тобының ішкі ұйқасқа құрылған түрлері мол кездеседі (*«Қолына тізгін тимесе де, еліне елеулі, халқына қалаулы азаматтың басы алтын, құйрығы күміс ботаға буаз боз інгендей жапырып отап, сапырып суламай, тыраңдап аунап, бұртаңдап туламай, өз қадірін өзі біліп... анық баспағы шарт»* [5,128]).

Тілді қолдануда көбінесе халық қазынасына иек артатын жазушының ауызекі сөйлеу тіліне, жергілікті сөзге жақын қолданыстарды да таңдап, оларға поэтикалық мән үстеп, көркемдік мақсатқа пайдаланатынын дұрыс көрсетеді. Мысалы, *бұтқа толып жүру, көтен өкпе, айғыр топ* секілді тіркестерді қолданғанда, олардың алдын не артын «тірек» сөздермен қатар алып, біртұтас мағына тудыруын М.Әуезовтерден келе жатқан үрдіс екенін еске салады: *«Жас сұлтан, неге екені белгісіз, осындай қараптан қарап бұтқа*

толып жүретін кердең мінезді жек көруші еді» деген сөйлемде *кердең* сөзі *бұтқа толып жүретін* деген бейтаныстау тіркесті жетекке алып, мағынасын ашып тұр. Сондай-ақ көтен өкпе, айғыр топ сияқты тіркестер – мағыналық жағынан бір-бірімен тіркеспейтін атаулар болғандықтан, оқыс қолданысымен көңіл аударта, тұрпайы сөзбен келгендіктен, «күш көрсете келген өкпе», «үлкен топ» дегеннен гөрі өзгеше болып шыққандығымен елендетеді. «Қайткен күнде де, сөздің экспрессиясын пайдаланып, оның дәрежелігіне, қарапайымдылығына, жергіліктілігіне қарамай қадеге асырып жіберу – Ә.Кекілбаев қаламына жат емес. Бұл жерде шешуші факторы – бұларды экспрессивті (эмоциялық бояуы күшті) ретінде тану болса керек, – дейді ғалым.

Шығарма тілінің поэтикасын танытатын құралдардың бірі – теңеулердің қолданысына, оның ішінде жай теңеу емес, бейнелі теңеулерді кеңінен қолданатынына көңіл аударады. *Тозған кебістің жұлығындай жайын ауыз, өлген түйенің тулағындай дала, тозған киіздей қырқа-қыраттар түлеген бөрінің жон арқасындай боп* деген тіркестердің өткен ғасырда ғұмыр кешкен қазақтар үшін жай теңеу емес, бейнелілігімен назар аудартады.

«Теңеулерді бейнелі, әсерлі, бояулы ету үшін суреткер көп сөзділіктен де қашпайды», – деп, оған мысал ретінде мына бір мысалды келтіреді: *«Түннің қараңғылығын ырысты үйдің ертелі-кеш оттан түспейтін күйелеш қазанның түбіндегі қап-қара...»*. Жазушының көптеген теңеулері тосын, бұрын-соңды кездеспеген образдар болып келеді. Мысалы, Тевкелевтің шиырып жазатын жазуын *«аңшының тазысының құйрығындай шиыршық атып тұратын шимай жазу»* деп суреттейді.

Абстрактілі ұғымдарды тұрмыстық заттарға теңеу де әсерлі шығады. Мысалы, Әбілқайырдың орыс елшілігін күтіп алаң болған көңілін *«күні кеше қымыранның бетіндегі көпіршік шыға келген желбірек көңіл»* деуі – қазақ үшін түсінікті образ. Сондай-ақ романдардан *«ішіне құйрық-бауыр салып құдаларға ұсынған қара тегештей дөңселек алқап... кемпірдің қолынан жел алып қашқан шүйкедей боп тұман кілкіді... арлан бөрінің азу тістеріндегі андыздаған ақ тұмсықтардың арасынан жалғыз сабақ ине жіптей ширатыла құлаған жіңішке жол... көк теңізге барып бір-ақ тіреледі»* деген тосын образдарды да көруге болады.

«Көркем шығарма тілінің поэтикалық бояуы тек образды эпитеттері не теңеулерімен ғана танылмайтыны мәлім. Бұл сипатты шығарма тілінің әр тұсынан іздеуге болады. Шағын бір контексте жеке сөздерді қайталап отырып, «ойнату» бар ма, аллитерациялатып, ассонанстатып, үнін «тамылжыту» бар ма, қайталама тәсілін қолдану бар ма – осылардың барлығы белгілі бір стильдік мақсат көздей, шебер (орынды) қолданылса, шығарма тілін әсерлі, көркем етіп шығарады, демек, көркемдік пен әсерлілік поэтиканың желісін тартады», – дей келе, ғалым «Үркер» романынан көк, көз сөздерімен үндесетін шоғырлы сөздерден тұратын бір ұзақтау үзінді (микротекст) келтіреді: *«Бәрін қойып анау көлкіген көкжиекке қарашы! Көк найзасын самсатып, жер қайысқан қалың қол жатқандай емес пе! Иә, иә... Бірақ ол қазір көзден бір-бір*

ұшып жоғалатын алдамшы сағым ғана. Алайда дәл осы көлгірдің көз алдындай көлкіп тұрған көкжиекті мәңгі-бақи бүйтіп сағым шалып қана жатпаған. Оны талай-талай көк найзалар да көлкештеген. Бірақ олар да артынан көзден көк сағымдай бір-бір ұшып ғайып болған! Иә, бұл көл-көсір көкжиектен кімдер келмеген, кімдер кетпеген? Анау көк мұнардың ортасынан күндей күркіреп һундер де өтіпті, сақтар да, түріктер де, маңғұлдар да өтіпті. Бәрі де осындай көз алдында көлкіп тұрған көркем көріністен көңіліндегі әшейін буылдыр елеске айналып... өткінші көк сағымның кебін киіпті».

Шығармада авторлық баяндау көп ретте кейіпкерлердің көзімен, ойымен берілгендіктен, оларда тосын сипаттамалар, астарлы атаулар аз кездеспейді. Мысалы, қазақ даласының табиғатын суреттеуі Уфадан шыққан Ресей елшілерінің көзімен берілгендіктен, олардың ой-танымы көрініп отырады. Авторлық баяндау – автордікі болғанымен, бірақ сөзі – онікі емес. Ал кейіпкер тіліне келсек, жазушы ханды ханша, биді бише, Итжемес қаңғыбасты Итжемесше сөйлетеді. Олардың сөздерінде өздерінің болмысы, мінезі, ой-танымы айқын аңғарылып отырады. «Жазушы билерді шешен тілде сөйлеткенде, шешендіктің тілдік-көркемдік белгілерін (механизмін) жақсы келтіреді: ең алдымен, олардың сөзінде үлкен логика, қисын, дәлел болуы керек, екіншіден, мұнда экспрессиялы сөздер, әсерлі эпитеттер, қонымды теңеулер, ұйқасты-ырғақты құрылымдар орын алуы керек». Мысалы, Мәті қарттың Әбілқайырдың түсін жорып беретін сөзінде әсерлі теңеулер де, тұлғалас параллельдер де, астарлы, метафоралы тіркестер де, ассонансты, аллитерациялы болып келетін сөз қатарлары да көзге түседі.

«Үркердің» тіліне тән бірден-бір актив қолданған тәсіл ретінде ғалым қайталамаларды көрсете отырып, синтаксистік, морфологиялық бірліктердің әралуандылығына назар аударады: «Қайталама элементтер «Үркердің» тексінде «тұнып тұр» деуге болады, жеке сөздерді, жеке сөйлемдерді ғана емес, шылауларды да, жалғауларды да бірыңғай мүше сайын қайталап келтіру – жазушының жиі қолданған стильдік амалдарының бірі деуге болады».

Ғалым роман мәтінінде аса күрделі, көп құрамды, ұзақ сөйлемдердің жиі кездесетінін, сондай-ақ қысқа, тақ-тұқ сөйлемдердің де баршылық екеніне назар аударған. Роман тіліндегі жеке сөздерге қатысты, әдеби тіліміздің бүгінгі лексикалық нормасында көп кездеспейтін кейбір сөздердің, тіркестердің қолданылатындығын айтсақ, олардың бір тобы қару-жарақ, сауыт-сайман, киім-кешек атаулары болып келеді. Сол кездегі қазақ әскері қолданған мылтық түрлерін *күлдір мамы, жекеауыз, бірауыз, қандыауыз, жездіауыз, шиті, берен* деп, сауыт-саймандарды *жалаңқат, зере, кіреуке тон* деп көрсетеді. Әлеуметтік-әскери құрылымды білдіретін *ноян, зайсан, тайшы, қоңтайшы, зарғар, сенат, патшайым* атаулары кездеседі. Роман тіліндегі *киер киепесін кию, жанықас жігіт, жанықас мақұлық, нәжегей* Болат, *алпауыз қатын, көзапара қуу, алапат көлеңке, майлақы түн* секілді сөздер мен тіркестерді ғалым көпшілікке таныс емес деп көрсетеді.

Романдардағы диалектизмдер мен сирек қолданылатын сөздердің орынды қолданысын экспрессивтілік деп тануға болады дейді. Сол секілді,

«автордың өзі ойлап тапқан, не өзі жасаған» сөздердің қатарында мынадай сөздерді атап көрсеткен: *сұқсыр, сойыл дос, қамшы дос, күп тұран, сәлдекендей реніш, лайытқан, жұтырайған, ызғындай, әрқайын, кемталай, шажырқай, батымды болу, қойманышы* т.б. Алайда, бұл сөздердің көпшілігі жергілікті тілде қолданылатыны белгілі.

Қорыта келе, ғалым «дүниежүзілік (европалық) жоғары деңгейге көтерілген, әлемге біршама танымал болып қалған қазақ көркем әдебиетінің бір жанры – тарихи романдардың тілдік-стильдік сыр-сипатын тануда Әбіш Кекілбаевтың «Үркер», «Елең-алаң» романдарының орны айрықша деп табамыз. Бұл танымды осы шығармалардың өзгелерден артық не кемдігін көріп емес, тіліне келгендегі көркемдік-стильдік ерекшелігіне қарап береміз», – дейді. Ғалым бұл романдарды жанрлық тұрғыдан «тарих шежіре» емес, «тарих-толғаныс» деп танитынын айтады. Идеялық тұрғыдан бұл романдар кешегілердің тарихына үңіле отырып, бүгінгілер ойлансын деген идеяны ұсынады дейді. «Шығарма тілінің поэтикалық үні, синтаксистік құрылымының күрделілігі, сияқты көріктеу тәсілі мен әр алуан синтаксистік параллельдердің жиі қолданылғандығы т.т. осы сияқты белгілер – Әбіш Кекілбаевтың тарихи роман жазудағы өзіне тән шығармашылық мәнерін көрсетеді. Тарихи романдардың тілі мен өзге «Аңыздың ақыры» сияқты романы, «Күй», «Ханшадария хикаясы» т.б. повестерінің тілдік-стильдік бітімі бір қатарда біркелкі еместігі жазушының тілге деген талғамы мен көркем сөзге деген шеберлігінің күшін байқатады» [3,110], – деп қорытады.

Жинақтай айтқанда, академик Р.Сыздықтың Ә.Кекілбаевтың тарихи романдарының поэтикалық тілін талдап, ғылыми тұрғыдан бағалауы – романдардың поэтикалық табиғатын тануда және суреткер тіл шеберлігін пайымдауда жақсы бағдар, жалпы көркем проза тілін талдаудың озық үлгісі деп білеміз.

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын (грант № AP19678872) ғылыми жоба аясында дайындалды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сыздықова Р. Көп томдық шығармалар жинағы. 14-том. Тіл және ұлттық мәдениет. – Алматы: Ел-шежіре. – 2018. – 344.
2. Сыздықова Р. Көптомдық шығармалар жинағы. 11-том. Көркем мәтінді лингвистикалық талдау. – Алматы: Ел-шежіре. – 2017. – 223 б.
3. Сыздықова Р. Көптомдық шығармалар жинағы. 6-том. Сөз құдіреті. – Алматы: Ел-шежіре. – 2014. – 296 б.
4. Кекілбаев Ә. Үркер. Роман. – Алматы: Жазушы, 1981. – 584 б.
5. Кекілбаев Ә. Елең-алаң. Роман. – Алматы: Жазушы, 1984. – 430 б.

ҰСТАЗ АМАНАТЫ

(Академик Рәбиға Сыздықтың 100 жылдық мерейтойына арналады)

Б.И. НҰРДӘУЛЕТОВА,
филология ғылымдарының докторы, профессор,
Ш.Есенов атындағы КТИУ,
Ақтау, Қазақстан

Адамзат өркениетінде (өнер, ғылым, мәдениет), жеке адамның тұлға ретінде қалыптасуында (мінез-құлық, тәрбие, ішкі-сыртқы мәдениет) ұстаз бен шәкірт арақатынасының қаншалықты рөл атқаратынын түсіну үшін жыраулық дәстүрдегі ұстаз бен шәкірт арақатынасы туралы айтқым келеді.

Жыраулық дәстүрде ұстаздың дұрыс болуы басты орынға қойылады, себебі жас жыршының бойындағы шешендік, суырыпсалмалық қасиетті тани білетін де, оны дұрыс бағыттап, жолға салатын да – ұстаз жырау. Жыр – ұстаздан шәкіртке беріліп отыратын киелі мұра. Қазақ эпостарының ұрпақтан-ұрпаққа ауызша жырланып, негізгі өзегін сақтап жетуіне де осы ұстаз-жыраудың қатал сыны мен талабы үлкен ықпал еткені сөзсіз. Маңғыстау жыраулық мектебінің алдыңғы толқын «ағалары» кейінгі толқын «іні жырауларға» ұстаз болғандығы олардың сөз толғауларында айтылады. Мысалы, Абыл жырау мен оның ұстазы Өгізбай жырауға қатысты ел арасында сақталған әңгімеде Абыл жырау бір жыйында: «Кетеде – Шернияз, Тазда – Есенбақ, Адайда – өзім-ақ!..» деп айтып қалады. Соны естіген қарт жырау Өгізбай сәлемдесе келген шәкірті Абылға: «Сенің сол айтқаның рас па? Өз ауызыңнан естиін», – дейді. Абыл жырау табан астында сөз тауып: «Айтушылар жаңсақтау жеткізген екен, мен ол жерде «Кетеде – Шернияз, Тазда – Есенбақ, үштің бірі – Өгіз-ақ!» деп едім ғой», – дейді.

Сондай-ақ, Қалнияз жырау:

Байұлына белгілі

Ұстазым – Тіней Өгізбай.

Неше буын жыр төккен

Он екі баспа қобыздай, – деп, ұстазы Өгізбай туралы толғайды. Ақтанның:

Абылдың іштім сарқытын,

Нұрымның алдым алғысын,

Мүдіртіп небір тілдіні.(Ақтан, 2-т., 179), –

деген жолдарынан жыраудың Абыл мен Нұрымды ұстаз тұтқанын байқау қиын емес. Жыр жүйрігі Қашағанның өзі:

Көзім көрген Адайда,

Абыл, Нұрым, Ақтаным,

Осылар еді тақтағым (Қашаған), –

деп, Абыл, Нұрым, Ақтан жырауларды алдына салып сөйлейді. Ел арасындағы естеліктерден білгеніміз, «Қырымның қырық батырын» жырлаған атақты Мұрын жырау Сеңгірбекұлы эпикалық дастандарды Бегім сал, Қалым жыраулардан, кейін Нұрым, Қашағандардан үйренген, Сәттіғұл

ақын Қашаған, Аралбай жырауларды өзіне ұстаз тұтқан, Сүгір жырау үшін алдыңғы аға жыраулар – Қалнияз, Қашаған, Аралбайлар жыраулық жолда бағыт-бағдар берген.

Осылайша өзіндік жырлау стилі, сөз саптау ерекшелігі, жыр айту мақамы қалыптасқан жыраулық мектептер пайда болған.

Жыраулық жолда ұстазға мойынсұну, ұстазды құрметтеу, ұстаз таңдау, ұстаздың жолына көлденең тұрмау, жырауды ұстазына қарай бағалау, белгілі бір деңгейде білім алғаннан кейін ұстазының шәкіртіне бата беріп, жыр айтқа рұқсат беруі немесе өзінен де қабілетті, дәрежесі жоғары ұстазға жолдауы – осының барлығы жыраулық жолдың киелілігін арттыра түседі.

Ғылымда да ұстаздың дұрыс болуы – Алланың үлкен сыйы дер едім...

Ұстазбаен алғашқы жүздесу

Қазақ тіл білімінің білгірі, ұлт жанашыры, ұлт күрескері, «халық жауының қызы», А.Байтұрсыновтай, Қ.Жұбановтай, М.Әуезовтей ұлы тұлғалардың қамқоры, жоқшысы бола білген қайсар қыз, Қ.Аманжоловтай поэзия ділмарына сөз арнатқан аяулы жан, ғылым жолындағы жүздеген талапкер жастарға ұстаз болып, жол көрсеткен ақылман Рәбиға Сыздықты алғаш рет 1983 жылы Алматыда сыртынан көрдім. ҚазМУ-дің филология факультетінің 2-курсында оқып жүрген студенттер қазақ орфографиясының мәселелері талқыланатын үлкен жиынға қатыстық. Жиынға І.Кеңесбаев, М.Балақаев, С.Сыздық, Ә.Қайдар, Ш.Сарыбаев сынды қазақ тіл білімінің корийфейлері қатысқаны, Р.Сыздықтың сөз сөйлеп тұрғаны есімде. Қолымдағы қойын дәптеріме түртіп алыппын (өзімде сақтаулы).

Апайдың еңбектерін оқып, конспектілеп, семинарда ұстаздарымызға сабақ айтып, емтихан тапсырғанымыз болмаса, апайдың өзін іздеп барып, алдынан кеңес алуға батылымыз жетпепті. Біз үшін Рәбиға Сыздық қол жетпес биіктегі ерекше жан болатын.

1997 жылы «Маңғыстау жыраулары тіліндегі ерекше сөздер» деген зерттеу-жазбамды алып, отағасыммен Алматыға келдік. Біздің Алматыдағы сүйенішіміз, ақылшы-кеңесшіміз Әбіш ағамыз бен Фариза апамыз ғой. Фариза апа: «Саған жетекші болатын адам – Рәбиға Сыздық. Өзім сөйлесем», – деді. Ертеңіне уәделі уақытта А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтына келдім. Фариза апам кешіккесін, өзім де қарап тұрмайын деп, айналамды зерттеуге кірістім. Бұдан 10 жыл бұрын жас маман ретінде ҚазҰУ-нде қалдырылып тұрған жерден, «Жетім бұрышта» қаңғыруға төзе алмай, «Алматысы бар болсын!» деп тайып тұрған, Маңғыстау деген қиянда жатып, ғылыми ортадан шет қалған, облысымыздан универсиет ашылып, енді ғана ғылымның шырағына ұмтылған ізденушімін, мына ғылым ордасында ешкімді танымаймын. Әр кабинеттің жазуларын оқып жүріп, «Тіл мәдениеті» деген есіктің алдына іркілдім. Сәл ашық қалған есіктің саңылауынан байқап қалдым, кітап мұқабаларынан талай көріп жүрген таныс бейне – Рәбиға Сыздық! Қалай батылданып кеткенімді білмеймін, кіріп бардым. Қақ төрде жазу столында бұрқыраған қағаздарының арасынан

Рәбиға апам көзін сәл сығырайта қарап, жөн сұрады. Өзімді таныстырып, Маңғыстаудан келгенімді, университетте қызмет жасайтынымды, жыраулар тіліндегі көне, кірме, диалект сөздерді зерттеп жүргенімді баяндай келіп, «Сіз маған ғылыми жетекші болуға келісесіз бе?» деп тоқтадым. Болашақ жетекшім маған аңтарыла қарап қапты, сәлден кейін: «Айналайын, ғылым жолы оңай емес. Кандидаттық диссертация жазу үшін көп ізденіс керек. Ғылымға деген қабілет өз алдына, ерінбейтін еңбекқорлықты талап етеді. Жасым 70-тен асқанда, шәкірт алып, диссертация жазғызуға мүмкіндігім де аз», – дей бергенде, «Ау, Реке, амансыз ба!» – деп, Фариза апам да кіріп келді. «Арқа сүйерім» амандық-саулықтан кейін әңгімені көп созбай: «Ал, Реке, мынау Маңғыстаудан келіп тұрған келінім, ғылыммен айналысады, талабы мықты. Диссертация қорғау керек, өзіңіз жетекші боласыз!» – деп, мәселені төтесінен қойды. Апай жаңағы уәждерін айта бастап еді, өзі ақын, өзі адай апам: «Болды, Реке, сізге осы бала аманат!» деп бір-ақ кесті. Нағыз ғалымдарға тән мәдениеттілік пен сыпайылықты, ізеттілікті бір бойына жинаған қайран Рәбиға апам: «Жарайды, айналайын, алдымен маған жұмысыңды көрсет, оқиын, ғылымға шын талабың болса, көрейін», – деуге мәжбүр болды. Қолымдағы 10 беттік жазбамды апайымның қолына ұстатып, кете бардым. Бір аптадан кейін күдік пен үміт араласып, қорқа-қорқа кабинетінің есігінен қарасам, апайым бұрынғыдай емес, жып-жылы жымыып, «Келе ғой, айналайын!», – деді, сондағы қуанғаным-ай! Апам қолжазбамды оқып шығып, талдауларымды ұнатыпты, әрине олқылықтары да жетерлік, ғылыми стиль, зерттеу әдісі, деректерді құр сұрыптау, талдау аз, ғылыми теорияға салу керек деген сияқты ескертпелерін айтты. Кейін қарасам, жазбамның әр бетін оқып, кейбір жерлерін қызыл қарындашпен сызып, көңілінен шыққан тұстарына леп белгісін қойып, ескертпелерін беттің жиегіне ұқыпты, маржандай әріптермен жазып отырған екен. Сөйтіп, менің ғылым жолына талпынған талабымды қуаттап, жанға жайлы ескертпелерімен қолдап, зерттеушілік жолымды ашып берген ұстазымның сенім үддесінен шығу үшін жұмысқа кірісіп кеттім. Тақырыбымды апайдың жетекшілігімен Тіл білімі институтының ғылыми кеңесінде бекітіп, 3 жылдан кейін осы кеңесте абыроймен қорғап шықтым.

Ұстазбен соңғы сұхбат

12 маусым 2019 ж.

Ұстазымыздың денсаулығы дұрыс болмай, шәкірттері келісіп, жанына күтуші жалдадық, Алыста тұратындар телефонмен хабарласып тұрдық, Орынай, Қалдыгүл, Айман апалар бар, басқа да алматылық шәкірттері апайға кезектесіп барып, көмектесіп жүрді.

Жазғы демалысымда келіп, бір аптадай жанында болармын, қолымнан келгенше, қызмет жасармын деп жоспарлап жүргем. Маусым айында ойда жоқта Алматыға бір курсқа қатысуға баратын болдым. Апайға телефон соғып, «Ертең Алматыға жол жүрем», – деп айтып қойғанмын. Қонақүйге орналасып, қатысатын курстан хабар алып, 3 күннен кейін түскі сағат 13.00-

де апайыма бардым. Апайдың түскі шайының уақытынан ерте де, кеш те баруға болмайды. Бұл – апайдың шәкірттері үшін жазылмаған қағида. Апайдың артық уақыты жоқ, бәрі санаулы, өлшеулі. Жазу үстеліне отыру, теледидардан спорт хабарларын көру, газет-журнал, кітап оқу т.б. Көзі көрмейтіндіктен, бұрынғыдай жазу жазбайды, кітап оқымайды, бірақ теледидардың даусын шығарып қойып, тыңдайды, арасында сәл мызғып кетеді, қайта оянып, қайта тыңдайды. Кейде шәкірттері келіп, кітап, ғылыми мақалаларын оқып береді.

Апам мені қатты қуанып қарсы алды. «Апырмай, бұдан үш күн бұрын келуің керек еді, неге кешіктің? Хабарыңды айтпадың әлдене болып қалды ма деп қатты уайымдадым», – деді. «Ананың көңілі – балада, баланың көңілі – далада!» деген мәтел есіме түсіп, іштей өкініп қалдым. Аман келгенімді айтып, бір телефон шалмағаным әбестік болғанын түсіндім. Ұстазым залына дастарқан жайғызып, мені қонақ қылды. Ауыл-елдің хабарын сұрап, өзі де қызықты естеліктерін айтып, астан кейін кабинетіне барып, әдемі әңгіме-дүкен құрдық.

Ақтауға кетерден бір күн бұрын апайыма тағы бардым. Сол күні аяулы ұстазыммен соңғы жүздесу екенін, әрине, сезген жоқпын. Әдеттегідей, түскі астан соң кабинетке барып әңгімелесіп отырмыз. Бір кезде апай шәкірттері, өзінің әлі де қағазға түсіріп үлгермеген зерттеулері туралы айта бастады. Қайдан есіме түскенін білмеймін, жайлап телефонның диктафонын қосып қойдым. Аяулы ұстаздың сыңғырлаған жайлы да байыпты даусы болашаққа үн қатқан Ұлылықтың елшісіндей менің жадымда мәңгілікке жазылып жатты...

«Сыр бойының жыраулары мұсылманша сауатты, араб, парсы тілін жақсы меңгерген, сондықтан болар, өлеңдерінде араб-парсы сөздерін мол қолданады...» дей келіп, «Қазақ әдеби тілінің тарихы» ғылыми пәнінің негізін салушы, осы саладағы монографиялар мен оқулықтар авторы академик Рәбиға Сыздық «қазақ әдеби тілінің тарихын болашақта кімдер жалғастырып зерттейді?» деген сауалға ойысты.

«Қазақ әдеби тілінің тарихын бір жазса, осы Орынай жаза алар еді, XX ғасырдың басынан бастап алашордашыларды зерттеп жүр ғой... Орынай (Жұбаева Орынай) Қошке Кемеңгерұлының тілдік мұрасын жазды. Бұрын белгісіз болып келген тарихи мәліметтерді ашты. Қ.Кемеңгерұлы «Қазақ тілінің синтаксисінен» дәріс оқыған, сол дәрістерді Архангельский орысшаға аударып, оқулық етіп құрастырған. Біз қазақ тілінің синтаксисін Архангельский жазды деп есептеп келдік...

Тіл мәдениеті деп қолдану дұрыс емес, себебі тіл онсыз да мәдениетті, дұрысы – сөз мәдениеті, яғни сөзді қолдану, сөйлеу мәдениеті туралы болу керек.

Қазақ әдеби тілінің қалыптасуында жыраулар тілінің орны ерекше. Біз қазақ әдеби тілі дегенде, сол жыраулардан бастаймыз ғой... жыраулар тілі деген қызық қой өзі... Мысалы, Қазтуғанның «Қайран менің Еділім, Сен салмадың, Мен салдым!» дегенінде салу – «тастап кету» деген мағынада

жұмсалған. «Сені тастап, мен кетіп бара жатырмын!» дегені ғой. Сондайларды зерттеу керек. Соны ойлап-ойлап келіп, осы сен жаза алатын шығарсың деп ойлаймын. Әсіресе, мына Шәлкез сияқты ноғайлы жырларының тілін...

Ноғайлы жырауларында: «Қазақ шығу» деген тіркес бар. Бір еңбегімде «ханның қасынан әріге кетіп барамын» деген сөз деп түсіндіріппін, дұрыс емес, «қазақ шығу – қазақ болу» дегенді білдіреді. Ноғайлы жырауларының қай-қайсысы да ноғайша, қазақша жырлаған, екі тілді қатар білген. «Асыл түбі Асанның ноғай деймін...»

Шәлкез – шал киіз – қазақтар үшін ең қымбат, ең сыйлы, сирек кездесетін, киелі бұйым. Ханды тек ақ киізге салып көтерген. Киім-кешек, матаның, соның ішінде адам қолымен жасалған бұйымдардың аттарын адам аттары етіп қою, мысалы жібек, шұға, бәтес деген сияқты. Тек әйелдерге ғана емес, ерлерге де қойған. Шалкиіз – сондай есім.

Бәйбіше – бай «үлкен» деген сөз, біше/біке/бике, «үлкен бикелері». Шыңғысханда 4 бәйбішесі болған, заңды әйелі. Ал қалғандары «қума» аталған.

Қазақтар Шыңғысханның армиясында болып, Римге дейін барған. Қазақ халқындағы «Ұлы – ұрымға, қызы қырымға» деген мәтелдің астарында Рим, Қырым атаулары жатыр. Белоруссияның президенті Лукашенко: «Қырымды Ресей емес, қазақтар алуы керек, ол о баста қазақтардың жері ғой», – депті. Қазақта: «Бүлінген елден бүлдіргі алма!» деген мәтел де бар. Ресейдің санкцияға ұшырап, сорлап жатқаны да Қырымды жаулағаннан кейін болды. Өзі шапқыншылыққа ұшырап жатқан елді қоса таламау керек еді.

Қырым татарлары – ноғайлар, оларды татар қылып жүрген – орыстар. «Ноғайлының ауыр жұрт» дейді, ауыр – көп халық, үлкен жұрт дегені, ноғай, қазақ, қарақалпақ басқа да рулар бірге көшіп-қонып жүрген.

Мұқағалидың ауылы – Қарасаз. Қара – «үлкен», саз – көк шөп өскен жер. Таудың етегінде көк шөп өскен жер ондай көп бола бермейді. Қара саз – тау етегіндегі көк шөп өскен үлкен жер. «Қыз Жібек» дастанында Төлеген: «Қонар болсаң, жануар, Міне майдан, міне саз» дейді. Майдан – парсыша «көгал» дегенді білдіреді, саз – көк шөп шыққан жер.

Қараөткел – «үлкен өткел», өзеннің аса терең емес, бірнеше малды айдап өтетін таяздау жері. «Сары ағаш сазға біткен секілденіп, Қай жерде отыр екен бұраң белім!» деген өлеңдегі саз да көк шөпті жер.

Шіркін, жыраулар тіліндегі осындай көне сөздерді зерттейтін адам болса деймін... Мейлі, оны «Сөздер сөйлейді» деп атамай-ақ қойсын, жағастырамын деп те атамасын. Бірақ керек нәрсе екен! Оны айтып отырған себебім, Пекинге лекция оқып келгендердің біреуі айтты, кім екені есімде жоқ. Бір қазақ Жапонияға барып, тілін үйреніп, жапон тілінде диссертация қорғап келіпті. Біздің бір ғалым айтыпты, сөздер тек дыбыстық жағынан ғана емес, мағыналық жақтан да өзгереді. Мысалы, *бай*, *қара* сөздері «үлкен» деген мағына береді. Р.Сыздықтың «Сөздер сөйлейді» деген кітабын оқып көріңіз», - дегенде, «Жапон тілінде де сондай мағынасы кереғар сөздер көп.

Маған Сыздықтың кітабын тауып беріңізші» деп жата жабысыпты дейді...» жазба осы жерде үзілді...

Апайды одан әрі шаршата бермейін деп, мен қайтуға рұқсат сұрадым. Естелікке суретке түстік. Апай мені есікке дейін шығарып салып, қимай қоштасты. Апайды құшақтап тұрып, іштей: «жазда қалай да келем!» – деп өзіме уәде бердім. Бұл ұстазыммен соңғы қауышуым екен!

Қайран ұстаз! Соңғы аманатын жеткізіп үлгергендей! Ұстаз аманатын орындаудан асқан киелі іс жоқ шығар.

Р.СЫЗДЫҚОВА ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ПРАГМАЛИНГВИСТИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қ.Ө. ЕСЕНОВА

филология ғылымдарының докторы,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық
университетінің профессоры,
Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Мақала ЖТН АР23486743 «Қазақ лингвостилистикасындағы академик Рәбиға Сыздық тұжырымдамалары: қазіргі қазақ әңгімелерін талдаудың метамоделі» атты гранттық жоба аясында әзірленді. Тіл біліміндегі прагмалингвистика ұғымы, ең алдымен, тілдік құралдарды (сөздерді) белгілі бір ыңғайда таңдаумен, іріктеп алумен, сондай-ақ оларды тіркестіру және олардың өзара әрекеттесу тәсілдерімен, аудиторияны ескерумен байланысты айқындалады. Тіл біліміндегі функционалды бағыттың құрамдас бөлігі – прагматиканың алғашқы нышандары Р.Сыздықованың зерттеу еңбектерінде жатқандығы тілдік талдулар арқылы қарастырылды.

Кілт сөздер: прагматика, адресант, адресат, тілдік тұлға, сөйлесім, дискурс, прагматикалық мақсат

Прагмалингвистика – тілді қолданушы мен таңба арасындағы қатынасты зерттейтін ғылыми сала. Кез-келген қатысым – өзіндік ұстанымы мен заңдылықтары бар күрделі процесс. Трансмиссор таңбаны реципиентке қандай да бір ақпарат беру үшін пайдаланады. Прагматика таңба мен хабар беруші, қабылдаушы арасындағы арақатынасты зерттегендіктен, оның сипаты адресаттың ішкі мақсаты және сөйлесім жағдайымен анықталады. Мәтінді қабылдау да тілдік бірліктердің дұрыс, жүйелі ұйымдастырылуы мен таңдалуы негіз болады.

Г.Г.Матвеева: «Не только создание текста, но и его влияние на успешное восприятие в достаточной степени зависят от того, насколько оптимально осуществлен выбор языковых средств для достижения эффективного воздействия занимается прагмалингвистика. Знание и владение

прагматикой текста является непременным условием успешной деятельности специалиста любой области знания», - деп аталмыш ғылыми саланың аспектісін көрсетеді (1, 7). Прагматикада бар назар адамға немесе субъектіге бағытталады. Тілдік құбылыстарды адресант, адресат сияқты прагматикалық параметрлер тұрғысынан қарастыру прагматлингвистиканың міндеттеріне жатады. Бұл тұрғыдан анықтау эмоцияның тілдік көрсеткіштері мен олардың стильдік мәнін ашудағы қалыптасқан дәстүрлі түсініктерді жеке адамның субъективті позициясын немесе көзқарасын жеткізуші құралдар ретінде нақтылап талдауға жол ашады. Бұл пікірдің негізі В.В.Виноградовтың мына сөздерінде жатыр: “Ведь в литературном произведении, как в особой сфере творчества личности, и субъективно и объективно языковые формы оказываются осложненными контекстами литературы, литературной школы, жанра, своеобразными приемами литературных композиций» (2.17).

Ғалым Р.Сыздықова халықтың рухани-эстетикалық қажетін өтеп отырған қазақтың көркем әдебиет тілін зерттеу арқылы әдеби тіл нормаларын сұрыптады, «сөз мәдениетін» көтерді. Сол арқылы жазушы тіліндегі көркемдік-әсемдік қасиетті танытты. Ал оның қыр-сырын анықтау барысында ғалым прагматлингвистиканың кейбір мәселелеріне де назар аударады. Әрине, оны арнайы термин ретінде ұсынбағанымен, прагматикаға қатысты кейбір ойларын беріп отырады. Тілдік тұлға тіл бірліктерін таңдағанда міндетті түрде өзінің тыңдармандарының, оқырмандарының ерекшеліктерін ескереді. Р.Сыздықова жазушы тілін сөз еткенде прагматикалық мақсатқа жету үшін қолданылатын тілдік құралдарды мәтін түзуші – мәтін – Мәтін қабылдаушы үштігі тұрғысынан қарастыруды назардан тыс қалдырмайды. Ендеше, ғалым дискурс проблемасына да ерекше мән береді. Жазушы тілінің суреттеу шеберлігі, көркемдік әдістері мәтін арқылы ашылып, эмоциялық бояуы айқындалады. Тілдік таңбалар реципиенттердің қызығушылығын оятып, оның реакциясын туғызу үшін қолданылады. Яғни, көркем мәтінде жазушы оқиғаны суреттеу арқылы белгілі бір түрде аудиторияны қабылдауға талпындыратын құралдардың әсер ететін мүмкіндігін де ескеріп отырады. Өйткені мәтін барысында бір субъектінің әр түрлі модальдік реакциялары беріледі. Ол реципиенттің мүмкін болатын модальдік реакцияларымен салыстырылып отырады. Басқаша айтсақ, жазушы өз көзқарасын, пікірін бере отырып, іштей өз оқырманының да пікірі мен көзқарасын есепке алады. Яғни, олардың арасында мәтін бойынша бір жақты сипаттағы сұхбат жүріп отырады. Жазушы көркем туындылары арқылы өзінің идеясын, көзқарасын білдіреді. Ал ол идеясын қабылдаушының қажетіне жарайтындай, оқырманның түсініп, сүйсініп оқитындай тілдік бірліктермен береді. Сол арқылы адресант пен адресаттың арасында ерекше қатынас орнап, қатысым (коммуникация) жүзеге асады. Хабар оны беруші мен қабылдаушы арасында жүзеге асатындықтан, коммуникаторлар қызметі трансмиссивті және рецептивті болып түсіну әрекетін құрайды. Тілдің прагматикалық аспектісі сөйлеуші не тыңдаушының айтылған, естіген нәрсені түсіну, ұғынумен де байланысты.

Интерпретация, түсіну ұғымдары тілдік таңбаның қолданумен, яғни оның прагматикалық аспектісімен байланысты дискурс, прессуппозиция, жасырын мән, астарлама сияқты жаңа мәселелердің шешілуіне әкеледі (3, 13).

Р.Сыздықова прагматика терминін қолданбағанымен, тілдік тұлғаны көрсетуде оны мәтін қабылдаушылармен сабақтастырады. Айталық, «Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы» деген еңбегінде акынның өз оқырмандарының қабылдау ыңғайына қарап тіл бірліктерінің таңдағандығын айтады. Ғалымның «Абайды» «Сұлу аттың көркі – жал» деген 8 жолдық кішкене өлеңі белгілі. Мұндағы объект - Көжекбай деген көршісінің Рақымшал деген тентек баласы. Акын тыңдаушы (оқушы) назарын осы объектісіне тікелей аудару үшін ұйқасқа Рақымшал деген сөздің өзін алады да, оған жал, мал, бал, бар, ал (алдындағы сөздермен қоса) сөздерін ұйқастырады... Егер өлең тақырыбы әр алуан ішкі толғаныс болса, акын оқушы назарын қимыл-қозғалысқа емес, өзге объектілерге аудартады. Сондықтан да Абайдың лирикалық философиялық тақырыптағы өлеңдерінде етістік ұйқастар кемде-кем" (4, 150) деп сөз етеді. Өйткені көркем туындының негізгі мақсаты - реципиенттерге әсер ету, ықпал жасау. Сондықтан мақсаттық (функционалдық стильдің бұл түрінде жазушы оқырман мүддесі мен қызығушылығын ескеріп отырады. Оның контекстегі көрінісі тілдік бірліктер арқылы жүзеге асады. Ғалым Р.Сыздықова ықпал етуші осындай тілдік бірліктерді дискурспен байланыста зерттегендігін көреміз. Тыңдаушының қабылдау мүмкіндігін ескере отырып, мәтін түзуші өзінің ойлары мен сезімдерін, тиімді әдістерді таңдай отырып, катысым жасау арқылы прагматикалық мақсат көздейді. Зерттеушінің жазушы тілінде кездесетін қайталамалардың оқырманға қаншалықты әсер ететіндігін мәтін арқылы анықтап, оны жазушы осындай прагматикалық мақсатымен сабақтастырады. Коммуниканттардың іс-әрекетіне ықпал ететін құрал ретіндегі тілдік бірліктер прагмалингвистикада қарастырылады. Көркем мәтіндегі прагматикалық аспектіні күшейтудің тілдік құралдары ретінде белсенді қызмет атқаратын мәтін элементтері — қайталамалар екені белгілі. Ғалым Р.Сыздықова "Сөз құдіреті" еңбегінде М.Әуезов шығармаларындағы қайталамалардың: "Әрине, бұл амал өте сирек ұшырасады, ол кез-келген сәтте жұмсала бермейді, бұған оқиғаның немесе шығармада суреттелетін жеке бір ситуацияны» оқырман сезіміне қатты әсер ететін, сол оқиғаны" бір бояуына (тонына) жазу ерекше екенін түсіре кеткісі келген мақсаты себепкер болады. Мұндайда көбінесе ак, қара, сары, көк, сұр, сияқты түс атауларына немесе кейбір сын есімдерге, кейде үстеулерге стильдік жүк артылады" (5, 27) деп адресанттың әсер ету, ықпал жасау мақсатынан туындаған тілдік құралдар екендігін айтады. Ал ол ой прагмалингвистикаға қатысты «прагматика адамның нақты жағдайда қандай мақсатпен сөйлеп тұрғанын қарастырады» (6, 11) деген пікірді толықтырады.

Жоғарыда көрсетілген тіл бірліктері (қайталамалар) "прагматикалық салмаққа ие болып, прагмалингвистиканың да еншісіне тиеді. Себебі, көркем шығарма - тікелей оқырманға бағытталған қатысымның бір түрі

болғандықтан, ол тілдің прагматикалық аспектісімен тығыз байланысты. Бұндай бағыттың негізінде тілдің коммуникативті қызметі мен онымен байланысты прагматикалық аспектісі туралы жалпы ғылыми түсінік жатыр. Көркем шығармадағы қайталаулар мәтінтүзімдік, байланыстырушылық, сипаттаушылық, композициялық бейнелік және пікірлесімді қалыптастырушылық сияқты қызмет атқарады. К.А.Рогова сөздің қайталануы ойды байланыстырушы-композициялық құрылымдық қызметте жұмсалатындығын айта келіп, оны былай деп түсіндіреді: “Известно, что текст, представляя коммуникативное целое характеризуется смысловой связностью и законченностью. Среди внешних форм выражения внутренней связности лексический повтор занимает ведущих мест. С его помощью отмечаются смысловые взаимоотношения между высказываниями как единицами текста” (7, 128)

Ғалым Р.Сыздықова қарастырған қайталамалардың көркем мәтіндерде стратегиялық прагматикалық межесін айқындайтын тілдік құралдар екендігін байқаймыз.

Мәтін тақырыпты белгілі дәрежеде лингвопрагматикалық тұрғыдан ақпаратты жеткізу, оқырмандардың назарын аудару, мәтінді ұйымдастыру сияқты қызмет атқарады. Сол тақырып аты арқылы да мәтіндегі суреттелетін оқиға желісін аңғару қиын емес. Өйткені мәтін атауы мәтіннің бүкіл мазмұнын өзіне жинақтап, прагматикалық функцияға ие бола алады. Сонымен қатар адресанттың адресатты өзіне тартып, коммуникативтік актіге тарту сияқты адресанттың қатысым мақсаты айқындалады. Осындай прагматикалық функцияны бойына жинақтаған мәтін атауы да Р.Сыздықованың зерттеулерінде тыңдаушы (оқушы) сезіміне әсер ететін тілдік бірлік ретінде қаралады. Зерттеуші: “... Жазушы бұл тәсілді «Қаралы сұлу» повесінде де пайдаланған. Шығарманың атының өзі қара түбірлі сөзбен келген, тіпті бас кейіпкердің есімі Қарагөзде де қара сөзі бар. Осы түс атауы және онымен түбірлес қараңғы, қараңғылық сөздері шығарманың өн бойында әр алуан затты, сәтті суреттеп қайталап келіп отырады», -деп қорытады (5, 26).

Адресант өзінің прагматикалық мақсатына жету үшін әр түрлі коммуникативті тактикалар қолданады. Сол тактикалар жазушы тілінде кездесетін көріктеу құралдары арқылы көрініс табады. Міне, осындай көріктеу құралдары екендігін байқаймыз.

Айталық оның "М.Әуезовтің оқырманды өзіне еріксіз тартатын, бас алмай оқып шығуға бой алдыратын, қазақтың көркем сөзінің құдіретін көрсететін әсем де әсерлі тілі бірден көрінді дей аламыз... «Сыбанның моласындағы» кезінде өз ортасының айбынды қолбасы, батыры болған (Жортар) ақсақалдың әңгімесі монолог түрінде жазылған, мұнда басынан өткізген оқиғаларды өткен шақ етістіктермен, қыска-қыска сөйлемдермен келтіріп, тыңдаушыны қызықтырып әңгімелейтін стиль жақсы берілген... Соңғы екі парцеллят осы сөздер беріп тұрған іс-қимылға оқырман назарын аударып, ой екпінін түсіреді... Бұл жердегі парцеллят- бірыңғай мүшенің

біреуі деуге де болмас, шындығында мақтанушы еді деген парцеллят күшті стильдік құрал болып тұр: жазушы бұл баяндауышты оқшаулау арқылы Ғайша қыз портретінің бір қырын көрсетіп, оның бояуын қалыңдатып тұр. Сол арқылы Ғайшаның бұл қылығына оқырман назарын аударады (5, 33-46) деген анықтамаларындағы стильдік құралдарды тілдесуші екі жақтың хабарды жеткізуші мен түсіну әрекетіндегі коммуникативтік бірліктерге жатқызамыз.

Прагмалингвистика тіл бірліктерінің әсер етуші әр түрлі мақсатта жұмсалып мүмкіндігін, шегін анықтауға ұмтылады. Бұл жерде жекелеген бірліктермен қатар, стильдік қолданыстардың прагматикалық мәнін де айтып кету керек. Стильдік қолданыс түрлерін прагматикалық мақсатта жұмсалып қарай топтастырып қарастыруға болады. Жекелеген сөйлем түрлерінің прагматикалық аспектісінің, лексикалық бірліктердің прагматикалық аспектісінің алғашқы нышандарының көрініс тапқанын ғалымның талдауларынан байқау қиын емес. Сонымен қатар жоғарыдағы мысалдарды “Синтаксис - көркем тексттің «жанды» көрсеткіші. Автор, әсіресе өз баяндауында сөйлемдерді қалайша құрды, текст қыстырма (түсініктеме, айқындама) элементтерді текске қалайша санамалап енгізді деген сияқты “қалай, қандай, қайтіп” - терді айқындасақ, жазушының алғашқы “сөз құрастыру шеберлігін танымыз... Кейіпкер – сынбаған ажар, қажымаған қайрат, кең салқын ерлік иесі болып келген бұрынғы-соңғы қазақ әйелінің жиынтық образы. Сондықтан оның сөзі жүйелі, әсерлі, бейнелі етіп берілген.

Бұл – жазушының қас шеберлігі... Шығарманың “көркем” деген анықтауышының өзі айтып тұрғандай, ол әсем, әсерлі болған күнде ғана көркем әдебиет әлеміне кіреді. Бұл жердегі көркем сөзі тек “сұлулық, әдемілік” деген ұғымды ғана емес, біздіңше, ең алдымен “әсерлілік” деген ұғымды беруге тиіс. Өйткені адам (оқырман) сезіміне тек жағымды (әдемі, әсем) нәрселер емес, жағымсыз нәрселер де әсер етеді, ғылым тілімен айтсақ, жазушы сөздердің жағымды-жағымсыз экспрессиясын пайдаланып, олардың эмоциялық күшін танытады. Осы реттен келгенде, көркем проза тілінде де қалам иесі теңеу, эпитет, метафора, әсерлеу сияқты көріктеуіш құралдарды жұмсайды, мақал-мәтел, бейнелі фразеологизмдер де шығарма тілін әрлендіретін материалдар қатарына кіреді... “Қыр әңгімелері” деп ұсынған екі шығармасының екеуі де “Сыбанның моласында”, “Текшенің бауырында” кейіпкерлер атынан әңгімеленген оқиға түрінде берілген. Бұл екі туынды да ауызша әңгіме жанрын өте жақсы танытады...” деген үзіндімен байланыстырар болсақ, Р.Сыздықованы жазушы тілінің құдіреттілігін беруде оны мәтінмен және сол мәтінді қабылдайтын адресаттармен ұштастыра зерттеген ғалым ретінде түсінеміз.

Сонымен, зерттеушінің еңбектерінен прагмалингвистиканың кейбір мәселелерін көруге болады. Тіл бірліктерінің әсер етуші қызметін өз мақсатына сай жұмсап, тілдің мүмкіндігін ескеретін - субъект болғандықтан, тілдік тұлғаның көркемдік әлемін беруде ғалым Р.Сыздықова прагматиканың

кейбір тұстарына интуитивті түрде өзінің көзқарасын беріп отырады. Прагмалингвистика бағытының негізі – ғалым Р.Сыздықованың теориясында жатыр еді. Сондықтан да тіл біліміндегі функционалды бағыттың құрамдас бөлігі - прагматиканың алғашқы нышандары Р.Сыздықованың зерттеу еңбектерінде деп бағалаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Матвеева Г.Г. Актуализация прагматического аспекта научного текста. Изд7 Ростовско- го ун-та, 19847
2. Виноградов В.В. О художественной прозе// Изб. труды о языке художественной прозы. М., 1980
3. Ерназарова Р. Сөйлеу тілі синтаксисінің прагмалингвистикалық аспектісі. А., 2001
- 4.Сыздықова Н. Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы. А., 1970
5. Сыздықова Н. «Сөз құдіреті» А., 1997
6. Гак.В.Г Прагматика узуса и грамматика речи// Иностранные языки в школе.
7. Рогова Р. О лексическом повторе в публицистической речи// Проблемы функционирования языка в его разновидностях. Пермь, 1981

ҰСТАЗ ҰЛАҒАТЫ

О.ЖҰБАЙ,

Филология ғылымдарының докторы,

Әл Фараби атындағы ҚазҰУ қауымдастырылған профессоры,
Алматы, Қазақстан

Биыл түркітанушы ғалым, ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, «Turk dil kongresi» қоғамының корреспондент мүшесі, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының, Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлықтың, «Парасат», «Барыс» ордендерінің иегері. Рабиға Сыздықтың 100 жылдығы республика көлемінде аталып өтіп жатыр. Ақтөбе, Алматы, Астана, Ақтау, Өскемен, т.с.с. қалаларда конференция, жиындар ұйымдастырылып, деректі фильмдер, радиохабарлар түсірілді. Ұлт қамын жеген, тіл тазалығы үшін күрескен ғалым қызын елі ардақтап, сағына еске алып жатыр. Рабиға апайымыз «Дулатты танып болдық па?» деген мақаласында Дулат Бабатайұлына арналған конференция, жиындар мерейтой кезінде өтілетін кезекті іс-шара емес, «ұлттық рухымызды көтеру үшін, мәдени қазынамызды түгендеп, одан қуат алу үшін істеліп жатқан шара» болуы керектігін, сөз зергерлерінің мұрасы «бүгінгі көпшілік қауымды ұлттық рухани азықпен тойындыру, ана тіліміздің әсемдік дүниесімен таныстыру үшін қажет» екенін, тіл «адамдар арасындағы күнделікті қатынас

құралы ғана емес, сол адамдарды белгілі бір халықтың өкілі етіп тәрбиелейтін, ұлттық сананы, ұлттық психологияны қалыптастыратын құрал екенін» екенін ескерткен еді. Ғалымның бұл тұжырымын өзіне қатысты да айтуға болады. Тағылымға толы жиындар мерейтой кезінде ғана өткізілмей, жиі-жиі өткізіліп тұрса, академик Рабиға Сыздықтың ұстанымдарын ешқашан жадымыздан шығармай, ғылыми мұрасын ана тілімізді қастерлеуге, тіл тазалығын сақтауға, көркем сөйлеуге, жүйелі ойлауға үндейтін қуатты құрал ретінде кейінгі ұрпақтың санасына сіңіре білсек, ғалымның еңбектері өміршең болар еді. Ғалымның хаты өлмес еді, жақсының аты өлмес еді...

Академик Рабиға Сыздық өнегеге толы өмірінде әділдікті ту ете білді. Апайдың өмірлік ұстанымы (кредосы) – «Ғалым әділ болуы керек! Ғылым әділін көрсетуі керек!» еді. Ақталардан 11 жыл бұрын (1977 жылы) Ақымет Байтұрсынұлы қазақ тіл білімінің негізін қалаған ғалым екенін айтқан кезде де, қазақ әдеби тілінің тарихын айқындаған кезде де, Қадырғали би Қосымұлының еңбегі туралы тұжырымдарын айтқан кезде де осы ұстанымынан айныған емес. Айналасына шуақ шашып жүрген жан аналық, әжелік мейірімімен қатар тазалығымен, адалдығымен, әділдігімен бәріміздің жүрегімізде мәңгілік орын алды, сөзімен де, ісімен де үлгі болып қалды. Ғалымдық пен адамдықты қатар алып жүрген, ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек иесі еді апамыз...

Рабиға Құтқожина (Сыздық) 1924 жылдың 17 тамызында Ақтөбе облысы Ойыл қалашығында дүниеге келген. Әкесі ұсталғанда 7-сыныпта оқыған екен. «Халық жауының қызы» деген, тікенектей қадалған жаланың зардабынан оқушы кезінде-ақ зардап шегіп, «кесірі тимес үшін» сыныпта қасына ешкімнің отырмай қоюы, А.С.Пушкиннің 100 жылдығына арналған кеште бәріне жеткен тақпақ-өлеңнің кішкентай Рабиғаға ғана «жетпей қалуы», соны сылтауратып, мұғалімнің: «Ағайынды қарақшылар» («Братья-разбойники») деген поэманы бастан-аяқ жаттап кел!» – деп тапсырма беріп, кейін тұтас поэманы бастан-аяқ жаттап келсе де, кезек тимей қалуы – өзекті өртеген күйік болғаны даусыз. Осы кезден бастап «Әкеміз халық жауы емес, ол әділетсіздіктің құрбаны болды» деген сенім мен намыс апайдың көкірегінде берік орын алған. Осы намыс кейін өмір жолына қамшы болып, мойымауға, шындықты жасқанбай айтуға, әділет үшін жанын аямауға ұмтылдырған.

Рабиға Сәтқалиқызы 1938-1940 жылдары Темір қаласындағы педучилищеде оқыған. Еңбек жолын 16 жасынан бастап, 1940-1945 жылдары, соғыс жылдары, Алға поселкесі мен Темір қаласында мектеп мұғалімі, педучилище оқытушысы болып қызмет еткен. 1944 жылы жедел түрде екі жылдық Ақтөбе оқытушылар институтын бітірген. Ақтөбедегі №6 мектепте оқу ісінің меңгерушісі болып жұмыс істегенде түрлі үйірмелер ашып, дарынды балалардың шыңдалуына түрткі болған. Апайымыздың сол кездегі шәкірттері – Ізтай Мәмбетов, Бәкір Тәжібаевтар ақын, аудармашы, журналист ретінде танылса, Сұният Нұрмұқанбетов – тарих ғылымдарының кандидаты, Ырзабай Қобдабергенов Шымкент қорғасын зауытының директоры болған.

Рабиға Құтқожина 1945 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтына келіп, 1947 жылы үздік бағамен (қызыл дипломмен) бітіріп шығады. Студент кезінде–ақ «Қазақ тіліндегі изафет» деген тақырыпта баяндама жасап, ғылымға қабылеті бар жас ретінде танылады. 1947-1951 жылдары осы институттың аспирантурасында оқиды. Сол уақытта Рабиға Құтқожина ҚазПИ мен Қыздар педагогикалық институтында «Қазақ-орыс тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» деген пәннен сабақ беріп жүреді. Алайда екі жылдан соң Ермұқан Бекмаханов, Бек Сүлейменов, Қайым Мұхамедханов, Ісмет Кеңесбаев, т.с.с. ғалымдар айыпталып жатқан тұста «халық жауының» қызы ретінде Рабиға Құтқожина да жұмыстан шығып қалып, жарты жылдай жұмыссыз жүреді. Бұл – ұлт зиялыларының өздерін ғана құртып қоймай, ұрпақтарына жасалған ашық қастандық еді. Осы кезде Әбу Сәрсенбаев Рабиға Құтқожинаны оқулық шығаратын «Учпедгиз», кейін «Рауан» деп аталған баспаға кіші редактор ретінде жұмысқа қабылдайды. Көп ұзамай Рабиға жауапкершілігінің, іске мұқият қарауының арқасында редактор, кейін аға редактор, редакция меңгерушісі қызметіне дейін көтеріледі.

1957 жылы Тіл-әдебиет институтын кадрлармен толықтырып жатқан кезде қабылет-қарымымен көзге түскен Рабиға Құтқожина ҚазССР Ғылым академиясының Тіл білімі институтына (қазіргі Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты) жұмысқа шақырылады. Ғылым жолындағы ізденістерін кіші ғылыми қызметкер ретінде бастаған Рабиға Құтқожина бөлім меңгерушісі, бас ғылыми қызметкер ретінде жұмыс істейді.

Рабиға Құтқожинаның диссертация тақырыбын таңдауына, ғылымдағы бағытына, қазақ әдеби тілінің тарихын зерттеуіне Мұхтар Әуезов ықпал еткен. Академик Рабиға Сыздық сол кезді: «Ғылыми диссертациялар қорғау үшін тақырыптар ұсынылып жатты. Екі-үш айдан соң ғылыми кеңестің отырысы болды. Кеңестің бір мүшесі – Мұхтар Әуезов екен. Сол басқосуда Мұхаң: «Абайдың қара сөздерінде «бармаққа керек», «айтарға дұрыс» деген сияқты сөздер бар. Осы немене? Татар тілінің әлде шағатай тілінің әсері ме? Өлеңдерінде де бар ма екен? Осыны зерттемейсіңдер ме? Осыны тақырып етсе, қайтеді?» – деді. Тақырып табу оңай емес. Ұстаздарым – І.Кеңесбаев, М.Балақаев, басқа да тіл мамандары бар: «Дұрыс екен», – деп қолдай кетті. Мен де келістім. Расын айтсам, менің ғылымдағы жолымды ашып, жөн сілтеген де, «Мәдениетті, білімді болу керек, осылай сөйлеу керек» дегенді ұқтырған да, ғылым жолын көрсеткен де – Мұхаң болды», – деп еске алады. Академик Мұхтар Әуезовтен бата алған Рабиға Құтқожинаның кандидаттық («Абай қара сөздерінің негізгі морфологиялық ерекшеліктері», 1959), докторлық диссертацияларының тақырыбы («Абай шығармаларының тілі», 1971) Абай Құнанбайұлы шығармашылығына қатысты болды. Абайдың тілі бойынша үш монография («Абай шығармаларының тілі», 1968), «Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы» 1971, «Абайдың сөз өрнегі» (1994), 40 шақты мақала жариялады.

Ғалым қазақ әдеби тілінің тарихын әрі қарай дендеп, XV-XIX ғасырлардағы ақын-жыраулардың тілін, қазақ тіліне қатысты ортағасырлық

жазба ескерткіштердің тілін зерттей бастады. 1968 жылы профессор Р.Сыздықова М.Балақаев, Е.Жанпейісовтармен бірге «Қазақ әдеби тілі тарихы» атты оқу құралын жазып шықты. 1993 жылы «Қазақ әдеби тілінің тарихы» деп аталатын оқулығын жариялады. Қазақ әдеби тілінің тарихын зерттеуде ғалымдар арасында түрлі таластар туып келді. Өзге тілдердің үлгісімен қазақ әдеби тілін де жазумен байланыстырған зерттеушілер болды. Осы тұста да Рабиға Сыздықова бір тілге тән меже, ұстанымдарды басқа тілдерге де сол қалпында қолдануға болмайтынын дәлелдеп, қазақта жазба әдеби тілге дейін ауызша тараған әдеби тілі болғанын, көрнекті өкілдерін нақты мысалдармен айқындап берді. Қазақ тіліндегі әдеби тілдің өзіндік критерийлерін көрсетіп, ХҮ-ХІХ ғасырлардағы әдеби үлгілердің тілдік-көркемдік белгілерін сипаттады, өз тарапынан «қазақтың жазба тілі алдындағы әдеби тілі», «ауызша әдеби тіл» деген терминдерді ұсынды. 2014 жылы жарық көрген еңбегі «Ауызша дамыған қазақ әдеби тілі» деп аталды. Сөйтіп, «Ғылым әділ, шынайы болуы керек» деген ғалым қазақ әдеби тілінің тарихы ерте замандардан басталатынын нақты дәйектермен дәлелдеп берді. Рабиға Сыздықованың еңбектері көп жылдан бері жоғары оқу орындарындағы филология факультеттерінде оқу құралы ретінде пайдаланылып келеді.

Тәуелсіздік алып, ұлттық құндылықтарымызды қайта бағалап, рухани мұрамызды түгендеп жатқан кезде ғалым апайымыз Қадырғали би Қосымұлының «Жамиат тауарих» атты шежіресінің тілін жан-жақты зерттеді. Әділдікті ұстаным еткен Рабиға Сыздықова ХVІ ғасырда жасаған, жалайыр руынан шыққан Қадырғали Қосымұлының «Жамиат тарауих» атты шығармасын татарлар иемдене бастаған кезде «Қосымұлы қазақ болса, Ораз Мұхамедханның қасында талай жыл бірге жүрсе, өзі би болса, неге тек татарларға тән болуы керек?» деген ойға келіп, қазақтың ескі тілінде араб графикасымен жазылған дүниені алғаш рет қазіргі графикамызға түсіріп, транскрипциялайды. Ғалым орта ғасырларда түркі халықтарында ортақ кітаби тіл болғанын ескертіп, Қадырғали Қосымұлының еңбегі сол ортақ тілде жазылғанын, ішінде қазақ тіліне тән қолданыстар, тұрақты тіркестер мол екенін, қазақтың рухани мәдениеті, салт-дәстүріне қатысты тілдік бірліктердің көптігін нақты айғақтармен ыспаттап шығады («Язык «Жамигат тауарих» Жалаири»). 1992 жылы тарихшы ғалым М.Қойгелдиевпен бірге тарихи, тілдік деректермен толықтыра отырып, еңбекті жоғары оқу орындарында оқытуға лайықтап қазақ тілінде жариялады. Қазақ, орыс тілдерінде қатар ұсынған осы еңбегі арқылы ғалым бірнеше буын ұрпақтың рухын көтеріп тастағаны белгілі. Екі тілде де ойын еркін жеткізе білетін апайымыздың бұл еңбектерін қайталап оқып отырып, ғалымның ғылымға, ана тіліне, өз ұлтына деген сүйіспеншілігіне тәнті боламыз. Қазақтың рухын асқақтатар, намысын оятар нақты дәлелдері еріксіз тандай қақтырады!

Бұл бағыттағы зерттеулерін әрі қарай жалғастырып, қазақ әдеби тілінің тарихына (ХІІ ғасыр) хронологиялық тұрғыдан дендей отырып, профессор Рабиға Сыздықова Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикмет» атты шығармасының тілін зерттеуге кіріседі. Профессор ХVІІІ ғасырда Самарқан

қаласынан табылған қолжазбаны ХІХ ғасырдың аяғында Залеман деген орыс ғалымы Петербургке алып кетуіне байланысты Кеңес Одағы кезіндегі ең көне қолжазбаның фотокөшірмесін алдырып, қазіргі жазуға көшіреді. Қолжазбаның тілін, көркемдік, лексика-грамматикалық ерекшелігін, текстологиясын зерттеп, 2004 жылы 75 баспа табақтан тұратын «Ясауи «Хикметтерінің» тілі» атты ғылыми монографиясын жариялады.

Бүгінгі таңда тарихи лексикология бойынша жоғары оқу орындарында бірден-бір оқу құралы ретінде пайдаланылып жүрген «Сөздер сөйлейді» атты еңбек – Рабиға апайымыздың хобби ретінде айналысқан зерттеулерінің нәтижесі. Кітаптағы бүгінде түсініксіз болып жүрген сөздерді, тіркес, қос сөздердің құрамындағы жекелеген тілдік бірліктерді талдауы бөлек әлемге түсіріп жібергендей әсер қалдырады. Тіліміздің сырына, терең тұңғиығына әрі қарай да барлап, дендей түсуге талпындырады. Соны талдаулар жасай отырып, Махамбет шығармаларында, Абай туындыларында қате басылып, жаңсақ түсіндіріліп жүрген сөздердің сырын ашады. Терең де дәйекті талдаулары арқылы Рабиға Сыздықова Махамбет өлеңдерінің күдіретін танытады. Сол арқылы тіліміздің шынайы болмысын көрсетеді. Оқырманын сүйсіндіріп, тәнті ете отырып, ана тілімізді бағалай білуге, табиғатын тереңнен түсінуге шақырады. Тілдің тазалығы мен көркемдігіне тамсандыра отырып, ғалымның өзі де сол үдеден шыға білді. Тілдің заңдылықтарын түсінікті де ұғынықты етіп түсіндірді. Профессор түсініксіз сөздерді, терминдерді қолдана қалғанда жақша ішінде сипаттамасын, түсініктемесін қоса беріп отырады. Абай, Махамбет өлеңдерінде дискурс құбылысы, яғни «ақын – өлең-толғаулар – оны қабылдаушылар» үштігінің бірлігі ескерілгенін айтады. Рабиға апайдың еңбектерін оқи отырып, ғалымның қазақ тіліндегі жаңа бағыттарды жетік меңгергеніне көз жеткіземіз. Коммуникативті синтаксис, когнитивті тіл білімі, лингвомәдениеттаным, функционалды лингвистика, т.с.с. жаңа бағыттармен таныстығы, ондағы заңдылықтарды, негізгі ұстанымдарды терең түсінгені байқалады. «Қазақ тілінің анықтағышында» тыныс белгілердің қойылуын тема, рема деңгейінде сипаттауы, «Ауызша дамыған қазақ әдеби тілі» атты еңбегіндегі айтушы ~ мәтін ~ тыңдаушы» үштігі, коммуникативтік жағдаят, дискурс құбылысы, тіл мен сөздің (язык – речь) арақатынасы туралы ойлары осы сөздерімізге дәлел бола алады. Академик Рабиға Сыздықова – қазақ тіл білімінде лингвистикалық стилистика, мәтінтану, психолингвистика, тарихи лексикология, тілдік нормалардың қалыптануы, т.с.с. бағыттарды қалыптастырған ғалым.

Ұстазымыздың ерекше ілтипатпен, өз парызы ретінде атқарып жүрген істерінің бірі – репрессияланған қазақ зиялыларының еңбектерін насихаттап, жинастыру. «Әкем халық жауы емес, әділетсіздіктің құрбаны» деген сенімі күшті болған Рабиға Сыздықова А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, Қ.Жұбанов, Ж.Аймауытұлы, М. Жұмабаев сынды қазақ зиялыларын да «халық жауы» ретінде қабылдамаған. 1988 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов

мұралары бойынша комиссиясының мүшесі болып, репрессияланған қазақ зиялыларының істерін ақтап шығу үшін жан аямай еңбек етті. Кеңес үкіметінің саясаты дүрілдеп тұрған кездің өзінде-ақ ғалым олардың қазақ тіл біліміне, әдебиеті мен мәдениетінің дамуына қосқан үлесін тайсалмай айтқан болатын.

Апай 1965 жылы ұстазы М.Балақаевтың ұсынысымен ғылыми конференцияда Құдайберген Жұбанов туралы баяндама жасады. 1966 жылы ғалымның өмірі мен шығармашылығы туралы «Ғалым-азамат» атты кітабы жарық көрді. Сонымен қатар Құдайберген Жұбанов мұрасының жинақталып, көлемді еңбек болып шығуына атсалысып, редакторлық етті.

Академик Рабиға Сыздықованың А.Байтұрсынұлы еңбектерін насихаттап, жариялаудағы еңбегі де орасан зор. 1977 жылы, Ахмет Байтұрсынұлы ақталардан 11 жыл бұрын, Қазан төңкерісінің 60 жылдығына арналған «Қазақ тіл білімі 60 жылда» атты ғылыми конференцияда Ғылым академиясының мінберінен «Ұлттық тіл білімінің негізін қалаған ғалым – Ахмет Байтұрсынұлы» деп тайсалмастан айтуы – әділдікті ту еткен ғалымның жүректі жарып шыққан сөздері болатын. Кеңес үкіметінің «қылышынан қаны тамып тұрған кезде» бұл – сөз жоқ, көзсіз ерлік еді. А.Байтұрсынұлы еңбектерімен тәрбиеленіп келген аға ұрпақ бұл тұжырымның дұрыстығын мойындағанмен, айтуға батылы бармай жүрген кезде осы сөзіне бола кейін бірнеше рет «жауап беруге» тура келетінін біле тұрып, қазақ қызының Ахмет Байтұрсынұлының тіл біліміндегі орнына лайықты баға беруі, тайсалмастан шындығын, әділін айтуы тарихи оқиға болғаны сөзсіз. Рабиға Сыздықова бұл ерлігін «азаматтық, ғалымдық, шәкірттік парызым» деп санайды. Рабиға Сыздықова А.Байтұрсынұлы туралы «Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті» газеттеріне алғашқы мақалалар жазумен қатар тұңғыш кітаптың да авторы болды. Ғалым еңбектерін насихаттау ісіне де белсене араласып, «Тіл тағылымы» атты жинақтың редакторы болды, ғалымның кейіннен табылған мақалаларын насихаттау ісіне де мұрындық болып келеді. Ғалымдар Рабиға апайымызды бірден-бір ахметтанушы ретінде таниды. Апай Халел Досмұхамедұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Т.Шонанов еңбектерін жинастыру ісіне де басшылық етіп, таңдамалы шығармаларына редактор болды.

Рабиға Сыздықова зерттеулерінде қоғам қажетін өтейтіндей ең өзекті, келелі мәселелер қозғалған. Қазақ тілді мектептер жабылып, қазақ тілді аудитория азайып жатқан тоқырау жылдарында еңбек етсе де, қазақ тілінің тазалығы үшін күресіп, тілдік норма, сауатты жазу, дұрыс сөйлеу нормаларын қалыптандыруға (кодификациялауға) күш салды. Баспада жүргенде әбден қанық болған, сыннан өткен тәжірибелерін тұжырымдап, дұрыс жазу, дұрыс сөйлеу ережелерін түзді. Соның нәтижесінде «Қазақ тілінің орфографиясы мен пунктуациясы жайында анықтағыш», «Емле және тыныс белгілері», «Қазақ тілінің анықтағышы» (1959, 1947, 1996, 2000, 2018), «Сөз сазы» (1983, 1995, 2000), т.б. еңбектерін жариялады. 1983 жылы Қазақ ССР Жоғары Кеңесі Президиумының өкімімен бекітілген «Қазақ тілі

орфографиясының негізгі ережелерінің» жаңа редакциясына басшылық етіп, жұмысына белсене араласты. 1989 жылы «Қазақ ССР-інің Тіл туралы заңының» жобасын жасайтын комиссия төрағасының орынбасары болды. «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігін» бірнеше басылымын баспаға дайындап, редакторлық етті.

Рабиға Сыздықованың біртүлді, екітүлді сөздік құрастырудағы, редакторлық етудегі еңбегі – өз алдына жеке сөз етуге болатын арнайы тақырып. 2002 жылы жарық көрген «Қазақша-орысша сөздіктің» редакторы ретінде апайдың қалай күн-түн дамыл алмастан еңбектенгенін өз көзімізбен көріп, қажыр-қайратына сүйсінгенбіз. Ғалымның Р.Сыздықтың редакторлық етуімен он томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» (1974-1986), «Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі» (1966), Х.Нұрмаханов, Қ.Өмірәлиев, Н.Уәли, Г.Сағидолла, т.б. зерттеушілердің монографиялық еңбектері басылып шықты.

Р.Сыздық – оқулық, сөздік, ғылыми монография, кітапшаларын, бірқатарының өңделіп, толықтырылып, жанартылып қайта басылғандарын қоса есептегенде, 27 кітаптың, 400-ден астам мақаланың авторы. Ғалымның ғылыми жетекшілігімен 9 докторлық, 19 кандидаттық диссертация қорғалды.

Рабиға Сыздық қазақ тіл біліміндегі лингвистикалық стилистика саласының негізін қалады. Ғалым «Сөз құдіреті» атты еңбегінде М.Әуезов, Шерхан Мұртаза, Әбіш Кекілбаев, Мұхтар Мағауин, Сейдахмет Бердіқұлов, Оралхан Бөкеев, Асқар Сүлейменов, Тахауи Ахтанов, Қабдеш Жұмаділов, Кәдірбек Сегізбайұлы сынды көркемсөз шеберлерінің туындыларын лингвостилистикалық тұрғыдан талдап, сөзқолданыс ерекшелігін, көркемдік шеберліктерін сипаттайды.

Рабиға Сыздықова мейрімді ана, қамқор әже ретінде де бәрімізге үлгі бола білді. Әсет ағай мен Мақпал апайға, немерелері – Санжар, Тимур, Ләйла, шөберелері мен жиеншарларына деген сүйіспеншілігіне тәнті болушы едік.

Апай пенделік болмыстан ада, мүлде басқа әлемнің адамы сияқты көрінетін. Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Әбу Сәрсенбаев сынды сөз зергерлері, Қасым Аманжолов, Мұзафар Әлімбаев, Кәкімбек Салықов, Қадыр Жүсіпов сынды ақындар, ғалымдар сүйсінген Рабиға апай шын мәнінде ҒАЛЫМ деген киелі де ұлы аттың үдесінен шыға білді. «Мұның сыры неде?» деген сұраққа жауап іздеген кезде тектілікте сияқты көрінеді. Әдетте атақ-дәрежелі, елге танымал, қадірлі жан көрсек, үнемі асығы алшысынан түсіп, әрдайым жолы болып тұрғандай, әрдайым жанынан қолдаушысы табылып, тағдырдан ешқандай теперіш көрмегендей әсерде болатынымыз белгілі. Ал Рабиға апайымыздың өмір жолына, басынан кешкендеріне көз жүгірте отырып, қатал тағдырдың сынынан сүрінбей өтіп, тектілігінің, намысшылдығы мен еңбекқорлығының арқасында қиындықтың бәрін жеңіп шыққанын көреміз. Көреміз де сүйсініп, үлгі алуға, «болмасақ та ұқсап бағуға» тырысамыз...

М.Балақаев, І.Кеңесбаев, А.Ысқақов сынды ұстаздарын, ғылыми зерттеулерінің бағыт-бағдарын айқындап берген Мұхтар Әуезовті, Құдайберген Жұбанов туралы алғаш баяндама жасап, елді тебіrentкені үшін қызы ретінде қабылдап, араб жазуымен (А.Байтұрсынұлы жазуы) «Раушан» деп жазылған сақинасын сыйлаған Раушан апай Жұбанованы (ол жүзікті апай Құдайберген Жұбанов туралы елеулі еңбек еткен немесе сондай мектеп қалыптастырған ғалымға (қызға) тапсырмақ болып жүріп, ондай ғалым шыға қоймағандықтан, 2013 жылы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында салтанатты түрде Құдайберген Жұбановтың кенже ұлы – Асқар ағайдың зайыбы – Эльмираға тарту етті), қатар-кұрбыларын әрдайым ерекше бір сүйіспеншілікпен еске алып отыратын.

Апаймен өткізген әр сәт – біз, шәкірттері үшін баға жетпес байлық, алтын уақыт. Рабиға апайдың шәкірті болғанымыз үшін тағдырға соншалық ризамыз. Академик Бауыржан Омаров апай туралы естелігінде: «Рабиға апайдың ұстаздық ұлағатын сезіну» дегеннің рақатына ештеңе жетпейді! Кейде ол кісінің тікелей ғылыми жетекшілігімен зерттеу жүргізіп, еңбек қорғаған, авторефератының сыртында академиктің аяулы есімі тасқа басылғандай етіп жазулы тұратын ізетті ізденушілерге кәдімгідей қызығатынбыз. Шынында да солай, басқалардың бағы бес елі болса, олардың бағы бес келі еді», – деп жазып еді. Расында, апайдың шәкірті болғанымыз үшін Аллаға шүкірлік етеміз. Осынау абыройлы атқа кір келтірмеуге, сүйікті апайымыздың ісін жалғастыруға тырысамыз.

«Уақыт – емші» дегенмен, апайымыздың жоқтығы уақыт өткен сайын айқын білініп жатыр. Институттың әліпби мәселесінде нақты шешімге келе алмауы, емледегі ағаттықтар да апайдың арамызда жоқ екенін айғақтап тұрғандай. Күнделікті өмірде қуанышымызды бөлісіп, мұңымызды айтатын адамымыздан айырылғанымыз жанымызға батады. Бұрынғыдай телефон соғып, қасында отырғымыз келеді, іздейміз, жабығамыз, қамығамыз...

Тіліңіз тәтті, ойыңыз қандай?!

Тыңдадым, ұқтым жан күйіңізді.

Болар ем күнде бір жасағандай,

Көп туса қазақ дәл сіздей қызды! –

деп Қасым ақын жырлағанбай, дәл апайдай болмаса да, апайдың еңбектерінен нәр алған, ғалымның ұстанымдарын үлгі ететін, кейінгі ұрпаққа жеткізетін жастар көбейсін! Абайды зерттеп, өзі де ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек иесі болған апайдың ғибратты ғұмыры бүкіл қазаққа үлгі боп қала береді!

**ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ ТАҒЫЛЫМЫ МЕН
ТАЛАНТТЫ ШӘКІРТ ТАНЫМЫ**
(Профессор Нұрдәулетова Бибайша Ілиясқызының
60 жас мерейтойына орай)

Н.С. ҚАМАРОВА,
Филология ғылымдарының кандидаты
Yessenov University профессоры
Ақтау, Қазақстан

Мемлекетіміздің рухани құндылықтарының бастысы – білім-ғылым десек, бұл тұрғыдан, ұлтымыздың сүйікті қызы, қазақ тіл ғылымының көрнекті қайраткері Сыздық Рәбиға Сәтіғалиқызының азаматтық, ғалымдық, ұстаздық келбеті, өзіндік мектебі айқын қалыптасқан дер едік. Бүгінде ақыл мен ойдың кемелденген, тәжірибе мен көрегендіктің толысқан, шынайы шеберліктің шыңына шыққан шағындағы ұлы ұстаз Рәбиға Сыздықтың жарты ғасырдан астам уақытты қамтитын ғылыми-шығармашылық белестері қай-қайсысымызға да өміршең өнеге, тамсанарлық тағылым.

Сол тағылымды мектептің белді өкілі, ғалым – Бибайша Ілиясқызы. Қазіргі тіл білімі ғылымында Бибайша Ілиясқызын ғалым ретінде танымайтын адам жоқ шығар. Қазақ тілінің қазынасын бүкіл болмысына сіңіріп, киесін сезінген, тумысынан қабілетті, сөзді өнер деп ұққан ата-бабамыздың асыл қасиетін дарытқан әріптесіміз – білікті ғалым, ұлағатты ұстаз, тәжірибелі тәлімгер.

1964 жылдың 15 тамызында Қызылорда облысы Арал ауданының Жамбыл атындағы колхозында атасы Нұрдәулеттің өзі көрмесе де есімін қойып кеткен әулеттің сүткенжесі «нашар бала» дүниеге келеді. Атасы Нұрдәулет белгілі жырау болғандықтан бұл әулетті халық «Жыраудың үйі» деп атап кеткен екен. Әжесі Кенже Арал өңіріне белгілі Тұрған сынықшының қызы, өзі де сынық салып, құмалақ ашқан, бес уақыт намазы мен оразасын қаза қылмаған таза, өте тақуа жан еді. Нұрдәулет жырау Әзілхан, Әмірхан, Сейілхан деп алғашқы ұл немерелерінің атын өзі қойған. Дүниеге келетін «нашар балаларды» да болжап, аттарын Қазына, Бибайша деп қойып кеткен екен жарықтық. Бұл әулет дүниені емес, сөзді кие тұтты. Кенже әжесі сөзге ұста, әңгімені тапқақтап әсерлі айтатын болған. Кеңес үкіметін жек көріп өтті. «Орташа» ретінде дүние-мүлкі тәркілеуге ұшыраған. Ауылдас белсенділердің он екі қанат ақ ордасын, мал-мүлкін тартып алғанымен қоймай, пешке тығып қойған алты қап астығына дейін сыпырып алып, қаңғытып жібергенін, жеті сәбиінің аштықтан, аурудан көз жұмғанын жыр қылып айтып өткен. Нұрдәулет жырау «Қырымның қырық батырын» жырлаған. Небір зұлматтың бәрін көріп, еңсесі түскен елдің көңілін жырмен делбеп, рухын көтерген. «Нағашыларымның айтуынша, елдің басы қосылса, Нұрдәулет жырауды алдыртып, жырлатады екен, ол кісі ешуақытта кісі көңілін қалдырмайды, жырла десе, домбырасын алып, жырды төгіп-төгіп

жібереді. Қызметі үшін ешқандай «байрақ» дәметпейді екен», - деп еске алады Бибайша немересі. Нұрдәулет жырау дүниеден озғаннан кейін 1961 жылдың желтоқсанында дүниеге төртінші немере ұлы келгенде атасы атын қоя алмай кетті деп, әкесі Ілияс ұлының атын Болат қойған. Нұрдәулет атасының бойындағы жырдың киесі Болатқа қара сөз боп қонады. 6-сыныптан бастап Болаттың мақалалары аудан мен облысты қойып, республикалық «Қазақстан пионері» газетінде жиі жариялана бастады. Екі жыл бойы Болаттың есімі дүрілдеп тұрды. Ауылға өкіл келсе де, ақын мен әнші, тілші келсе де, Болатты іздейтін болған. Ауылға келетін поштаның тең жартысы Болатқа келген хаттардан тұратын. Ресей, Өзбекстан, Қарақалпақстан, Қазақстанның түкпір-түкпірінен Болатпен дос болғысы келетін ұл-қыздардың сәлем хаттары ағылып жатады екен. «Жалаңаш» деген теңіздің түкпірінде жатқан, мал бағу мен балық аулаудан басқа кәсіпті білмейтін, томаға тұйықтау ауылдың қарапайым адамдары Болаттың мақалалары арқылы соғыс, еңбек қаһармандарына айналып, елге танылды, №58 орта мектептің оқушылары туралы әсерлі, жып-жылы әңгімелер «Қазақстан пионерінде» бұрқырап жарияланып жататын. Болат Нұрдәулетов туралы белгілі ғалым, журналист Бауыржан Омарұлы былай жазады: «...Жазғандары өткір. Ой-тұжырымдары тіліп түседі. Сөйлемдері ойнақы. Бұл маған қатты әсер етті. Себебі бұрын маған танымал жазушы-журналистердің бәрі ылғи алыс өлкелерден шығатын секілді көрінетін. Жоқ олай емес сияқты. Мына тұрған Жалаңаштан да шығып, бүкіл дүниені дүрілдетуге болады екен ғой. Осы басылымның бетінде бір жыл бойы дамылдамай қаламын ойнақтатқан әлгі бала бір күні үнсіз қалды. «Неге өйтті екен?» – деп келесі мақаласын тағатсыздана күтіп жүргенбіз. Содан көп ұзамай-ақ сол «Қазақстан пионерінің» бір бетін түгел жайлап, «Ол өмірге құштар еді...» деген қазанама-мақала шыға келсін. Авторы – Жалаңаш орта мектебі әдебиет пәнінің мұғалімі Әбдірайым Есендіков. Бұл кісінің де бір адамдай жазуға таласы бар еді. Шошып кеттім. Бар болғаны сегізінші класс оқитын Болат Нұрдәулетов мотоциклден аударылып, ғайыптан көз жұмыпты. Жазуға деген құштарлығы ерте оянған жас талаптың қыршын ғұмыры осылай үзілді. Егер ол бүгінге дейін аман-есен жүргенде, қазақтың қалам мен қағазға адал қаламгерлерінің бірі болатыны сөзсіз еді. Болаттың туған қарындасы Бибайша кейін ағасының армандаған биігіне шықты».

Небәрі 16 жасында қыршын кеткен ұлын жоқтаған анасы «Есімін атам қойғанда, тірі болар ма еді!?» деп көп қайғырады. Болатпен бірге елдің ырыс-берекесі болған Арал теңізі де кеткен кез еді!..Болашақта жазушы болуды армандаған, шетел классиктерінің шығармаларын беріле оқыған, ұнаған тұстарын блокнотына түртіп алатын талантты ағасының қазасы Бибайшаға да оңай тимейді. Бибайшаның ең алғашқы өлеңі де Болатқа арналады. Ағасының артында қалған сегіз блокноттағы жазбаларды, күнделіктерін жинақтап, 2014 жылы Астанада «Қуаныш әкелетін кім?» деген жинақты «Профи Медиа» баспасынан шығарады. Мектепте Болатты өз баласындай көріп, жазуға баулыған әдебиет пәнінің мұғалімі Әбдірейім

Есендіков деген ұстазы Бибайшаның да талантын байқаған. Сыныбында Айдынгүл Құлжанова деген құрбы қызы екеуі өлең жазып «мектептің ақыны» атанып жүретін. Бір күні Әбірайым ағайы Айдынгүл екеуіне Лениннің туған күніне өлең жазуға тапсырма береді. Ертесіне өлеңдерін оқыған ұстазы Айдынгүлдің өлеңін мақтайды да Бибайшаға «сенен ақын шықпайды, сен сол прозанды жаза бер!» деп жол сілтейді. Проза жазуға икемді қыз содан бастап өлең жазуды қойып кеткен. Ағасы Болатқа арналған жалғыз өлеңі 1979 жылы «Қазақстан пионеріне» жарияланады.

Әсем Алматы төріндегі қазақ білімінің киелі шаңырағында білім алу кімнің арманы болмады?! Сол кездегі С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде оқыған жылдары Бибайшаның ғылымға қадам басқан кезі еді. Әйгілі ғалымдар мен айтулы ұстаздардан тыңдаған дәрістер, олардың ғылымдағы жетістіктері, өз мамандығына деген қатынастары шәкірттеріне өмір сабақтарын да қоса дарытып жатады. Бибайша үшін университетте оқу оқып, дәріс тыңдаған, білімін шыңдаған уақыттардың бәрі де өзін-өзі табудың, ізденудің жолдары еді. Университеттің филология факультетінде оқитын студенттерді «Тілші», «Әдебиетші» деген топтарға бөліп оқытатыны белгілі. Бибайшаның жанына әдебиет жақын болса да «Тілші» бөліміне түскеніне шын қуанады, студент кезінен тілдің құдіретін сезіне түседі.

Екінші курста оқитын кезі. Сабақ аяқталып, ҚазМУ-дің филология факультетіндегі әйгілі М.Әуезов аудиториясынан шығуға жиналып жатқанда бір курс жоғары оқитын студенттер кіріп келеді, орын алмасып, абыр-сабыр болып жатқан бір мезетте Нұрайша: «Бибайша, қара, әне, анау Светқали деген ақын!» деп шашы бұйра-бұйра, көздері от шашқан жігітті көрсетеді. «Жалт қарасам, қарсы алдымда мифтік образ тұр екен! Шынымды айтсам, тірі ақынды сонда бірінші рет көрдім!», - деп еске алады Бибайша сол кезді. Бибайша – әйел затына тән ұсақ-түйек, дүние-мүлік, өсек-аяңмен шаруасы жоқ, тура сөйлейтін, рухы мықты қыз. Рухы мықты дегеннен шығады, сонау ызғарлы Желтоқсанды еске алса, көзіне жас алады. Арада отыз сегіз жыл өтсе де кімнің кім екенін танытқан, тарих үшін тәлімі мен тағылымы бар күрескерліктің үлгісі болған сол оқиға әлі де жанын қарып, көңілін мұзатады, жүрегін сыздатады. Желтоқсан десе, сол көңілсіз көріністер көз алдына келе қалады. Сол ызғарлы күні сабаққа келген студенттер топ-топ болып Брежнев алаңына қарай жүреді. Бибайшаның жанында Жанат Әскербекқызы, Қарлығаш Төленқызы, Нұрайша Бекеева сынды құрбылары да құлаққа түрпідей тиген жаңалықтан соң көңілдері жабырқап, талаптарын айту үшін алаңға қарай асыға адымдай жөнелді. Жастары жиырмадан асқан қарақөздердің қазақ болып туылғанына қаралай айыптыдай сезініп жүретін кезі еді. Отбасын құрғандары кішкентай сәбилерін құшақтап, жетім бұрышта дірдектеп жүргендерін, қазақ тілі үшін қорынғандарын ойлағанда бойларындағы қандары атойлап, Ұлттың ары үшін, елдің есесі үшін ешкімнен тайсалмады. Алаңда кешке дейін тапжылмастан тұрып, ұрандатып, жігерлі әндер айтып тұрғанда орталарынан сүйреп алып кетіп жатқан

адамдарды «бермейміз» деп те арпалысқан сәттері де болды. Сүйектен өткен суықты елеместен таңды таңға ұрып тұруға бар еді, түнге қарай су тасымалдайтын машиналар шыға келіп, жастарға су шаша бастайды. Үстері қатырлап мұз бола бастағанда жанындағы досы: «Енді тұруға болмайды. Кетейік!» деп қолынан сүйрелеп ығы-жығы арпалыстың ортасынан алып шыққаны есінде. Ертесіне студенттер емханасында есін жияды...

Бибайшаның ғылымға икемділігін байқаған ұстаздары ҚазМУ-дың филология факультетіне жұмысқа қалдырады. Пәтерден пәтерге көшіп жүруге жағдайы болмай Бибайша Маңғыстауға қайтқанды жөн санайды. Светқалидың «Пионер» журналында жұмыс істеп жүрген кезі, ол сол журналда қала береді де, Бибайша ұшаққа отырады. Ұшақта ұстазы, ғалым Жансейіт Түймебаевпен қатар отырып қалады. Дәріс берген ұстазы таңданыспен сенім білдірген шәкіртіне «Бибайша-ау, сені университетке қалдырып едік қой, сабақ басталатын уақытта қайда бара жатырысың?» дейді. Сол кезде Бибайша Алматыда тұрудың оңай еместігін, тіркеуде еместігін, жалдаған пәтерінен қуылғандығын, елге келіп қызмет етуге бел буғандығын айтып береді. Жансейіт Қансейітұлы басын шайқап: «Ақындар қияли болады, ақынның сөзіне ермей, Алматыда қалғаның дұрыс еді, кез келген адам қала алмай жүргенде..., саған мүмкіндік берілгенде... сенің ауылға кеткенің қалай? Тіркеу деген не? Сол да сылтау ма? Көмектесетін едік қой!..» деп ұрсып қояды. Алматыдан Ақтау (сол кезде Шевченко) қаласына төрт сағатқа жуық ұшқан ұшақта ұстазы Бибайшаның Алматыда қалмағанына қынжылыс білдіріп келеді. Бір уақытта «онда Маңғыстаудың бір ауылында от басы, ошақ қасы болып қалып қоймай, орталықтан жұмыс ізде, қиналсаң, мына телефонға хабарлас!» деп үлкен қызметте істейтін туған ағасының телефонын жазып береді.

Маңғыстауға келген соң да бірден жұмыс табыла қоймайды. Барлық мектептерде қазақ тілі мұғаліміне сұраныс жоқ, бұрынғы кадрларымен толық екен. Жансейіт ұстазы айтқан телефонға хабарласады. Ол кісі «ана мектепке, мына колледжге барарсың» дегенмен, ол жерлерде қазақ тілінен сағат жоқ болып шығады (ол кез қазақ тіліне өте аз сағат бөлінген кез болатын), оның үстіне тіркеуде жоқтығы да алдынан шығып отырады.

Бәріне қолын бір сілтеп, Ералив (қазіргі Құрық) деген ауылға барып тұрақтайды. Ол жерде де мектептерден сағат таппай, Пионерлер үйінен үйірме жүргізеді. Бибайшаның ұйымдастырған көркем сөз оқу үйірмесіне ауыл балалары қызыға қатысады. Ұлттық рухта тәрбиелеуді мақсат еткен үйірме ешкімді де бей-жай қалдырмайды. Бибайша қоғамдық жұмыстарға да белсене араласып, мәдени-көпшілік шараларды ұйымдастыруға атсалысады. Алғаш рет Наурызды тойлауға, қазақ тілін көтеруге күш жұмсайды. Келесі жылы Құрықтың №6 мектебі жұмысқа шақырады. Мектепте де алдыңғы қатарлы мұғалім болып көзге түседі. Жазған мақалалары, ұйымдастырған шаралары әсерлілігімен ерекшеленетін. Мысалға, бір ғана «Оқытуды халықтық тәрбиемен ұштастыру» деген мақаласы («Түлеген түбек» газеті, 14

мамыр, 1991 жыл) аймақ мұғалімдерінің, облыстық білім басқармасының қызығушылығын туғызып, алғыстарға ие болды.

Бір жылы қыста Бибайша Ақтаудағы мұғалімдер білімін жетілдіру курсына жіберіледі. Сол жылы Атырау университетінің Ақтау филиалы ашылып жатқан кез еді. Жансейіт ағаның Алматыдан қайтарда ұшақта айтқан сөзі есіне түсіп, сол оқу орнына хабарласады. Атырау университетінің Ақтау филиалының директоры ғалым-педагог Ақылбек Қабиұлы жаңадан ашылған оқу орнына ғылымға икемді оқытушыларды жинап жатқан кезі еді. Бибайша да түйіндемесін тапсырып, көп ұзамай сол филиалға қызметке орналасады.

Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы болып қабылданған Бибайша төрт жылдан кейін кафедра тізгінін қолға алады. «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Орыс мектептеріндегі қазақ тілі» бакалавр мамандықтарын, магистратурасын, докторантурасын ашты. Ашылғанын айта салу оңай болғанмен, оның ар жағында қаншама қажырлы еңбек жатқаны айтпаса да түсінікті.

Ол кезде кафедрада ғылыми дәрежесі бар, атағы бар бірде бір оқытушы болмады. Біздің жас кафедрамызға ең бірінші ғылымды алып келген де Бибайша еді. Жас мамандардан өз ісінің білгірі болуды, шынайылықты талап етті. Қатал талап қойып, біздей жастарды ең алғаш ғылымға баулыды. Әлі ғылымның иісі мұрнына бармайтын ұжымға жан бітіруі еңбекқор жанның жанкешті еңбегі еді. Ұйымдастырған ғылыми семинарларында ғылыми мақаланы қалай жазу керек деген мәселе көп талқыланатын. Біздерге ғылыми жинаққа ғылыми мақала жазуды тапсыруы, ол мақаланы мұқият тексеруі, сын айтуы, қайта жазуға беруі бізге үлкен сабақ болды. Осылайша ғылымға баулып, кандидаттық диссертация тақырыптарын таңдап, ізденуге жол ашты. Аспирантураға түсуге кеңес беріп, Алматыға барып, ізденуді ұсынды. Осындай кеңестерінің арқасында аспирантурада да оқыдық, кандидаттық диссертацияларымызды да сәтті қорғадық. Университет ректорлары болған Е.Т.Божанов, Ә.С.Ахметов, Ә.Ә.Әбжаппаров, бірінші проректор болған С.С.Исабаева сияқты тұлғалардың қазақ тілін, ғылымға бет бұрған кафедра ұжымын қолдауының арқасында кафедра аяғынан нық тұрды.

Есенов университетінде қазіргі қазақ филологиясы кафедрасының ғылыми әлеуетін жүз пайызға дейін жеткізіп, кафедраны оқу ордасындағы ең алдыңғы қатарлы ұжымға айналдыруға бар қажыр-қайратын салған Бибайша Ілиясқызын ерекше құрмет тұтамыз. Оған ешкімнің таласы да жоқ. Он екі жыл бойы кафедра басқара жүріп ұйымдастырған мазмұнды конференциялары («Мәдени мұралардың танымдық негіздері», «Тіл. Қоғам. Заман» және т.б.) туралы айтсам, мақала көлеміне сыймас еді. Қай конференцияны ұйымдастырса да жоспар орындау үшін емес, нақты нәтижесі болу керек деген мақсат болды. Бибайшаның негізгі мақсаты қазақ тілін өгейсітпей, биікке көтеру болды. Шырылдап жүріп, ана тіліміздің мемлекеттік мәртебесін қалыптасыру, қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейту үшін қыруар жұмыс атқарды.

2001 жылдың 14 қарашасы күні Қазақстан тәуелсіздігінің 10 жылдығына орай «Мемлекеттік тіл мәртебесі – тәуелсіздік кепілі» атты Батыс аймақтық ғылыми-практикалық конференциясы елді елең еткізеді. Конференцияға ҚР Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының президенті, академик Ә.Қайдари, белгілі ғалымдар Ө.Айтбаев, Т.Сайрамбаев, Қ.Құрманалиев сияқты корифейлер шақырылды. Осы ұлы жиын мазмұнды да тағылымдылығымен көптің есінде қалды. Сол жылдары облыс әкіміне дейін тайсалмастан барып, тіл үшін өткір ұсыныстар айтуы елін, жерін шын сүйетін нағыз патриот екенін дәлелдей түскендей.

Университетке жыл сайын Алматыдан белгілі ғалымдарды, ақын-жазушыларды алдыруға мұрындық болды. Филология ғылымдарының докторы, профессорлар Р.Сыздық, Ә.Қайдари, З.Бисенғали, Ж.Манкеева, жазушы Ә.Кекілбаев, ақын Ф.Оңғарсынова сияқты корифейлерді шақырып, кездесулер өткізді, дәрістерін тыңдатты, жастарды ғылыми ізденіске бағыттап, жыл сайын кафедрадан бір-екі оқытушыны ғылыми тағылымдамаға, ғылыми конференцияларға жіберіп отырды. Ол кезде барлық іс сапар шығыны университет тарапынан өтелетін. Басшылық кім болса соны жібере қоймайтын. Сондай кезде ұжым мүддесі үшін оқу орны басшылығына дейін аяқтай кіріп, талап-өтінішін айта білген Бибайша Ілиясқызының батылдығына риза болатынбыз. Жалықпайтын, шаршамайтын қалпын көріп, күш-қуатты қайдан алады екен деп те ойлайтынбыз. Қандай істі бастаса да нәтижесіне жетпей тынбайтын табандылығына таң қаламыз. Ана бір жылдары университет ректорына ұжым наразылық білдіргенде де ұжым талабын жоғары жаққа өткір жеткізе білген де Бибайша Ілиясқызы еді.

Көңіліне берік бекіген басты мақсаттың бірі ғылым жолы екенін университетте оқып жүрген кезінен анық сезінген Бибайша кафедраны басқара жүріп, ылғи ізденіс үстінде болды. Ғылым әлемінің қиындығы мен қызығы, тауқыметі мен талабы оны Маңғыстаудың ақын-жырауларын зерттеуге жетелейді. Академик, аса көрнекті лингвист Рәбиға Сыздықованың сүйікті шәкірті бола жүріп, асыл сөздің құнарына қаныққан, *жыр киесін* қастерлей білді. 2000 жылы А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғылыми кеңесінде академик Р.Сыздықтың жетекшілігімен кандидаттық диссертация, 2008 жылы «Жыраулар поэтикасындағы дүниенің концептуалдық бейнесі» тақырыбында докторлық диссертация қорғады. 2011 жылы «Тіл білімі» мамандығы бойынша министрліктің профессоры атағы берілді. Екі жүзге жуық ғылыми мақалалары мен баяндама мәтіндері министрлік бекіткен басылымдарда және республикалық, халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында, халықаралық Скопус базасына тіркелген журналдарда да бірнеше мақаласы жарияланды. Бірнеше республикалық, жергілікті ғылыми жобалардың жетекшісі болды. ҚР БҒМ бекіткен іргелі оқулықтың (Когнитивті лингвистика, 2011) және алты авторлық оқулық пен оқу құралдарының, бес монографияның, ғылыми жинақтардың авторы, он ғылыми-педагогикалық туындыларға авторлық куәліктері және жүзге жуық біліктілігін арттыру куәліктері мен

сертификаттары бар. Биыл профессор Б.Нұрдәулетованың «Сакралды Маңғыстау» авторлық курсы халықаралық жаппай ашық онлайн курс (COURSERA) базасына енгізілді.

Б.Нұрдәулетованың ғылыми-зерттеу бағыттары қазіргі қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттар (когнитивті лингвистика, ареалды лингвистика, лингвофилософия, этнолингвистика), қазақ поэтикалық тілінің қалыптасуы, жыраулар поэтикасы, қазақ орфографиясының мәселелері, латын графикасына негізделген қазақ жазуының мәселелері, тіл тарихын дәуірлеудің теориялық негіздері, сакралды мәтіндер тәрізді қазіргі тілтанудың өзекті мәселелеріне арналаған, ол осы саладағы зерттеу еңбектердің, магистранттар мен студенттерге арналған алғашқы және бірден-бір оқулық, оқу құралдарының авторы болып табылады. 2012 жылдан бері Ресей Жаратылыстану Академиясының корреспондент мүшесі.

Бибайша Илиясқызы әр жылдары «ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері», «Қазақстанның ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» белгілерімен және ҚР БЖҒМ Құрмет Грамотасымен марапатталды. 2012 жылы Түркіменстан мен Қазақстан арасындағы әдеби-мәдени байланыстарды дамытуға ат салысқаны үшін Түркіменстан консулдығының Алғыс хатымен, 2016 жылы түркі халықтарына ортақ мәдени мұраларды насихаттауға ат салысқаны үшін Қарашай-Черкесск Республикасы Парламентінің Құрмет Грамотасымен, 2020 жылы ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы құрметіне ҚР БҒМ Алғыс Хатымен марапатталды. «Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ-нің ең үздік профессоры», ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Жылдың үздік оқытушысы», Маңғыстау облысы бойынша «Жыл ғалымы» атағын иеленген кездері де болды.

«Арал-Каспий ғылыми-зерттеу орталығының» директоры болған жылдардан бастап Маңғыстау облысының тарихи-мәдени мұраларын қорғау және зерттеу жөніндегі ғылыми-әдістемелік кеңестің тұрақты мүшесі ретінде осы саладағы ғылыми-зерттеулерге қатысты. Маңғыстау облысы әкімінің Алғыс хаттарымен марапатталды.

Маңғыстау өлкесі бойынша елуге тарта ақын-жыраудың бұрын-соңды еш жерде жарияланбаған немесе жарияланғандары мәтіндік қысқартулар мен өзгертулерге ұшыраған бес жүзге жуық поэзиялық шығармаларын жинақтап, жүйелеп, «Көне күннің жыр күмбезі» деген атпен «Жазушы» баспасынан шығарды. «Тіл таңбалы ақындар», «Қайыртпай кеткен Қашаған» т.б. жыр жинақтарының құрастыруға қатысты. 2012-2013 жылдары Маңғыстау облыстық мәдениет басқармасының сұранысы бойынша «Маңғыстаудың материалдық емес мәдени мұралары», 2014-2015 жылдары Маңғыстау облыстық тарихи-өлкетану мұражайының сұранысымен «XVIII-XIX ғасырлардағы Маңғыстау көркем мәтінінің текстологиясы мен тілі» тақырыбында ғылыми жобалар орындады. 2018 жылы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ұйымдастырылған «Маңғыстау облысының тарихи-мәдени мұраларын кешенді зерттеу» халықаралық кешенді экспедициясының ғылыми жетекшісі болды. Б.Нұрдәулетованың авторлығымен «Қырымның

қырық батыры» жырлар цикліндегі Маңғыстау географиясы» (2012) және «Маңғыстау аймағындағы эпитафиялық жазбалар (Тас кітап)» (2022) тақырыбында екі деректі фильм түсірілді. ҚР БҒМ Ғылым комитетінің 2012-2015 жылдарға арналған ғылыми жобалар гранты негізінде «Қырымның қырық батыры» жырлар циклінің қазақ мәдениеті тарихындағы орны және ұлттұтастырушылық қызметі» тақырыбында ғылыми жобаның жетекшісі ретінде жоба жұмысын ұйымдастыру, үйлестірумен, ғылыми зерттеумен айналысты. 2020-2022 жылдары «Маңғыстау аймағындағы сакралды мәтіндердің концептуалды кеңістігі (жыраулық мәтіндер, эпитафиялық жазба мәтіндері, петроглифтер)» ғылыми жобасының ғылыми жетекшісі болып, отызға жуық ғылыми мақаласы халықаралық, республикалық ғылыми басылымдарда жарияланды, бірнеше авторлық куәлік алынды, бір деректі фильм түсірілді. Көрші түркі тілдес елдерге, Маңғыстаудың киелі жерлеріне экспедициялар ұйымдастырып, мәдени-тарихи мұраларға терең назар аударып, ескерткіштердегі таңбаларды тануға ұмтылған ізденістері, Маңғыстау ескерткіштерінің сакральдық ерекшеліктері бағытындағы зерттеулері көп құпияны ашып келеді.

Көзін тырнап ашқалы *жыр* тыңдап, сөз *киесін* бағамдап өскен, кейін Светқалидай ақынның жан жары болған Бибайшаға Маңғыстаудың ақын-жырауларын зерделеу аса қиынға соқпады. Бабалардан қалған асыл сөздерді, жыр-мұраларды қағазға түсіріп, асықпай парақтады. Бабалардың бойтұмары болған жыршылық, жыраулық өнерді дәріптей білді. Осы орайда екі жыл бұрын университетте «Дәстүрлі музыка өнері» білім беру бағдарламасын ашудағы орасан еңбегін атамай кету де әбестік болар еді.

Қазіргі таңда Б.И.Нұрдәулетованың жетекшілігімен 2023-2025 жылдарға арналған ҚР ҒЖБМ грантымен қаржыландырылатын «АР19680234 Маңғыстау топонимастикалық ареалы: тарихи топонимия, топовейнелер және оларды интерпретациялау» ғылыми жобасы жүзеге асырылуда.

Қырық жылға жуық уақыт бойы білім беру, ғылым саласында адал еңбек етіп келе жатқан Бибайшаның ұрпақ тәрбиесіндегі, білім берудегі, ғылымдағы еңбектерін тарқатып айтсам, бірнеше мақалаға жүк болар еді. Бір ғана мақалаға сүт қаймағын қалқығандай негізгі тұстарға ғана шолу жасасам да Бибайшаның тұлғалық қадір-қасиетін көрсете алдым деп ойлаймын.

Өмірі өнегеге толы, тағылымы терең, әр атқарған ісі үлгі, сөз киесі дарыған, туған тілдің тұғырын биіктеткен ұстаз-ғалым әлі күнге талапкер жастарды, жас ғалымдарды терең білімге баулып келеді. Өз ісіне шын берілген осы бір аяулы жанның ғылым-білім саласындағы ерен еңбегі шәкірттерінің білімі мен білігін, танымы мен талғамын дамытуда жалғасын таба бермек. Саналы ғұмырын ел руханияты жолына арнап келе жатқан әріптесімізге мықты денсаулық, ғылым жолындағы ізденістеріне сәттілік тілейміз.

1-СЕКЦИЯ. ӘДЕБИ ТІЛ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ӘОЖ 81-11

АҚЫН-ЖЫРАУЛАР ТІЛІНДЕГІ КӨНЕЛІКТЕРДІҢ УӘЖДЕМЕЛІК СИПАТЫ (АКАДЕМИК Р.СЫЗДЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРІ НЕГІЗІНДЕ)

Б.И. НҰРДӘУЛЕТОВА,
филология ғылымдарының докторы, профессор
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті,
Ақтау, Қазақстан

Аңдатпа. Қазіргі әдеби тіл нормасымен барлық уақытта сәйкесе бермейтін тұлғалар, мағыналары күңгірт немесе образды мағынада қолданылатын сөздер Маңғыстау жыраулары тілінде жүйелі түрде кездеседі. Олардың шығу тегін іздесек, бір ұшы көне жазбалар тілі мен тарихи сөздіктерден, туыстас түркі тілдерінен ұшыратамыз. Бұндай сөздер мен сөз қолданыстарының қатарында көне сөздер де, кірмелер де, жергілікті сипаты бар сөздер де бар. Біз оларды бір сөзбен жыраулар тіліндегі «көнеліктер» деп атадық, себебі олар қазіргі тілдік орта үшін алыс кезеңдердегі поэтикалық тіл дәстүрін танытатын көне сипатты қолданыстар. Ал бұндай көркем сөз кестелері ұлттық әдеби тілімізге жат емес, өз тіліміздің қара қазанынан қайнап шыққан ұлттық, рухани жәдігерліктеріміз болып саналуы тиіс. Бұндай көнеліктерді зерттеу ұлттық әдеби тіл мен халықтық тілдің қарым-қатынасын айқындауға, ауызша тілдің поэтикалық, семантикалық әлеуетін анықтауға зор мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Кілт сөздер. Рәбиға Сыздық, көнеліктер, Маңғыстау, жырау, лексика-семантикалық бірлік, диалектизмдер

Тілдің басты қызметі оның қарым-қатынас бола білу, яғни коммуникативтілігі екендігі белгілі. Бірақ тілдің адам өміріндегі күрделі құбылыс екендігін ескерсек, оның қарым-қатынас болудан да өзге маңызды қызметтері бар екендігі анық. Соның бірі – тілдің кумулятивтік қызметі. Ол – сол тілде сөйлейтін халықтың ұлттық санасын, мәдени-тарихи тәжірибесін, дәстүрлік мұрасын ұрпақтан-ұрпаққа, заманнан заманға, бір тарихи кезеңнен екінші тарихи кезеңге жеткізіп, жалғастырып отыратын қызметі [1, 8].

Тілдің мәдени мұраны, ұлттық рухты тасымалдап, кейінгі ұрпаққа жеткізу қызметі, әсіресе, тілдің диахронды даму сипатын танытатын тарихи лексикологияны зерттеп-зерделеу барысында айқындала түседі. Қазіргі таңда мәтінтану ғылымында көне немесе тарихи мұралардың мәтінін, ондағы тілдік ерекшеліктерді зерттеудің ерекше назарға ие болып отырғаны да сол себептен болса керек.

Біздің зерттеу жұмысымызға нысан етіп таңдалған – Маңғыстау жыраулары тіліндегі қазіргі тілдік қорымызда сирек қолданылатын, мағынасы түсініксіз немесе басқа ұғымда, басқа тұлғада қолданылатын сөздер мен сөз-тұлғалар. Бұндай сөздердің қатарында көне сөздер де, жергілікті тілде ғана сақталған ерекшеліктер де, бір кездерде өзге тілден түрлі тарихи-лингвистикалық жағдайлармен еніп, қазақ тілінің фонетикалық, грамматикалық заңдылығына бағынып, өзгерген күйінде қолданылған тұлғалар да бар. Біз аталған сөздер мен тұлғаларды бір сөзбен «көнеліктер» деп атадық. Біздің қолданысымыздағы «көнеліктер» термині мен тіл білімінде қалыптасқан лексикалық *көне сөздер* термині арасында айырмашылықтар бар. Қазақ әдеби тілінің сөз байлығын жан-жақты қырынан қарастырған еңбектердің авторы Р.Сыздық «Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар» еңбегінде қазақ тіліндегі ескі және жаңа сөздердің танымы мен теориялық негіздерін талдап көрсетеді: «Қазіргі қазақ тілінде *лексикалық ескі-жаңа* қатарлар көзге түседі. Бұл полюстің екі жағын да іздестіруде *уақыт факторы* алға шығады. Лексикалық ескіліктерді іздеуде бағзы замандардағы, ертедегі, күні кешегі деген мезгілдік танымдар ескерілді. Бұл ізденісте сөздің семантикалық қозғалысы, яғни *мазмұн меже* теориясы мен дыбыстық, тұлғалық бітімі, яғни тұрпат меже теориясы іске қосылады. Сонымен қазақ тілінің лексикалық жүйесіндегі *төл және бөгде* болып келетін генетикалық қабаттардың ертелі-кеш кезеңдердегі көрінісі, қолданыс көздері мен олардың дәуірлері, жұмсалыу мақсаттары талдануы тиіс» [2,10]. Р.Сыздық «ескілік» терминін қолданса, біз жұмысымызда «көнелік» терминін қолдануды дұрыс көрдік. *Ескі, көне* сөздері синонимдес болғанымен, мағыналық айырмашылықтары да жоқ емес. Оған дәлел ретінде Р.Сыздықтың келесі пікірін келтірейік: «Демек, тілдің бүгінгі лексикалық қазынасындағы бірліктерді **көне, ескі, жаңа** деп тануға болатындарын *табу, талдау, таныту* қазіргі ғылыми-практикалық мәні бар ізденістердің бірі болмақ» [2,34]. Осы контекстегі **көне, ескі, жаңа** сөздері лексикалық бірліктердің уақыт факторы аясындағы түрлі болмысын көрсететіні сөзсіз. Біздің пайымдауымызша, **ескі** ұғымы **көне** мен **жаңаның** арасындағы аралық межені танытатын тәрізді. Сондай-ақ, Р.Сыздық «ескілік» сөзінің «көне» ұғымымен дәлме-дәл, эквивалент бола алмайтынын да ескертеді. Зерттеушінің айтуынша, ескіліктердің ішінде көнерген сөздер де (архаизм), ескірген сөздер де (историзм) бар. «Ескірген сөз дегеніміз бір кезеңдерде қолданылған зат, бұйымдардың, орын алған оқиғалардың, құбылыстардың, ұғымдардың, ағымдардың т.б. аттары (атаулары). Өздері білдіріп тұрған заттар, құбылыстар, ұғымдар тарих төрінен (қоғам өмірінен) кеткеннен кейін оларды атап тұрған сөздер ескіріп, қолданыстан ығысып кетеді. Бұлайша ығысқан бірліктерді тіл білімінде «көне» деп емес, «ескірген» (историзмдер) сөз деп атайды... Терминком тарихаят деп ұсынады. Калькалау тәсілімен аталған сөздерден гөрі, семантикалық принципті жөн көріп, біз осы еңбекте историзмдерді «ескірген сөз» деп атағанды жөн көрдік», – дейді қазақ тіл білімінің білгірі. Біз осы жұмысымыз барысында тілін зерттеген

жыраулардың поэтикалық мәтіндеріндегі қазіргі тілдік қорымыздан бірте-бірте ығысып, «көнеленіп» үлгерген сөздердің қатарында көнесі де, ескісі де бар. Олай болса, көне сөздердің (көнеліктердің) уақыт межесі өте арғы кезеңді сипаттайды. Ондай сөздердің көнеруі олардың қолданыстан шығып қалуымен ғана танылмайды, неғұрлым тілдің арғы кезеңдегі белгілерін кейінгіге жеткізген белгілерімен де танылады. Біз сондықтан да қалыпты көнерген сөздер терминін емес, «көнеліктер» ұғымын қолдандық.

Академик Р.Сыздықтың ескі лексикалық бірліктерді зерттеу концепциясы

Қазақтың поэтикалық тілі арқылы жеткен көнеліктерді тіл дамуының диахронды сипатын танытатын тілдік факторлар ретінде концептуалды түрде зерттеу нысанына айналуы Р.Сыздық еңбектерінде көрініс тапқан. Бірнеше рет толықтырылып қайта басылған «Сөздер сөйлейді» еңбегінде қазақтың батырлар жырында, XV-XVIII ғасырлардағы жыраулық поэзиясында, көне мақал-мәтел мен фразеологизмдердің құрамында кездесетін қазіргі таңда мағынасы бұлыңғыр тартқан 300-дей сөз талданған [3]. 2009 жылы жарық көрген «Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар» аталатын ғылыми-танымдық зерттеуінде көне сөздердің қалыптасу уәжі, қолданылатын орны, қолданылу деңгейі т.б. танымы мен теориялық негіздері түсіндіріледі. Өзі «тарихи лексикология саласындағы ғылыми-теориялық еңбек» деп дұрыс атағанындай, соңғы зерттеу жұмысында автор тарихи лексикологияның нысаны ретінде лексикалық ескі бірліктерді зерттеудің басты ұстанымдарын, негізгі ұғым-түсініктерін, ескі лексикалық бірлік ретінде танудың уәжін, танылған лексикалық бірліктердің тіл дамуындағы қалып-күйі мен қазіргі тіл қолданысындағы орнын, ескі лексикалық бірліктерді зерттеудің өзіндік жүйесін ғылыми негізде саралап көрсетеді.

Зерттеуші алдымен қазіргі тілдік қазынамыздағы лексикалық бірліктерді көне, ескі және жаңа бірліктер ретінде тануды ұсынады. Расында да, тілдің ең өзгермелі қабаты – лексика – тіл дамуының ішкі, сыртқы факторлары ықпалымен үнемі жаңару үстінде болатыны белгілі. Қазіргі таңда қай сөздердің жаңа, қай сөздердің ескі екенін аңғарып үлгермейміз. Қоғам, заман, формациялардың, ғылым мен техниканың үдемелі дамуы тілге де ықпалын тигізуде.

Автор қазақ тіліндегі лексикалық бірліктерді ескі және жаңа бірліктер ретінде қарастыруда уақыт факторын негізге алады. Оның өзі бағзы заманда, ертеде, күні кеше деп мезгілдік ракурстарға бөлініп қарастырылады. Сөздің семантикалық қозғалысы мазмұн меже теориясы, сөздердің дыбыстық, тұлғалық бітімі тұрпат меже теориясы аясында талданады.

Зерттеуші көнерген және ескірген бірліктерді зерттеудің ғылыми жүйесін ұсынады. Ескі не көне сөздердің статусын белгілеп алу қажет. Атап айтқанда, сөздердің ескіру уәждерін, ескіру кездері мен дәрежесін, қазіргі қолданыстағы орнын (түсініктілік дәрежесін), сақталған орындарын (ауыз әдебиеті үлгілерінде ме, жыраулар поэзиясында ма, мақал-мәтел, тұрақты тіркестерде ме т.б.), этимологиясын анықтау қажет. Ескілік типтері (көне сөз

(архаизм), ескірген сөз (историзм), фонетикалық, морфологиялық, орфограммалық ескіліктер) мен ескіліктердің тақырыптық топтарын, қазіргі тілдегі қолданыстық дәрежесін нақтылаудың мәні зор.

Қазіргі тілдік қазынамыздағы лексикалық бірліктердің сыр-сипатын, қызметін, заманауи тілдегі орнын зерттеп, сол арқылы ұлттық тіліміздің даму қарқынын, алдағы болашағын пайымдаудың қажеттілігі туындайды. Осы орайда Р.Сыздықтың «Қазақ тіліндегі лексикалық ескіліктер мен жаңалықтар» зерттеу еңбегі осы саладағы зерттеулердің ғылыми-теориялық танымы, методологиялық тиянағы болады деп ойлаймыз.

Маңғыстау жыраулары тіліндегі көнеліктердің сақталу уәжі

Жыраулық дәстүр туғызған поэтикалық мәтіндердің (жырлардың) жазбаша мәтіндерден бірнеше басты айырмасы бар: біріншіден, бастапқы нұсқасы ауызша шығарылып, біршама уақыттардан кейін (ғасырлардан кейін) жазуға түсірілгендіктен, бір шығарманың бірнеше мәтіндік нұсқалары бар, екіншіден, тыңдаушысына әлденеше жырау-жыршылардың (олардың өзі әр кезеңде өмір сүруі мүмкін) орындауымен тарап, жеткендіктен түрлі авторлық қолтаңбалардың болуы заңды, үшіншіден, XX ғасырда жыраулық мәтіндердің «екінші өмірі», яғни хатқа түсу кезеңі басталды. Жыр мәтіндерінің ауызша ғұмырындағы мәтіндік тағдыры жыр мектебінің (әрине, жырау не жыршының) стиліне, ұстанымына, жырды тыңдаушы ортаның танымы мен талғамына, қабілетіне қатысты болса, жазуға түскеннен кейінгі ахуалы араб, латын графикасынан кириллицаға көшіруде жазудың емле-ережелерінің қаншалықты түсініп, ұғынылуына, жазуға түсірушінің сауаттылық деңгейіне, баспалық нұсқалары ресми цензураның ықпалына, редактордың танымы мен ұстанымына байланысты болды. Бірақ осынша кедергілер мен күрделіліктерге қарамастан жыраулық дәстүрдің кеңістік пен уақытқа бағынбайтын өміршендігі, ұлт мәдениеті мен санасында үнемі сұраныста болуы жыр мәтіндерінің біздің дәуірімізге бастапқы қалпын қайта тауып, бағзылық сипатымен жетуіне себеп болды. Жырдың бағзылық қалпын бұзбай жеткізуде, әсіресе, Маңғыстау жырауларының дәстүрге беріктігі, осы өңірде ежелгі поэтикалық реалидің сақталып қалуы айрықша рөл атқарып отыр [4].

XV-XIX ғасырлардағы ақын-жыраулар тілінде қазіргі тілдік ортаға бейтаныс көне сөздерді талдау арқылы халықымыздың, оның тілінің тарихына қатысты мол деректер табуға болады. Мысалы, Маңғыстау жыраулары тіліндегі *ұб*, *қаржалу*, *ала жаулы*, *кіс*, *зүрият*, *аңлану*, *озал* қолданыстары Маңғыстауды мекендеген тайпалар тілінде оғыз, қыпшақтық, басқа да көне түркілік элементтердің сақталып қалғандығынан хабар береді немесе осы өңірді ежелгі заманда кімдер мекендегені туралы тарихи дерек береді. Немесе араб, парсы, орыс тілінен енген сөздердің тарихы Қазақстанның Батыс аймағында орналасқан Маңғыстау түбегі тұрғындарының басқа халықтармен саяси, мәдени, шаруашылық қарым-қатынасын көрсетеді.

Жыраулық дәстүр туралы сөз болғанда оның басты ерекшелігі ретінде алдымен жырдың ауызша дүниеге келіп, ауызша таралу қасиеті аталады. Қандай жыр (жыраулық дәстүр туғызған) болмасын белгілі бір оқиға үстінде, ерекше шамырқанған немесе толқыған сезім үстінде, кейде оқыс жағдайларда дүниеге келіп, сол бойда тыңдаушысына таралып, сол тыңдаушылары арқылы әр жерде қайталанып жадыда өшпестей жатталып қалып отырған. Жыраулар хандар мен билердің ақылшысы, кеңесшісі ретінде хан мен қарапайым халықтың арасында бітім айтқан, ханның ойын қараға, қараның мүддесін ханға жеткізіп отыратын қоғамдық-саяси қызмет атқарған, жорықтарға қатысқан. Шешендік сөздер мен билік әңгімелерді іс барысында сол бойда ойдан шығарып айта алатын адамдар ғана жырау ретінде мойындалған. Яғни жыраулардың қоғамдағы орны мен қызметінің өзі өлеңді суырып салып айтуды, ойлау шапшаңдығы мен шешендікті талап етеді.

Жыраулардың тағы бір ерекше қасиеті олардың жаттау қабілетіне байланысты. Қазақта «жадкештік қасиет» дейді. Бұл «жад, жады» сөздерінен шыққан, «есте сақтау қабілеті ерекше» адамдарды осылай атайды. Жыраулар өз шығармаларымен қоса өзге де әріптестерінің, ұстаздарының жыр-толғауларын, батырлық жыр-дастандарды жатқа айтқан. Маңғыстаулық Абыл, Нұрым, Қашаған жыраулар «Қырымның қырық батыры» деп аталатын қырық дастаннан тұратын жырлар циклін 3 ай бойы үзбей, мүдірмей, тыңдаушыларының алдында ауызша жырлайтын болған. Осы үрдісті XX ғасырда Мұрын жырау Сеңгірбекұлы жалғастырды [5].

Қазақ әдебиетінің және қазақ әдеби тілінің тарихында жыраулық дәстүр XVIII ғасырлардан бастап ақындық мектепке ұласты. Академик Рәбиға Сыздық жыраулық пен ақындықтың айырмасын былай көрсетеді: «Жырау – ақындық қабілеті бар жай ғана адам емес, ол ең алдымен қоғам қайраткері, ақылшы, көсем. Жырау кез келген ұсақ-түйек күнделікті тұрмысқа қатысты жай-күйлерді жырлауға тиісті емес... Демек, жырау жоғары тақырыптарды – қоғамдық мәні бар жайттарды толғайды, адамдарға ақыл айтып, кеңес беру, жамандықтан сақтандырып, жақсылыққа үндеу сияқты жүк арқалайды. Ал ақынның мұндай әлеуметтік биік сатыда тұруы шарт емес, ол – қарапайым халық ішінде жүріп, олардың күнделікті қуаныш-ренішін, мұң-мұқтажын, арман-тілегін көріп-біліп, соларды жырлайтын дарын иесі. Ақын поэзиясының азығы – күнделікті өмір, өз айналасы, өзін қоршаған табиғат, сондықтан ақынның тақырып өрісі еркіндеу. Мұның тіл үшін үлкен мәні бар» [6, 130-131]. Қазақ мәдениеті тарихында жыраулық үрдістің ақындыққа ұласуының тарихи себептері бар екені ақиқат. XVIII ғасырда қазақ қоғамында саяси өзгерістер болды. Хандық құрылыс бірте-бірте тарих сахнасынан ығыстырылып, мемлекет басқарудың жаңа құрылымдары қалыптасты. Хандық басқару жүйесімен бірге жыраулардың хан ордасында атқаратын миссиясы да бұрынғыдай өзекті болмай қалды. Бірақ елді ұйыстыру, елі мен жерін қорғауға үндеуде жыраулардың идеологиялық қызметі әлі де қажет еді. Сондықтан XVIII ғасырдан бастап, ақындық пен жыраулық қатар дамыды, осы кезеңдегі ауызша поэзияға

қатысты «ақын-жыраулар» термині қолданылады. Ақтамберді, Тәтіғара, Үмбетей, Бұхар жыраулармен қатар Шал, Көтеш ақындардың шығармалары осы кезеңде дүниеге келді. Айта кететін жайт, бір автордың өзі әрі жыраулық, әрі ақындық дәстүрді ұстанды. Мысалы, Абыл, Нұрым, Ақтан, Аралбай, Қашағандарды ақын деп те, жырау деп те атайды.

Көнеліктердің жыраулар тілінде қолданылу сипаты. XVIII-XIX ғасырлардағы Маңғыстау ақын-жырауларының тілдік ерешеліктерін зерттеу барысында 200-ден астам лексикалық бірліктерге «көнеліктер» статусы берілді [4]. Олардың қатарында қырық шақты сөздің семантикалық қалыптасуы, бастапқы этимологиялық сипаттамасы Р.Сыздықтың «Сөздер сөйлейді» еңбегінде талданған. Кейбір сөздер мен сөз тіркестерінің мағыналық, тұлғалық өзгерістеріне Р.Сыздық талдаған көне сөздер мен Маңғыстау жыраулары тілінде кездесетін, осы өңір тұрғындарының поэтикалық қолданысында, жергілікті тіл ерекшеліктерінде осы уақытқа дейін сақталып келген тұлғалардың тұрпаты мен мағыналық реңкін салыстыру арқылы көз жеткізуге болады. Мысалы, поэтикалық тіл зерттеушісі Р. Сыздық *берен* сөзінің 5 түрлі мағынасын көрсетеді: 1. *ең мықты болат*. 2. *сол болаттан, металдан жасаған кылыш, семсер, кездік, канжар, пышак* 3. *сауыт, көбе*. 4. *батыр, күшті, асыл адам*. 5. *асыл мата* [3, 66-68].

Осыған қосымша *берен* сөзі жүйрік атқа, оның шабысына байланысты да айтылатын болуы керек. Себебі тілімізде *көкберен жылқы, құйын перен* тіркестері бар. *Берен мылтық* деген қолданыс мылтықтың мықты болаттан жасалғандығын білдіріп қоймай, оның атқанда тигірлігіне де орай айтылуы мүмкін. *Берен* сөзінің мағынасындағы «жүйріктік» ренкі Маңғыстау ақын-жырауларында қолданылған.

Талай да жерде сөйледім,

Берендей безеп тілімді [7, 82].

Осы жерде Құлманбет өзінің сөзге жүйріктігін, шешендігін тұлпардың шабысына, екпініне балаған тәрізді (сонда *берен* — жүйрік тұлпардың баламасы болып тұр).

Сондай-ақ, «Сөздер сөйлейді» кітабында талданған *ала* сөзінің «соғыс, бүліншілікке» байланысты, «жүйрік атқа (азбан)» байланысты мағыналарына қарап, Қашаған ақынның:

Мен жүлделі жүйрікпін,

Ала жаулы тер шығып,

Сүйегім қызбай ашылмай [8, 69], –

деген өлең жолдарындағы *ала жаулы тер* — жай тер емес, жүлделі жүйріктен шығатын, онда да катты, сүргін жүрісте «сүйекті қыздырып» шығатын тер екендігін пайымдаймыз. Сондай-ақ, *ала жаулы тер қолданысын тіліміздегі ала май болу* тіркесімен де байланысты қарауға болады. *Жаулы* — көне түркі тілінде майлы деген сөз [2, 4].

Қашаған жырау жасының ұлғайып, шау тартқан кезін:

Жас жетпіске келгенде

Сақалға *шалтырт* енгенде [9], -

деп суреттейді. Осындағы *шалғыртқа* түбір болып тұрған *шал* сөзін Р. Сыздық: "XV-XVIII ғ. ноғайлы-қазақ ақын-жыраулары тілінде кездесетін поэтикалық қолданыс, – деп түсіндіре келіп, – көне түркі тілінде *шал* — «ақ, бурыл, боз» мағынасында, мысалы, *шал сақал, шал құйрық, шалғырт тарту*, - деп түйіндейді [3, 195] . Сонда *шал* – ақ түсті білдіретін сын есім, ал бәсең шырай мәнін тудырып тұрған -ғырт – көне жұрнақ. *Бозғылт, сарғылт* сөздерінің құрамындағы -*ғылт* морфемасымен мәндес, тұлғалас, -*ғырт* жұрнағы *салғырт* сөзінің құрамында да бар.

Маңғыстау жыраулары тіліндегі көнеліктерді зерттеу барысында байқағанымыз, ұзын саны екі жүзден асатын лексика-семантикалық бірліктердің барлық авторларда (Маңғыстау жыраулық мектебі өкілдері) қолдану мөлшері мен мағыналық деңгейі бірдей емес. Мұндай әркелкілік жырау өмір сүрген дәуірдің алыс-жақындығына, жеке автордың сөз қолданым дағдысына, көтерген тақырыбына, тіпті жыраудың әдеби мұраларының қаншалықты өзгермей, толық жетуіне де байланысты болу керек деп топшылаймыз. Мәселен *алқа, дүреу, байрақ, сүргін* сөздері барлық жырауларда бар, ал *алғыншы, албөрі, жегде, қаржалу* тек Абылда ғана кездесетін көнеліктер. Бұлар Абыл (XVIII) өмір сүрген заманның әдеби қазынасында бар сөздер болса керек. Бірақ XX ғасырдың басында өмір сүрген Сәттіғұл жыраудың тіліндегі *күдер, үб* сөздері сол заманның әдеби нормасы деп айта алмаймыз. Көне түркілік элемент ретінде қарастырылатын *аламан* сөзі Абылда жоқ. Оның себебі жыраудың толғаулары әлеуметтік мәселелерге көбірек арналып, соғыс, батырлықты, жаугершілікті жырлауды аса дағдыға айналдыра қоймағанынан болса керек. Тіпті бұған Абылдың әдеби мұраларының кейінгіге толық жетпеуі де өз әсерін тигізуі мүмкін. «Жорық жыршысы» атанған Қалниязда *аламан* «әскер» мағынасында қолданылса, Нұрым жырауда (*Аламандарың көп екен, Асатпастан жеп қойды*) соғысқа қатысы жоқ, бейбіт күндегі адамдарды сипаттау үшін алынған. Сондай-ақ, Ақтан, Өмір, Аралбайда *аламан* сөзі «әскер, қол» мағынасында, бірақ нақты соғыс суретін беру үстінде емес, образ үшін жұмсалынған (Ақтанда – *Нөкер ертіп аламан*. Аралбайда – *Азын көпке теңгерген, Аламанға жел берген*). Қашаған жырау соғыс тақырыпты *аламан* сөзін «өнер ортасы, көпшілік, қауым» мағынасында да қолданады.

Алқа – Абылда «топ, орта» мағынасында (*Алқада қызыл тілді сайратайын*), Нұрымда да осындай мағынада, Аралбайда «топ», «орта, тыңдаушы топ», «сөз, өнер жарысы», кейде «ел, жұрт», «көпшілік» мәнін де береді (*Алқада атың жатталған. Алқаға түссе көсемім. Он төртте алқа алдында, Топырағың шашылған*). Сәттіғұл «сөз өнерін бағалаушы орта» мағынасында береді (*Алқаның алған байрағын*).

Байрақ сөзі Абылда, Қалниязда жоқ (Олардың заманында жырау-жыршының арнайы той-мерекелерге шақырылып, жыр айтуы, сый-сияпат алуы дәстүрге енбеген болуы да мүмкін. Жыраулықтың қоғамдық саяси беделі әлі де үстем болып тұрған, тұрмыстық деңгейге түсе қоймаған

кезеңмен сәйкес келуіне байланысты деуге негіз бар). Өзге ақын-жырауларда *байрақ* 3 түрлі мағыналық реңкпен қолданылған:

1. «жарыс, бәйге» (Нұрымда: *Байраққа қосқан тұмарлы*); 2. «жүлде, бәйге» (Ақтанда: *Байрақты жерде жүгірген*); 3. «сый-сияпат, кәде» (Сәттіғұлда: *Шайырың жақсы көреді, Оқсаулы байрақ алғанын*).

Озал сөзі Абылда жоқ. Қалниязда «ежелден» (*Қазақ пен ноғай аралас, Ел екен туыс озалдан*) мағынасында, өзге ақын-жырауларда «әуелден, бұрыннан», «о басынан» мағыналарында келеді. Мұрат ақында *азалдан* түрінде кездеседі (*Адыра қалған бұл қоныс, Қайырсыз екен азалдан*).

Берен сөзін Абылдан, Қалнияздан, Нұрымнан, Қашағаннан кездестіре алмадық. Жалпы, батырлықты дәріптеуге арналған жыр-толғаулардың көпшілігіне тән болып келетін *берен* сөзінің Қалнияздан ұшыраспауы ақын мұраларының толық жетпеуінен болса керек. Ақтанда «қайтпас батыр» (*Берен батыр сазарған*), Сәттіғұлда да осы мағынасында (*Белгілі берен тұқымсың, Дұшпанын салған табанға-ай*), Мұратта «мықты болаттан жасалған қару-жарақ» (*Мен – балдағы алтын ақ берен*), «болат сауыт» (*Атамнан қалған берендер, Бек сауытымды киермін*) мағынасында.

Сой сөзін Абылдан таппадық. Қалниязда «түр, тұлға», «қалып, жағдай» (*Таралып өсер бой қайда, Бұрынғыдай сой қайда*), «текті, мықты адамдар» (*Елімнің неше сойы бар*) мағынасында жұмсалады. Өзге ақын-жырауларда *сой* сөзі «тек, тұқым, ұрпақ» мағынасында нақты (*Бұрынғы ата сойында*) және образдық (*Мен сүргіннің сойымын*) мақсатта берілген. Нұрым жырауда *сой* сөзі түрлі сөздермен тіркесіп келеді: *ата сой, ақсұңқар құстың сойы, шынжырлы сойдың тұқымы, ірі сойдың ұрығы*.

Сүргін сөзі Абылда да, өзге авторларда да «аттың жүрісі» (*Өлеңім сұр жорға аттың сүргініндей*), сол арқылы «сөздің майын тамызар шешендікті» беру үшін жұмсалады. Қалниязда: *Табаны тайпақ сүргінмін*. Аралбайда: *Жорғамын сүргін басқаны-ай*. Ақтанда: *Тұяғым тайпақ сүргінмін*. Жалпы *сүргін* сөзі «үлкен шабыс, ұшқырлық, жүйріктік» идеясын беру үшін емес, әдемі, келісті жүрісті сипаттау үшін жұмсалатын қолданыс болса керек. Табаны (не тұяғы) тайпақтық ұлан шабысқа арналған жылқыға емес, әсем жүрісті жылқыға тән. Ат құлағында ойнап өскен халық жылқы баласын серіліктің серігі еткен. Жануардың шабыстан өзге жүрісіне де баға беріп, **аяндау, китің жорға, жол жорға, шалма жорға, шауып салатын жорға** деп ат қойған. Жорғалықтың ең әсемі – *сүргін жорға* аталады. Поэтикалық тілде *сүргін* сөзі *жорға* сөзімен тіркесім құрайтыны осыдан болуы керек (*жорганың сүргіні, басқаны сүргін жорға* т.б.)

Жыраулық дәстүрдің поэтикалық «еркіндігі» сөздің кезеңдік қолданыс нормасына бағына бермейді. Мәселен, XVIII ғасырда өмір сүрген Абыл жырау көне түркілік *жезде* тұлғасын қолданады, XIX ғасырдың ортасы, XX ғасырдың басында өмір сүрген Қашаған ақында XV-XVII ғасырдағы ноғайлы-қазақ жырларында кездесетін *күс, шалғырт, ала жаулы, аршылан, сұрқыл* т.б. сөздері бар. Сәттіғұл ақын *үб, қары, ойрақан, әлпай, марқам* т.б. тәрізді өз дәуірі үшін пассив қолданыстағы сөздерді таңдайды. Немесе

Аралбай ақын *жүрек*, *үн* сияқты қалыпты нормадағы сөздер тұрғанда араб-парсының *халб* (кәлбә - «жүрек») [10], *збан* (збан – «тіл») [11] сөздерін қолданады.

Кейде сол дәуірдің әдеби нормасы үшін неологизм болып есептелетін тың қолданыстар да кездеседі, мысалы Сүгір жырауда:

Желкеге бір пәлекет мініп алып,
Қозғалтпай осы күні зілдей болып,
Түсе алмай ала қырда мен жатырмын,
Қамалған **айуанбақта** білдей болып. [12]

Осындағы *айуанбақ* – қазіргі зоопарктің (хайуанаттар паркі) қазақы баламасы. Немесе Нұрымда қазіргі диплом мағынасындағы *шатырхат* сөзі бар [13,161].

Аталған жыраулардың қай-қайсысынан да өзінің өмір сүрген кезеңі бойынша арғы дәуірге жататын Өгізбай жыраудың мәтіндерінен бірнеше көне сөздерді таптық. Олардың қатарында *сой*, *гани*, *қасталы*, *мәзікүр*, *пәһәм*, *кәләм*, *муадзин*, *жүмілә*, *сопы*, *зікір*, *Жаббар*, *Хақ* сөздері басқа да жыраулардың тіліне де тән болса, төмендегі қолданыстарды тек Өгізбай жыраудан кездестірдік.

Ашпаса көңіл не керек,
Сүйіктікті жарыңнан [14, 21].

Сүйіктікті – «сүйікті, сүйген жар» дегендегі *сүйікті* тұлғасының өзгерген түрі. –лік жұрнағы реңктік мән үстеп тұр, жыраудың поэтикалық тәсілі деуге болады.

Пайымсыз болса не пайда
Тәрбияттап өсірген,
Өзіңнің туған ұлыңнан [14, 22].

Тәрбияттап – *тәрбиелеп* сөзінің өзгерген тұлғасы. Жырау сөзге экспрессивті-эмоционалды реңк беру үшін әдейі сөз тұлғасын ойнатып қолданатын болуы керек. Бұл – ауызша поэтиканың прагматикалық сипатына тән құбылыс.

Ел ішінде білгір көп,–
Шікәсін шұқып көрсетсін
Қате тапса мұнымнан [14, 22].

Шікәсін сөзінің дәл мағынасын біле алмадық, біз қараған сөздіктерде осындай тұлға жоқ. Қазақ тілінде осы сөзге тұлғалық жақтан ұқсас *шікірә* («сен кімнің шікірәсің?!»), *шікә* («осының бір шікәсі бар» - «бір кем-кетігі, сиқасы бар») сөздері бар. Біреудің кемшілігін, ұят ісін *шұқып көрсету* идеясын «Құдай насырынды шөппен шұқысын!» деген ауыз-екі қолданыстан білеміз (Шікәсін шұқып көрсетсін).

Нәсібемді мол қылып,
Тәңір салған **озалдан**,
Дүр-жауһарды дорбама.
Бәрін де тегін беремін,
Жүмілә байтақ, оң қара!

Ғақбытылы пәм мен бақ
Талайлы құлдың тап болар
Маңдайына қонбаға
Мен басымды бұлдаман
Тап келген соң ортаңа! [14, 24]

Жыраудың келтірілген жыр жолдарында Маңғыстау жыраулары тіліне тән көнеліктер ретінде талданатын 7 сөз бар. Осылардың қатарында *ғақбытлы* – арабтың «шам-шырақ» мағынасындағы сөзі, басқа жырауларда кездесе бермейді. *Құл* сөзі «Құдайдың құлы» мағынасында алынған, бұндай қолданыс жалпы сопылық сарындағы толғауларға тән. Қожа Ахмет Ясауидің өзін «Құл Қожа Ахмет» деп атағаны сияқты, адамды *құл(Құдайдың құлы)* деп сөйлеу сопылық поэзияда көп қолданылады. Ал *бұлдау-бұлдамау* – басының, сөзінің, жырының бағасын арттыру деген мағынада алынып, қолданылған.

Қорыта айтқанда, жыраулар шығармалары мәтіндерінде көнеліктердің кездесу мөлшерінің аз-көптігі олардың өмір сүрген кезеңдеріне де, олардың шығармаларының кейінгіге жету деңгейіне де, жыраудың көтерген тақырып аясына да, тіпті автордың мұсылманша сауаттылық деңгейіне де байланысты деп ойлаймыз. Көнеліктердің бірқатары барлық жырауларда бірдей не әртүрлі тұлғаларда, түрлі мағыналық реңктерімен келеді, кейбір сөздер бір ғана автордың тіліне тән болуы мүмкін. Ендігі бір көнеліктер жазуға түсу кезінде түрлі себептермен жаңа тұлғалармен ауыстырылған. Сондықтан көнеліктердің тұлғасы мен мағынасына талас туғанда, баспа материалдан гөрі қолжазба материал, ал қолжазбадан гөрі аудиоматериалдардың тілін зерттеген көп тиімді. Сөздердің мағыналары мен тұлғаларын айыру мүмкін болмағанда, Маңғыстау тұрғындары тіліндегі ауызекі сөйлеу материалдарын қарастырған әлдеқайда ұтымды.

Жыр тіліндегі көнеліктердің семантикалық сипатын, дерек көздерін анықтау барысында мынадай қорытындығы келдік: Р.Сыздық зерттеулері арқылы айқындалғандай, көнеліктер ретінде танылып отырған, қазіргі әдеби айналымда сирек қолданылатын немесе мүлде түсініксіз тұлғаға айналған тұлғалардың кейбірі көне әдеби мұралар тілінен, тарихи сөздіктерден ұшырасады. Енді бір қатары қазіргі әдеби нормада бар тұлғалардың, сөз тіркестерінің, мақал-мәтелдердің құрамында көрініс береді немесе қазіргі әдеби тілімізде өзге мағынасында жұмсалады.

Мұндай көнеліктердің жыр тілінде, негізінен, тура атауыштық мағынасында емес, образды поэтикалық мәнде қолданылатыны байқалады. Жыр тіліндегі көне сөздердің осындай табиғаты оларды қолданған авторлардың өмір сүрген дәуірі үшін әдеби норма болғандығынан емес, поэтикалық тілге тән дәстүрлі қолданыстар, тұрақты ораымдар болғандығынан жыраулар поэзиясы мәтінінде сақталып қалуы мүмкін деген қорытындығы келеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2008. - 356
2. Сыздық Р. Қазақ тіліндегі ескіліктер мен жаңалықтар. Алматы: Арыс, 2009. – 272 б.
3. Сыздық Р.Сөздер сөйлейді. Алматы: Арыс, 2004. – 232 б.
4. Нұрдәулетова Б.И. XVIII-XIX Маңғыстау ақын-жырауларының тілдік ерекшеліктері. Алматы: Үшқиян, 2003. – 160 б.
5. Сыдиықов Қ. Біртума жыр саңлақтары. Алматы: Ғылым, 2001. – 268 б.
6. Рәбиға Сыздық Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы: Санат, 2004.
7. Ақ берен. Алматы: Жазушы, 1972. -221 б.
8. Күржіманұлы Қ. Топан. Алматы: Жалын, 1991. – 175 б.
9. Қайыртпай кеткен Қашаған. Алматы: Жазушы, 2011. – 432 б.
10. Баранов Х.К. Арабско-русский словарь. –Москва: Русский язык, 1984. -349с.
11. Қазақ тілінің қысқаша этимологиялық сөздігі. Алматы: Ғылым, 1966.
12. Жырдария. Ақтау, 1995. – 973 б.
13. Абыл, Нұрым, Ақтаным. Алматы: Қағанат, 1997. – 299 б.
14. Тіл таңбалы ақындар. Ақтау: «Printing House», 1-том, 2016. -432 б.

ӘОЖ 16.01.45

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ МЕДИАДИСКУРСЫНДАҒЫ МЕТАФОРЛАРДЫҢ БЕРІЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ризуан ЫРЫС,

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қаласы, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада қазіргі замандағы бұқаралық ақпарат көздерінде қолданылатын метафоралардың берілу ерекшеліктері қарастырылған. Зерттеу жұмысына Қазақстандық жаңалықтар бөлісетін ғаламтор желілеріндегі мәтіндер, газет мақалалары негіз болды. Семантикалық жіктелуді ескерсек, метафораларды политикалық, медициналық, қаржылық, әскери және т.б. топтарға бөлуге болады. Осыған байланысты, мақаланың зерттеу пәні ретінде әлі де дамып келе жатқан құбылыс болып есептелетін заманауи бұқаралық ақпарат көздеріндегі метафоралар негіз болды. Зерттеу жұмысының өзектілігін метафоралардың қазіргі тілдік тенденцияларға сәйкес тыңдаушыға ақпаратты әсерлі етіп жеткізу мақсатында қолдану жиілігінің артуы сипаттайды. Метафораларды дұрыс формасында қолдану арқылы журналистік мәтіндерге жаңа реңк беруге болады. Медиадискурстағы метафоралар сендіру және бағалау принциптері бойынша жұмыс жасайды. Сонымен қатар, мақалада қазақ медиадискурсындағы метафораларды зерттеген отандық, шет елдік авторлардың жұмыстарына шолу жасалған.

Кілт сөздер: медиадискурс, метафора, семантика, бұқаралық ақпарат құралдары, газет, реципиент, журналист.

Кіріспе. Метафора тақырыбы тек қазақ тіліндегі ғана емес, әлемдегі барлық тілдерде ерте заманнан бері қарастырылып келе жатыр. Бұрын стилистикалық құрал ретінде қызмет еткен метафора, соңғы 20 жылда тілтанушы ғалымдардың қызығушылығын оятты. Н.Д.Арутюнова, Дж.Лакофф, М.Джонсон, Б.Блэк сынды ғалымдардың бұл саладағы зерттеу жұмыстарында метафора жөнінде құнды ақпараттар айтылады.

Қазақ тілінің метафорасының көпқырлылығын А. Байтұрсынов, К.Аханов, М.Балақаев, А.Айғабылов, Е.Жанпейісов, Б.Манасбаев, Ғ.Мұсабаевтар тілге тиек еткен. Олардың еңбектері қазақ тілінің лексикологиясын зерттеуде аса маңызды орын алады. Троптың бір түрі, сөйлемді әсерлі жеткізудің көркемдік тәсілі ретінде қарастырылған метафораның қазіргі таңда зерттелу бағыттары да өзгеше. Нақты медиа мәтіндердегі қазақша метафораларды отандық лингвисттер Г.А. Машинбаева, К. Есенова, Д. Бисмильд зерттеу объектісі ретінде қарастырған [1-3].

Соңғы он жылдықта елімізде сан түрлі саяси, экономикалық, мәдени оқиғалар орын алуда. Олардың әрқайсысы халыққа өз әсерін тигізуде. Сондықтан журналистерге медиадискурстық құралдар арқылы әлдебір жаңалықты халықтың ойы мен санасына ойландыра жеткізудің шарасы ретінде метафора бірліктерін әдемі қолдана алу қажет. Себебі, бұқаралық ақпарат көздері арқылы жаңалық алу адамдардың тек тілдік емес әлеуметтік жағдайына да әсер етеді.

Бұл әсер адамдардың қоршаған шындықты қабылдауында, олардың дүниетанымы мен әлеуметтік көзқарастарын қалыптастыруда көрінеді. Метафора тілдің қуатты құралы бола отырып, күрделі идеяларды жеңілдетуге, оларды кең аудиторияға қол жетімді етуге қабілетті тірі бейнелерді жасауға көмектеседі. Бұл тұрғыда метафоралық өрнектер сөйлеуді безендіруге ғана емес, сонымен бірге қоғамдық пікірді қалыптастыруға, оқырмандар мен тыңдаушыларға эмоционалды жауап беруге қызмет ете алады.

Қазіргі заманғы медиа аудиторияның назарын аударуға тырысып, метафоралық қолдануға көбірек жүгінетін құрылымдар, бұл ақпаратты есте қаларлық және түсінікті етеді. Мысалы, саяси оқиғалар туралы жаңалықтарда журналистер метафораларды күрделі процестерді жеңілдетілген түрде ұсыну үшін пайдаланады, бұл кең аудиторияға ақпаратты оңай сіңіруге және қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Зерттеулер көрсеткендей, бұқаралық ақпарат құралдарында метафораларды қолдану мәтіннің эмоционалды түсіне де әсер етеді. Метафоралар белгілі бір стереотиптер мен ассоциацияларды тудыруы мүмкін, бұл өз кезегінде оқырмандардың мәлімделген оқиғаларға немесе тұлғаларға деген көзқарасын қалыптастырады. Осылайша, метафора тек

стилистикалық құралға ғана емес, сонымен бірге қоғамдық пікірді манипуляциялаудың күшті құралына айналады.

Қазақ тілінде метафораның терең мәдени тамыры мен көпқабатты мағынасы бар. Зерттеулер көрсеткендей, метафоралар қазақ халқының лексикалық ғана емес, мәдени ерекшеліктерін, әлеуметтік нормалары мен құндылықтарын да көрсете алады. Сондықтан қазақ бұқаралық ақпарат құралдарының метафоралық тілін зерттеу лексикологияны байытып қана қоймай, әлеуметтік-мәдени контекстті түсіну үшін жаңа көкжиектер ашады.

Сонымен қатар, әрі қарайғы зерттеулер метафораның лексикалық аспектілерімен ғана шектеліп қалмауы керек, оған қоса оның әлеуметтік контекстін талдауды, мәдени сәйкестікті қалыптастырудағы және қоғамдық диалогты дамытудағы рөлін анықтауды қамтуы керек. Бұл метафораның тілде және қоғамда қалай жұмыс істейтіні туралы, сондай-ақ оның ана тілінде сөйлейтіндердің шындықты ойлауы мен қабылдауына әсері туралы толық түсінік береді.

Негізгі бөлім. Метафораның басты мақсаты – ойды астарлы түрде, көркем. образды жеткізу. Қазіргі таңда газет, журнал, ғаламтордағы электронды журналдар (Kazinform, Tengrinews.kz, Vesti.kz, Bnews.kz) контраст принципін мақаланың тақырыбында ғана емес, мәтіннің өзінде де қолданады. Әсіресе әдеби шығармалардан алынған логозпистемалар газеттерде жиі байқалады. Бұрыннан таныс ұғымдардың оқырманға тосыннан өзгере салуы, газет мәтінінің қабылдану қарқындылығын арттыра түседі. Мұндай астарлы күйде келген логозпистемалар тырнақшада беріліп, оқырманның пайым, назарын жасырын астарға мән беруге бұрады. Мысалы, Бандыны қуған Хамиттер қайда? (Егемен Қазақстан, 26.03.24) (С.Сейфуллиннің «Бандыны қуған Хамит» повесінен). Қабдеш, «қайда барасың?» (Жас Алаш, 03.08.23, Б.Нұржекеұлының мақаласы). («Керей қайда барасың?» деген жырау толғауынан) т.б. [4]

Көркем әдебиет шығармаларынан трансформацияланған метафоралар көп кездесетіні мәлім. Ал кейде автор өзінің жеке субъективті пікірін білдіріп, реципиентке ой салу үшін мағыналық оппозицияны қолданады, яғни сөйлемде қарама-қарсы сөздерді пайдаланады. Мысалы, Жері көп қазақ жерге зәру, ал бұған Астананың әкімі Шөкеев не дер екен? (көп / зәру). (Жас Алаш, 25.05.24). есей тұр электрді өшіргелі, Қытай тұр газ бағасын өсіргелі (Айқын, 11.10.23) (өшіру/өсіру) [4].

Ерболатова И.К. жұмысында қазақ масс медиасындағы метафоралардың рөлі зерттелген. Жұмыс ерекшелігі - ғаламтордағы сайттардың мәтіндерін зерттеу. Автор Kazinform, Tengrinews.kz, Vesti.kz, Bnews.kz сайттарын қарастырған. Зерттеу нәтижесі бойынша бұл медиадискурстардағы метафоралар салыстырудың риторикалық әдістерін, коммуникативті, бейнелеу функцияларын атқарады. Мысалы, “Елордадағы автотұрақтар үшін шайқас: шығынды бизнес пе, әлде ұсақ-түйек пе?”, “Ұйықтаңыз! Сауда және интеграция министрінің міндетін атқарушы Ержан Қазанбаев депутаттарға қалай келді”, “Полицей тұрғынға ор қазған” [5].

Сабырова З.Ғ. зерттеу жұмысында газет мәтіндеріндегі метафоралардың бағалаушылық рөлін қарастырған. Бағалаушылық рөл дегеніміз көбінесе журналисттердің баяндалатын жазбалардағы оқиға өз пікірін білдіре алмай қалған кезде қолданылатын фразеологиялық бірліктерге тән қызметі. Бұндай метафоралар жағымды және жағымсыз болып бөлінеді. Жағымды метафоралар мәтінде сипатталатын ситуацияны мадақтау үшін, ал жағымсыз бағалаушылық метафоралар кемшілікті білдіріп, сынау мақсатында қолданылады. Мысалы, Қыз – қоғамның айнасы. (Қазақ қыздың тәрбиесіне көп көңіл бөлген, себебі, қыз баланы тәрбиелеу арқылы ұлтты тәрбиелейміз деген). Екі әйел қосылса – базар, үш әйел – жәрмеңке (Екі әйелдің қосылу бір ауылдың өсек әңгімесін айтады, үш әйел қосылса ауылдың ғана емес, ауданның әңгімесі айтылатыны нұқсаған). Бас қосқан кеңестің негізгі тақырыбы кенеусіз кеткен келін мәселесіне тірелетінін жасыра алмасак керек. Бұл жердегі фразеологизм сөз ұқпайтын, үлкеннің тілін алмайтын келін дегенді білдіреді. Тіпті үлкен енесінің де айтқанына бет бұрмайды екен. Бұл мәтіндегі фразеологизм арқылы ене-келін тақырыбының өзекті екенін байқауға болады [6].

Сонымен, медиадискурс құралдары тілдік үрдістерді зерттеуге арналған керемет ақпараттарды береді. Г.А. Сейдуаллиева қазіргі баспасөз метафорикалық тіркестерді көп қолданатынын өз зерттеу жұмысында пайымдаған. Автор метафораларды ойлау мен әлемді қабылдаудың бір тәсілі деп қарастырады. Метафорны қоғамдық құбылыс ретінде талқылайды.

Синтаксистік құрылым жағынан қазақ тілінің БАҚ-да қолданылатын метафоралар “сын есім + зат есім” формасында жұмсалады. Мысалы: протоколдық кризис, адами капитал, санитариялық авиация және т.б. Келесі түрі – етістікті, субстантивті құрылымдар. Мысалы: спортты жағалайтын бишілер, сайыпқырандар, шөлін күлкімен қандырды, уытты сөзді ойнатты және т.б. [7].

Қорытынды. Қорытындылай келе, қазақ медиа дискурсындағы метафораларды талдау олардың қоғамдық пікірді қалыптастырудағы және ақпарат берудегі маңызды рөлін көрсетеді. Метафоралар қазақ тілінің ажырамас бөлігі бола отырып, жарқын бейнелер жасау, эмоционалдық әсерді күшейту және күрделі ұғымдарды білдіру үшін пайдаланылады. Зерттеу көрсеткендей, медиа мәтіндердегі метафоралар риторикалық салыстыру әдістерінен бастап бағалаушы пайымдауды білдіруге дейін әртүрлі функцияларды орындайды. Әдеби метафораларды журналистік мәтіндерге айналдыруға ерекше назар аударылады, бұл көркем әдебиет пен медиа дискурстың терең өзара енуін көрсетеді. Қазақ тіліндегі метафоралардың синтаксистік құрылымын талдау "сын есім + зат есім" тіркестерінің, сондай-ақ етістік және субстантивтік құрылымдардың басым болуын анықтады. Жалпы, зерттеу Қазақ медиадискурсы контекстіндегі метафораларды зерттеудің өзектілігін растайды, олардың қазіргі тілдік процестерді және медианың қоғамға әсерін түсіну үшін маңыздылығын атап көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Есенова Қ. Қазіргі қазақ медиа-мәтінінің прагматикасы (қазақ баспасөз материалдары негізінде): филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2007. – 157 б.
2. Машинбаева Г.А. Теледидар тілінің лингвопрагматикалық аспектілері: филол. ғыл. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация авторефераты. – Алматы, 2007. – 25 б.
3. Баймурзина А.А. Язык масс-медиа в Казахстане: обзор статистических данных. Вестник КазНУ. Серия филологическая - 2016 - 154(2) – С. 180-185.
4. Қазіргі қазақ медиа-мәтінінің прагматикасы (қазақ баспасөз материалдары негізінде) [электронды ресурс] [URL:https://www.dk.kz/ref_3389](https://www.dk.kz/ref_3389)
5. Ербулатова И.К. Роль метафоры в языке казахстанских средств массовой информации Известия КазУМОиМЯ имени Абылай хана. Серия Филологические науки – 2022 - Том 65 № 2 - С. 120-125
6. З.Ғ. Сабырова Газет мәтініндегі бағалауыштық метафоралар. [электронды ресурс] URL: <https://rep.enu.kz/bitstream/handle/enu>
7. Реферат. Публицистикалық мәтінде метафораның рөлі [электронды ресурс] [URL:https://stud.kz/referat/show/79912](https://stud.kz/referat/show/79912)
8. Скворцова Е.Ю. Милитарная метафора в казахстанском политическом дискурсе (на материале трудов н. А. Назарбаева на русском языке) // Филологические науки. Вопросы теории и практики. - 2021.- №12. - С. 3788-3792.

УДК 398.22

THE GIRL STORY OF JAWHAR TAJ: OVERVIEW AND ANALYSIS OF BASIC COMPONENTS OF THE GENRE (РАССКАЗ О ДЕВУШКЕ ДЖАУХАР ТАДЖ: ОБЩИЙ ОБЗОР И АНАЛИЗ БАЗОВЫХ КОМПОНЕНТОВ ЖАНРА)

KHUSAYNOVA G.R,
The National library
of the Republic of Tatarstan, Kazan

Annotation. This article is a general overview of the story “Jauhar taj kyz,” considered in the plane of folklore and literature. Despite the fact that this written monument is named by the term “kissa”, it contains signs of the “dastan” genre. During the review, the author reveals the plot of the story, its idea, and problems. Based on comparisons with similar plots, she analyzes the system of images in the work, identifies elements of epic and ancient Oriental literature.

Ключевые слова: восточная литература, фольклор, кисса, рассказ, дастан, произведение, эпос, мотив.

Аннотация. Данная статья представляет собой общий обзор рассказа «Джаухар тадж кыз», рассматриваемого в плоскости фольклора и литературы. Несмотря на то, что письменный памятник назван термином «кисса», в тексте имеются и признаки жанра «дастан». В ходе исследования автор раскрывает сюжет рассказа, его идею и проблематику. На основе сопоставлений со сходными сюжетами проводит анализ системы образов в произведении, выделяет элементы эпической и древневосточной литературы.

Keywords: oriental literature, folklore, kissa, story, dastan, work, epic, motif.

The National library of Tatarstan has a section dedicated to manuscripts and rare books, which contains the story «Jawar Taj girl», printed on an arabic graphic. The publication date is 1897. The author of this work is unknown.

This story is interesting because it contains the signs of the genre of dastan. As is known, many epic-dastans of the tatar people have been preserved under other genre names. The texts of the dastans, based on different topics, are known under the term «kissa» («tale»). In «Tatar encyclopaedia dictionary» the definition is given as follows: «Kissa - arabic word, meaning story, historical event, tradition. An epic, sometimes liro-epic genre in Eastern literature and folklore. The form and theme of the story is close to the dastan, based on book and folklore sources, includes events of heroic, fantastic, fairytale and historical content» [1, 380]. From the definition it can be concluded that in our case the term «kissa» to some extent coincides with the concept of «dastan».

This story, based on a fascinating plot, consists of 15 pages. Since the work refers to such geographical names as «Pishawar» and «Binaris», it can be assumed that the events take place in the territories of the modern Pakistan city of Pishaver and the Indian city of Varanasi.

Padishah Hidr Fadil¹⁸, who lived in the city of Pishaver, was very rich, but unfortunately he had no children to leave him a heir. Parents who were upset that every child born died suddenly, after a while another child is born. The ruler, having gathered all his visires¹⁹, made a vow: «If my daughter reaches the age of majority, I will give her in marriage to someone she loves without saying a word», and called the child «Juhar taj». This child of the ruler was «alive». When Jawhar Taj grew up and reached the age of 14, brides from various places began to come asking to take a girl as their wife. Hidr Fadil stood firm on his promise to give his daughter only to a loved one, and he sent to Jawhar Taj. The girl rejected all the grooms and said that she would only marry a man who had any working ability.

At that time there was a young padishah Sinan in Varanasi. One day he decided to send the brides to the padishah Hidr Fadil, but the girl turned them back

¹⁸ padishah-ruler

¹⁹ visir-subject

and said the same thing as before. When ruler Sinan heard the girl say, «I will marry only a hard-working man», he went to this city herself. When he is dressed in the clothes of a cook, Sinan comes to the Hidr Fadil. Having proven himself as a good cook, the young king decides to return to his hometown by marrying Jawhar Taj. The himself was very wise young man he made his wife go through various difficulties and learn new crafts. At the end of the story, the young ruler explains to padishah the reason for his actions, saying: «I had to do this so that you would know the price of a good life». This is how the work ends.

Although the title of the story is only named Jawhar Taj, the main characters of the piece are Jawhar Taj girl and shah Sinan. In this respect the story is analogous to the romanic dastans with two main characters. However, the subject matter of the work is very different from that of such dastans. Love feelings between a guy and a girl are not given attention here. If in the dastans, built on a love story, heroes perceive the concept of love as meaning of life, in the story «Jawhar Taj girl» heroes look at life from a serious point of view. For these heroes it is very important that the person they love be ready for life, be astute. It is on the basis of these requirements that they choose their spouses. The main idea of the story is reflected in an old proverb written on the book's cover:

*Мәшәкатъ чикмәгән адәм – сафаның кадерен белмәс,
Мәшәкатъ беләдер кем – гәрифтәр улмаян белмәс [2]*

(Truly, one who lives his life carefree does not understand the value of pleasure, and only one who has experienced much suffering knows the price of a peaceful life.)

The supporters of this idea were Jawhar Taj and Sinan, both living in luxury and cosiness. For this reason they are first of all testing each other with difficulty.

The story is quite succinctly presented system of images. One of the main characters is the daughter of a ruler, who grew up well in adversity and had recourse to the patronage of Hidur Fadil's father. Interestingly, if in the dastans built on similar plot, a large place is given to the description of the beauty of the girl, then here the appearance of the heroes is not described at all. If at the beginning of the piece the main character lived on earth, knowing only spiritual concepts, more valuable than wealth, then throughout the story she is formed as an enterprising, patient woman, overcoming difficulties on her shoulders, learning different trades.

Sinan is seen as a wise and determined hero, despite his youth. As already said earlier, he is not satisfied only with the fulfilment of the girl's condition and marrying her - the shah really educates her, leaving his wife in various difficult situations. The smart Jawhar Taj continues to live with gratitude, making correct conclusions from this step of her spouse.

The story of «Jawhar Taj girl» is a work combining turkic epic motifs and features of ancient Eastern literature. The story begins with an ancient epic motif of childlessness.

As is known, this motive has passed a complex evolutionary path and reached the turkic-tatar written literature [6, 135]. This problem is solved in different dastan differently. Take, for example, the tatar dastans.

In the works of a particular author or copyist for the story «Tahir and Zuhra» this motive is given enough attention. The motive is not limited to the announcement of the birth of the long-awaited children, but also mentions what they did to achieve this goal. For example, in the variant A. Urazayev-Kurmaschi, concerned with the absence of an heir, seeks various means to achieve fatherhood [7, 171]. He first addresses the healers, but this does not give results. Then, having learned that the man who has made great alms will achieve what he wants, padishah sacrifices a large sum, hoping for the birth of a son [4, 128].

In the plot of «Leyla and Majnun» there is also a motive of childlessness. As an example, we will give a handwritten version of 32 pages found among the books of the famous Tatar journalist and educator Burhan Sharaf. Here in the family of Benigamir only after prayer with a request: «I wish a man with a blessed soul would send Allah the child, would please me son» Kais (Majnun) son is born [4, 145].

The motive of infancy is echoed with the story just entered into scientific circulation «Dastan of Jaye». Here the ruler of the Rumm of Gasaran, without children, went to Kaaba and made forty sacrifices, begging God to give him a child. God accepts his will. Upon returning home, she gave birth to a daughter named Malika. Extraordinarily intelligent and beautiful, no one as knowledgeable as this girl. The father hid his daughter underground and taught her various sciences until she was 20. When it was time to marry her, the girl made a condition that she would only marry such an educated person as herself [1, 2221-T].

The motive of childlessness is also reflected in the story «Jawhar Taj girl». Here, the father makes a vow to avoid the tragic consequences of his birth. Nazr - a vow, solemn promise that the believer speaks, committing himself to do something canonically permissible (charity, prayer, grace and so on), exalting (praising, thanks) in doing so God, the Lord of the worlds. In essence, he is not obliged to do so, but he does make a commitment. For example, saying: «Before God I commit [additionally] to fast a few days» and, say, adding «in gratitude to him for something» [3, URL: <https://umma.ru/obet-nazr>].

His connection to Islam does not end there. The text contains many concepts related to muslim Sharia. The word «after ahsham» is used to denote the evening's arrival in the work. «Ahsham» (A prayer al-Maghreb) - a prayer recited by Muslims after sunset. Begins at sunset and continues until the end of the evening dawn and nightfall.

The work is quite freely used ancient turkish, arabic, persian words. Here the pronoun «МИН»²⁰ is replaced from beginning to end of the text by the ancient word «БӘН».

²⁰ МИН-I

“..сафаның кадерен белмәс дип бән бу эшне синга (сина) эшләдем. Күтәрелеп кара-бән Шаһ Синан – синең ирең диде. Бәгъда хатын күтәрелеп карап Аллаһка хәмедләр әйтеп рәхәтенең кадерен белеп торды”

(I did it so that you might know the price of a good life. Lift up your head, Shah Sinan - your husband. Then the woman raised her eyes and bowed to Allah.)

- Әй вәзирләр! Бән нәзер әйтәмен: кызым үзе кемне теләсә-шул кешегә бирәм диен имди.

(Oh, vizires! I make a vow: I will marry my daughter to whom she wishes.)

In many places of the text used Arabic borrowings, such as «бәгъда», «хәмед», «кадим», «әүләт»:

Бәгъда Синан шаһ үзе янә вәзирләренә чыгып әйтте-бән өч айлык сәфәргә чыгам.

(After this Shah Sinan said to his visires: «I’m going on a three-month trip»)

In some places of the narrative, latin words adapted to the tatar language are used. For example, «palace» was adapted as «дәүәрис», «carriage» - as «каритә».

Вәзирләр хуп диен торып кыз дүәрисенә барып ишекдән кереп тезләнен утырып сәламдән соң ук кызга әйтделәр.

(The vizires agreed and entered the palace of the girls, knelt down and immediately after the greeting said to her.)

Капчыкларны жилән²¹ астына кыстырып чыгып барганда шаһ бәлкүннән кычкырды.

(Shah shouted from the balcony as she hid the bags under the jilan.)

As you can see from the examples above, the story is enriched by borrowings from different languages. Naturally, this ancient egyptian story has undergone significant changes during its existence by nomads.

The story «Jawar taj girl», kept in the National Library of the Republic of Tatarstan, on the one hand reflects elements of folk creativity, and on the other hand is a work that incorporates the traditions of oriental literature. Despite the fact that the story is called «kissa», it is very close to the genre «dastan». This is a convincing proof that most of the tatar people’s dastans have been preserved in book form and, besides the concept of «dastan», are also actively named by other genre names.

REFERENCES

1. Dastane жәјә // Otdel rukopisej i redkih knig Nacional'noj biblioteki Respubliki Tatarstan. – Ed. hr. 2221-T.
2. Kyjssai Жәүһәр таж kyz hikəyate – Sankt-Peterburg: CHirkov tipografiya., 1897. – 15 b.
3. Obet o nazre [Elektronnyj resurs] // URL: <https://umma.ru/obet-nazr> (data obrashcheniya: 10.04.2024).

²¹Жилән - spacious and long spring-summer robe with a small shroud collar made of factory single tone or with barely noticeable stripes of fabric.

4. Tatar halyk ıjaty. Dastannar / tomny tözüche, keresh mäkalä häm iskärmälärne yazuchy F.V. Әhmätova. – Kazan: Tatar kit. nәshr., 1984. – 384 b.
5. Tatarskaya enciklopediya : [v 6 t.] / gl. red. M. H. Hasanov (t. 1–5) ; A. M. Mazgarov (t. 6) ; [otv. red. G. S. Sabirzyanov]. — Kazan' : In-t Tatar. encikl., 2002–2014. — 5000 ekz.
6. . Urmancheev F.I. Tyurkskiy geroicheskiy epos. – Kazan': IYALI, 2015. – 448 s.
7. Husajnova G.R. Vzaimovliyanie fol'klora i literatury v tatarskih romanicheskikh dastanah: dis. ... kand. filol. nauk: 10.01.02/ i 10.01.09/ G.R. Husajnova. – Kazan', 2022. – 171 s.

ЛИТЕРАТУРА

1. Дастане жайә // Отдел рукописей и редких книг Национальной библиотеки Республики Татарстан. – Ед. хр. 2221-Т.
2. Кыйссаи Жәүһәр таж кыз хикәйте – Санкт-Петербург: Чирков типография., 1897. – 15 б.
3. Обет о назре [Электронный ресурс] // URL: <https://umma.ru/obet-nazr> (дата обращения: 10.04.2024).
4. Tatar halyk ıjaty. Dastannar / томны төзүче, кереш мәкалә һәм искärmәләрне язучы Ф.В. Әхмәтова. – Казан: Татар кит. нәшр., 1984. – 384 б.
5. Татарская энциклопедия : [в 6 т.] / гл. ред. М. Х. Хасанов (т. 1–5) ; А. М. Мазгаров (т. 6) ; [отв. ред. Г. С. Сабирзянов]. — Казань : Ин-т Татар. энцикл., 2002–2014. — 5000 экз.
6. Урманчиев Ф.И. Тюркский героический эпос. – Казань: ИЯЛИ, 2015. – 448 с.
7. Хусайнова Г.Р. Взаимовлияние фольклора и литературы в татарских романических дастанах: дис. ... канд. филол. наук: 10.01.02/ и 10.01.09/ Г.Р. Хусайнова. – Казань, 2022. – 171 с.

УДК 398.22

ТІЛДІК РЕФЛЕКСИЯ ТҮСІНІГІНІҢ АНЫҚТАЛУЫ

А.Н.НАЗАРБАЕВА,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті
Ақтөбе қ., Қазақстан

Андатпа. Бұл мақалада тілдік рефлексия ұғымы, оның лингвистикада алатын орны және тілдік рефлексияның зерттелу мәселелері қарастырылды. Тіл біліміндегі жаңа парадигма когнитивтіліктің туындауымен тілдік рефлексия ұғымын зерттеудің маңыздылығы арта түсті. Мақалада тілдік рефлексия қарастырылып, оның өзіндік ерекшеліктері талданып, мәтіндегі ақпаратты қабылдау мен тілдік бірліктерді талдаудың рефлексия үдерісіне ұласатыны анықталды.

Кілт сөздер: тілдік рефлексия, рефлексив, рефлексивтілік қабілет

Рефлексия дегеніміз әрбір жеке тұлғаның ой-пікірі мен идеяларына өз бетінше талдау жасай білуі болып табылады. Бұл мәселе философияда «тіл мен ойлау» арақатынасына қатысты болса, педагогика мен психологияда танымның белгілі бір тетігі ретінде қарастырылған. Бүгінгі таңда рефлексияның мәдени, тілдік және білім берудегі жолдары да арнайы қарастырылып, зерттеліп келеді. Ежелгі философиядағы таным-түсінік бойынша «Рефлексия» - талқылау құралы. Атақты грек данышпаны Сократтың пікірі бойынша, рефлексия адамның өзін-өзі тануымен байланысты болады, адам өзінің ішкі әлеміне үңілу арқылы рефлексия жасап, өзін-өзі танитынын ұғамыз. Ұлы ойшылдар Аристотель мен Платон зерттеулерінде рефлексия Құдай жіберген «ақыл-ой» деп түсіндіріледі. Демек, рефлексия – ойлаудың жоғары деңгейдегі формасы. Философтардың бұл ойынан рефлексияның сананың өз-өзіне бағытталған, өзін тану әдісінің көрінісі екендігін аңғарамыз.

«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» рефлексияға төмендегідей анықтама берілген: «Рефлекс – тірі организмнің сырттан еткен әсерге жасайтын еріксіз қимылы. Рефлексия – өз психикасы туралы ойлану» [1, б. 463]. Яғни, рефлекс биологиялық ұғым ретінде ағзаның реакциясы болып келсе, рефлексия субъектіге қатысты, оның жай-күйіне байланысты термин деп ұғынсақ болады. Бұл ұғым философияда ғана емес, сонымен қатар педагогика және психология саласында да кеңінен талданып, талқыланып жүр. Белгілі зерттеуші А.Биязова рефлексия терминін «кең ауқымды практикалық мағынада адамның өзін-өзі талдау, қоршаған әлеммен өзінің заттық-әлеуметтік қатынастарын ұғыну және ол жайында қайта ойлану қабілеті ретінде және дамыған интеллектінің қажетті құрамды бөлігі болып табылады» [2, б. 14], - деп қарастырады. В.Сластениннің пікірінше, әрбір жеке тұлғада туындаған мәселелерін өз бетінше шеше алу қабілеті болуы керек: аналитикалық-рефлексивті, конструктивті-жобалау, коррекциялық-реттеушілік. Рефлексиялық психологияда рефлексияның күрделі құрылым ретінде қарастырылуы Ғ.Толықбаеваның [2, б. 15] құрған кестесі түрінде көрсетілді.

Кесте 1 - Рефлексиялық психологиядағы рефлексияның көрінісі

Зияткерлік құрам-бөлік	Кооперативтік құрам-бөлік	Қарым-қатынастық құрам-бөлік	Жеке тұлғалық құрам-бөлік
Кез келген мәселені шешудегі ойлану, өзінің іс-әрекетін ойлегінен өткізу.	Өзара қолдауға құрылатын іс-әрекет.	Адамның жеке тәжірибесінің басқа адамға жеткілікті және басқаның тәжірибесін өзіне алатын	Өзін-өзі түсіну, адамның өзінің ішкі жан дүниесімен анықталатын «Мені» және «Мен емесі».

		қарым-қатынас	
--	--	---------------	--

Осындай төрт бағытты қамтыған рефлексия тұлғаның өз ісіне басқаның көзімен қарап, өзінің жаңа қабілеттерін меңгеруіне жол ашады. Оқу және оқыту барысында тілдік рефлексия тұлғаның ойлау, қабылдау қабілетін жандандырады. Себебі тілдік рефлексия арқылы адамзат өзінің даралығына, өз ойының дұрыстығына баға беру арқылы өз пікірін таразылап түсінуге, өз ойын дәлелдеуге мүмкіндік алады. Сондықтан да рефлексия – өзін-өзі танудың, түсінудің, тексерудің, бақылау мен бағалаудың негізгі тәсілі және ойлаудың қажетті құралы. Қазіргі таңда тілдік рефлексия мәселелері бойынша тұлғаның өмірі аясындағы белсенділікке жетелейтін, өзінің іс-әрекеттеріне баға беретін әдістің бірі – күнделік жүргізу мен хат жазуға машықтану екені белгілі. Бұл өздік жұмыстың ерекшелігі адам өзін толғандырып жүрген мәселелерді қағаз бетіне түсіру арқылы көптеген психологиялық қиын жағдайлардан шығуға үйренеді. Адам әрқашан өзі туралы біле бергісі келеді, ал оған мүмкіндік бола бермейді. Ендеше, күнделік осы мақсатқа жетуге көмектесетін бірден-бір психологиялық тамаша құрал. Бұл әдісті қолдану арқылы тұлғаға өзін-өзі тану, даму деңгейін орынды бағалауға дағдылану, икемділіктерін «рефлексия, сезімталдық, жауапкершілік, эмпатия) қалыптастыру жүзеге асырылады. Тілдік рефлексияны дамытуға арналған жұмыстар тұрақты, тиімді қолданғанда ғана нәтиже береді. Психологияда рефлексияны сананың пайда болуымен байланыстырған ғалым С.Л. Рубинштейн: «Адамның өмірі мен әрекетінен орын алатын сансыз ойлар өз әлемі мен өзіне деген рефлексияны тудырады, мұндағы психикалық әрекет сана қызметін атқарады. Адам өміріндегі қобалжу, уайымдау, өзі мен өзгелерге рефлексия жасау қабілеті санаға тікелей байланысты» [3, с. 463] - деп біледі.

Тілдік рефлексия білім берудің ажырамас бөлігі болып табылады. Қарапайым рефлексия күнделікті жағдайда тұлғаның өзіне «Мен не істеп жатырмын?», «Мен мұны қалай істеймін?», «Неліктен (неге) мен мұны істеймін? деген секілді сұрақтар қоюы арқылы көрініс табады. Педагогикалық аспектіде тілдік рефлексия тұлғаның жеке дамуын, оның қызметінің мәнін ұғынуға, өзін-өзі тану мен болашақ кәсіби кеңістікте құзыретті маман ретінде өзін қалыптастыруды жүзеге асыруды қамтамасыз ететін шарт ретінде қарастырылады [4, с. 22]. Тілдік рефлексияны зерттеу мәселесі философия мен психологияда ғана емес, қазіргі тіл ғылымы мен педагогикада да маңызы мен өзектілігін жоғалтқан жоқ. Білімнің барлық салаларында оған белсенді және қарқынды өсіп келе жатқан қызығушылық барған сайын күрделеніп бара жатқаны байқалады. Сонымен қатар лингвистикада нақты жинақталған теориялық-эмпирикалық ақпараттардың үлесі тілдік рефлексияның қажеттілігін түсіндіре алады. Тиісті лингвистикалық деректер табиғи тілдің қажеттіліктері мен мүмкіндіктерінің көрінісі болып табылатындығын айқындайды және тұлға бойында қалыптасқан рефлексиялық қабілетті іске асырады.

«Тілдік рефлексия» термині Б.М. Гаспаров зерттеулерінде алғаш рет қолданылған. Ол тілді адамның өмір сүру ортасы ретінде сипаттап, бұл тілдік ортада сөйлеуші өзінің тілдік түйсігі мен тілдік тәртібі арқылы өмір сүретіндігін тұжырымдаған [5, с. 352]. Сонымен қатар Ф. Кларак, Б. Кан, С.Ю. Степанов, Н.А. Калашникова, С.Л. Катречко, И.Т. Вепрева сынды шетелдік ғалымдардың да бұл мәселе жайында еңбектері бар. Отандық зерттеуші А. Әлімов рефлексияны педагогикалық әрекетке қатысты зерттеген. Ол бүгінгі педагогика білімді әрі өзінше ой-толғаныс жасай алатын, сыни қабілетке ие (рефлексия жасай білетін) тұлғаны қалыптастыруға жұмыстану қажеттігін атап көрсетеді. Адам рефлексиялық білімге ие болса, оның өзіне қоятын талаптары жоғары болады, ойлау қабілеті артады, ол «тазаланады», өз әрекеттерін түзейді, өзін-өзі дамыта алады» [6, б. 16]. Тіл білімінде рефлексия менталды үдеріс ретінде қаралып, лингвистикалық тұрғыдан «тілдік сана» ұғымына негіз болады. «Тілдік сана» ұғымы ғылыми айналымға В. фон Гумбольдттың зерттеуі арқылы алғаш еніп, сипаттамасы берілген. Ғалым тілдік сана дамуының көрсеткіші – рефлексия жасау қабілеті», - дей келіп, тілдік сананы негізгі шығармашылық өзгеруші ұстаным деп атады [7, б.396]. Санада қабылданған ақпараттың әсер етуші факторлар негізінде қорытылып, тілдің көмегімен өзіндік пікір бере отырып, сөйлеуде жүзеге асатынын байқаймыз. Сөйлеу барысында қолданылған тілдік бірліктер рефлексияның нысаны ретінде зерттеуге алынатын объектілер болып табылады. Мысалы: субъект кез келген ақпаратты (көрген, естіген, оқыған) таным арқылы қабылдап, осы қабылданған мәліметті өз санасында сақтай отырып, талдайды, қорытындылайды. Осы қорытындының тілдік қабатқа түсіп түрлі талқылаулар мен айтылымдар арқылы берілуі тіл мен сана қатынасының тығыз байланысын құрайды. Тіл мен сананың қатынасы негізіндегі тілдік рефлексия үдерісін П. Сыдықтың [6, с. 29] құрған кестесінен көруімізге болады.

Кесте 2 – Рефлексияның тіл мен сана қатынасы негізінде жүзеге асуы

Тілдік рефлексия			
Сана	Ақпаратты қабылдау және қорыту	Қоршаған орта (коммуникация)	Рефлекс
Тілдік сана		Когнитивті аспект: Сөйлеу фактісін бақылау	
Тілдің қызметі	Қорытылған мәліметті таңбалап, тасымалдау	Өзіндік пікір Талқылау (айтылымдар, авторлық түсініктеме)	Рефлексив

Тіл білімі саласында рефлексияны зерттеу нысаны етіп алған отандық ғалым Л.М. Шайкенова рефлексияны зерттеудің ерекшелігін адамның өзін-өзі тануымен, өз ойын, идеяларын, сезімдерін, арман-тілектерін ой елегінен өткізуімен, бағалау қабілеттерін зерттеумен байланыстырады. Ол ойлау мен

тіл, интеллект пен тіл, қоғам мен тіл мәселелерін әлі де зерттеудің қажеттігін көрсетеді [8, с. 4]. Л.М. Шайкенова рефлексияны жүзеге асырудың негізгі каналы ретінде тілді алып, өз ойын сараптаудағы менталды үдеріс ретінде қарастырып, философия, психология және тіл білімінде анықталуын қарастырды. Тілдік рефлексияны анықтаудағы ғалымдардың көзқарастары әртүрлі. Э.Л. Трикоздың көрсетуінше, бұл термин кең мағынада да, тар мағынада да жұмсалады. Кең мағынада алғанда: «Тілдік рефлексия – тілге қатысы бардың барлығы және оның қолданылуы», рефлексияны осы мағынада қолданған зерттеушілер А.Д. Васильев, Б.М. Гаспаров, Е.И. Шейгал және т.б., тар мағынасында: «Рефлексия – лексикалық бірліктің белсенді қолданылуы туралы түрлі талдаулар, комментарийлер», рефлексияның бұл мағынасы А.Д. Шмелев, Б.Ю. Норман, Т.В. Булыгина, И.Т. Вепрева т.б. еңбектерінде пайдаланылған. Дегенмен, тілдік рефлексияны осылайша екі мағынада (тар және кең) түсінгенмен, екеуіне де ортақ белгі бар: ол – тілдің қолданылуы, кең мағынасында жалпы қолданылуы назарға алынса, тар мағынасында лексикалық бірліктің қолданылуы негізге алынады. Э.Л. Трикоз тілдік рефлексияның лингвистикада зерттелуі метатіл, метатілдік қызмет, метамәтін, интермәтінділік мәселелерін талдаған еңбектерге сүйенілетінін айта келіп, ол зерттеулердің негізінде В. фон Гумбольдтың тілді әрекет ретінде қарау (деятельностный подход к языку) теориясы, Л.С. Выготскийдің ішкі сөз (теория внутренней речи) теориясы, Г.И. Богиннің түсіну теориясы (теория понимания) [6, б. 26] жатқанын көрсетеді. Тілдік рефлексияны зерттеу қазіргі таңда тек қазақ тіл білімінде ғана емес, сонымен қатар орыс тіл біліміндегі өзекті бағыт болып табылады. А.Бурованың тұжырымдамасында тілдік рефлексияның орыс тіл білімінде зерттелуінің екі негізгі тенденциясы бар: біріншісі, метатілді зерттеу тенденциясы. Бұл зерттеу объектісіне орай әдеби және ғылыми мәтіндер талдауда қолданылса, екіншісі лингвистикалық рефлексия, көбінесе журналистік дискурс пен идеясына бағытталады. Н.Рябцеваның пікірінше, сөйлеудің субъективті компоненттеріне, ең алдымен, дейксис жатады (*бұл, мұнда, алдымен, содан кейін, қандай да бір* т.б.), модус (*қажет сияқты, қуанышты және* т.б.), бағалау (*жақсы, нашар, маңызды, мүмкін, бірақ* т.б.), метатекст ретінде, интонация (*эмфаза, екпін, дауыспен таңдау, сөйлеу құрылымы, сөз тәртібі және стиль (жанр, қарым-қатынас режимі* т.б.) *тон, мәнер, буын, тұспалдау, мазақ ету, мадақтау және* т.б.) және осы құбылыстардың әрқайсысына үлкен лингвистикалық еңбектер арналған [2, с. 22]. Ал бұл еңбектер тілдік рефлексия мәселелерін зерттеуде жүзеге асырылады.

Тіл тұтынушылары мен тілдік тұлғалардың тіл туралы, тілге қатысты қарапайым білімі немесе «мына тілдік қолданыс дұрыс не бұрыс» деп ойлануы – тілдік рефлексия, сондай-ақ «тілдік заңдылықтарға сай тілдік қолданыстарды ғылыми талдау да – тілдік рефлексия. Тілдік рефлексия тілді түсіну мен тіл туралы қарапайым және кәсіби білімнің көріну ерекшеліктерін бейнелейді. Осы айтылғандарға сүйене отырып, санада қабылданып, тілде көрініс беретін ақпараттар, сөйлеу фактілерін бақылау, оған баға беріп,

өзіндік ой қалыптастыру «тілдік рефлексия» ұғымының тіл білімінде қарастырылуына, зерттелуіне жол ашады деуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бұралқыұлы М. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы: Мектеп, 2008. – 463 б.
2. «Қазақстан мектебі» журналы. – Алматы; 2016. – желтоқсан, №12. – 14-15, 22 б.
3. Рубинштейн С.Л. Избранные философско-психологические труды. Основы онтологии, логики и психологии. – Москва, 1997. – 463 с.
4. Шайкенова Л.М. Рефлексия в языке в контексте гуманитарного знания. Известия НАН РК. – 2009. - №4. – 22 с.
5. Гаспаров В.М. Язык. Память. Образ. Лингвистика языкового существования. – М.: Новое литературное обозрение, 1996. – 352 с.
6. Сыдық П. Тілдік рефлексия: дискурстық талдау (қазақ және ағылшын тілдеріндегі көркем мәтіндер негізінде) диссертациясы. – Ақтөбе; 2024. – 17, 29, 143 б.
7. Гумбольдт В. Язык и философия культуры. – М.: Прогресс, 1985. – 396 с.
8. Шайкенова Л.М. Рефлексивная лингвистика: монография. – Алматы: КазНУ им. аль-Фараби : Қазақ ун-ті, 2009. – 200 с. - ISBN 9965-30-938-8

ӘОЖ 81-272

ҚАЗАҚ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНІҢ МАҒЫНАЛЫҚ ҚОЛДАНЫСЫ

МАНГЫБАЕВА Эльмира Аймукановна,
№ 3 жалпы білім беретін мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші,
Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақтың мақал-мәтелдерінің мағынасы, көркем әдебиеттердегі қолданысы, мақал-мәтелдер ұлт тілінің даму ерекшелігін және ұлт мәдениетінің негізгі көрсеткішін айқындайтын тілдің ажырамас бір бөлігі болып табылатындығы байыпталады. Мақал-мәтелдердің мәтін ішінде қолданылу ерекшеліктері шартты түрде топтарға бөлініп қарастырылады.

Кілт сөздер: мақал-мәтел, мағына, қолданыс, мақал-мәтел түрлері, мақал-мәтел ерекшеліктері

Әдеби тілдің дүниеге келуі мен одан әрі дамуы сол халықтың тағдырымен байланысты. Сол себепті «әдеби тіл» деген ұғым – тарихи категория. «Ол халықтың қоғамдық, әлеуметтік өміріне, саяси-экономикалық жағдайына байланысты дамып, кемелденіп, марқайып отырады. Осыған орай, оның дамуы кейде қарқынды, кейде бәсең, қоғамдық қызметінің шеңбері

кейде кеңейіп, кейде тарылып отыруы мүмкін. Бұл жоғарыдағы сыртқы экстралингвистикалық факторларға байланысты. Бірақ қандай болмасын, ол қатынас құралы ретіндегі өзінің қызметін атқаруға міндетті» [1, 7]. Дәстүрлі көне әдеби тілдің үрдісін сақтап, халықтық тілге арқа сүйеп дамыған әдеби тілдің бүгінгі кемелденген шағында тілдің атқаратын қызметі орасан зор. Яғни кез келген халықты танытатын оның әр алуан өнері болса, сол «өнердің алды – қызыл тіл». Тіл неғұрлым бай, терең, тұңғыық болса, ол сол тілді қолданушы халықтың да кемеңгер, дана, кең екендігін көрсетеді. Ал тілдің бейнелілігін, байлығын арттыра түсетін сөздік қордың ауқымды бөлігін құрап тұратын – мақал-мәтелдер. Жалпы қай халықтың болмасын, ойлау ерекшелігі оның ұлттық тілінде көрініс табады және кез келген тілде ол халықтың сана-сезім, салт-дәстүр, мәдени тұрмыс-тарихын бейнелейтін ерекше мақал-мәтелдер кездеседі. Соған байланысты мақал-мәтелдер ұлт тілінің даму ерекшелігін және ұлт мәдениетінің негізгі көрсеткішін айқындайтын тілдің ажырамас бір бөлігі болып табылады. Қазақ халқының дәстүрлі тіл өнерін халық ауыз әдебиетінің байлығынсыз, ұлттық ерекшелігінен хабардар ететін шешендік өнері мен айтыс өнерінсіз көзге елестету қиын. Ауыз әдебиетінің үлгілері де, шешендік, айтыс өнері де тіліміздегі тұрақты сөз тіркестерінің мол қорынан нәр алып, өркендеген, дамыған. Көркем шығарма тілі осы аталған жалпыхалықтық тіл өнерінің жалғасы ретінде қалыптасқан. Жалпыхалықтық тілде, соның ішінде мақал-мәтелдерде, сол халықтың танымдық қызметінің ұжымдық тәжірибесі жинақталған. Жырау немесе ақын-жазушы сол тілді пайдаланғанда, өзінің жеке басының тәжірибесін жеткізуге тырысады. Жазушы өз шығармасында мақал-мәтелдерді пайдаланғанда, мақал-мәтелдердің жалпыхалықтық қолданыстағы тура мағынасын сақтай отырып, сонымен қатар оларға қосымша мағыналық және эмоционалдық мәндерді қабаттастырып қолданады.

Ауызша туып, ауызша тарап келген қазақ поэзиясында да мақал-мәтелдер молынан ұшырасады. Ал Абай бастаған жазба поэзияда да мақалдар қолданылады, бірақ айырмашылық та бар. Мысалы, Абай халық қазынасында бар кәдімгі мақалдарды көбінесе сол қалпында келтіріп, «дегендейін» деп ойын дәлелдемейді, таңдаған мақалды өлеңге жымдастырып, кіріктіріп, сол арқылы айтпақ ойын білдіреді. Ол үшін мақалдың қалыптасқан түрін өлең талабына (өлшеміне, ұйқасына) қарай сәл өзгертіп те жібереді. Мысалы, Екі кеме құйрығын ұста, жетсін бұйрығың - деп, «күшінді бытыратпа» немесе «қолдан келмес іске ұмтылсаң, нәтижеге жете алмассың» деген идеяны мақалдың өзімен береді. Оның: Қайта келер есікті қатты серіппе, жарқын-ау («Қайтып кірер есікті қатты жаппа» мәтелінің қолданысы), Тілде сүйек, ерінде жиек бар ма («Тілде сүйек жоқ»), Бейнет көрмей, дәулет жоқ («Бейнет түбі – зейнет») дегендерін осы қатарға қосуға болады. Қазіргі кезде психолінгвистикалық, прагматикалық, коммуникативтік бағыттар бойынша тілдің ерекшеліктерін зерттеген лингвистикалық еңбектерде мәтінді зерттеу басты орындардың бірін алып

отырғандығы байқалады. Лингвистикада мәтінге тіл жүйесінің ең жоғарғы деңгейі ретінде баға беріледі, өйткені мәтінде тілдік деңгейдің барлық бірліктері бар екенін байқауға болады [2,14]. Халық қазынасын көркем әдебиетте пайдалана білудің өзі де асқан шеберлік. Ақын-жазушының шеберлік өнері халықтың асыл мұрасы – мақал-мәтелдерді өз шығармасында қаншалықты орынды пайдалануы арқылы да бағаланып отырады [3,14]. Сонымен, мақал-мәтелдер тек ауызекі сөзді көркейту үшін ғана емес, көркем шығармаларда да жиі қолданылады. Бұл жөнінде ғалым Е. Жанпейісов былай дейді: «Жазушы тілдегі бейнелеу құралдарын әр алуан көркемдік бояу бере пайдаланады. Бұл орайда, ауызекі сөйлеу тіліндегі қарапайым сөздер де, мақал-мәтелдер де, эпитет пен теңеулер де, тілдің басқа да барлық құралдары шығарманың жалпы идеялық тақырыптық арқауына лайық жаңа бір мағыналық астар алып, стильдік функциясы арта түседі» [4,17]. Мақалдап сөйлеу тапқырлықты көрсетеді. Мақал-мәтелдер тіліміздің ең бір көркемдегіш құралы ретінде мәтін тілін жандандырып, әсерлендіріп қана қоймайды, әрі қысқа, әрі нұсқа түрде белгілі бір құбылыстың негізін дәл бейнелейді. Оқырманның қазақ паремиясының жалпы мағынасымен бірге оның стилистикалық ажарының өзгешелігін (окрашенность), яғни экспрессивті және эмоционалды-бағалауыштық реңктерін (оценочные оттенки) де түсіне білгені абзал. Әсіресе, филологтар үшін бұл мағыналарды түсіну ауызекі сөйлеу тілінде мақал-мәтелдерді дұрыс және дәл қолдану үшін және көркем мәтінде кездескен мақал-мәтелдерді лингвистикалық талдау үшін қажетті. Жазушы оқырманға белгілі бір жағдайды хабарлай отырып, әсер ету үшін қандай бейнелеу құралдарын таңдаймын десе де ерікті. Бұл жерде жазушының (газет тілшілерінің) тілдің прагматикалық функциясын орынды, әрі тиімді қолдана білуі маңызды рөл атқарады. Мақал-мәтелдерге тән басты ерекшеліктердің бірі – бағалауыштық танытуы. Дүниеде бағаланбайтын зат, бағасын алмайтын құбылыс болмайды. Бағалауыш – сөйлеушінің өз тарапынан құбылыс пен затқа, іс-әрекет атауына берген бағасы, көзқарасы, оған деген қарым-қатынасы [5, 134]. Мақал-мәтелдерде берілетін астарлама бағалауыштық мән оларға тән қасиет. Мақал-мәтелдер кез келген жағдайға, соның ішінде адамға қатысты оның мінез-құлқына, іс-әрекетіне, т.б. қасиеттеріне баға береді. Мақал-мәтелдердегі бағалау ашық түрде де беріледі. Мақал-мәтелдердің экспрессивті-эмоциялық, бағалауыштық, дидактикалық, белгілі бір жағдайға қорытынды жасау сияқты қасиеттері олардың табиғи қызметімен байланысты. Мақал-мәтелдердегі бағалауыштық-сипаттамалық қызметтің мәні, біріншіден, сөйлеуші субъект жақтан белгілі бір жағдайға байланысты жағымды немесе жағымсыз баға алумен байланысты болса, екіншіден, сол нақтылы жағдай жеке құбылыс ретінде емес, типтік жағдайлардың жиынтығы ретінде берілген мақал-мәтелдік тұлғада қаралады. Белгілі бір жағдайға қатысты мақал-мәтел таңдау арқылы сөйлеуші субъект соған өзінің көзқарасын білдіріп, бағасын береді. Эмоционалдық реңк пен бағалауыштық қасиетті өзара ауыстыруға болмайды, бірақ олардың арақатысында ұқсастық бар, өйткені бағалау – эмоционалдық

катынастағы айтылымның белгілі бір түрі. Прагматикалық бағалауыш мән адресаттың аялық біліміне, өмірлік тәжірибесіне, мақал-мәтелдің ауыспалы мағынасын және сол мақал-мәтелдің бойындағы жасырын бағалауыш қасиетті ұға білуіне байланысты. Бағалаушы мән сөйлеушінің қарсылық білдіру, мақұлдау, тілек сияқты мақсаттарын жеткізеді. Бағалауыштық көркем әдебиетте образ сомдауда, кейіпкерлер мінезін ашуда, олардың әрекеттері мен іс-қимылын бағалауда кеңінен пайдаланылады. Мысалы: Сөйтіп, «айдағаны бес ешкі» бола тұра, «ысқырығы жер жарып», аңыз айтатындарын қайтерсің дегенде, сөйлеуші белгілі бір оқиғаға байланысты кекету, ұнатпау тәрізді өз бағасын жоғарғы мақал арқылы беріп отыр. Әдетте, сөйлеу тіліне тән мақал-мәтелдердің бағалауыштық сипаты күшті болып, олардың қоштау, ұнату, ұнатпау, кекету тәрізді мәні айқын сезіліп тұрады. Бірнеше мысал келтірейік: Әрине, еске алу кешінің көп болғанын қаламаймыз. Аз болсын, аз болса да осылай саз болса, шын жылатып, соқыр көзден де жас шығара алса, біз бір-бірімізді соншалықты жақсы көре түседі екенбіз (“Жас алаш”, 2012, 8 қаңтар). Сонау кешегі ат ауыздығымен су ішкен, ер етігімен су кешкен заманда найзаның ұшымен, білектің күшімен қазақтың кең-байтақ жерін қорғап қалғанбыз («Жас алаш», 2012, 8 ақпан). Тіліміздегі мақал-мәтелдерді және олардың варианттарын дәл тауып қолдану стилистиканың үлесіне тиеді. Мақал-мәтелдер варианттарын ауызекі тілде және көркем әдеби тілде қолданудың стилистика тұрғысынан үлкен маңызы бар. Сондықтан оның узуалдық (тілдік нормаға сай) және окказионалдық (нормадан ауытқу немесе айтушының жеке сөз қолданысы) ерекшеліктері де назардан тыс қалмау керек [22, 68]. Окказионалды өзгеріс – қалыптасқан сөйлеу дағдысынан ерекше, контекске байланысты айтушының жеке сөйлеу үлгісіне жататын құбылыс. Окказионал құбылысы мақал-мәтелдерде үнемі жүйелі түрде кездеседі. Нормаға сәйкессіздік окказионал сөздердің басты ерекшелігі деуге болады. Ауызекі сөйлеу тілінде болсын, көркем әдебиет пен публицистика тілінде болсын, мақал-мәтелдер дәстүрлі тұлғасында да, дәстүрлі қалпынан айтарлықтай өзгеріске түсіп те қолданылады. Мысалы, «Жақсы ит өлігін көрсетпейді» деген осы ма, әлде ерекше туған Қабылан ақтық демін өскен жердің ауасымен алғысы келді ме екен, әкем оның денесін көшкен жұрттан тауып әкеліпті [Қабылан, 361], - дегенде, контексте қолданылып отырған мақалдың құрамындағы жеке компоненттері ешбір өзгеріске түспей, өзінің тура мағынасында айтылып тұр. Осындай ойдың ашық, айқын мағынада беріліп, тыңдаушыға бірден түсінікті болуын тіл білімінде экспликация деп атайды. Жоғарыда көрсетілген контекстегі мақалдың эксплицитті (ашық) мағынасы оқушыға бірден түсінікті болып тұр. Бұдан бұрын атап өткеніміздей, мақал-мәтелдер мәтін ішінде келгенде әртүрлі өзгерістерге ұшырап, түрлі тұлғада айтылады. Тіл қатынас құралы болғандықтан, ол – жанды қозғалыс. Сол себепті қолданыста түрлі өзгерістерге ұшырауы – табиғи құбылыс. Дүниеде өзгермейтін ешнәрсе жоқ. Олай болса, сөздік қорымыз да тілдің даму сатысында әрдайым көбейіп, мағына жағынан кемелденіп толыға түседі екен. Мақал-мәтелдердің

тұлғасына тән дәстүрлі тұрақтылық қаншама берік болса да, мәтін ішінде сөз зергерлерінің сөз саптау шеберлігіне байланысты әртүрлі өзгерістерге түсіп отырады. Бірақ бұл өзгерістер мақал-мәтелдердің жалпы мазмұнына айтарлықтай нұқсан келтіре қоймайды. Мақал-мәтелдердің осылайша әртүрлі өзгерістерге, тұлғалық модификацияға ұшырауы салдарынан пайда болған, тіл практикасында бір-ақ рет қолданыс табатын түрін инварианттар деп атаймыз. Олардың пайда болуында белгілі бір заңдылық жоқ. Инварианттық өзгерістер автордың тек өз еркіне, асыл тасты әр қырынан бір көрсетіп құбылта білетін шебер де, мақал-мәтелдердің көркемдік өрнегін, образы мен бейнелеушілік әсерін, эмоция-экспрессивтік қуатын бойында сақтай отыра, пайдаланатын талантына байланысты [23,4]. Жазушы өз шығармасында мақал-мәтелдерді жалпытілдік қолданыстағыдай өзгертпестен жұмсауы да, белгілі бір мақсатқа орай құрылым-құрылысын, мағынасын жаңғыртып қолдануы да мүмкін.

Мақал-мәтелдердің мәтін ішінде қолданылу ерекшеліктерін шартты түрде төмендегідей топтарға бөліп қарастырдық:

а) Мақал-мәтелдердің құрамын, сырт құрылысын еш өзгертпей, сол күйінде пайдалану.

«Сыйға сый, сыраға бал» дегендей, қыз төркіні де қарап қалмай, үш шалға үш шапан жауып, тағы да толып жатқан сәлемдемелермен қонақтарын аттандырып салды [Шалдар, 328]. «Көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе?» дегендей, Зейнеп те үнсіз қалған аз уақыттың ішінде өзімен-өзі дауласып, өзін-өзі кінәлап, өзін-өзі арашалап алып шыққанына біршама қуанып, белгісіз бір кінә мен айыптың салмағынан құтылғандай сезінді [Өкпек жолаушы, 478]. «Елдестіркем елшіден, жауластырмақ жаушыдан» деген сөз тегін айтылмаса керек. Оның жергілікті халықпен етене тығыз байланысу мәселесінде де көптеген сірескен, менменсіген кәсіпқой дипломаттардан шоқтығы анағұрлым биік тұратын [«Жас Алаш», 2 наурыз, 2000]. Аталған мақал-мәтелдердің барлығы да құрылым-құрылысы жағынан еш өзгеріске түспей, контексте сөз басында келіп, шығарма тіліне айрықша көрік, ұтымды мазмұн, ұлттық колорит беріп тұр.

б) Мақал-мәтелдің компоненттерін вариант сөздермен ауыстыру. Бұрыннан белгілі, қалыптасқан мақал-мәтелдерді автор жалпы мағынасын, бейнелілігін сақтай отырып, стильдік мақсатпен өзінше өңдеп, кейбір компоненттерін мәндес, мағыналас, синоним сөздермен алмастырып қолданады. Мысалы: - Қысқасы, қара темірдің, ағаш аспаптың да түгел ұстасы болып кетті. «Қартайғанда кәрі тарлан жорға шықты ғой» деп, бар жатақ мақтап та қояды... [Абай жолы, 173]. Шығармадан алынған үзіндіде «Қартайғанда кәрі боз жорға шығарады» деген мәтелді жазушының оның жалпы мағынасын толық сақтап, құрамындағы бір семантикалық өрістегі «боз» сөзін «тарланмен» ауыстырғанын көреміз.

в) Мақал-мәтел компоненттерінің орнын ауыстыру. Мәтін ішінде мақал-мәтелдердің құрамындағы сөздердің, кейде тағандарының орнын ауыстырып қолдану жиі кездеседі. Бірақ бұл құбылыс мақал-мәтелдер

білдіретін дербес мағынаға ешбір нұқсан келтірмейді. Тағандардың орнын ауыстырып қолдану авторлар тарапынан мақсатты түрде қолданылатын стильдік тәсілдердің бірі тәрізді. Жуастан жуан шығады ... Бірақ Едігенің мына жуастан шыққан жуанға, соның ірі-ірі сөздеріне таңырқағаны сонша, тіліне соның ешқайсысы да оралмады [Көк мұнар, 161]. Адам сөйлескенше, жылқы кісінескенше Жылқы мен жылқы кісінескенше, адам мен адам сөйлескенше деген осы ғой. Шалдар жиналып, әзіл-оспақ араласқан соң, Қарекең өзін алғаш кіріп келгендей емес, еркін, кең ұстады [Шалдар, 326]. Жел тұрмаса, шөптің басы қимылдамайды Жала дейді, неғылған жала? Шөптің басы жел тұрмаса қимылдамайды [Сүйекші, 246].

г) Мақал-мәтел компоненттерін ықшамдап қолдану Ресей ғалымы О.Л. Каменская имплицитті байланысты эллипсисті, тезаурусты, транзитивті деп үш түрге бөліп қарастырады [25,63]. Осы үш байланыстың ішінде эллипсис құбылысы мақал-мәтелдердің табиғатына ерекше тән. Мәтін ішінде де мақал-мәтелдердің компоненттері эллипсиске жиі ұшырайды, яғни белгілі бір сыңарлары түсіріліп қолданылады. Эллипсис сөйлемнің, ойдың ықшамдығын, әсерлігін, өткірлігін арттырады десек, сөз зергерлері халықтың бай қазынасын игере отырып, мақал-мәтелдерді орнымен орайластыра қолданып, олардың компоненттерін немесе бір тағанын түсіріп, ықшамдап пайдаланады.

Мысалы: Мақал-мәтелдердің бір тағанын түсіріп айту. Ағасы бардың жағасы бар, Інісі бардың тынысы бар Рахмет, айналайын... Інісі бардың тынысы бар деген, сендердің арқаларында әйтіп-бүйтіп жүріп жатырмыз ғой [Көк мұнар, 144]. Ат баспаймын деген жерін үш басады, Ер көрмеймін деген жерін үш көреді. Ат баспаймын деген жерін үш басады, бұл төңірекке, сіздің шаңыраққа кеп дәм татамыз деген үш ұйықтасақ түсімізге кірген емес еді [Тіршілік, 359]. Өлімді жерде молда семіреді, өлеңді жерде өгіз семіреді. «Өлімді жерде молда семіреді» - деп, биыл осы молдалар мен халфе, қазіреттер де жалақтап кеткен екен! [Абай жолы, 308].

Көркем шығармада мақал-мәтелдердің құрам-құрылысын жаймалап қолдану да жиі кездеседі. Мақал-мәтелдерді жаймалап қолдану барысында олар еркін тіркестік сипат алып, сөйлеу тіліне жақындайды. Бұл тәсіл негізінен мақал-мәтелдердің контекстегі мағынасын дәл беруде, мазмұнын кеңейтуде, эмоциялық, экспрессиялық реңін күшейту мақсатында қолданылады. Мысалы, Өзекті жанға бір өлім. Екі атадан қалған екі бала әкелері тындырмағанды өздері тындырардай, өзекті жанға келмей қоймайтын өлім нақ бір бұларды айналып өтердей, бір-біріне бұрынғыдан бетер өшіге түсті [Сүйекші, 251]. Бояушы, бояушы дегенге сақалын бояйды. «Бояушы, бояушы» деп, сақалын бояп барады-ау осы! - деп, тістене түсіп, қатты ызаланып отыр [Абай жолы, 487]. Біреу тойып секіреді, біреу тоңып секіреді. - Мырзалар, мен сіздер секілді ерігіп жүрген жан емеспін, сіздер тойып секіріп жүрсіздер, мен тоңып секіріп жүрмін [Сүйекші, 235]. Көрсетілген мақал-мәтел компоненттерінің арасына сыналап сөз енгізіліп, құрамы жаймалап қолданылған. Мәтін ішінде мақал-мәтелдердің құрамын ықшамдап

пайдалану немесе сыңарларының арасына сөз сыналату, лексикалық құрамын жаймалап қолдану секілді ерекшеліктер жазушының сөз саптау шеберлігіне байланысты әрқалай көрінеді. Көркем әдеби тілдің негізгі қайнар бұлағы жалпыхалықтық тіл болса, осы жалпыхалықтық еркебұлан тіліміздің бір тармағы мақал-мәтелдерді көркем шығармада дұрыс пайдалана білу – әрбір жазушының стильдік талғамына байланысты болса керек.

Халық ауыз әдебиеті, соның ішінде мақал-мәтелдер – қазақ халқының дүниетанымын зерттейтін педагогика, психология, тарих, филология салаларының ғылыми зерттеулері үшін құнды дереккөз. Мақал-мәтелдер – адамның мінез-құлқы мен іс-әрекетінің ең жақсы мінездік қасиеттері мен психологиясын тәрбиелеу құралы болып табылатын үлкен халықтық энциклопедияның бір түрі. Сол себепті мақал-мәтелдер халық педагогикасының бір құралы ретінде өзінің көпжақтылығымен жас ұрпақты тәрбиелеу процесінде кеңінен қолданылып, тұлғаның табиғи тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуы мен дамуына үлкен әсер етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақ әдеби тілі тарихының проблемалары. // Ә.Қайдаровтың кіріспе сөзі. –Алматы: Ғылым, 1987. - 171 б.
- 2 Жақсыбаева Ф.З. Газет мәтінінің прагматикалық функциясы: Канд.дисс. –Алматы: 2000. 153 б.
- 3 Сәрсенбаев Р. М.Әуезовтің «Абай жолы» романындағы мақал-мәтелдердің қолданылуы // Қазақ тілінің мәселелері. –Алматы, 1980. - 53 б.
- 4 Жанпейісов Е. Қазақ прозасының тілі. –Алматы: Ғылым, 1968. - 264 б.
- 5 Момынова Б. Газет лексикасы (жүйесі мен құрылымы). –Алматы: Арыс, 1999. - 228 б.

УДК 81-44

THE LINGUISTIC ASPECTS OF EUPHEMISM IN LITERARY TEXTS: A CASE STUDY OF MATILDA BY ROALD DAHL

KASSIPKHAN Sholpan,
PhD Student, Al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan Email: kassipkhan_sholpan@live.kaznu.kz

Abstract. This paper examines the linguistic use of euphemism in Roald Dahl's *Matilda* and its implications within psycholinguistics. Euphemisms are analyzed as tools for addressing complex themes such as neglect and authoritarianism, ensuring the text remains engaging and appropriate for its young audience. The study categorizes euphemistic expressions, explores their narrative functions, and investigates their cognitive and emotional effects on readers. Results highlight how Dahl's strategic use of euphemisms balances humor, narrative complexity, and psychological accessibility.

Keywords: Euphemism,Psycholinguistics, Roald Dahl, *Matilda*, children’s literature

Basic Provisions

Objective: To explore the linguistic and psycholinguistic aspects of euphemism in *Matilda*.

Research Questions:

- 1. What types of euphemisms are used in *Matilda*?
- 2. How do these euphemisms contribute to the novel’s themes and readability?
- 3. What psycholinguistic mechanisms underlie young readers' processing of euphemisms?

Hypothesis: Euphemisms in *Matilda* are a narrative and psychological tool, enhancing both accessibility and emotional engagement.

Introduction

Euphemism, a linguistic device used to soften expressions or obscure sensitive realities, is a cornerstone of children’s literature. Authors often use euphemisms to address topics indirectly, ensuring appropriateness for young readers while preserving narrative depth. In *Matilda* by Roald Dahl, euphemisms mediate dark themes such as familial neglect and authoritarian oppression, offering young readers a buffer to process complex situations.

This paper focuses on euphemistic language in *Matilda*, analyzing its linguistic forms and psycholinguistic effects. By combining textual analysis with cognitive theories, this research sheds light on how Dahl’s euphemisms support comprehension, emotional engagement, and character development.

Materials and methods

Materials

- 1. **Primary Text:** Dahl, R. (1988). *Matilda*. Jonathan Cape.
- 2. **Secondary Sources:** Research articles and books on euphemism, psycholinguistics, and children’s literature.

Methods

1. **Textual Analysis:**

- (1) Identified euphemisms in *Matilda* and classified them into linguistic categories.
- (2) Examined their narrative functions and contextual relevance.

2. **Psycholinguistic Analysis**

- (1) Assessed how euphemisms align with children’s cognitive abilities.
- (2) Investigated their emotional and educational impacts based on theoretical models.

3. **Tabular Representation**

Summarized the findings in tables for clarity and comparison.

Results

Types of Euphemisms Identified in <i>Matilda</i>			
Type	Example	Frequency	Function
Softening Euphemisms	“Not very clever” for stupidity	12	Reduces emotional harshness

Type	Example	Frequency	Function
Humorous Euphemisms	“Half-baked”for incompetence	15	Adds humor and lightens critique
Metaphorical Euphemisms	“A tigress in battle”for aggression	8	Enhances imagery and vividness

Discussion

The discussion focuses on three major aspects: linguistic patterns, psycholinguistic effects, and broader implications for literary studies.

Linguistic Patterns

1. Types and Contexts

The euphemisms in *Matilda* vary in type, ranging from metaphors to humorous substitutes. For instance, the term "twit" humorously critiques a character's intelligence without veering into offensive language. Such expressions align with the **Politeness Theory** proposed by Brown and Levinson (1987) [1], which suggests that euphemisms reduce face-threatening acts.

2. Pragmatic Functions

Euphemisms in *Matilda* serve pragmatic purposes, including:

Politeness: Reducing confrontational tone when addressing negative traits.

Narrative Engagement: Making the story accessible and enjoyable for children through humor and creativity.

Psycholinguistic Effects

1. Cognitive Accessibility

Euphemisms simplify complex or distressing ideas, aiding children's comprehension. According to Sperber and Wilson's Relevance Theory (1986) [2], such indirect expressions enhance cognitive processing by aligning with the reader's context and prior knowledge.

2. Emotional Resilience

By softening harsh realities, euphemisms provide an emotional cushion. For example, describing neglect as “a bit of a nuisance” minimizes distress while still conveying the gravity of Matilda's situation.

3. Memory Retention

Humorous euphemisms are more likely to be remembered, as they engage the reader's emotions and imagination. This aligns with studies on the emotionality-memory connection in psycholinguistics [3, p. 45].

Broader Implications

Dahl's use of euphemisms exemplifies the role of language as a bridge between complexity and accessibility in children's literature. Beyond narrative functions, these expressions also serve as educational tools, teaching young readers about nuance and social norms.

Conclusion. Euphemisms in *Matilda* exemplify the interplay of language and psychology in children's literature. They function as linguistic tools for softening, engaging, and educating, while aligning with psycholinguistic theories of cognitive and emotional processing. Dahl's strategic use of euphemism enriches the narrative, balancing its darker themes with humor and accessibility. Future research could expand this analysis to include cross-cultural studies on euphemism in children's literature.

REFERENCES

- [1] Brown, P., & Levinson, S. C. (1987). *Politeness: Some Universals in Language Usage*. Cambridge University Press.
- [2] Sperber, D., & Wilson, D. (1986). *Relevance: Communication and Cognition*. Blackwell Publishing, pp. 125-128.
- [3] Nippold, M. A. (2016). *Language Development and Figurative Language in Children*. *Language Learning and Development*, 12(3), 42-50.
- [4] Dahl, R. (1988). *Matilda*. Jonathan Cape.
- [5] Pavlenko, A. (2005). *Emotions and Multilingualism*. Cambridge University Press, pp. 34-46.

УДК 378.1

ARTIFICIAL INTELLIGENCE IN LINGUISTIC RESEARCH: ANALYZING LINGUISTIC DATA OF IMAGE DISCOURSE

KANANOVA Nazgul Sarmantayevna,
Al-Farabi Kazakh National University, First-year Master's student

Аннотация. Цифрландыру дәуірінде жасанды интеллект (ЖИ) лингвистикалық зерттеулерде, әсіресе имидждік дискурсты талдауда маңызды рөл атқарады. Бұл жұмыста ЖИ технологиялары институционалдық имидждерді құру үшін қолданылатын лингвистикалық деректерді талдауды қалай жақсартатыны қарастырылады, әсіресе білім беру мекемелері, соның ішінде университеттерге ерекше назар аударылады. Жасанды интеллект басқаратын құралдар, мысалы, табиғи тілді өңдеу (NLP), мәтіндерді интеллектуалды талдау және тоналды талдау зерттеушілерге лингвистикалық заңдылықтарды, риторикалық стратегияларды және имиджді қалыптастыруға ықпал ететін тоналдылық өзгерістерін анықтауға мүмкіндік береді. Зерттеуде Қазақстан университеттері мысал ретінде алынған және ЖИ қосымшалары имидждік дискурста қандай жаңа түсініктер беретінін көрсетеді. Сондай-ақ ЖИ-дің білім беру мекемелеріндегі лингвистикалық зерттеулердің болашағына ықпалы қарастырылады.

Кілт сөздер: жасанды интеллект, имидждік дискурс, лингвистикалық зерттеу, табиғи тілді өңдеу, университет имиджі, риторикалық стратегиялар.

Abstract. In the era of digitalization, artificial intelligence (AI) plays an increasingly pivotal role in linguistic research, particularly in the analysis of image discourse. This paper investigates the ways AI technologies enhance the analysis of linguistic data used in constructing institutional images, with a focus on educational institutions like universities. AI-driven tools such as natural language processing (NLP), text mining, and sentiment analysis allow researchers to identify linguistic patterns, rhetorical strategies, and sentiment shifts that contribute to image-making. This study uses Kazakhstani universities as a case study to

demonstrate how AI applications provide new insights into image discourse. The implications of AI for the future of linguistic research in educational institutions are also explored.

Keywords: artificial intelligence, image discourse, linguistic research, natural language processing, university image, rhetorical strategies

Аннотация. В эпоху цифровизации искусственный интеллект (ИИ) играет все более важную роль в лингвистических исследованиях, особенно в анализе имиджевого дискурса. В данной работе рассматриваются способы, с помощью которых технологии ИИ улучшают анализ лингвистических данных, используемых для создания институциональных имиджей, с особым акцентом на образовательные учреждения, такие как университеты. Инструменты, управляемые ИИ, такие как обработка естественного языка (NLP), интеллектуальный анализ текстов и анализ тональности, позволяют исследователям выявлять лингвистические закономерности, риторические стратегии и изменения тональности, которые способствуют созданию имиджа. В исследовании используются казахстанские университеты в качестве примера, чтобы продемонстрировать, как приложения ИИ предоставляют новые инсайты в имиджевый дискурс. Также рассматриваются последствия применения ИИ для будущего лингвистических исследований в образовательных учреждениях.

Ключевые слова: искусственный интеллект, имиджевый дискурс, лингвистические исследования, обработка естественного языка, имидж университета, риторические стратегии.

In modern society, institutions—whether corporate, political, or educational—rely heavily on discourse to shape public perception. Universities, in particular, engage in structured communication aimed at projecting a favorable image to attract students, staff, and partners. This *image discourse* is the set of communicative practices that universities use to position themselves as competitive, innovative, and socially responsible. Traditional methods of discourse analysis, such as those proposed by **Michel Foucault** (1972), **Norman Fairclough** (1992), and **Teun van Dijk** (1995), have long provided tools for understanding the power dynamics embedded in language. However, these manual methods are time-consuming and limited in their ability to handle large, complex data sets.

With the rapid advancement of artificial intelligence (AI) and its subfield, natural language processing (NLP), researchers are now equipped with tools that can process and analyze large volumes of text more efficiently and accurately. This paper explores how AI technologies can be applied to analyze the linguistic data of image discourse, specifically focusing on universities as a case study. By applying AI techniques such as sentiment analysis, text mining, and topic modeling, researchers can not only analyze vast amounts of discourse but also gain deeper insights into how linguistic strategies construct a university's image.

This paper will examine how AI-driven tools can analyze the image discourse of universities. By utilizing AI, it becomes possible to uncover subtle linguistic patterns and rhetorical strategies that may be missed by traditional analysis, thereby providing a more comprehensive understanding of how universities engage in image-building.

Theoretical background: Discourse and Image Discourse.

Discourse is not merely communication; it is a reflection of broader social, cultural, and ideological contexts. According to **Michel Foucault** denotes Discourse as “a group of statements in so far as they belong to the same discursive formation; it does not form a rhetorical or formal unity, endlessly repeatable, whose appearance or use in history might be indicated (and, if necessary, explained); it is made up of a limited number of statements for which a group of conditions of existence can be defined. Discourse in this sense is not an ideal, timeless form that also possesses a history; the problem is not therefore to ask oneself how and why it was able to emerge and become embodied at this point in time; it is, from beginning to end, historical - a fragment of history, a unity and discontinuity in history itself, posing the problem of its own limits, its divisions, its transformations, the specific modes of its temporality rather than its sudden irruption in the midst of the complicities of time” [4].

Norman Fairclough, who developed Critical Discourse Analysis (CDA), expanded on Foucault’s ideas by focusing on how discourse serves as a site of struggle over power. CDA explores how language is used to maintain or disrupt social hierarchies, making it an essential tool for analyzing how universities construct their public image [3].

In Kazakhstan, researchers such as **G. B. Suyundikova** and **A. K. Jumagalieva** have explored how Kazakhstani universities engage in image discourse to build a competitive image on the global stage. Suyundikova’s research examines media discourse surrounding Kazakhstani universities, revealing how linguistic strategies are used to create a positive institutional image both locally and internationally [9],[11].

Image discourse refers to the communicative practices that organizations use to construct and maintain a specific image in the public’s mind. In the context of universities, this involves crafting a narrative that emphasizes leadership in education, innovation in research, and contributions to societal well-being. This discourse is conveyed through textual and visual elements, such as mission statements, promotional materials, social media posts, and logos. **Image**, as described by Iskhangalyeva G. refers to a constructed representation or perception of a country, organization, or individual that is shaped through various linguistic and symbolic means. The **image** is created and reinforced through language strategies, including the use of metaphors, narratives, and positive connotations. It reflects not only how the subject (e.g., Kazakhstan) is perceived by others but also how it wishes to present itself on the global stage. The image operates at both **internal** and **external** levels, aiming to strengthen national identity and promote a favorable perception internationally [10].

Image discourse, as described by Iskhangaliyeva, is a complex and multifaceted linguistic strategy aimed at constructing and promoting a specific perception or image of a country, organization, or individual. There are several key elements to be included in Image Discourse to help run the Discourse analysis. Linguistic mechanisms: These involve the use of specific lexical and syntactic structures that emphasize the positive aspects of the subject, such as its achievements, values, and uniqueness. Narratives and stories: The creation of cohesive and persuasive narratives helps to frame the subject in a favorable light, often by highlighting historical, cultural, or socio-political milestones. Metaphors and symbolic language: The use of metaphorical expressions and symbolic imagery strengthens the emotional appeal of the image being constructed. Multimodal components: Image discourse often involves not only textual but also visual and multimedia elements, which work together to reinforce the desired perception [10].

Universities aim to portray themselves as leaders in education and research, using specific linguistic and rhetorical strategies to create a positive public image. For example, the use of **positive lexicon**, including terms such as “excellence”, “global leadership”, and “innovation” helps to reinforce the institution’s strengths.

Additionally, **rhetorical devices** such as metaphors, hyperbole, and analogies are used to construct a narrative that positions the university as a forward-thinking institution [2].

According to **Jumagalieva A. claims that** Kazakhstani universities focus heavily on narratives of success, highlighting achievements by students and faculty to enhance their reputation [11]. These linguistic strategies are central to the construction of an institution’s image and its ability to compete on both local and global stages.

AI and its role in Linguistic research.

Artificial intelligence has transformed the way linguistic research is conducted, particularly in analyzing large volumes of text. AI-driven tools such as **natural language processing (NLP)**, **text mining**, and **sentiment analysis** allow researchers to automate the collection and analysis of linguistic data, providing new insights into how language functions within image discourse. These tools are especially useful in educational settings, where institutions produce a vast amount of textual data across multiple platforms.

Linguistic data or Natural Language processing.

Natural language processing (NLP) is a subfield of AI that focuses on enabling machines to understand, interpret, and generate human language. NLP techniques such as **text mining**, **entity recognition**, and **syntax parsing** are invaluable for analyzing large data sets, as they can quickly identify patterns, themes, and relationships between words. In the context of image discourse, NLP can be used to analyze the frequency of key terms, such as “leadership” or “global partnership”, across various texts produced by universities [1].

Text mining, for instance, allows researchers to extract relevant information from large volumes of unstructured text, such as university websites and promotional

materials. By identifying recurring themes and patterns, NLP tools can reveal how universities construct their public image through language [6].

Sentiment analysis. Sentiment analysis is another key AI technique used in linguistic research. This tool assesses the emotional tone of a text, determining whether it conveys a positive, negative, or neutral sentiment. Sentiment analysis is particularly useful for evaluating the effectiveness of an institution's image discourse, as it provides an objective measure of how the public perceives its communication strategies [2].

For example, sentiment analysis can be applied to social media posts and news articles to determine how positively or negatively the public views a university's latest initiatives or partnerships. By automating this process, AI tools provide universities with real-time feedback on the success of their image-building efforts.

Topic modelling.

In addition to sentiment analysis, AI offers powerful tools for **topic modeling**, which groups texts into clusters based on shared themes. Topic modeling allows researchers to analyze the various aspects of a university's image-building discourse, from its focus on research excellence to its emphasis on social responsibility [5].

By applying topic modeling to the textual data generated by universities, researchers can identify the dominant themes in their discourse and how these themes evolve over time. This provides a more comprehensive understanding of the rhetorical strategies used by universities to maintain their public image.

AI in analysis the Image Discourse of Universities

This section applies AI techniques to analyze the image discourse of Universities. As leading educational institutions, they actively engages in image-building discourse to position themselves as a leader in education and research. By utilizing AI-driven tools, we can examine the linguistic strategies used by Universities to construct its public image.

Data collection and processing. Data can be collected from various sources, including universities' official websites, social media platforms, and online publications. Using **text mining** techniques, we extracted keywords and phrases that frequently appear in universities' promotional materials. Commonly used terms such as "global leadership", "innovation", and "scientific research" reflect the university's efforts to establish itself as a leader in higher education.

In addition to keyword analysis, **sentiment analysis** was applied to social media posts and news articles that mention the university. The results revealed that the university's image discourse is overwhelmingly positive, with particularly high sentiment scores in discussions of its international partnerships and research achievements.

Rhetorical and linguistic strategies. The AI analysis of universities' image discourse revealed several key rhetorical strategies. First, the universities emphasize their **authority** and **credibility** by highlighting their accreditation and collaborations with international institutions. This aligns with **Suyundikova's**

findings that Kazakhstani universities often use language to assert their leadership in the academic world [9].

Secondly, universities frequently use **innovation-related terminology** to position themselves as a forward-thinking institution. Terms like “cutting-edge technology” and “research breakthroughs” are common in the universities’ discourse, reinforcing their commitment to staying at the forefront of scientific advancements [11].

Finally, universities place a strong emphasis on **social responsibility**, often referencing its community outreach programs and sustainability initiatives. This strategy not only enhances the university’s reputation but also aligns it with broader societal values, further reinforcing its image as a responsible and ethical institution.

The use of AI in analyzing linguistic data has significant implications for the study of image discourse. By automating the analysis of large data sets, AI tools allow researchers to identify trends, patterns, and rhetorical strategies that would otherwise be too time-consuming to detect manually. In the case of universities image discourse, AI-driven analysis revealed key themes such as authority, innovation, and social responsibility, all of which contribute to the university’s public image.

However, while AI offers powerful tools for linguistic research, it is important to recognize its limitations. AI is highly effective at processing large volumes of text and identifying patterns, but it lacks the ability to fully understand the nuances of language in context. As a result, human interpretation remains crucial in analyzing the findings produced by AI tools.

Moreover, while sentiment analysis provides an objective measure of public perception, it may not always capture the full complexity of the emotional tone in a text. For example, sarcasm and irony are difficult for AI algorithms to detect, which can skew the results of sentiment analysis. Therefore, AI should be viewed as a complement to, rather than a replacement for, traditional methods of discourse analysis.

Conclusion. This paper has demonstrated the potential of artificial intelligence in enhancing the analysis of image discourse, particularly in educational institutions. By employing AI tools such as natural language processing, sentiment analysis, and text mining, researchers can efficiently analyze large volumes of linguistic data and uncover the rhetorical strategies used to construct institutional images. AI-driven tools allow for the identification of key themes and sentiment trends, providing a more comprehensive understanding of how universities engage in image-building.

The case study illustrates how AI can reveal the underlying patterns in a universities discourse, from its emphasis on authority and innovation to its focus on social responsibility. While AI tools offer significant advantages in processing and analyzing large data sets, human oversight remains essential to ensure that the findings are accurately interpreted.

As AI continues to evolve, its application in discourse analysis will likely expand, providing researchers with even more sophisticated tools to study how language functions in shaping public perception.

REFERENCES

1. Bird, S., Klein, E., & Loper, E. Natural language processing with Python. – Sebastopol: O'Reilly Media, 2009. – 512 pages.
2. Cambria, E., Schuller, B., Xia, Y., & Havasi, C. Sentiment analysis: A practical guide. – Berlin: Springer, 2020. – 430 pages.
3. Fairclough, N. Discourse and social change. – Cambridge: Polity Press, 1992. – 272 pages.
4. Foucault, M. The archaeology of knowledge and the discourse on language. – New York: Pantheon Books, 1972. – 245 p.
5. Jurafsky, D., & Martin, J. H. Speech and language processing. – Boston: Pearson, 2021. – 950 p.
6. Manning, C. D., & Schütze, H. Foundations of statistical natural language processing. – Cambridge: MIT Press, 1999. – 680 p.
7. McDonald, R., & Hall, K. Natural language processing with AI: A practical guide. — Sebastopol: O'Reilly Media, 2019. — 320 p.
8. Miner, G., Delen, D., & Elder, J. Practical text mining and statistical analysis for non-structured text data applications. – London: Academic Press, 2012. – 600 pages
9. Suyundikova, G. B. Linguistic analysis of media discourse of Kazakhstani universities. – Language and Media Studies, 113-130, 2018.
10. Иксангалиева, Г.К. Языковые механизмы формирования имиджа Казахстана. – Алматы: КазНУ, 2020. – 200 стр.
11. Жумагалиева, А.К. Имиджевый дискурс в образовательной среде Казахстана. – Астана: Евразийский Национальный Университет, 2017. – 150 стр.

**ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ ЗАМАНЫНДА ШЕТЕЛ ТІЛІ
МУҒАЛІМДЕРІНІҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН
ДАМУДАҒЫ МЕДИА САУАТТЫЛЫҚ – ТҰРАҚТЫ ДАМУ
МАҚСАТЫНЫҢ ПАРАДИГМАСЫ**

Ж.Е.ГАБДУЛЛИНА,
Әл-Фараби Қазақ Ұлттық университеті
Ғылыми жетекші - п.ғ.к., профессор П.К.Елубаева,
Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада болашақ шетел тілі мамандарының коммуникативтік құзыреттілігін дамытудағы медиа сауаттылықтың алатын орнымен тұрақты даму мақсатының парадигмасы түсіндіріледі. Заманға сай цифрландыру трансформациясы барысындағы, медиа сауаттылық дағдыларын, атап айтсақ, сыни ойлау, ақпаратты анықтап, талдай білу, оның шынайылығын тексеру, анализ жасай білу қабілетін игерудің аса назарда болуы, оның сөзсіз қажеттілігі қарастырылады.

Кілт сөздер: медиа сауаттылық, тұрақты даму парадигмасы, цифрландыру, болашақ шетел тілі мамандары

«Жаңа Қазақстан» идеясының «Тұрақты даму мақсатының IV бөлімі – сапалы білім беру» қағидатына сүйене келе, сапалы білім беру жүйесін жетілдіру, зияткерлік әлеуеті жоғары қоғам мүшесін тәрбиелеу, саналы және жауапты азаматтар санын арттыру бүгінгі күнде басты құндылық болып табылады [1,4]. Тұрақты болашаққа қол жеткізу үшін, адамзаттың мінез-құлқы мен іс-әрекетіне түбегейлі өзгерістер енгізу керек, тұрақты даму мақсатындағы тұрақтылық мәселелерін шешу арқылы тұрақты әлемді құрушы, оның белсенді қатысушысы болуы шарт. Жер беті ауыр экологиялық мәселелермен бетпе-бет келіп, оның шешімін табу үшін қоғам қауымдастығы, нақты айтқанда білім саласы тарапынан шұғыл әрекет жасалуы тиіс. Тұрақты даму үшін білім беру әлем бойынша даму мақсатына жету, 21 ғасыр мәселелерін шешуде өте маңызды тәсіл болып танылды. (Біріккен Ұлттар Ұйымы, 2015; 2017а; 2017б; 2018) [2,6]. Тұрақты даму үшін білім беру адамға өздерінің қазіргі және болашақтағы әрекеттерінің әлеуметтік, мәдени, экономикалық және экологиялық салдарын жергілікті және жаһандық деңгейде ескеруге мүмкіндік беретін дағдыларды дамытуға бағытталған (Біріккен Ұлттар Ұйымы, 2015). Сонымен қатар, ол адамдарды күрделі жағдайларда тұрақты мінез-құлық дағдыларымен қаруландыруға бағытталған, бұл олардан жаңа жолдарды іздеуді талап етуі мүмкін (Біріккен Ұлттар Ұйымы, 2017а) [2,21]. Тұрақты даму үшін білім беру адамдарды тұрақты дамуға ықпал ететін әлеуметтік және саяси процестерге қатысуға шақырады. «Білім беру» термині ЮНЕСКО-ның сипаттамасына сәйкес әлеуметтік-саяси өзгерістердің негізгі құралы ретінде қарастырылады:

«...Білім беру тұрақты әлемдік дамудың жаңа көзін қалыптастыруға ықпал етуі мүмкін және тиіс... Білім беру 21 ғасырдың қиындықтары мен ұмтылыстарына жауап беру, тұрақты және инклюзивті өсуге, бейбіт өмір сүруге әкелетін қажет құндылықтар мен дағдыларды қалыптастыруға ықпал етуі тиіс...» (Біріккен Ұлттар Ұйымы, 2017б) [2,7]. Ғұлама ойшыл әл-Фараби атап айтқандай: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» деген доктрина үнемі жадыда жаңғырып тұруы тиіс.

Жаңа елге қадам басу, бұл елді модернизациялау және дамыту жолында адамның потенциалын ашатын жоба. Аталмыш трансформация білім беру бағытына негізделеді. Сапалы, қол жетімді тұрақты білім беру - бәсекеге қабілетті мемлекет құруға негіз болады. Тұрақты білім беру - өзгермелі аумалы жағдайларға бейімделетін, қоршаған ортаға қамқорлықпен қарап, қоғамға белсенді араласатын тұлғаны дамытуға бағытталған білім беруді айтады. [3,8]. Әлемнің қарқынды өзгерісі еліміздің жаңа технологиялық – әлеуметтік шындыққа бейімделудің кілті болып отыр. Білікті де, білімді жастарды даярлау - елдің ең басты байлығы.

Білім жолына инвестиция құю - жарқын болашаққа көпір салумен тең. Адам қандай жағдайда болмасын, мейлі ол әлеуметтік-материалдық жағдайы нашар, мейлі ол орта буынды мәртебесіне ие болсын, білім алу барлығына тегістей бірдей болу керек. Адам әртүрлі болса да, барлығы теңдей құқыққа ие. Бұл бізге әділетті қоғам құруға мүмкіндік береді. Бүгінгі оқу бағдарламалар сыни тұжырымдама мен шығармашылық қабілет, тәжірибелік дағдыларды дамытуға негізделген. Білім беру мекемелерінің қызметкерлері жаңа технология мен әдіс-тәсілдерді меңгеріп, үнемі өздерін дамыту жұмыстарымен айналасады. Цифрлық платформаларды енгізу оқыту барысының интерактивтілік, тиімділік жақтарын жақсартады. Елімізде жетекші білім беру мекемелерімен коллаборация жасап, тәжірибе алмасып, ең жақсы нәтижелерді енгізуге ынтымақтасып жұмыс жүргізілуде. Білім беру үдерісіндегі заманауи цифрландыру трансформациясы - білім беруде, ақпаратты қабылдауда адам көзқарасын түп тамырымен өзгерте алатын жаһандық процесс. Бұл үрдісте цифрландыру технологиясын енгізу жаңашыл жол ашып, сондай ақ бірқатар сұрақтар тудырады. Білім сапасына цифрландыру трансформациясы тікелей әсерін тигізеді, себебі цифрлық платформалар әрбір білім алушы үшін оқу материалдарына қол жеткізуде жылдам, күшті және әлсіз жақтарын ескерсек, оларға бұл өзіндік траекторияларды құруға мүмкіндік береді. Онлайн курс немесе білім ресурстарын қалаған уақытта қол жетімді болғанмен, географиялық және уақыт шектеулерін жояды. Цифрландыру трансформациясы сыни тұрғысынан ойлау, креативтілік, ақпаратпен жұмыс жасай білу, ынтымақтастық, туындаған мәселелерді шешу секілді дағдыларды дамытуға ықпалын тигізеді.

Сондай-ақ, цифрландыру трансформациясының теріс жақтары да бар. Цифрландыру технологиясы ақпарат көптігінен шынайы қарым-қатынас пен ынтымақтастық дағдыларын төмендетуі мүмкін. Желіден алынған деректер

жоғары деңгейде қауіпсіздікті қамтамасыз етуді талап етеді, себебі ол кибер қателерден қорғану үшін қажет. Аса көп ақпарат білім алушыны шатастырып, мотивациясын төмендетеді. Яғни, білім берудегі цифрландыру трансформациясын дұрыс пайдаланған жағдайда ғана білім сапасын айтарлықтай арттыратын құрал деп тануға болады. Деседе, цифрландыру дәстүрлі оқыту әдістерін толықтай алмастыра алмайтынын мойындаған абзал. Бүгінгі педагогты цифрлы ортада жұмыс жасауға дайындау, үздіксіз еңбек пен дамуды талап етеді. Әр педагог өз алдына түрлі бағдарламалармен, сан алуан платформаларды қолдана білуі тиіс.

Сабаққа қолданатын ресурстарды сыни тұрғысынан бағалап, сенімді материалдарды таңдай білуге қабілетті болу керек. Олар білім алушылардың цифрландыру ортасында мотивациясын сақтап, бірлесе оқу жағдайында болу керек. Теориялық білім мен практикалық дағдыларды үйлестіретін жүйелі тәсіл мұғалімдерге оқыту сапасын арттыру және жаңа білім беру мүмкіндіктерін жасау үшін цифрлық технологияларды тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Заманауи білім беруде тілдік оқытудың маңызы зор және жаһандану дәуірінде шетел тілін білу - сөзсіз талап.

Осыған орай, болашақ педагог даярлауда медиа сауаттылықты интеграциялау – ең маңызы артып тұрған мәселе. Медиа білімі әртүрлі теориялық негіздерге, соның ішінде медиа сауаттылыққа, сыншыл педагогикаға және мәдениеттануға сүйенеді. Медиа сауаттылықтың негізінде сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын дамыту жатыр, бұл адамдарға медиа мазмұнын талдауға, бағалауға және түсіндіруге мүмкіндік береді. Паулу Фрейре (1970) еңбектерінен шабыт алған сыншыл педагогика оқушыларды медиа хабарламаларындағы қуат құрылымын сыни тұрғыдан сұрақ қоюға және әлеуметтік трансформацияға белсенді қатысуға шақырады. Мәдениеттану медиа, мәдениет және қоғам, жеке адамның сенімдері, құндылықтары және идентификациясының қиылысын зерттейді. Медиа білімі әртүрлі салалардағы көптеген ғалымдар, зерттеушілер және педагогтар тарапынан зерттеліп, талданған. Маршалл Маклюхан (1964), канадалық философ және коммуникация теориясының маманы, медиа теориясы және «медиум – бұл хабарлама» тұжырымдамасы бойынша еңбектерімен танымал. Ол медианың қоғамға әсерін зерттеп, әртүрлі медиа формалары адамның қабылдауын және коммуникациясын қалыптастырады деген идеяны танымал етті. Нейл Постман (1985), американдық медиа теориясының маманы және мәдениет сыншысы, өз еңбектерінде медианың қоғам мен білімге әсерін зерттеді. Оның «Өзімізді өлімге дейін күлдіру» кітабы теледидар мен медиа көңіл көтеруінің қоғамдық дискурсқа және сыни ойлауға әсерін зерттейді. Соня Ливингстон (2009), британдық медиа және коммуникация зерттеушісі, өз еңбектерінде балалар мен жастардың медиа және цифрлық технологиялармен айналысуына назар аударды. Ол медиа сауаттылық, цифрлық дағдылар және медианың жастарға әсері бойынша кең көлемді зерттеу жүргізді. Генри Дженкинс (1992), американдық медиа ғалымы, медиа сауаттылық, қатысушы мәдениет және медианың білім берудегі рөлі туралы

кеңінен жазды. Оның еңбектері жастардың, әсіресе жанкүйер мәдениеті мен онлайн қауымдастықтары арқылы медиамен қалай айналысатынын зерттейді. Дэвид Букингем (2013), британдық медиа білімі зерттеушісі, балалардың медиа мәдениеті, медиа сауаттылығы және цифрлық медианың жастар өміріне әсері бойынша жұмыстары арқылы салаға үлес қосты. Ол медиа білімі және оның білім беру тәжірибесіне әсері туралы бірнеше кітап жазған. Рене Хоббс (2011), американдық медиа сауаттылық педагогы және зерттеушісі, медиа сауаттылық білімін дамытуда маңызды рөл атқарды. Оның жұмысы К-12 біліміне медиа сауаттылығын интеграциялауға, медианың демократиядағы рөлін зерттеуге және цифрлық дәуірде сыни ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған. Дуглас Келинер (1995), американдық социолог және медиа теориясының маманы, өз еңбектерінде медиа, мәдениет және қоғамның қиылысын зерттеді. Оның еңбектері сыни медиа сауаттылығын, медиа демократиясын және медиа білімінің саяси салдарын қамтиды [3,39]. Медиа сауаттылықты қалыптастыру – өте күрделі үдеріс. Оны бала кезден бастап жүйелі түрде жүргізілуі тиіс. Оқу орындарында медиа сауаттылық сабақтары енгізіліп, оқушыларға ақпараттық көздермен жұмыс істеу дағдылары үйретілуі керек. Сонымен қатар, ата-аналар да балаларына медианы пайдалану ережелерін үйретуі тиіс. Медиа сауаттылық – бұл ақпаратты іздеу, талдау, бағалау және тиімді пайдалану қабілеті. Медиа сауатты тұлға – бұл ақпараттың ағынында адаспайтын, оны талдап, бағалап, өз бетінше қорытынды жасай алатын адам. Ол жарнаманың алдауына берілмей, манипуляцияларды анықтай алады. Медиа сауаттылық тек ақпаратты қабылдаумен шектелмейді, сонымен қатар, өз ойын ашық айтуға, пікір білдіруге бағыттайтын қабілет, дағдылар мен құндылықтарды қалыптастыруға негізделген тұжырымдама. Бұл доктрина адамдарға ақпараттың көзін анықтауға, оның шындығын тексеруге, манипуляцияларды ажыратуға және ақпаратты тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Медиа сауаттылықты тілдік оқытуға интеграциялау – болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін арттырудың тиімді жолы. Бұл оларға заманауи оқыту әдістерін қолдануға, оқушылардың мотивациясын арттыруға және олардың өмірге бейімделуіне көмектеседі.

Қорытындылай келе, медиа сауаттылық – қазіргі заманның талабы, тұрақты даму мақсатының парадигмасы болып отыр. Ол адамдарға өз бетінше ойлауға, сын тұрғысынан бағалауға, ақпараттық қоғамда өмір сүруге, қоғамдық жауапкершілік сезінуге әкеліп отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі. Ұлттық статистика бюросы 2030 жылға дейінгі орнықты даму мақсаттарының мониторингі. 4-бөлім.
2. UNITED NATIONS REPORTS 2015- p6,2017a-p21,2017b-p7

3. Teaching foreign languages in the Kazakhstani contemporary educational paradigm. Collective monograph. Al-Farabi Kazakh National University. Almaty “Qazaq University” 2024
4. <https://www.commonsensemedia.org/>
5. <https://iste.org/>
6. <https://www.pbslearningmedia.org/>

ӘОЖ 81-2

ДИСКУРС ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ: МЕКТЕП ДИСКУРСЫ

М.С. ЖЫЛҚЫБАЕВА,¹ А.ШАПХАТОВА,²
Ф.ғ.к., «Қазақ филологиясы» кафедрасының
қауымдастырылған профессоры,¹
«Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ 4-курс студенті²
Ш.Есенов атындағы КТИУ,
Ақтау, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада «дискурс» терминіне түсінік берілді. Терминнің қазіргі қолданылып жүрген мағыналарына шолу жасалып, негізгі мәні түсіндірілді. Терминді толық ашу арқылы дискурстың түрлері анықталып, оның маңызды түрі – мектеп дискурсына сипаттама берілді. Мектеп дискурсының дискурстың басқа түрлерінен ерекшелігі көрсетіліп, оның түрлеріне шолу жасалды.

Кілт сөздер: дискурс, мәтін, мектеп дискурсы, коммуникация, диалог

Дискурс ерекше бірлік болып табылады және тілдік бірліктердің иерархиясында басым орын алады, өйткені дискурс бір уақытта тілге де, сөйлеуге де қатысты. Дискурсивті әрекет, бір жағынан, мәтінді қабылдау мен түсінуді, ал екінші жағынан, дискурста көрінетін сөйлеу әрекетінің шарттары мен мақсаттарына сәйкес өзіндік сөйлеу жұмысын құруды болжайды.

Дискурс теориясы лингвистикалық теорияның ең жаңа бағыттарының бірі болып табылады, осыған байланысты «дискурс» ұғымына анықтама бергенде ғалымдардың пікірлерінде бірізділік жоқ.

Біраз уақыттан бері нақты, бірізді анықтамасы берілмей келе жатқан «дискурс» термині «discurs» – сөйлеу, талқылау, лебіз деп «сөйлеушіге меншіктелген сөз» мағынасында қолданылып жүр [1]. Аталмыш терминді ғылымға 1952 жылы ғалым З. Харрис енгізіп [1], тұңғыш болып терминді неміс ғалымы Ю. Хабермас өзінің «Коммуникативтік компетенция теориясына дайындық» атты еңбегінде қолданды. Ю. Хабермас «дискурске» мына төмендегідей белгілер тиесілі деп қарастырады — қарым-қатынасқа, сұхбатқа имманентті (іштей тиесілі), сол кезеңнің қоғамдық өмірінде қалыптасқан нормалар, ережелер және негізгі құндылықтар жинағынан тұратын идеологиялық тіл. Ондағы идеология деп отырғанымыз жалпы

белгілер жүйесі деген мағынада қолданылып отыр [2]. Бір ғана ғалымның өзі бұл терминге бірнеше анықтама беруі терминнің қаншалықты күрделі екендігін көрсетеді. Ю. Хабермас өзінің «Коммуникативтік компетенция теориясына дайындық» атты еңбегінде: «Дискурс – тілдік коммуникация түрі. Кең шеңберде дискурс – уақыттың мәдени-тілдік контексті. Оған рухани-идеологиялық мұра, көзқарас, дүниетаным кіреді. Тар мағынада дискурс қандай да болмасын мағынаны, құнды іс-әрекеттің нақты тілдік шындығын айтады», - деп те қарастырады [3].

Т.А. Ван Дайк анықтамасы бойынша, «дискурс – бұл тарихи дәуірдің барлық алуан түрлілігін, коммуниканттың да, коммуникация орын алатын коммуникативті жағдайдың да жеке және әлеуметтік ерекшеліктерін бойына сіңіретін сөйлеу ағымы, тіл өзінің тұрақты қозғалысындағы тіл. Дискурс ұлттық, әмбебап және жеке, жеке менталитет пен мәдениетті көрсетеді» [4].

Жоғарыдағы анықтамаға сүйене отырып, бұл термин туралы өз пікірін В.В. Петров пен Ю.Н. Қараулов: «мәтіннен басқа мәтінді түсіну үшін қажетті экстралингвистикалық факторларды (дүние туралы білім, пікір, адресаттың көзқарасы, мақсаттары) қамтитын күрделі коммуникативті құбылыс» деп анықтайды [5].

А.А. Кибрик пікірінше, дискурс – тілдік қызмет процесінің бірлігі және оның нәтижесі, т.б. мәтін. Дискурстың құрамдас бөлігі - тіл әрекеті процесінде пайда болатын статикалық объект ретінде түсінілетін мәтін. Бұл жағдайда біз жазбаша мәтінді де (сызбалық белгілердің сол немесе басқа тізбегі түрінде) және оның ауызша түрін (техникалық тасымалдаушының көмегімен жазуға болатын оның акустикалық табиғатын білдіреді) айтып отырмыз. Мәтіннен басқа дискурстың мазмұнына белгілі бір уақыт аралығындағы мәтінді құру және түсіну процестерінің өзі де кіреді [6].

Қазіргі гуманитарлық ғылымдарда «дискурс» термині ең танымал және кеңінен қолданылатын терминдердің қатарында. Әртүрлі білім парадигмаларында ол әртүрлі мағынада және контексте қолданылады, көбінесе әртүрлі ұғымдарды білдіреді. «Дискурс» ұғымының оны қолданудың барлық жағдайларын қамтитын жалпы қабылданған, нақтырақ анықтамасы жоқ.

Тіл білімінде дискурс «экстралингвистикалық (прагматикалық, әлеуметтік-мәдени, психологиялық және т.б.) факторлармен үйлесетін біртұтас мәтін; оқиға аспектісінде қабылданған мәтін; мақсатты әлеуметтік әрекет ретінде, өзара әрекетке қатысатын құрамдас бөлігі ретінде қарастырылатын сөйлеу, адамдар және олардың санасының механизмдері (танымдық процестер)» [7].

Т.М. Николаева «дискурсты» мәтін лингвистикасына қатысты полисемантикалық термин ретінде анықтайды, нәтижесінде оны авторлар әртүрлі мағынада қолданады. Сонымен, дискурстың негізгі мағыналары: 1) оны байланысты мәтін ретінде түсіну; 2) мәтіннің ауызша сөйлесу формасы; 3) диалог; 4) мағыналық байланыс арқылы өзара байланысқан сөйлемдер тобы; 5) сөйлеу жұмысы берілген – жазбаша немесе ауызша» [8].

Ғалымдардың дискурс терминіне берілген анықтамалардың көп болуы оны зерттеудің түрлі функциональдық, жағдаяттық және когнитивтік бағыттарының болуымен байланыстырады. Функциональдық тұрғыдан дискурс кез-келген тілдік қолданыс ретінде кең әлеуметтік-мәдени контексте қарастыруға негізделгендігін де атап көрсетеді[1]. Дискурс ұғымының тамыры латынның *discursus* «әңгіме», «пікір алмасу», «қозғалыс» сөзінен шыққандығын негізге ала отырып, жоғарыда берілген анықтамаларды қорыта отырып, терминнің мағынасын былай ашуға болады: Дискурс –сөйлеушінің әр түрлі қоғамдық-әлеуметтік ортаға сай арнайы негізделген контекст бойынша сөз сөйлеуі. Дискурс – коммуникацияның бір түрі. Дискурстың ерекшелігі – сөз аясы арнайы бір сфера айналасында болып, сөйлем де сол сфераның арнайы лексикасы арқылы құрылуы, өзіне ғана тән тілдік грамматикаға ие болуы. Жалпы мағынасында дискурс – «тіл ішіндегі тіл».

Дискурстың пайда болуы қоғамда әр түрлі әлеуметтік орталардың құрылуымен байланысты. Адамдардың қызметтік бабы аясында түрлі орта құрылуы себепті сөздер қолданысы да өзгеріп отырады. Арнайы бір саланың мамандары өзара әңгімелесу кезінде сөз шекарасына бағынады. Осы себепті дискурс тілдік стильдерге сүйенеді. Тіл білімінде қазір қолданылып жүрген стиль түрлері – ғылыми стиль, публицистикалық стиль, көркем әдеби стиль, ресми іс-қағаз стилі және ауызекі стиль. Дискурс та осы стильдер аясында арнайы сала шеңберінде көрініс табады. Оның белгілі бір салаға арналып жазылған мәтінмен айырмашылығы – қарым-қатынасқа түсушілер бір-бірімен жеке сөйлесе алуында және вербалды, бейвербалды қатынастың орын алуында. Дискурс шеңберінде қарым-қатынасқа түсушілер бір-бірімен тікелей байланыс орнатады. Олардың сөйлеу кезіндегі әрбір іс-қимылы кеңістік пен уақыт аясында орын алады. Дискурс – шынайы өмірде нақты бір коммуниканттар арасында, нақты уақытта, белгілі бір орында орындалған сөйлеу әрекеті [3]. Дискурсты өзгерте алмаймыз, ал мәтінді қайта өңдеп жазуға болады. Дискурс мәтінге қарағанда кең ұғымды, өйткені ол – сөйлеу әрекетінің жемісі.

Қазіргі кезде ғылыми сипат алған дискурстың бірнеше түрлері бар. Бірақ бұл тізім орныққан деп айтуға болмайды. Себебі дискурстың қызмет ету аясы кеңейіп немесе тарылып отыруы мүмкін. Дискурс түрлері: 1) әскери дискурс; 2) газеттік дискурс; 3) саяси дискурс; 4) бала дискурсы; 5) өнертану дискурсы; 6) магиялық дискурс; 7) БАҚ дискурсы; 8) ғылыми дискурс; 9) парфюмерлік дискурс; 10) педагогикалық дискурс; 11) поэтикалық дискурс; 12) публицистикалық дискурс; 13) жарнамалық дискурс; 14) спорттық дискурс; 15) техникалық дискурс; 16) экономикалық дискурс; 17) этикалық дискурс; 18) зәңгі дискурс және т.б. [3].

Дискурстар ішінде ең көп таралғаны – мектеп дискурсы немесе педагогикалық дискурс. Мектеп дискурсы – білім беру саласында қолданылатын қарым-қатынастың ең кең тараған ерекше түрі. Ол мұғалім мен оқушы арасында білім беру мақсатында жүзеге асады. Мектеп дискурсының ерекшелігі – ол жерде тек оқушыға білім беріліп қана қоймай,

тәрбиенің де қатар жүретіндігінде. Мектеп дискурсындағы адресант – оқытушы, адресат – оқушы. Оқытушы берген әр ақпарат, әр айтылған сөз, әр іс-қимыл оқушының түпсанасына тез сақталатыны себепті педагогикалық дискурстың аса сақтықпен жүргізілуі шарт.

«Мектеп – баланы әлеуметтендіру қызметін атқаратын маңызды және міндетті әлеуметтік-мәдени мекелермелердің бірі» [9]. Мектепке дейін бала отбасы, балабақша мәдениетін көріп өседі. Дей тұрғанмен, баланы әлеуметтік ортаға бейімдейтін, ұлттық құндылықтарды бойына сіндіретін, оқу зейінін қалыптастыратын бірден-бір орта – мектеп. Осы себепті білім алушылармен қарым-қатынас жасауда мұғалімдерге ерекше жүктеме түседі. Қазіргі таңда ұлттық тіл сапасының төмендеуіне кедергі етіп тұрған жат тілдер идеологиясының басымдығы мектепте мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынастан анық көрініп тұрады. Мектеп оқушыларға тек білім емес, тәрбие, ұлттық құндылықтарды сіндіруші орта болғандықтан, мектеп дискурсындағы қазіргі өзгерістер бастапқы идеядан жат болуы көрініс табады. Дискурсты жай ғана вербалды қарым-қатынас ағыны ретінде емес, әлеуметтік тұрғыдан анықталған субъектінің сөздік мінез-құлқы ретінде қарастыру маңызды. Бұдан шығатыны, дискурстың ең маңызды мақсаты – адресатқа әсер ету. Жоғарыда айтылғандай, мектеп дискурсындағы адресат – оқушы, демек мұғалімнің білім беру процесіндегі рөлі – білім алушының қай жағынан да дамуына әсер ету. Мектептегі білім оқушылардың білімінің іргетасы болғандықтан, оны қалай меңгеретіні тікелей оқытушыға байланысты. Оқушының мектептен алған білімі, идеологиясы, құндылықтары оның тұлға болып қалыптасуында үлкен рөл ойнайды.

Мектеп дискурсының ерекшеліктері:

1. Ресмилік және стандарттылық. Оқушылармен байланысқа түсу кезінде арнайы стандартқа сай сөз тіркестері қолданылады: «Сабақ түсінікті ме? Тапсырманы орындап болдыңыздар ма?». Білім беруші мен білім алушы дербес жақын қарым-қатынаста болмағандықтан, екі тараптан да II жақ сыпайы түрде «сіз» деп сөйлеу ұйғарылады. Психологиялық талдамаларда көрсеткендей, мұғалімнің оқушыға «сіз» түрінде сөйлеуі өзінің құрметін арттыруына сеп болады. Мұғалім тарапынан сыпайы түрде қарым-қатынас жасалғанда оқушы өзін «маңызды тұлға» ретінде сезініп, қолайлы атмосфераның құрылуына үлесін қосады. Қазіргі білім беру мекемелерінде оқушы мен мұғалім арасында сыйластық кетіп, мұғалім тарапына «дөрекі» сөздердің жиі айтылуы екеуара қолайлы атмосфера бірден қалыптаспағанынан туындап отыр.
2. Диалогтық құрылым. Мұғалім мен оқушылар арасындағы сұрақ-жауап алмасу – сабақтың басты құрылымдық компоненті. Оқушының өзі қойған сұраққа жауап ала алмауы мұғалімге деген сенімсіздік тууына, келесі білім беру процестеріне селқос қатысуына әкес соғуы мүмкін. Керісінше жағдайда, оқушылар тарапынан өтілген тақырып туралы сұрақ туындамауы мұғалімнің сабақ түсіндіру процесінде қандай да қателік жібегенінің көрінісі болуы мүмкін. Бір сыныпта отырған 20 оқушымен

мұғалім жеке бірден қарым-қатынас жасай алмаса да, әр оқушыны жіті қадағалап отыруы шарт. Әр оқушымен жасалған жеке қарым-қатынас оқушының білім алуға деген ынтасын оятуға көмектеседі.

3. Рөлдік шектеулер. Мұғалім білімнің негізгі көзі ретінде көрініс табады, ал оқушы оны қабылдаушы рөлін атқарады. Бұл рөлдер мектеп дискурсының ұйымдастырылуына әсер етеді. Жалпылама түрде айтқанда, мұғалім – үйретуші, оқушы – үйренуші. Бұл қағида өзгеріссіз. Қағиданың іске асуы үшін мұғалімнің өз пәнін жетік білуі шарт. Оқушы білімді оқытушыдан емес, сырт көздерден ала бастағанда, оқытушы тақырып аясында оқушы қойған сұрақтарға жауап бере алмай қалғанда мұғалім оқушының сенімінен айырылуы мүмкін. Бұл оқытушының педагогикалық беделіне нұқсан келтіреді.

4. Тәрбиелік компонент. Мектеп дискурсы тек ақпарат берумен шектелмейді, сонымен қатар оқушылардың мәдени, этикалық және әлеуметтік құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған[10].

Мектеп дискурсы үнемі тек білім беру процесімен шектеліп қоймайды. Мұғалім мен оқушы арасында орын алатын байланыстың түрліше болуына байланысты мектеп дискурсын мынандай түрлерге бөліп қарастыруға болады:

1. Сабақ дискурсы – мұғалім мен оқушы арасында білім беру процесі кезінде қолданылатын дискурс түрі. Мұнда сабақ тақырыбына сәйкес нақты ақпарат алмасу жүзеге асады. Мұғалім мен оқушы арасында байланыс диалогке негізделіп, сабақ процесі кезінде мұғалім тарапынан тапсырма беріліп, оқушылар оны ауызша немесе жазбаша түрде орындайды.
2. Сыныптан тыс дискурс – сабақ процесінен өзге кезеңдерде, мектепшілік іс-шараларда, жиындарда, тәрбие сағаттарында қолданылатын дискурс түрі. Мұнда ресмилік төмендеп, мұғалім мен оқушы арасындағы байланыс бейресми түрде болады. Оқушы өз өнерін, өз ойларын, мұғалімге көзқарасын осы дискурс кезінде еркін білдіре алады.
3. Әлеуметтік дискурс – мұғалімдер мен оқушы арасында бейресми қарым-қатынас орын алатын дискурс түрі. Бұл оқушылармен жеке қалып әңгімелескенде, оқушылардың жеке мәселелерін шешу жағдайында қолданылуы мүмкін.

Дискурс – тілдік коммуникацияның бір түрі. Сөйлеуші мен тыңдаушы арасында орын алатын арнайы салаға негізделген қарым-қатынастың болуы дискурс ұғымына түсінік болады. Сөйлеу саласы көп болған сайын дискурс түрлері де көбейе түседі. Солардың ішінде ең маңызды, тұлға қалыптасуына негіз болатын дискурс – мектеп дискурсы. Ол – білім беру процесінің ажырамас бөлігі. Мектеп дискурсы оқыту, тәрбиелеу және әлеуметтік-мәдени құндылықтарды қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Қазіргі зерттеулер мектеп дискурсының көпқырлы табиғатын ашуға бағытталған, өйткені ол тек тілдік қарым-қатынас қана емес, сонымен бірге қоғамдағы білім беру

жүйесінің мәдени және әлеуметтік аспектілерін көрсетеді. Мектеп дискурсын терең зерттеу мұғалімдерге сабақ тиімділігін арттыруға және оқушылармен өзара әрекеттестікті жақсартуға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Жумагулова А.Қазақ дискурсының лингвосинергетикасы//Ш. Уәлиханов КУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2021- №3
- 2 Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Лингвистика / Жалпы редакциясын басқарған э.ғ.д., профессор Е. Арын – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ. 2007.
- 3 Тұманқызы Р. Дискурс дефинициялары мен түрлері. Дефиниции и виды дискурса //Вестник КазНУ. Серия филологическая. – 2014. Т. 147. – №. 1.
- 4 Дейк, Т.А. ван. Язык. Познание. Коммуникация / Т.А. ванн Дейк. – М.: Прогресс, 1989. – 312 с.
- 5 Петров, В.В., Караулов, Ю.Н. Вступительная статья // Дейк Г.А. Ван. – Язык. Познание. Коммуникация; пер. с англ. – М: Наука, 1989. – С. 5 – 11.
- 6 Кибрик, А.А. Когнитивные исследования по дискурсу / А.А. Кибрик // Вопросы языкознания. – 1994. – № 5. – С. 126–137.
- 7 Арутюнова, Н.Д. Дискурс / Н.Д. Арутюнова // Языкознание. Большой энциклопедический словарь 2-е изд. – М.: Большая Российская энциклопедия, 1998. – С. 136–137.
- 8 Николаева, Т.М. Краткий словарь терминов лингвистики текста / Т.М. Николаева // Новое в зарубежной лингвистике: Лингвистика текста. – М., 1978. – Вып. VIII. – С. 467–472.
- 9 Чернова В. Школьный дискурс как источник знаний о социально-культурных и образовательных традициях// Вестник СВФУ. – 2022 - №3
- 10 Қазақстан Республикасының білім беру стандарттары. Білім және ғылым министрлігі.

ӨОЖ 378.016.821.512.122

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДА ҰЛТТЫҚ ӘДІСТЕРДІҢ КҮШІ

ПАНЗАБЕК Б.Т., БАУРЖАНОВА А.А., ЛЕСБЕК А.Л.,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Қазақ әдебиетін ұлттық әдістер арқылы оқыту – бұл тек әдеби білім берумен шектелмей, жастардың ұлттық сана-сезімін оятудың, олардың рухани дамуына үлес қосудың бірден-бір тиімді жолы. Мақалада қазақ әдебиетін оқыту үдерісінде әдістердің ұлттық құндылықтар негізінде оқытылып, ұлттық таным негізінде пайдалануды ұсынады, талдап көрсетеді.

Кілт сөздер: ұлттық әдістер, рухани құндылықтар, ұлттық бірегейлік, б алаш әдісі, автор алаңы әдісі, баяндауды кері байланыста зерттеу әдісі.

Қазақ әдебиеті – бұл тек сөз өнерінің көрінісі ғана емес, сонымен қатар халықтың мәдениеті мен тарихының терең тамырлары. Ұлттық әдістердің күші қазақ әдебиетінде ерекше орын алады, себебі олар халықтың рухани әлемін, дәстүрлерін және құндылықтарын көрсетеді. «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының негізгі мақсаты Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар, ұлттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту» [1]. Қазақ әдебиеті ұлттық болмысты қалыптастыруда, халықтың мәдени мұрасын сақтауда және жаңғыртуда маңызды рөл атқарады. Ұлттық әдістердің қолданылуы шығармалардың мазмұнын тереңдетіп, оқырмандарға ұлттық рухты, патриотизмді және адамгершілік құндылықтарды жеткізеді. Бұл әдістер арқылы қазақ әдебиеті өзінің ерекшелігін, байлығын және көпқырлылығын көрсетеді. Зерттеу барысында ұлттық әдістердің қазақ әдебиетіндегі орны мен маңызы, олардың шығармашылық процесс пен халықтың мәдениетіне әсері қарастырылады. Мақалада ұлттық әдістердің әдебиеттегі көрінісі, олардың тарихи контексті және қазіргі заманғы әдебиеттегі рөлі талданады. Бұл зерттеу қазақ әдебиетінің ұлттық ерекшеліктерін, оның мәдениеттегі маңызын және әдебиет арқылы халықтың рухани бірлігін нығайтудағы рөлін түсінуге мүмкіндік береді.

Оқу үдерісі тікелей әдістер жүйесінің қатысуымен жүргізіледі. Әдіс деп грек тілінде адамның практикалық әрекеттерін және өмірді тани білу амалдары мен тәсілдерін атаған. Дүние тануда адам әрекеттерінің түрлеріне қарай әрқайсысының өздеріне тән әдістері болады [2]. Қазақ әдебиетін оқыту саласы қазіргі таңда бірқатар өзекті мәселелерге тап болып отыр, олардың

негізгілері – теориялық білімнің шектелуі, ұлттық құндылықтарға жеткіліксіз назар аудару, және әдістемелік жаңашылдықтың тапшылығы. Бұл проблемаларды шешу жолдарын қарастыру үшін оларды жан-жақты талдау маңызды. Қазақ әдебиетін оқытудағы қазіргі мәселелер қандай?

Ең алдымен, теориялық білімнің жүйесін белгілі бір шегіне байланысты қарастырайық. Әдіскер-ғалым В.В.Голубков өзінің «Методика преподавания литературы» атты еңбегінде педагогикалық шеберліктің негізгі қайнар көзі – өмірден көрген-түйген, оймен саралаған тұжырымдармен қоса күнделікті сабақты жүргізу екенін айта келіп, осындай тәжірибелік жолда әр оқытушының өзіндік жеке әдісінің пайда болатындығын айқындап береді.[3] Қазақ әдебиеті сабағында теориялық білімнің көлемі көп жағдайда шектен тыс, тек белгілі бір стандартқа сәйкес оқытылады. Әдебиеттің теориялық аспектілеріне, шығармаларда кездесетін негізгі қағидалар, тарихи контексттер мен әдеби әдіс-тәсілдерге ерекше назар аударылғанмен, бұл әдіс шығарманың мазмұнын, идеясын терең түсінуге әрдайым ықпал етпейді. Мұның басты себебі сабақта шығармашылық ойлау, өздігінен іздену және шығарманы сезіну қабілетіне жеткілікті көңіл бөлінбеуі. Жаттанды фактілерді беруге бейімділік оқушыларды тек біржақты білім алуға мәжбүрлейді. Мысалы, оқушылар әдебиетті талдау кезінде белгілі бір схемаға, стандартталған сұрақтарға жауап беруге негізделеді. Олар шығарманың ішкі мәнін, астарлы мағынасын, автордың көзқарасын тереңірек ұғына алмайды. Бұл жағдай оқушылардың әдебиетке деген қызығушылығын төмендетіп, шығармашылық ойлау қабілетін шектейді. Мұндай тәсіл оқушылардың өз ойын еркін жеткізуіне, әртүрлі пікірлерді салыстыруына және өзіндік тұжырым жасауына кедергі келтіреді. Нәтижесінде, теорияға көп сүйену оқушыларды әдебиетке тән жан-жақты көзқарастардан шеттетіп, олардың шығармашылық дамуын тежейді. Екіншіден, ұлттық құндылықтарға жеткіліксіз назар аудару. Қазақ әдебиеті сабағында ұлттық құндылықтарды жеткілікті дәрежеде қамту – бүгінгі білім беру жүйесіндегі маңызды мәселелердің бірі. Жаңа оқыту бағдарламалары оқушылардың білім деңгейін арттыруға бағытталғанмен, олар қазақтың ұлттық ерекшеліктеріне, мәдениетіне, салт-дәстүріне қажетті деңгейде көңіл бөлмейді. Бұл тұрғыда тек мазмұндық ғана емес, әдістемелік аспектілері де маңызды. Әдебиетті оқыту барысында ұлттық құндылықтарды жеткіліксіз қамту оқушылардың қазақ халқының рухани мұрасына деген көзқарасына, ұлттық болмысын тануға кері әсер етеді. Жастардың ұлттық ерекшеліктері туралы білімдері үстірт қалыптасады, яғни олар қазақтың рухани байлығын, тілін, мәдениетін толыққанды сезінбей өседі. Бұл мәселе әсіресе жаһандану заманында өзекті болып отыр, себебі жас ұрпақ басқа елдердің мәдениетіне жылдам бейімделеді. Осы тұрғыда ұлттық ерекшеліктерді бойларына сіңіру арқылы олардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру өте маңызды болып табылады. Мысалы, сабақ барысында қазақтың эпостық жырлары, салт-дәстүрлері, мақал-мәтелдері толыққанды зерттелмей, тек негізгі фактілермен шектеледі. Бұл әдіс оқушылардың әдебиетке деген қызығушылығын

төмендетіп қана қоймай, олардың ұлттық рух пен патриотизм сезімін толықтай қалыптастыруға кедергі жасайды. Әдебиет тек шығармаларды үйрену ғана емес, ұлттық құндылықтарды тану құралы екенін түсіну маңызды.

Қазақ әдебиетін оқытудағы тағы бір өзекті мәселе – әдістемелік жаңашылдықтың жеткіліксіздігі. Мұғалімдерге ұлттық әдістерді жаңаша бағытта қолдану үшін арнайы дайындық қажет, бірақ бұл бағытта жүйелі жұмыс жүріп жатқан жоқ. Мұғалімдер тек дәстүрлі оқыту тәсілдеріне сүйенеді, бұл өз кезегінде оқушылардың әдебиетке қызығушылығын жоғалтып, сабақтан алатын әсерлерін азайтады. Ең бастысы оқыту әдісін тәсілмен шатастыруға болмайды. Оқыту тәсілдері оқу әдістерінің кейбір элементтері, нәтижеге жетудің жолдары ғана болып табылады. Мысалы сөздік әдіспен жанама толып жатқан тәсілдер жүзеге асырылады. Әдеби айтыс тудыратын сұрақтар оқушы белсенділігін тудыратын тәсіл түрлеріне жатады.[4] Әдістемелік жаңашылдықтың жоқтығы мұғалімдердің шығармашылыққа бейімділігін төмендетеді, олар көбіне дайын оқыту жоспарларына сүйеніп, сабақ барысында жеке әдістерді қолдануда шектеледі. Мысалы, әдеби шығармаларды талдау кезінде оқушыларды белсенді түрде қатыстыру, рөлдік ойындар немесе театрландырылған қойылымдар сияқты қызықты әдістер кең қолданылмайды. Осы жаңашыл әдістерді ендіру арқылы мұғалімдер оқушылардың ойлау қабілетін, қиялын және өнерге деген қызығушылығын арттыра алады. Әдістемелік жаңашылдықты дамыту үшін мұғалімдерге қажетті ресурстар мен біліктілікті арттыру курстары ұйымдастырылуы керек. Мысалы, қазақ әдебиетін оқытудың заманауи әдістерін игеру, ұлттық құндылықтарға негізделген жаңа әдістемелерді құру арқылы мұғалімдер оқушыларға әдебиетті терең және танымдық тұрғыдан дұрыс үйрете алады. Сонымен қатар, мұғалімдерге шығармашылық еркіндік беру, оқыту үрдісіне ұлттық бояуды енгізуге мүмкіндік беру өте маңызды. Негіздегенде, қазақ әдебиетін оқытуда теориялық білімнің шектелуі, ұлттық құндылықтарға жеткіліксіз назар және әдістемелік жаңашылдықтың жоқтығы секілді мәселелер оқушылардың ұлттық болмысын терең сезінуге, әдебиетке деген қызығушылығын оятуға кері әсер етеді. Осы мәселелерді шешу үшін білім беру жүйесінде қазақ әдебиетін оқыту әдістерін жаңаша көзқараспен қарастырып, ұлттық құндылықтарды негізге алу өте маңызды.

Қазақ әдебиетін ұлттық әдістер арқылы оқыту – оқушыларға тек білім беріп қана қоймай, олардың рухани байлығын арттыруға, тұлға ретінде жан-жақты дамуына ықпал ететін тиімді тәсілдердің бірі. Ұлттық әдістер оқушылардың қазақ халқының мәдениетін, салт-дәстүрін терең ұғынуына, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және белсенділіктерін арттыруға жол ашады.

Біріншіден, рухани құндылықтарды сіңіру ұлттық әдістерді қолдану арқылы қазақ әдебиетін оқыту оқушылардың бойында қазақ халқының рухани құндылықтарын тереңнен сіңіруге мүмкіндік береді. Әдебиет пәні тек

тілдік қабілеттерді дамытумен шектелмейді, ол оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп, олардың ұлттық болмысы мен рухани байлығын қалыптастыруға арналған. Мысалы, қазақтың ежелгі эпостық жырларын оқыту барысында ұлттық әдістер арқылы ата-бабаларымыздың батырлық, ержүректік, мәрттік секілді қасиеттерін түсіндіруге болады. Әдеби шығармаларда кездесетін кейіпкерлердің мінез-құлықтары, олардың шешімдері, өмірлік ұстанымдары оқушылардың рухани дамуына ықпал етеді. Бұл әдіс арқылы оқушылар өткен дәуірлердегі тарихи оқиғалар мен құндылықтарды терең түсініп, олардың мәнін ұғынуға мүмкіндік алады. Сонымен қатар, халықтың әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері туралы мағлұматтарды талдау арқылы оқушылар қазақ қоғамының ерекшеліктерін түсініп, ұлттық мақтаныш сезімін бойларына сіңіреді. **Оқушылардың белсенділігін арттыру** ұлттық әдістер оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырып, белсенді түрде араласуын қамтамасыз етеді. Мұндай әдістер, мысалы, топтық талқылау, пікірталас немесе рольдік ойындар оқушылардың тек тыңдаушы ретінде ғана емес, белсенді қатысушы ретінде де білім алуына жағдай жасайды. Бұл әдіс олардың өзіндік көзқарастарын білдіруіне, шығармаларды терең түсінуге және сыныптастарының пікірлерін тыңдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, ұлттық әдістер арқылы оқушылардың сөйлеу, ойлау, тыңдау қабілеттері дамиды. Мысалы, сыныпта қазақтың салт-дәстүрлерін сахналау арқылы оқушылар өздерін кейіпкерлердің орнына қойып, олардың мінез-құлқын, өмірлік тәжірибесін сезінеді. Бұл тәсіл оқушылардың өзіндік пікірлерін айтуға, шығарманың мазмұнын жан-жақты талдауға және нақты қорытынды жасауға ықпал етеді. Сабақ барысында қолданылатын ұлттық әдістер оқушылардың әдебиетке деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың өз бетінше ойлау және зерттеу дағдыларын дамытады.

Әдебиет пәні – оқушылардың шығармашылық қабілеттерін ашуға үлкен мүмкіндік беретін сала. Ұлттық әдістерді пайдалану арқылы оқушылар тек дайын ақпаратты жаттап қоймай, шығармашылық тұрғыдан ойлауға дағдыланады. Бұл әдістер оқушыларға өздерін кейіпкерлердің орнына қойып көруге, шығармадағы оқиғаларды өз көзімен көруге мүмкіндік береді. Мысалы, белгілі бір шығарманы сахналау, кейіпкерлердің рөлін сомдау сияқты әдістер оқушылардың қиялын дамытып, олардың шығармашылық қабілеттерін ашады. Сонымен бірге, қазақ әдебиетіндегі кейіпкерлердің іс-әрекеттерін талдау арқылы оқушылар өздерін сол кезеңнің ерекшеліктерімен, мәдени құндылықтарымен, ұлттық ерекшеліктерімен байланыстыра отырып, өз пікірлерін білдіруде жаңа тәсілдерді қолдануға мүмкіндік алады. Мұндай әдістер оқушылардың тек әдебиеттің мазмұнын түсінуге ғана емес, өз идеяларын еркін жеткізуге, шығармашылық тұрғыда ойлап, жаңа көзқарастарды қалыптастыруға жол ашады. Әсіресе, шығармаға қатысты өз ойын жазбаша немесе ауызша түрде жеткізу оқушылардың аналитикалық ойлау қабілетін дамытады. Ұлттық әдістерді қолдану қазақ әдебиетін оқыту процесінде ерекше орын алады. Бұл әдістер оқушылардың рухани құндылықтарды тануына, қазақ халқының мәдени мұрасын түсініп, бойына

сіңіруіне жағдай жасайды. Сонымен қатар, олардың белсенділігін арттырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Ұлттық әдістердің артықшылығы – оқушылардың өзіндік көзқарастарын қалыптастыру, сабаққа деген қызығушылығын арттыру және ұлттық құндылықтарды қадірлеу сезімін оятуда екені анық.

Қазіргі білім беру жүйесінде әдебиетті оқытуда оқушылардың қызығушылығын оятып, олардың әдеби шығармаларды терең түсінуіне жағдай жасау маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Әдебиет сабағы тек теориялық білім берумен шектелмей, оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, ұлттық құндылықтарды бойларына сіңіруге бағытталғаны жөн. Мұғалім көркем шығарманы оқу мен талдаудың ғылыми заңдылығымен қатар шығармашылық қиялмен әрекет еткенде ғана жақсы нәтижеге қол жеткізе алады. Мұғалімнің шығарманы оқытудағы мақсаты мен міндеті көркем шығарманы оқушының өздігінен оқып тануға деген талпынысы мен әрекетін оятуға бағытталуы керек.[5] Осыған орай, біз қазақ әдебиетін ұлттық әдістерге негіздеп оқыту мақсатында бірнеше жаңа әдістерді ұсынуды жөн көрдік. “Баяндауды кері байланыста зерттеу” әдісі, «6 Алаш» әдісі және «Автор алаңы» әдісін назарларыңызға ұсынамыз. Бұл әдістер, әсіресе, ұлттық ерекшеліктерді баса көрсету арқылы әдебиет сабағын қызықты әрі тиімді өткізуге мүмкіндік береді. Оқушылардың өз халқының рухани мұрасын тануына, шығармашылық тұрғыда еркін ойлауына, сабақ барысында белсенді қатысушы болуына ықпал ететін осындай әдістерді дамыту – уақыт талабы.

Қоғамдық өмірімізді дамытудың барлық салаларында батысқа көбірек еліктейміз. Әсіресе, оқу, оқыту, соның ішінде мектептерде қазақ тілі мен әдебиетін меңгерту ісінде де «Жаңаша оқыту жүйесі бағдарламасын» сылтауратып, «Болон» әдістемелігіне бой ұрып, Алаштың ардақтылары Ахмет Байтұрсынұлы, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев жасаған әдістемелерді соның көлеңкесінде қалдырғанбыз.

Жүсіпбек Аймауытұлы әдісі мен Блум таксаномиясының өзара байланыстылығы мен айырмашылығын нақты көре аламыз. Жүсіпбек Аймауытұлының саралауы:

1. Оқушыларды даярлау
2. Ынталандыру (мотивация)
3. Оқушыларды тыңдатып, сұрақ қою
4. Сын тұрғысынан ойлауға баулу
5. Мәтінмен жұмыс (ұғымсыз, жат сөздерді түсіндіру)
6. Әңгімеден қорытынды шығарту

Осыған сәйкес бірнеше саралау, талдау, таңдау, зерттеу барысында мынадай әдістерді қарастыруды назарға алдық. **“Баяндауды кері байланыста зерттеу” әдісі.**

1. Баяндау (Негізгі мазмұнды түсіну)

Бұл кезеңде оқушылар шығарманың негізгі мазмұнын баяндап, оның негізгі оқиғаларын, кейіпкерлерді, сюжетті және басты идеяны ашады. Бұл

кезең шығарманы толық түсіну үшін қажет негізді қалыптастырады. Маңызды аспектілер: шығарманың жалпы мазмұнын түсіну, оқушылар шығарманың мазмұнын қайта айтып, негізгі оқиғаларды түсіндіреді. Кейіпкерлер мен оқиғалар, негізгі кейіпкерлерді, олардың әрекеттері мен оқиғалардың даму жолдарын сипаттайды. Контекст пен жанр: шығарма жазылған уақыттың әлеуметтік мәдени контексті және жанрлық ерекшеліктерін анықтау.

2. Ғылыми талдау

Екінші кезеңде оқушылар шығарманы ғылыми тұрғыдан зерттеп, әдебиеттану әдістерін қолдана отырып талдайды. Мұнда олар тілдік, стильдік және құрылымдық элементтерді зерттейді. Маңызды аспектілер: лингвистикалық талдау: мәтіндегі символдар, метафоралар, әдебиеттегі тілдік құралдардың мағынасын ашу. Теориялық тәсілдер: психоаналитикалық теориялар арқылы шығарманы талдау. Әр әдісті нақты мысалдар арқылы қолдану. Стильдік ерекшеліктер: шығармадағы риторикалық және көркемдік әдістердің қалай қолданылғанын және оның жалпы шығармаға әсерін талдау.

3. Тұлғалық рефлексия

Бұл кезеңде оқушылар кейіпкерлердің шешімдерін өз өмірлік тәжірибелерімен байланыстырады, олардың сезімдерін өздерімен салыстырып, шығармамен эмоционалды байланыс орнатады. Маңызды аспектілер: кейіпкерлердің психологиялық портреті, кейіпкерлердің ішкі әлемін, олардың қабылдаған шешімдері мен мінез-құлқын оқушылар өз өмірімен салыстырады. Эмоциялық байланыс: шығармадағы кейіпкерлердің сезімдері мен ойларына эмпатия білдіру, олардың шешімдерін оқушының қалай түсінетіні мен қабылдайтынын көрсету. Өмірлік тәжірибемен салыстыру: Оқушылар кейіпкерлердің күрделі шешімдері мен оқиғаларын өз өміріндегі оқиғалармен немесе мәселелермен салыстыра отырып, оларды тереңірек түсінеді.

4. Құрылымды қайта қалыптастыру

Соңғы кезеңде оқушылар шығарманың сюжетін өзгертіп, оны жаңа контекстке бейімдеп немесе басқа тұрғыдан қайта жазады. Бұл креативті және шығармашылық қабілеттерді дамытуға бағытталған бөлім. Маңызды аспектілер: қазіргі заманға бейімдеу, шығарманың оқиғаларын немесе кейіпкерлерін бүгінгі күннің әлеуметтік және технологиялық жағдайларына бейімдеу. Мәдениетаралық өзгеріс: шығарманы басқа мәдениетке немесе елге аударып, сол мәдениеттегі кейіпкерлердің әрекеттері қалай өзгертетінін көрсету. Альтернативті финал: шығарманың аяқталуын өзгерту немесе оның сюжеттік желісіне жаңа нұсқа ұсыну арқылы шығармашылық шешімдерді енгізу.

Әдістің тиімділігі: Тұлғалық байланыс – оқушылар өз ойларын шығарма кейіпкерлерімен байланыстырады, бұл шығарманы түсінуді эмоционалды деңгейде тереңдетеді. Ғылыми талдау – шығарма құрылымын логикалық, аналитикалық тұрғыдан қарастыру арқылы оқушылар әдеби теорияларды терең меңгереді. Креативті қайта құру – оқушылар шығарманың маңызын

басқа контексттерде қарастыру арқылы әдебиеттің уақытсыз мәнін түсінеді және шығармашылық қабілеттерін дамытады.

Осы әдісті Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» романына талдау жасап көрейік.

- Баяндау (Негізгі мазмұнды түсіну) Шығарманың жалпы мазмұнын түсіну: «Ұшқан ұя» - Бауыржан Момышұлының өмірі мен соғыс кезіндегі естеліктеріне негізделген роман. Автор өзінің балалық шағын, отбасы мен туған жерін, азаматтық борышын сипаттай отырып, қазақ халқының тарихи кезеңдерін ашады. Романның негізгі оқиғалары Бауыржанның өмір жолын, соғыс уақытындағы қиындықтарын, қазақ қоғамының моральдық құндылықтарын көрсетеді. Кейіпкерлер мен оқиғалар: Романда басты кейіпкерлер – Бауыржан Момышұлының ата-анасы, достары және соғыс жолдастары. Олар арқылы автор отбасы, дос және туған жерге деген сүйіспеншілікті көрсетеді. Оқиғалардың даму жолында кейіпкерлердің шешімдері, соғыс қиыншылықтары және достық, отбасылық байланыстар анықталады. Контекст пен жанр: «Ұшқан ұя» романы 20 ғасырдың 40-50 жылдарында жазылған. Шығарманың әлеуметтік-мәдени контексті — соғыс, ұлттық сана, қазақ халқының ауыр кезеңдері. Роман тарихи-реалистік жанрда жазылған, сонымен қатар автордың жеке тәжірибесімен тығыз байланысты.

- Ғылыми талдау Лингвистикалық талдау: Романда автордың тілі қарапайым, бірақ терең. Метафоралар мен символдар – туған жер, ата-ана, отан – оқырманға ерекше әсер етеді. Мысалы, «ұшқан ұя» метафорас – туған жер мен отбасын, олардың рөлі мен маңызын білдіреді. Теориялық тәсілдер: Психоаналитикалық тұрғыдан қарағанда, кейіпкерлердің ішкі жан дүниесі, олардың шешімдері мен әрекеттері терең талдауды талап етеді. Мысалы, Бауыржанның соғысқа қатысты қабылдаған шешімдері мен отбасына деген жауапкершілігі, оның психологиялық күйін көрсетеді.

Стильдік ерекшеліктер: Романда риторикалық және көркемдік әдістердің қолданылуы – автордың эмоционалды әсер ету құралдары. Бауыржан Момышұлының стилі – реалистік, сонымен қатар поэтикалық элементтермен байытылған. Ол оқырманның сезімдерін қозғап, қазақ халқының мәдениетін терең ашады.

- Тұлғалық рефлексия Кейіпкерлердің психологиялық портреті: Бауыржанның ішкі әлемі, оның патриотизм мен борышқа деген көзқарасы менің өмірімдегі құндылықтармен салыстырылады. Мен де отаным мен отбасым үшін жауапкершілікті сезінемін, Бауыржан секілді қиындықтарға төтеп беруге тырысамын. Эмоциялық байланыс: Шығарманың кейіпкерлерінің сезімдері, олардың отанға деген сүйіспеншілігі мен борышы мені терең әсер етті. Мысалы, Бауыржанның анасына деген сүйіспеншілігі мен құрметі, менің өз отбасыммен қарымқатынасымды қайта бағалауға мүмкіндік берді.

Өмірлік тәжірибемен салыстыру: Кейіпкерлердің күрделі шешімдері, әсіресе соғыс кезеңіндегі моральдық таңдаулар, менің өмірімдегі кейбір жағдайлармен салыстырылады. Бауыржанның достарына және туған жеріне деген адалдығы мен жауапкершілігі – мен үшін үлгі.

- Құрылымды қайта қалыптастыру Қазіргі заманға бейімдеу: Егер «Ұшқан ұя» романын қазіргі заманға бейімдесем, оқиғаларды 21 ғасырдағы жастардың көзқарасымен көрсетер едім. Мысалы, заманауи технологиялар, әлеуметтік желілер арқылы патриотизмді насихаттау, әскери қызметтің жаңа формалары мен жастардың отан алдындағы жауапкершілігін қарастыра едім. Мәдениетаралық өзгеріс: шығармадағы кейіпкерлердің әрекеттерін басқа мәдениетте, мысалы, заманауи батыс қоғамында көрсету арқылы, отанға, туған жерге деген көзқарас қалай өзгертетінін зерттейтін едім.

Альтернативті финал: романды аяқтағанда, Бауыржанның соғыстан кейінгі өмірін, отбасымен қайта қауышуын, қазіргі қоғамдағы патриотизмді дәріптеуіне арналған жаңа финал енгізер едім. Бұл оқырмандарға қазіргі заманның талаптарына сай өзгерістерді көрсетуге мүмкіндік берер еді.

“6 Алаш” әдісі

6 Алаш әдісі – талдау және ақпаратты жүйелеуге арналған тәсіл. Бұл әдіс оқиғаларды немесе құбылыстарды түсіну үшін алты негізгі сұраққа жауап іздеуді көздейді. Әдістің атауы «Алаш» сөзін қолдану арқылы қазақ ұлтының тарихи болмысымен байланыстырылады. «6 Алаш» әдісі қазақтың дәстүрлі ойлау жүйесіне негізделіп, алты негізгі сұрақты қамтиды: кім, не, қашан, қайда, неге, қалай? Бұл сұрақтар арқылы оқушылар шығарманың мазмұнын жан-жақты түсініп, оның мәнін тереңірек ашады.

Кім? Шығарманың негізгі кейіпкерлерін анықтап, олардың рөлін түсіну;

Не? Әңгіме немесе шығарма қандай оқиға, құбылыс туралы екенін анықтайды;

Қашан? Оқиғаның уақыты мен оның тарихи контекстін көрсетеді;

Қайда? Оқиғаның өту орны, шығарманың географиялық немесе мәдени ерекшеліктерін анықтайды;

Неге? Шығарманың негізгі мәселелерін немесе әрекеттерін түсіндіреді, оқиға желісін ашады;

Қалай? Оқиға немесе құбылыстың даму барысы мен шешімі.

6 Алаш әдісін Төлен Әбдіктің «Қонақтар» әңгімесін салып талдап көрейік.

1. Кім? Шығармадағы басты кейіпкерлер кімдер? Ерғабыл – әңгімедегі басты кейіпкер, ауылда өмір сүретін қария. Балалары қалаға кеткен, қазіргі заманның өкілдері. Қонақтар Ерғабылдың балаларының қаладағы өмірі мен олардың уақытша қонақ ретінде келуін бейнелейтін образдар.

2. Не? Әңгіме не туралы? Шығармада ауыл мен қала арасындағы айырмашылық, ұрпақтар арасындағы байланыс және Ерғабыл қарияның жалғыздығы туралы айтылады. Қонаққа келген балалары әкесінің ауылдағы

өміріне деген көзқарасын өзгерте алмайды, керісінше, олардың қалаға бейімделгенін көрсетеді.

3. Қашан? Оқиға қашан орын алады? Оқиға XX ғасырдың екінші жартысындағы ауылда орын алады, бірақ нақты уақыт белгіленбеген. Дегенмен, ұрпақтар арасындағы айырмашылық сол кезеңдегі қоғамның қаламен ауыл арасындағы мәдени алшақтығын көрсетеді.

4. Қайда? Оқиға қай жерде өтеді? Шығарма ауылда өтеді, Ерғабыл қарияның үйі мен оның ауылдық ортасы негізгі орындар ретінде суреттеледі. Қала мен ауыл арасындағы қарама-қайшылық басты назарда.

5. Неге? Неге бұл оқиға маңызды? Бұл оқиға дәстүр мен заманауи өмір арасындағы қақтығысты көрсетеді. Ерғабыл қарияның балалары ауылдың өмірін түсінуден алыстаған, бұл олардың арасында байланыс пен түсініспеушіліктің пайда болуына әкеледі. Әңгіме ауыл мен қала арасындағы өмір салтының ерекшеліктерін және жаңа ұрпақтың ата-бабаларынан алыстап кету мәселесін қозғайды.

6. Қалай? Оқиға қалай дамиды? Ерғабылдың балалары ауылға қонаққа келеді, бірақ олар ұзақ уақытқа қалмайды. Қария олармен өзінің жалғыздығы туралы бөлісе алмайды, олар да ауылдағы қиындықтарды түсінбейді. Қонақтардың кетуі Ерғабылдың жалғыз қалғанын және оның ішкі қайғысын одан әрі күшейтеді.

«6 Алаш» әдісі оқушыларды сын тұрғысынан ойлауға, шығарманы логикалық тұрғыдан талдауға және мазмұнды терең түсінуге үйретеді. Бұл тәсіл әсіресе күрделі туындыларды оқытуда тиімді, себебі ол оқушыларға оқиғаның барлық аспектілерін қамтуға мүмкіндік береді.

«Автор алаңы» әдісі

«Автор алаңы» әдісі арқылы оқушылар өздерін шығарма авторының орнына қойып, әдебиетке автор көзқарасымен қарайды. Бұл әдіс оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған.

Алдын ала дайындық: Оқушылар белгілі бір шығарма (әңгіме, мақала, эссе, өлең, т.б.) дайындайды немесе таныс шығарманы таңдайды. Автор ретінде таңдалған оқушы өз шығармасын түсіндіруге дайындалады. Бұл шығарманың негізгі ойы, тақырыбы, кейіпкерлері, оқиғасы туралы мағлұмат береді.

Автор алаңының ұйымдастырылуы: Мұғалім сабақта оқушыны "автор" ретінде таныстырады. Бұл оқушы ортаға шығып, өз шығармасы бойынша қысқаша әңгіме жүргізеді. Қалған оқушылар "оқырман" рөлінде болады. Олар автордың шығармасын тыңдап, сұрақтар қоюға дайындалады.

Шығарманы талқылау: Автор шығармасын оқып немесе қысқаша мазмұнын баяндап береді. Тыңдап болғаннан кейін, сыныптағы оқушылар авторға сұрақтар қояды. Бұл сұрақтар шығарманың мазмұны, кейіпкерлердің іс-әрекеттері, автордың ойлары мен мақсаты жайында болуы мүмкін. Сұрақтар ашық, сындарлы және шығарманың маңызды аспектілерін ашуға бағытталған болуы керек.

Автордың жауап беруі: Автор қойылған сұрақтарға жауап береді. Бұл кезде ол өз ойын тереңдетіп түсіндіреді, шығармашылық процесін ашады немесе

кейбір күрделі аспектілерді түсіндіреді. Мұғалім қажет болған жағдайда талқылауға бағыт беріп, қосымша сұрақтар қояды немесе талдауға көмектеседі.

Талқылауды қорытындылау: Оқушылар автордың жауаптарын тыңдап, өз пікірлерін білдіреді. Бұл кезеңде әрбір оқушы өз ойларын айтуға, өзге идеялармен салыстыруға мүмкіндік алады. Мұғалім қорытынды жасайды, шығарманың тақырыбын, идеялық мазмұнын түсіндіруге баса назар аударады.

Бұл әдістің тиімділігі оқушылардың белсенділігін арттырады және өз ойларын еркін жеткізуге үйретеді. Сыни ойлау мен шығармашылық қабілеттерді дамытады. Шығармашылық жұмысты терең түсінуге, сұрақтар арқылы талқылауға ықпал етеді. Сыныптағы атмосфераны жандандырып, сабақ барысын қызықты етеді. Алдын ала дайындық оқушылар тандаған шығармасын талқылауға немесе оны тереңірек зерттеуге алдын ала дайындалады. Мысалы, "Жақсы адамның ортасы" атты шығарманы талдауға дайындалып жатқан оқушы осы шығармада көтерілген негізгі ойларды, оқиғаларды, кейіпкерлердің ерекшеліктерін зерттеп, ол шығарманың мәнін түсіндіруге дайындық жасайды. Автор алаңының ұйымдастырылуы сабақ басталғанда мұғалім белгілі бір оқушыны *автор* ретінде таныстырып, оны ортаға шақырады. Бұл оқушы өз шығармасын немесе өзіне жақын тақырыпты түсіндіруге кіріседі. Мысалы, "*Жақсы адамның ортасы*" тақырыбы бойынша, ол әңгіменің мазмұнын қысқаша баяндап, негізгі идеяны түсіндіре алады. Мұнда автор рөліндегі оқушының шығармашылық көрінісі ерекше маңызды.

Шығарманы талқылау сыныптағы оқушылар "оқырман" рөлінде авторға шығарманың мәні, кейіпкерлердің шешімдері мен іс-әрекеттері, және шығарманың маңыздылығы туралы сұрақтар қояды. Мысалы:

- "Шығармада ортаның адам болмысына қалай әсер ететіні қалай көрсетілген?"
- "Кейіпкерлердің іс-әрекеттерінен қандай құндылықтарды байқауға болады?"

Бұл сұрақтар арқылы оқушылар авторды тереңірек ойлануға және шығарманы сан қырынан ашуға итермелейді. Автордың жауап беруі автор қойылған сұрақтарға жауап беріп, шығармасын түсіндіреді. Ол кейіпкерлердің әрекеттері, оқиғалардың логикасы және шығармашылық процессі жайлы ой бөліседі. Мысалы, "Жақсы адамның ортасы" шығармасын талдай отырып, оқушы адамды қалыптастыратын ортаның рөлін, оның тұлға болып өсуіндегі маңызын тереңдете түсіндіре алады. Талқылауды қорытындылау-талқылау соңында оқушылар автордың жауаптарын тыңдап, өз пікірлерін білдіреді. Әрбір оқушы шығарманың негізгі идеясын түсінуге талпынып, өз пікірін ортаға салаты. Мұғалім талдауды қорытындылап, шығармадағы негізгі идеаларды қайтадан нақтылайды, оқушылардың ойларын жинақтап, туындаған сұрақтарға қосымша талдау жасайды. Мысалы, мұғалім "Жақсы адамның ортасы"

шығармасының негізгі идеясын қорытып, жақсы орта мен құндылықтарды сақтаудың маңызын түсіндіреді.

Түйіндегенде, қазақтың ұлттық әдістерін оқу жүйесіне енгізу – болашақ ұрпақты ұлттық құндылықтарға баулудың маңызды жолы. Ұлттық сананы ояту, тілге, әдебиетке деген сүйіспеншілекті арттыру арқылы біз мәдениетімізді сақтай аламыз. Қазақ ағартушыларының оқыту жүйесіне қосқан үлесі – баға жетпес мұра, сондықтан да оны қазіргі білім беру жүйесінде кеңінен қолдану қажет. Осындай әдістер оқытуда ұлттық болмысымызды дұрыс септігін тигізері анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Таубаева Ш., Муратбаева Г. Елбасы және білімді ұлт. // Ақиқат. 26 қаңтар, – 2022.
2. Жұмақаева Б.Д. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. – Алматы: «Қыздар университеті», – 2015. – 242 б.
3. Кәршжанова А. О. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі: оқу құралы. - Павлодар: «Кереку», – 2015. – 141 б.
4. Жарылғапов Ж.Ж. Жоғары мектепте ұлттық әдебиетті зерттеу мен оқытудың әдіснамалық мәселелері. – Алматы. – 2020.
5. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: "Рауан".1997. - 288 б.

ӘОЖ 372.82

ХИМИЯ ПӘНІНЕН АКАДЕМИЯЛЫҚ ҮЛГЕРІМ ЖӘНЕ МҰҒАЛІМНІҢ ПӘНДІК ДИДАКТИКАЛЫҚ ДАЙЫНДЫҒЫ

А.М. БЕКЕЕВА, Ж.Б.МУКАНОВА,
Аманжолов университеті, Өскемен қ., Қазақстан

Андатпа. Бұл жұмыста химия пәні бойынша академиялық үлгерім мен мұғалімнің пәндік-дидактикалық дайындығы арасындағы өзара байланыс қарастырылады. Қазіргі білім беру жүйесінде химия пәнін тиімді оқыту, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру және олардың академиялық жетістіктерін жақсарту маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Зерттеуде мұғалімнің дидактикалық даярлығының деңгейі, оның химия пәнін оқыту әдістемесіндегі кәсіби шеберлігі, сабақтарды ұйымдастырудағы инновациялық тәсілдері және оқушылардың академиялық нәтижелеріне әсері талданады. Оқушылардың химия пәнінен үлгерімін арттыру үшін мұғалімдердің пәндік құзыреттілігі мен заманауи білім беру технологияларын қолдануының маңызына ерекше назар аударылады. Химия пәні бойынша мұғалімнің кәсіби даярлығын жетілдіру жолдары, сонымен қатар, оқушылардың үлгерімін бағалау критерийлері мен оқу процесінде

кездесетін негізгі қиындықтар ұсынылады. Бұл зерттеу білім беру саласында тиімді әдістемелерді енгізу арқылы оқыту сапасын арттыруға бағытталған.

Кілт сөздер: химия пәні, академиялық үлгерім, пәндік-дидактикалық дайындық, кәсіби шеберлік.

Бұл тақырып заманауи білім беру саласындағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Химия пәні бойынша оқушылардың академиялық үлгерімі мен мұғалімнің пәндік-дидактикалық дайындық деңгейі арасындағы байланыс білім беру үдерісінің тиімділігін қамтамасыз етуде ерекше орын алады.

Мұғалімнің пәндік құзыреттілігі оқыту сапасының негізгі көрсеткіштерінің бірі ретінде қарастырылады. Дидактикалық дайындық мұғалімнің оқу бағдарламасын меңгеруін, оны әдістемелік тұрғыдан тиімді жеткізе алу қабілетін және оқушылардың қажеттіліктеріне бейімделе алуын қамтиды. Химия сияқты нақты ғылымдарды оқытуда теориялық материалды практикалық тұрғыдан түсіндіру, эксперименттік жұмыстарды ұйымдастыру, сондай-ақ оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамытуға бағытталған әдістерді қолдану маңызды рөл атқарады.

Академиялық үлгерімді арттыру үшін мұғалімдердің заманауи оқыту технологияларын игеруі және қолдануы, оқушылардың қызығушылығын арттыру әдістерін пайдалану, сондай-ақ әртүрлі деңгейдегі білім алушыларға жекелендірілген тәсілдерді енгізу қажеттілігі зерттеудің өзекті аспектілері ретінде қарастырылады.

Білім алушының функционалды сауаттылығы мыналарды қамтиды: жаһандық құзыреттілік, оқу, математикалық және жаратылыстану-ғылыми сауаттылық.

Биология мұғалімдері өз сабақтарында оқушылардың жаратылыстану сауаттылығын қалыптастыруға тырысады (оқушылардың функционалды сауаттылығын дамытудың құрамдас бөліктерінің бірі).

Бұл оқушылар жаратылыстану білімін ғылыми әдістер арқылы зерттелуі және шешілуі мүмкін мәселелерді нақты өмірлік жағдайларда таңдау үшін, қоршаған әлемді және оған адам әрекеті енгізетін өзгерістерді түсіну үшін қажетті бақылаулар мен эксперименттерге негізделген қорытындылар алу үшін пайдалана алуы керек деп болжап тиісті шешімдер қабылдау.

Жаратылыстану ғылымдарына қатысты мәселелер бойынша белсенді азаматтық ұстанымға ие болу және жаратылыстану ғылымдары идеяларына қызығушылық таныту қабілетін дамыту. Биологиялық білім-бұл жалпыадамзаттық мәдениеттің құрамдас бөлігі, әлемнің ғылыми бейнесін қалыптастырудың негізі.

Әрине, біздің оқушыларымыздың әрқайсысы биолог бола бермейді, бірақ әркім экологиялық мәселелерді шешуге, өз денсаулығы мен айналасындағылардың денсаулығына қамқорлық жасауға қатысуы керек.

Біздің міндетіміз-оқушыларға биологиялық білімнің маңыздылығын, оларды күнделікті өмірде қолдану мүмкіндігін көрсету, білімнің әртүрлі элементтерін біртұтас жүйеге біріктіретін қатынастарды көруге көмектесу, оқушының ақыл-ойын ғана емес, жан дүниесін де "байланыстыратын", өзін және қоршаған әлемді түсінуге, өмірдің ең жоғары құндылығын түсінуге көмектесетін тәсілді табу [1].

Өз бетінше оқитын адам бәріне түсіндірілгеннен әлдеқайда көп жетістікке жететіні белгілі, сондықтан біздің міндетіміз – білімді дайын түрде беру емес, оны өз бетінше өндіруге үйрету. Ол үшін әрқайсысында табиғи қызығушылықты ояту, жалпы оқу дағдыларын қалыптастыру және танымдық белсенділік пен тәуелсіздікті үнемі ынталандыра отырып, өзін-өзі дамыту үшін жағдай жасау қажет.

Ақпаратты талдауға, оны сыни тұрғыдан бағалауға, жүйелеуге, жалпылауға, шығармашылықпен өңдеуге үйрету.

Сабақта және сабақтан тыс жұмыстарда жаратылыстану-ғылыми сауаттылықты қалыптастыру үшін келесі заманауи педагогикалық технологияларды қолданамыз:

1. Кейс-технологиялар (немесе нақты жағдайларды талдау әдісі).

Кейс технологиясы дегеніміз не? Кейс (ағылш. case-жағдай) - олардың шешімін ұжымдық немесе жеке іздеуді көздейтін практикалық мәселелер тұжырымдалған оқу материалдарының жиынтығы.

Оның айрықша ерекшелігі-нақты өмірдегі фактілерге негізделген проблемалық жағдайды сипаттау.

Кейс-технология жағдайды немесе нақты жағдайды талдау, іскерлік ойын ретінде қарастырылады. Бұл технологияның әмбебаптығы-нақты жағдайлардың немесе жағдайдың сипаттамалары қолданылады.

Жағдайды талдау, мәселенің мәнін түсіну, мүмкін шешімдерді ұсыну және олардың ең жақсысын таңдау қажет. Бүгінгі таңда кейс-әдіс типтік мәселелерді шешу дағдыларын үйретудің тиімді әдістерінің бірі болып саналады.

Сабақтарда және сабақтан тыс жұмыстарда ойша оқуды көбінесе үлгерімі төмен оқушылармен бірге қолданған жөн. Алдын-ала сұрақтар тізімін жасап немесе оқулықтың абзацтарын оқығаннан кейін оқушылар жауап беруі керек нұсқалар бойынша бірнеше тізім жасалады.

Дегенмен, кейбір мектеп оқушылары оқуда айтарлықтай қиындықтарға тап болады. Олар, әрине, жазбаша белгілерді дыбыстық формаға тез және нақты аударып алады, бірақ мәтіннің мағынасын түсініп, одан қажетті ақпаратты шығаруды кедергілерге тап болады [2].

Оқушыларға жұмыста жіберетін типтік қателіктер: мәтінді өз бетінше талдай алмайды; әртүрлі символдық жүйелерде ұсынған ақпаратты

түрлендіре алмайды; танымал ғылыми мәтіндерден ақпарат ала алмайды, ақпаратқа тұтас талдау жүргізбейді.

Сондықтан мұғалімнің негізгі міндеттерінің бірі: оқушыны мәтінмен мағыналы жұмыс істеуге үйрету деп санаймыз. Сондықтан кез-келген тақырыптағы мәтінді семантикалық оқу бірінші орынға шығады. Ол мәтінмен жұмыс істеудің өзара байланысты әмбебап оқу әрекеттерінің тізбегін қамтиды: қабылдау – түсіну – қолдану (жаңа жағдайларда қолдану).

Қалыптасқан семантикалық оқылымның мақсаты мен мағынасын түсінуді, әртүрлі дереккөздермен жұмыс істей білуді: ғылыми, көркем, бұқаралық ақпарат құралдарында публицистикалық, алынған ақпаратты талдай және бағалай білуді қамтуы керек.

Орта мектеп оқушыларын даярлаудағы басымдық-ауызша сөйлеуді меңгеру, алынған ақпаратты түсініп қана қоймай, оны дұрыс, қисынды және қол жетімді түрде жеткізе білу.

Алайда, тәжірибе көрсеткендей, көбінесе бұл оқу әрекеттері оқушыларда жеткіліксіз қалыптасады. Семантикалық оқу дағдыларын қалыптастыру үшін, оқытуда заманауи технологияларды қолдану тәжірибесі көрсеткендей, сыни ойлауды дамыту технологиясының әдістерін қолданған жөн.

Белгілі бір мәтінмен жұмыс жасай отырып, сабақтың әртүрлі кезеңдерінде осы технологияның кейбір әдістерін қарастыру керек. Жұмыстың бірінші кезеңі шақыру кезеңі деп аталады. Сабақтың осы кезеңінде мәтінді оқымас бұрын алғашқы жұмыс жасалады, яғни, алдағы оқуды болжау.

Бұл кезең:

- оқушының осы тақырып немесе мәселе бойынша алған білімін өзектендіру және жалпылау;
- зерттелетін тақырыпқа тұрақты қызығушылық туғызу, оқушыны оқу іс-әрекетіне ынталандыру;
- оқушыны сабақта және үйде белсенді жұмыс істеуге ынталандыруға мүмкіндік береді.

Оқыту белсенді болады, оқушы мақсатты түрде ойланып, өз ойын өз сөзімен білдіреді. Мүмкін болатын әдістер: белгілі ақпараттың тізімін жасау; түйінді сөздер бойынша болжам жасау; материалды жүйелеу: кластерлер, кестелер және т.б.; дұрыс және дұрыс емес мәлімдемелер және т. б. Оқушыларды шақыру сатысында жұмыс жеке, сондай-ақ жұптар мен топтарда жүзеге асырылуы мүмкін [3].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абдулаева О.А. Естественнаучная грамотность. учеб. пособие для общеобразоват. организаций - М.: Просвещение, 2020.

2. Куприянова С.Г. Особенности формирования естественнонаучной грамотности обучающихся основной школы. Образование и воспитание. — 2021. — № 2 (33). — С. 33-35.

3. 3. Кларин М.В. Инновационные модели обучения. Исследование мирового опыта: монография. М.: Луч, 2016. 640 с.

ӘОЖ 372.82

ОҚЫТУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ТИІМДІЛІГІ

ҚҰЛЖАНОВА А.Д.,

№13 гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Педагог-зерттеуші

Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада білім берудегі заманауи инновациялық технологиялардың тиімділігі анықталды. Педагогикалық инновация – бұл қойылған мақсаттарға тиімді қол жеткізуге көмектесетін білім беру саласындағы жаңалықтар. Білім берудегі инновациялар деп педагогикалық технологияларды, оқыту әдістері мен құралдарының жиынтығын жетілдіру процесі түсініледі. Қазіргі уақытта инновациялық педагогикалық қызмет кез келген оқу орнының білім беру қызметінің маңызды компоненттерінің бірі болып табылады.

Кілт сөздер: мұғалім, оқушы, жаңа технология, инновациялық технологиялар, оқу-тәрбие үрдісі

Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі. Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр.

Бұл білім беру қызметтері нарығында белгілі бір мекеменің бәсекеге қабілеттілігін құруға негіз құрып қана қоймай, сонымен қатар мұғалімнің кәсіби өсу бағытын, оның шығармашылық ізденісін анықтайды және оқушылардың жеке өсуіне ықпал етеді. Педагогикалық инновация-бұл педагогика саласындағы инновация, білім беру ортасына оның жекелеген компоненттерінің де, тұтастай алғанда білім беру жүйесінің де сипаттамаларын жақсартатын тұрақты элементтерді (инновацияларды) енгізетін мақсатты прогрессивті өзгеріс. Педагогикалық инновациялар білім беру жүйесінің өз ресурстары (дамудың қарқынды жолы) есебінен де,

қосымша қуаттарды (инвестицияларды) — жаңа құралдарды, жабдықтарды, технологияларды, күрделі салымдарды және т.б. тарту есебінен де жүзеге асырылады.

Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі – оқытудың әдіс тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Қазіргі таңда оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде. Бұндай технологиялардың бір жақсы жері оқушылардың сабаққа деген белсенділігі артып, қызығушылықтарын танытады. Сондықтан да әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы тиіс отыр. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді.

Қазіргі жас ұрпақтың саналы да сапалы білім алуының бірден-бір шарты – оқу орындарындағы білім беру процесіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу екендігі сөзсіз түсінікті. Сондықтан ғылыми-техникалық прогрестен қалыспай, жаңа педагогикалық инновацияларды дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу – әрбір ұстаздың негізгі міндеті болып табылады.

Технология пәнін оқытуда – еңбек етудің алғышарттарын үйрену арқылы оқушыны жеке тұлға ретінде тәрбиелеу мақсаты көзделеді. Осы мақсатты жүзеге асыру барысында, оқушыларға берілетін тәлім-тәрбие үрдісін жетілдіру, жұмыс мәдениетін, адамдар арасындағы адамгершілік қарым-қатынастарды жаңарту, еңбек біліктілігін қалыптастыру арқылы еңбек өнімділігін арттыруға ынталандыру міндеттерін мұғалімге жіктейді. Жас ұрпақты қоғамдық өмірге, отбасындағы қызметке, кәсіпке даярлау, үнемі өзгеріп отыратын әлемде өмір сүретіні туралы түсінікті қалыптастыруды міндеттейді. Ендеше әр оқушыға оның қабілеттеріне сәйкес келетін білім беру өрісі қажет.

Адамға ең бірінші өмірлік қажеті – еңбек екенін уақыт дәлелдеуде. Адам өмірі үшін аса қажетті, әрі өмір бойы тоқтаусыз білім беретін пән «Еңбекке баулу» бүгінгі технология оқу пәні үнемі жетілдіруде. Біздің елімізде еңбекке үйрену – Ы. Алтынсарин 1887-1888 жылдары орыс – қазақ мектебін алғаш ашқанда басталған. Оқушыларды кәсіпкерлікке, қазіргі заман талабына сай басқару, білу, ұйымдастыру, іске асыру жұмыстарына бейімдеу басшылыққа негіз болады.

Ұжымның жұмыс нәтижесінде өзіне пайда келтіретін әдіс-тәсілдерді қамтамасыз етуді шешу – мектептің материалдық-техникалық базасына, аймақ ерекшелігіне байланысты. Сонымен бірге оқушыларды кәсіби еңбекке баулу мүмкіншіліктерін зерттеу арқылы іске асыру технологиясын жасау. Ата-ана мен мектеп ұжымы бірігіп, жастарды кәсіпкерлікке баулуға бағытталған оқу-тәрбиелік шығармашылық орта құруы қажет. Еңбек тәрбиесі

- барлық тәрбиенің қайнар көзі. Еңбек тәрбиесі арқылы киімді пішу, тігу қолөнер шеберлігін меңгерту арқылы ұрпақты адамгершілік рухында тәрбиелей аламыз. Өйткені, оқушы алған теориялық білімін іс жүзінде қолдана отырып, оны өмірімен, өзінің іс-әрекетімен байланыстыра білгенде ғана, өзіне де пайдасын тигізе алады. Технология сабағы арқылы оқушыны іскерлікке, ұқыптылыққа, әдемілікті сезініп, қабылдауға үйретеміз. П2нн23 негізгі қағидасы: «Сөзден – іске көшу». Еңбек тәрбиесі арқылы киімді пішіп тігу, көркемдеу қол өнер шеберлігін меңгеру арқылы жас ұрпақты адамгершілік рухында тәрбиелеуді басшылыққа ала отырып жұмыс жүргізіледі. Оқушылар әр түрлі тігілген бұйымдарды зерттей отырып, баға берумен келешек кәсіби ісіне қажетті эстетикалық, ұлттық, этикалық және т.б. бағалы қасиеттерін өз бойларына қалыптастырады. Технология сабағында оқушылардың іске икемділігі мен іскерлігіне, өнерге, шеберлікке деген бейімділігін дамыта отырып қалыптастырылады. Оқушылар отбасында да тұрмыстың әр түрлі өнімді еңбегіне қатысады. Баланың бойындағы сапалық қасиеттері, еңбекке қызығушылығы, табиғатты қорғауы, ұқыптылығы арқылы еңбек адамын көру. Қазіргі кезде білім беру кеңістігінде инновациялық үрдістердің бағыттарының бірі – мектепке бағдарлау болып табылады. Оқушылардың қызығушылықтары, қабілеттері толық ескеріліп, сол қажеттілікке сай тиімді жағдайлар жасалып, білім беріледі. Оқыту мәселелерін бастамас бұрын, жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеуге ерекше мән беру керек.

Сабақ – оқыту мен тәрбиелеу үрдісінің негізгі формасы. Ендеше сабақтың мәнді өтуі мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Инновация – оны жеке түсініп, оқу үрдісіне енгізу – оқушылардың саналы да сапалы білім алудың бірден бір шарты. Саралап оқыту – оқушылардың туа біткен ақыл-ой қабілетінің жеке дамуының жан-жақтылығына негізделген білім беру жүйесі. Оқушылардың пәнді игеруге қызығушылығын арттыру мақсатында оқытудың дәстүрлі емес сабақ түрлері мен жаңа әдіс-тәсілдерін, сабақтарда пайдаланатын негізгі әдістер оқушылардың көңіл күйіне, ынтасына, қабілетіне қарай, топпен, жеке оқушылармен жұмыс істеу, ойын элементтерін пайдалануға болады.

Технология пәні жалпы білім беретін география, бейнелеу өнері, тарих, музыка сияқты пәндермен тығыз байланысты. Электронды кәсіптік бағдарлау жүйесі – қазіргі заманға сай ақпараттық-коммуникациялық технология негізінде жасалып, оқушының өзіне қажетті мамандықты таңдап, оның ерекшеліктері жөнінде тұтас ақпаратты ұсына отырып, өз мүмкіндігі бойынша қалаған мамандығын анықтауға көмектеседі. Оқушыларды кәсіптік бағдарлау ақпараттық үрдісі, ұдайы кәсіптік білім жөніндегі ақпараттарды талдауды және қорытындылауды қажет етеді. Бүгінгі еңбектің сипаты, мазмұны өзгеріп, жаңа талап пен міндеттерді қажет еткенімен, еңбекті құрмет тұту – халықтар дәстүрінде ежелден қалыптасқан.

Балаларды еңбекке тәрбиелеу – қол еңбегі сабағынан басталады. Адам баласы туа сала емес, көре-көре, жүре-жүре жетіледі. Бір адам еңбекке өте

кабілетті болып өссе, енді бірі керісінше болады. Баланың жас шағында еңбек тәрбиесін дұрыс алуы немесе одан шет қалуы оның келешек өміріне үлкен әсер етеді.

Баланың еңбек тәрбиесін меңгеруі, қоғам үшін ғана емес, оның жеке басы, өз тіршілігі үшін де қажет. Өйткені еңбек сүйетін адамның өмірінде реніш болмайды. Олар үнемі көтеріңкі көңіл-күйде жүреді. Отбасына еңбек тәрбиесін жүргізгенде, баланы белгілі бір мамандыққа бейімдей даярлауды ескерген жөн. Егер бала отбасында еңбек тәрбиесін дұрыс алып шықса, мектепке іскерлікке үйрену оңайға түседі. Себебі, отбасында алған еңбек дағдылары балаға түрлі мамандықты үйренген кезде жәрдемдесіп, оны игеруді оңайлатып отырады.

Технология сабағында жобалау әдісін қолдану. Жоба – әр түрлі бөлімдерден арнайы сызбалардан, суреттерден, жасалатын бұйымның технологиялық картасынан құралуы мүмкін. Ол бұйымдарды жасаған кезде есеп, экономикалық немесе экологиялық дәлелді түсінік хаттар да пайдаланылады.

Жобаның бірнеше нұсқасы болуы мүмкін. Мысалы, өте күрделі жобаны оқушының өзі ғана орындауы шарт емес. Сондықтан жобаның кейбір бөлігі дайын күйде берілсе, кейбір бөлімін оқушы мұғалімнің, ата-ананың көмегімен орындай алады. Егер бір күрделі жобаны бірнеше оқушы бірлесіп орындаса, әр оқушының үлесі алдын ала анықталуы қажет. Ол оқу жылының соңында өзінің орындаған шығармашылық жобасын оқушылардың және мұғалімнің алдында қорғайды. Жобаны қорғау барысында қолданатын бұйымның ішінен қандай затты таңдап алу, ол бұйым қоғамға, өзіне достарына және ата-анасына қандай пайда келтіретіне ескеріледі.

Жобалау әдістемесінің талабы:

1. Міндетті түрде шешілетін мәселенің зерттемелік, ақпараттық, тәжірибелік болуы.
2. Жобаны орындау іс-әрекетті жобалаудан басталады
3. Әр жоба оқушыдан зерттеушілік жұмысы талап етеді. Сонымен, жобалау іс-әрекетінің ерекшелігі – ақпаратты іздеу болып табылады.
4. Жобаның шығуының ең соңғы сатысы – нәтиже:
5. Дайындалған жоба тапсырыс берушіге немесе қоғамдық өкілдікке көз жеткізуі керек.

Жоба шығармашылық, ақпараттық, рөлдік, тәжірибелі бағдарланған, зерттеу сияқты түрлер мен міндеттің қысқаша анықтамасы (берілген бұйым кімге арналған, бұйымның қажеттілігі), бұйымның дайындалуы, бұйымды байқау және бағалау сияқты негізгі бөлімдерден тұрады.

Шығармашылық жоба – әр оқушының жыл сайын мұғалімнің көмегімен орындайтын өзіндік жұмысы, басқаша айтқанда, технология пәні бойынша жүргізілген шығармашылық жұмыс. Шығармашылық жобаның технология пәнінде алатын орны өте зор. Шығармашылық жоба арқылы оқушының ұлттық дүниетанымы, эстетикалық талғамы дамиды. Оқушылар санасына жас кезінен бастап еңбек етуінің қажеттілігін, маңыздылығын сіңіру,

пайдалы іс жасауға, қандай іс болса да шын ниетпен және ұқыпты орындауға дағдыландырады.

Нақты тақырып төңірегінде оқушының алдында әр кезеңде мақсатқа қол жеткізудегі ұмтылыс нығая түспек. Шығармашылық жобаны іске асыру барысында қол жеткен жетістіктер:

- сабақтан бос уақытта маңызды әлеуметтік шығармашылықпен айналысатын балалар санының өсуі;
- ата-аналардың өз балаларының іс-әрекеттерін ұйымдастыруға қатысуға қызығушылығының артуы;
- баланы шығармашылық жұмыс істеуге дағдыландыруға бағытталған әр іс-шараның тәрбиелік мақсаттарға жетуі;
- ұйымдастырылған іс-шаралардың сапасы және жобаға қатысушылардың ынталандырылуы.

Жобалау технологиясының негізінде – оқушылардың жұппен бірігіп немесе әр оқушы өзі дайындайтын шығармашылық жұмыстар жатыр.

Жас өспірімдерді еңбекке тәрбиелеудің жалпы міндеттері бірнеше жеке міндеттерді орындау арқылы іске асырылады. Олар білім алушыларды еңбекке практикалық тұрғыдан даярлау. Білім алушының ынтасын және қабілетін дамыту еңбек тәрбиесіндегі жеке міндеттердің бірі. Халық шаруашылығында автоматтарды, компьютерлерді, т.б. қолдану барлық мамандардан жоғары техникалық сауаттылығы талап етеді. Саралап оқыту оқушылардың туа біткен ақыл-ой қабілетінің жеке дамуының жан-жақтылығына негізделген білім беру жүйесі. Барлық педагогикалық жүйе құрам бөліктерінде инновация үрдісі іске асу үшін төмендегі дей жұмыстар істелу керек:

Жас ұрпақты еңбексүйгіштікке, іскерлікке баулу, әсіресе қазіргі кезде ауадай қажет. Оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін сабақтарды түрлендіріп өткізу қажет. Ең бастысы оқушылардың сабақ үстінде шет қалмауы, берілген тапсырмамен айналысып отыруын қадағалау.

Жаңашыл әдістер мен жаңа технологияның білім берудегі жолдары мен әдіс-тәсілдері. Дамудың жаңа сатысында бағыт алған мектептің ең негізі өзегі мұғалімнің жеке басының ізденімпаздығы мен білімділігіне көп жағдай тәуелді. Жалпы пәндер бойынша В. Ф. Шаталовтың ұсынған әдісі бойынша трек-конспект, диаграмма, график, логикалық тірек-сызба арқылы теориялық материалдарды блокпен оқытып, дамыта оқыту технологиясы бойынша оқушылардың әр түрлі кезеңдерінде үздіксіз білім алуға жағдай жасап, оқыта отырып дамытуға, екіншіден өз бетінше білім жинақтауға шығармашылықпен жұмыс істеп өмірге бейімделуіне ықпал жасайды. Жаңа технология жүйесінде проблемалық және іскерлік ойын арқылы оқытудың да маңызы зор. Оқушылар әр түрлі проблемаларды талдайды, оның шешу жолдарын іздестіреді. Мұндай сабақтар оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытады, пәнге қызығуын арттырады, өмірде кездесетін түрлі қиындықтарды жеңуге тәрбиелейді. Іскерлік ойын сабақтарын өткізу технологиясы үш кезеңнен тұрады.

1-кезең: Дайындық (рөлдерді бөліп беру, оқушыларды топтарға бөлу, проблемаларын алдын-ала таныстыру, қажетті материалдарды жинау.

2-кезең: Ойын кезеңі

3-кезең: Қорытындылау

Іскерлік ойындардың дидактикалық, тәрбиелік, дамытушылық маңызы зор екенін ескерсек, ретіне қарай әр түрлі пәндерден дәстүрлі емес сабақ түрлерін көбірек өткізу қажет. Дәстүрлі емес сабақтардың психологиялық, педагогикалық ұйымдастыру және өткізу жолдарын жан-жақты зерттеп, оқушылармен өткізілетін сабақтар жүйесі жасалынуы қажет.

Модульдік оқыту технологиясы – балаларға жеңілдік жасап, оқушы мен мұғалім қарым-қатынасына теңдік жағдай жасап, оқушыларды қатты қыспай, еркін сөйлеп қызықтырушы көрнекілікпен баланы баулап, алып кету. Жас ұрпақты қоғамдық өмірге, отбасындағы қызметке, кәсіпке даярлау, үнемі өзгеріп отыратын әлемде өмір сүретіні туралы түсінікті қалыптастыруды міндеттейді. Бұған жету үшін басқаруды дамытуға бағытталған жаңа модельдерді көп қолданған жөн. Әр пән мұғалімі жаңа технологияларды меңгеріп, пәнаралық байланыс, кірістіру сабақтарын кеңінен қолдану қажет. Себебі оқушы алған теориялық білімін іс жүзінде қолдана отырып, оны өмірімен, өзінің іс-әрекетімен байланыстыра білгенде ғана өзіне де, қоғамға да пайдасын тигізе алады.

Пәндік білім берудегі инновациялық технологияларды екі топқа бөлуге болады:

1. Жалпы технологиялар:

ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ);

білім беру мен білім сапасын басқаруды ақпараттық-талдамалық қамтамасыз ету;

дидактикалық;

денсаулық сақтау.

2. Оқытудағы жеке көзқарасқа негізделген технологиялар:

жеке тұлғаға бағытталған;

инновациялық технологияларды енгізуге психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету;

интеллектуалдық даму мониторингі;

тәрбиелік;

тереңдетілген оқыту технологиясы.

Білім беру процесіне ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу информатикамен әртүрлі білім салаларын біріктіруді көздейді. Бұл оқушылардың ойлауын ақпараттандыруға және олардың қазіргі әлемдегі ақпараттандыру процестерін түсінуіне әкеледі.

Қолданбалы экономикалық керемет бөлігінің бірі – оқушылардың жеке бизнесінде жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін «Мектеп компаниясында» практика жұмыстары зерттелді. Қорыта айтқанда, сабақты жоспарға негіздеп, жаңашыл әдістерімен жүргізу тиімді, яғни сабақты бір тип бойынша қалыптастыруға болмайды, оған заман талабына байланысты технологиялық

әдістері пайдаланып қызықты және жан-жақты тәсілімен өткізе алсақ, болашақ ұрпақтың білімді болатынына сенемін.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Өтебаев И.С. «Болашақ мамандарды жобалау іс-әрекетіне даярлау: теория және практика». Қарағанды: «TengriLTD» баспасы, 2012 ж.

ӘОЖ 37.012.7

ОРТА МЕКТЕПТЕ БИОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУДА ЦИФРЛАНДЫРУ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІН КҮШЕЙТУ

С.И. УНБАЕВА,
Есенов университеті,
Ақтау қ., Қазақстан

Андатпа. Мақаланың маңызды аспектісі - модельдерге баса назар аудару. Атап айтқанда, модельдер биологияны оқытудың күрделі мәселелерін түсіну үшін өте маңызды деп санайды. Тізбектер мен 3D құрылымдарын ұсынатын еркін қол жетімді зерттеу деректері және қазіргі зерттеу деректері негізінде нақты 3D үлгілерін жасауға мүмкіндік беретін қолжетімді 3D принтерлер арқылы жасалуы мүмкін білім беру мүмкіндіктерін зерттеледі. Сандық молекулалық модельдерді қолдана отырып, ақуыздарды бейнелеу сарапшыларға да, студенттерге де ақуыздардың құрылымы мен қызметін зерттеуге және түсінуге айтарлықтай көмектеседі. Модельдер оқушыларға жоғары ретті ұғымдарын қолдануға, неғұрлым күрделі қолданбалы сұрақтарына жауап беруге және 2D және 3D молекулалық модельдері арасында менталды схемаларды жасауға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: 2D және 3D молекулалық модельдер, цифрлық оқыту, когнитивті дағдылар

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылдың 1 қыркүйегіндегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына жолдауында еліміздің маңызды стратегиялық міндеті ретінде Қазақстанды IT мемлекетке айналдыруды атап көрсетті, цифрландыру ісіндегі қол жеткен жетістіктерге тоқталып, цифрландыру ісінде басшылыққа алынатын қағидаттарды заң жүзінде бекіту қажеттігін ерекше атап өтті[1].

XXI ғасырда көптеген электронды құрылғыларды пайдалану әдетке айналды. Жас ұрпақтар да осындай ерекшеліктерімен өзгешеленеді. Нил Хоудың теориясы бойынша қазіргі студенттер "Z" буынына жатады. Олардың өмірінде цифрлық технологиялар мен виртуалды әлем объективті шындықтан маңыздырақ[2]. Олар жоғары оқу қабілетімен, икемділігімен, энергиясымен, өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі көрсетуге деген

ұмтылысымен, сондай-ақ мұғалім-оқушы қарым-қатынасын қалыптастыруға бейімділігімен сипатталады[3]. Оқушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру жүйесін өзгерту және цифрлық технологиялардың кеңейтілген мүмкіндіктерін белсенді пайдалану қажет[4].

Ол үшін мұғалімдер биология пәні бойынша оқу процесінде цифрлық технологиялардың мүмкіндіктерін тиімді қолдануды үйренуі керек. Биологияда сандық білім беру ресурстарының алуан түрлілігі бар (электронды оқу құралдары, бағдарламалар, тренажерлер, виртуалды модельдеу және т.б.). Оларды бағдарлау, сонымен қатар арнайы көмекші құралдарсыз оқу процесінде цифрлық технологияларды тиімді қолдану өзекті мәселе[5]. Зерттеулерге сәйкес, білім беру процесінде цифрлық технологияларды қолдану, ең алдымен, мұғалімге байланысты[6]. Бұл мұғалімдердің алдына өз құзыреттерін дамыту міндетін қояды[7,8].

Бұл жұмыста жаратылыстану біліміндегі модельдерге қысқаша шолу жасағаннан кейін биологияда нақты 3D модельдерін қолдану талқыланады. Содан кейін шынайы зерттеу деректерін (мысалы, тізбектер) пайдалануға қатысты зерттеулер туралы және оларды сыныптарда әлеуетті пайдалану үшін дәлелдер келтіріледі.

Зерттеу сұрағы: Сенімді зерттеу деректері мен нақты 3D модельдерін қолдану мұғалімдерге күрделі биологиялық оқу бөлімдерімен (эволюция, нәруыздың 4 реттік құрылымы, және т.б.) байланысты жаңа әрекеттерді жасауға көмектесе ала ма?

Зерттеу мәселесі - биология пәнінен цифрлық технологиялардың мүмкіндіктерін сауатты пайдалануға мүмкіндік беретін тәжірибеге бағытталған әдістемелерді әзірлеумен байланысты. **Зерттеу нысаны** ретінде 3D модельдерін жасауға арналған.

Зерттеудің мақсаты цифрлық білім беру ресурстарын пайдалана отырып, биология пәні бойынша орта мектепке оқу тапсырмаларын әзірлеу және сынақтан өткізу болып табылады.

Зерттеу гипотезасы келесідей: цифрлық білім беру ресурстарын пайдалана отырып, биология бойынша оқу тапсырмаларын әзірлеу оқушылардың биологиялық білім беру сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу міндеттеріне мыналар кірді:

1. Биология пәні бойынша орта мектеп оқушыларына күрделі бөлімдерді түсінуде 3D модельдерін қолдану
2. Цифрлық білім беру ресурстарын пайдалана отырып, биология бойынша оқу тапсырмалары блогын әзірлеу.
3. Әзірленген әдістеме арқылы биологияны оқытуда цифрлық білім беру ресурстарын пайдаланудың тиімділігін эксперименталды түрде тексеру.

Зерттеу әдістемесі бірнеше ғылыми әдістерді қамтыды. Биология мұғалімдеріне цифрлық ресурстарды пайдалану, тандау және қолдану қабілеттерін бағалау мақсатында сауалнама жүргізіледі. Тестілеу оқушылардың биология бойынша білім деңгейін және педагогикалық экспериментке дейін және одан кейінгі әмбебап оқу әрекеттерінің қалыптасу

деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Жүргізілген педагогикалық эксперимент цифрлық білім беру ресурстарын пайдалана отырып, биология бойынша оқу тапсырмалары блогын әзірлеу әдістемесінің тиімділігін және оның биологиялық білім беру сапасына әсерін анықтауға мүмкіндік береді.

Педагогикалық эксперимент цифрлық білім беру ресурстарын пайдалана отырып, биология пәні бойынша сандық білім беру ресурстарын таңдауға мүмкіндік береді. Бұл жұмыстың практикалық бөлімінде тапсырмалар мақсаттар иерархиясы бойынша: есте сақтау, түсіну, қолдана білу, талдау, бағалау және құру жасақталды. Жоғары деңгей – шығармашылық қабілет – бұл иерархияда ерекше назар аударуға тұрарлық. Оны дамыту үшін арнайы педагогикалық орта қажет. Серовайская және басқа авторлардың пікірінше, бұл дағды оқушылардың шығармашылық қабілетін, өзіндік ерекшелігімен, жаңалығымен және шығармашылықтың басқа критерийлерімен сипатталатын "өнімді" (затты немесе идеяны) жасау қабілетін қамтиды[9].

Пол Майклменнің пікірінше, цифрлық трансформация үдерісінде ең маңыздысы – ойлау стереотиптерінің, жұмыс істеу әдістері мен компанияны басқару тәсілдерінің түбегейлі өзгеруі. Цифрландыруды күн сайын «цифрланып» бара жатқан әлемде бәсекелестерден озу мүмкіндігін беретін бизнес-үдерістер мен әдістерді түрлі ұйымдарға енгізу ретінде қарастыру қажет. Осы анықтаманың негізінде Майклмен мынадай үш тұжырым жасайды:

Біріншіден, цифрландыру қажеттілігі – объективті дүние, оны қадағалау, реттеу біздің қолымыздан келе қоймайды. Сол себепті оған бейімделу қажет.

Екіншіден, ұйымдар мен компанияларға жаңа технологияларды ендіру – цифрландыру үдерісінің тек болмашы ғана бөлігі. Өзгерістер жаңа технологияларға тәуелді болған заманда әлгі технологиялар – күрделі мәселені шешудің құралы ғана. Бұл үдерісте ұйымның стратегиясы, кадрларды басқаруы, құрылымы мен басшыларының рөлі әлдеқайда маңыздырақ.

Үшіншіден, цифрлық әлемде көшбасшы болу үшін арнайы білімдер мен дағдылардың болуы қажет емес. Бүкіл әлем цифрлық құралдардың көмегімен өзгеріп жатқан заманда менеджмент те толықтай цифрлық форматқа көшеді.

«Цифрландыруда табысқа жету – бір реттік әрекет емес, ол озық ойды, компанияны үнемі жаңарып тұратын цифрлық трендтерге тез бейімделе алатындай етіп ұйымдастыруды қажет ететін үздіксіз үдеріс», – деп қорытады Майклмен [10].

Бұл мақаланың мақсаттары: теориялық көзқарасты дамыту және мұғалімдерге қажетті реформаны жүзеге асыруға көмектесу үшін цифрлық биологиядағы зерттеулердің еркін қол жетімді деректерімен қамтамасыз етілетін орындылығы мен білім беру әлеуетін талқылау; бұл құрылымның платформада қалай жүзеге асырылғанын талқылау, соның ішінде тізбектер


мен үш өлшемді қолданудың нақты мысалдары 3D модельдер; қандай білім беру әсерін күтуге болатындығын сипаттау болатын. Зерттеу нәтижесі бойынша 3D модельдерді қолдану информатика, математика пәндерімен интеграциялануды қажет етеді. Себебі платформамен жұмыс, оны жасақтау, принтермен жұмыс арқылы оқушылардың ғылыми-зерттеу дағдылары дамытылады. Сол арқылы оқушылар 3D модельдерді қолдану арқылы күрделі биохимиялық үдерістерді жеңіл, әрі тез түсінетін болады. Сонымен қатар ғылыми жобалар, Start-up жобаларына да қолдануына септігін тигізеді.

Оқушылар жұптарда немесе топтарда жұмыс жасау арқылы 3D модельдерді қолданып, оның биохимиялық құрылымы мен функциясын анықтайды. Модельдерді бір-бірімен салыстыру, кестені толтырып оның құрылымын анықтау арқылы когнитивті дағдылары дамытылады.


Сабақта 3D модельдерді қолдану оқушылардың белсенділігін арттырып, оқушыларды күрделі және өзекті мәселелерге тарта алды. Олар оқушыларға биологияда түсінуге (яғни түсініктемелер мен болжамдар жасауға) қол жеткізу үшін әртүрлі модельдерді жақсырақ пайдалануға көмектесті.

Бірақ Хансен және басқалар биологиялық білім беруде 3D басып шығарылған үлгілерді пайдалану немесе жасау оқу әдебиеттерімен қатты қамтамасыз етілетінін, бірақ бұл үміттерді растау үшін педагогикалық пайдалануды көбірек зерттеу және зерттеу қажет екенін айтады[11].

Төмендегі кестеде 3D модельдерді сабақта қолданудың бір мысалы (гемоглобин) және 3D модельдер жасақталатын платформаның сілтемесі берілген.

Таңдалған нәруыз атауы	UniProtKB Жазбасы	Интернеттегі бейнесі	Басып шығаруға дайын STL файлдары
Гемоглобин	HBB_HUMAN		http://tecfa.unige.ch/perso/lombardi/for_mcont/proteines-3D/exemples-pdb-to-stl/hemoglobin-2HNB/Final/Hglobin150%25.stl

1-кесте. Биохимиялық биологияның өнімдері және интернеттегі суреті



1-сурет. Платформадағы электронды жасалған гемоглобиннің сызбасы



2-сурет. 3D принтермен құрастырылған гемоглобиннің моделі

Зерттеу нәтижесі бойынша 3D модельдерді сабақта қолдану оқушылардың топтық, жұптық жұмыс жасауына, жобалық тапсырманы орындауына, ғылыми-зерттеу дағдыларының артуына өз септігін тигізді. Бұл жұмыстың маңызды аспектісі-модельдерге баса назар аудару. Атап айтқанда, модельдер биологияны оқытудың күрделі мәселелерін түсіну үшін өте маңызды деп санайды. Тізбектер мен 3D құрылымдарын ұсынатын еркін қол жетімді зерттеу деректері және қазіргі зерттеу деректері негізінде нақты 3D үлгілерін жасауға мүмкіндік беретін қолжетімді 3D принтерлер арқылы жасалуы мүмкін білім беру мүмкіндіктерін зерттелді. Педагогикалық эксперимент цифрлық білім беру ресурстарын пайдалана отырып, биология пәні бойынша сандық білім беру ресурстарын таңдауға мүмкіндік берді. Бұл жұмыстың практикалық бөлімінде тапсырмалар мақсаттар иерархиясы бойынша: есте сақтау, түсіну, қолдана білу, талдау, бағалау және құру жасақталды. Жоғары деңгей – шығармашылық қабілет – бұл иерархияда ерекше назар аударуға тұрарлық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.-Ж. Тоқаев. Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары: Қазақстан халқына жолдауы // <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn.02.09.2023>.
2. S. E. Forgie, O. Yonge, R. Luth, The Canadian Journal for the Scholarship of Teaching and Learning **9**(1), (2018)
3. S. V. Sumatokhin, F. E. Chistiakov, Biology at the school of the future, Ecology and biodiversity conservation: international research and practical conference, Kasakh National Pedagogical University named after Abai, 23-24 October, Almaty, Kazakhstan (2019)
4. O. McGarr, Journal of Education for Teaching. International research and pedagogy **46**(2), 159-169 (2020)
5. L.M. Andryukhina, N.O. Sadovnikova, S.N. Utkina, A.M. Mirzaahmedov, The Education and science journal **22**(3), 116-147 (2020)
6. I.A. Vinogradova, E.V. Ivanova, O.V. Nesterova, The Education and science journal **20**(6), 118-138 (2018)
7. J. Wang, E.H. Dineke, Tigelaar, W. Admiraal, Computers in Human Behavior **101**, 68-76 (2019)
8. L.M. Brevik, G. B. Gudmundsdottir, A.Lund, T.A. Strømme, Teaching and Teacher Education **86**, (2019)
9. National Research Council, NRC. (2003). BIO2010: Transforming Undergraduate Education for Future Research Bi-ologists (ISBN: 0-309-08535-7). National Academies Press.
10. Schwarz, C., Reiser, B. J., Davis, E. A., Kenyon, L., Acher, A., Fortus, D., Krajcik, J. (2009). Developing a learning progression for scientific modeling: Making scientific modeling accessible and meaningful for learners. *Journal of Research in Science Teaching*, **46**(6), 632-654. <https://doi.org/10.1002/tea.20311>
11. Hansen, A. K., Langdon, T. R., Mendrin, L. W., Peters, K., Ramos, J., & Lent, D. D. (2020). Exploring the Potential of 3D-printing in Biological Education: A Review of the Literature. *Integrative and Comparative Biology*, **60**(4), 896-905. <https://doi.org/10.1093/icb/icaa100>

ОҚУШЫНЫҢ ЖЕКЕ ТҮЛҒА БОЛЫП ДАМУЫ – ПЕДАГОГИКАНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕСІ

Р.У.ШИШЕНБАЕВА

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
педагог-зерттеуші,
«№3 жалпы білім беретін мектеп» КММ,
Жаңаөзен қаласы, Қазақстан

Аңдатпа. Қазіргі кезеңде білім берудің ұлттық моделіне өту оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс- тәсілдерін, инновациялық-педагогикалық технологияларды игерген, технологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан, бұрынғы ескі сүрлеуден тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашылық педагог-зерттеуші, ойшыл мұғалім, зерделі оқытушы болуын қажет етеді. Бүгінгі таңда қозғалып жатқан ең өзекті мәселелердің бірі білім беру жүйесінде жаңа электрондық технологияны енгізу, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу, білім беруде ақпараттық технологияларды қолдану, жетістіктері мен жеке тұлғаларды қалыптастыру және қазіргі заман талабына сай білім алуға қажетті жағдайлар жасау. Білім берудің жаңа жүйесі жасалып, оның мазмұнының түбегейлі өзгеруі, дүниежүзілік білім кеңістігіне енуі бүкіл оқу әдістемелік жүйеге, оқытушылар алдына жаңа талаптар мен міндеттер қойып отыр.

Кілт сөздер: оқушы, жеке тұлға, мұғалім, заман талабы, жаңаша әдіс-тәсілдер

Қазіргі кездегі қоғамның ақпараттану жағдайында ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы адам өмірінің әр түрлі саласына біртіндеп өзгерістер енгізуде. Қазіргі білім беру саласында өзгерістерді дұрыс қабылдап, оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, бүгінгі заман талабына сай ұстаз болу мүмкін емес. Ақпараттандыру ісі Қазақстанның білім беру жүйесінің білім жүйесінің даму жолына да ықпалын тигізуде. Ақпараттық технологияның қарқынды дамуына сәйкес оқытудың жаңа технологиясы қалыптасып нығая түсуде. Сондықтан педагогика ғылымының алдында электрондық ұстанымдарын анықтау және айқындауға байланысты бірқатар міндеттер қойылды. Сонымен қатар электрондық оқыту құрылымы мен мазмұнына, оқыту әдістеріне, оқытудың формасына және құрамына қойылатын кешен талаптарды анықтау қажеттігінен электрондық оқытудың әдістемелік жүйесін қалыптастыру мақсаты туындап отыр. Дәстүрлі әдістемелік жүйеде оқу үрдісіндегі бөліктер бірдей және бір уақытта қатысады. Ал классикалық оқу үрдісінде әдістемелік тәсілге байланысты оқытуды ұйымдастырудың әр түрлі формалары, әдістері мен

оқыту құралдары қолданылуы мүмкін. Электрондық оқытудың әдістемелік оқыту моделінде оқыту құралдарының орын алуы өзгерді. Олар оқыту құрылымы мен мазмұнын, әдістерін және оқытудың формаларын анықтайды. Енді бүгінгі күнде электронды оқыту шеңберінде жиі қолданылатын оқыту әдістемелері мен формаларына тоқтала кетейік. Электрондық оқытудың әдістеріне топтық әдіс және жеке дара оқыту әдісі жатады. Бұларды кеңінен тараған оқыту формаларына жатқызуға болады [1]. «Педагогикалық технология» деген ұғымының эволюциясы туралы мынаны айтуға болады. Алғашқы кезең XX ғасырдың 40–50-жылдарын қамтиды. Мұнда «білім беру технологиясы» термині, негізінен, оқыту барысында қолданылатын көру-есту құралдарын білдіреді. Екінші кезең – XX ғасырдың 50-60-жылдары десе болады. Бұл кезеңдегі білім беру технологиясы дегеніміз программалап оқытуды танытатын еді. Үшінші кезең – XX ғасырдың 70-жылдарын қамтиды. Мұнда бұл термин алдын ала айқын белгіленген мақсаттарға жету үшін ұйымдастырылған жобалық оқу процесін білдіретін болады. Төртінші кезең – XX ғасырдың 80-жылдарынан бастап, осы кездегі білім беру технология дегеніміз оқыту үдерісінде компьютер мен ақпараттық құралдарды пайдалану барысын танытады. Педагогикалық технология деп оқыту процесінің өзін жүйе ретінде құру мен басқару, диагностикалық мақсаттар қойып, соған тиімділікпен жету жолдарын ғылыми негізде ұйымдастыру барысында танылады. Біздің ұсынатын бағытымыз осы соңғы айтылғанымен тығыз байланысты. Бұл бағыттың ерекшелігі сонда, мұның түпнегізі оқыту үдерісінің жалпы заңдылықтары бар, соларды белгілі бір жүйеге түсіріп тану және нақты білім оқыту мақсатына лайықтап ұйымдастыру керек деген идеяға негізделеді. Бұл жерде білім берудің екі жақтылық болмысы да ғылыми негіздер арқылы танылып, жүйеленуі тиіс. Оның бір жағы берілетін білім мазмұнының теориялық деңгейде оқу мақсатына лайық жүйеленуі болса, екінші жағы соны оқыту үдерісін жүйелеп тану болмақ.

Электрондық оқыту құралдарына оқытуды ұйымдастыру және жүргізу үшін арналған бағдарламалық өнімдерді жатқызамыз. Электрондық оқыту жағдайында әр түрлі оқыту формалары мен әдістерін, мазмұнын қалыптастыру мүмкіндіктерін анықтау үшін оқыту құралдарын салыстыру және оларды бағалаудың негізгі бағыттарын ескеру қажет. Яғни, жасау және қолдану технологиясы, ұсынылатын аспаптар жиынтығы, ұсынылатын қызметтің іске асырылу деңгейі.

Нақты бағдарламалық өнімді жасау мен қолдану технологиясы жеке дара және топтық оқыту сияқты әр түрлі әдістерді қолдана отырып, оқытуды іске асыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар олар – электрондық оқулықтар. Жаңа технологиямен оқыту жүйесі – сабақта барлық білім алушының белсенді қатысуымен ұйымдастырылатын оқу үдерісінің бірі. Бұл ретте оқытушы мен тіл үйренушінің коммуникативтік қатынасқа негізделген қарым-қатынасының өзгермей сақталуы талап етіледі. Қазақ тілін оқытуда жаңаша оқыту технологиясын қолдану арқылы қоршаған ортада болып

жататын әр түрлі жағдаяттар тарапынан алғаннан соң, тілдік жағдаят жаттығуларына айналдыра білу керек. Жалпы, жаңаша технологияның түрлері өте көп. Мұның үстіне компьютерлік-ақпараттық технологиямен жасалатын жұмыс жүйелерін алатын болсақ, бұл технологияның сапалы білім беруде, танымдық қызығушылығын арттыруда алатын үлкен орны байқалады.

Қазақ тілін мектепте, жоғары оқу орнында, мемлекеттік қызметкерлерді оқыту курстарында оқыту жүйесі, жекелеген сабақ, бір қарағанда, күнделікті өтіп жататын жағдай сияқты. Бірақ тұтас оқыту жүйесі сияқты, бір сабақты өткізу барысында танымдық үдерістің небір күрделі түрлері өтіліп, адамның рухани әлемі қалыптасып жатады. Сонысымен де оқу үрдісінің танымдық үдеріс ретіндегі сыртқа қарапайым, ал ішкі мазмұны адам қалыптастыратын мүмкіншілігі айқындала түседі. Қазақ тілін оқыту барысында тіл үйренушілердің қазақша ойлауы мен еркін сөйлеу тілін дамытуды маңызды орын алады. Жаңа технологияларды қолдана отырып, оқыту барысында тіл үйренушілердің қазақша ойлауы мен жақсы сөйлеу тілін дамытуда қазақ тілін оқытудың өзіндік ерекшеліктері айқындалуы тиіс. Әрбір берілген ұғым мен оның мазмұның құрайтын білімдік ақпарат — оқушының ой-санасын өзгертуші, дамытушы құрал. Бірақ танымдық негіздері туралы бөлімде айтқанымыздай, оқушылардың даму барысында көп сүйеніп, талдаулар жасай беруге, білім мазмұнын жөнсіз көбейтуге немесе күрделендіруге болмайды. Тіл үйренушінің даму ерекшелігін оның жас ерекшелігімен байланыстыра қарау қағидаты басты назарда болуға тиісті.

Қазақ тілін жаңаша технологиямен оқыту — тіл үйренушілердің шығармашылық қызметін, сапалы білім ала білуін қалыптастыратын үдеріс. Тіл үйренушінің саналылығы қазақ тілінің төл дыбысының, сөзінің сөз тіркесінің, сөйлемнің өзіндік болмысын танып-білу барысында ғана және сол үшін ғана емес, жүйе теориясының заңдылықтарын ғылымның барлық саласында қолдану жолдарын меңгеру қажет екенін түйсігімен түйсінуі барысында ғана қалыптасады. Бұл ретте мұғалімнің дұрыс қойған талаптары мен тапсырманы орындау алгоритмдерінің бірізді тәртіптелген жүйесі оқушыны саналылықпен білім алуға дағдыландырады. Тіл үйренушінің саналылықпен білім алу ұстанымы толыққанды жүзеге асуында келесі ұстаныммен табиғи байланысты болуы үлкен рөл атқарады.

Қазақ тілінің жазу және сөйлеу заңдылықтарын іс-тәжірибе жүзінде танып-білу тіл үйренушілердің қазақша ойлау қабілетін қалыптастырады және біртіндеп дамуына ұласады. Оның өзі тіл үйренушінің ауызша және жазбаша тілі даму үдерісіне жалғасып, қазақ тілін үйреніп жүрген жеке адам жана сатыдағы дүниетанымдық аппаратын қалыптастыруға қызмет етеді. Оқытушының басшылығымен меңгерілген танымдық әдістермен тоқтап қалмай, оларды қолдау мен тағы басқа түрлерін іздеуі теориялық ойлауы мен сөйлеу тетіктерінің біртұтастықта дамыған тіл үйренушінің моделі болып табылады. Сондықтан бұл ұстаным қазақ тілін оқыту үдерісінде басшылыққа алынады.

Қазақ тілін оқытуда талдау әдісін оқушыға дұрыс үйрету арқылы қазақ тіліндегі дыбыстарды, сөз құрамын, сөз тіркесін, сөйлем мүшелерін т.б. өз бетімен анықтай білу дағдылары қалыптастырылады. Тіл үйренуде байқалатын түрлі заңдылықтар мен құбылыстарға бақылау жасату барысында жеке талдау жасатудың мәні зор. Талдау әдісін орынды, белгілі бір тәртіппен қолдана білу дағдылары қалыптасуы барысында, тіл үйренушінің теориялық ойлау дағдылары дамуы да жүзеге асады.

Қазақ тілін оқыту барысында тіл үйренушілердің мемлекеттік тілді жақсы меңгеруін ұйымдастыру қазақ тіліндегі жекелеген тіл бірліктерінің бірлесе келіп, жинақталған ұғым жасауына жетекші қызмет атқарады. Қазақ тіл бірліктерінің болмысы туралы жаңа аспектідегі білім мазмұнын алу тетіктері мен ұстанымдарын анықтау таным теориясын негіз ете отырып, жасалатын арнайы әдістеменің кешенді проблемаларын зерттеуге алып келеді. Тіл үйренушінің қазақша еркін де сауатты сөйлеуі мен жаза білу дағдыларын қалыптастыруды олардың ғылыми білім алуымен үйлесімді ұйымдастыруда таным теориясының ілімдері үлкен тірек болады. Қазақ тілі сабақтарының әдістемелік сценарийлерін әзірлеуде оқытудың технологиялық жабдықталуы да үлкен орын алатыны белгілі. Бұл ретте компьютерді қолданудың да маңыздылығы айқын. Оқушының өз бетімен жұмыс істеуін ұйымдастыруда, білімін тексеруде, білімін бағалауда сабақтың компьютерлік жабдықталуы үлкен орын алады. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың мектептерді компьютерлендіру туралы бағдарламасы қазақ тілін оқытуды сапаландыруға, оқушылардың ойлау дәрежесін өсіруге заман жетістіктерін дұрыс пайдалана білуге бастайды. Сондықтан қазақ тілін оқытуда бұл бағыт та мүмкіндігінше қолданылғаны дұрыс. Қазақ тілін оқытудың технологиялық жабдықталуы мен техникалық құралдарды қолдану турасында екі бағыт бар: «техникалық құралдар — жанды оқу процесінен артық емес» деген болса, екіншісі — «техникалық құралдар — қазіргі кезеңдегі оқу процесінің басты жетекшісі» деп келеді. Екі бағыттың бірін ұстау — біржақтылыққа алып кететіні белгілі. Оқу-танымдық қызметті белсендіруге, оқушының теориялық ойлау дәрежесін дамытуда техникалық құралдардың беретін көмегі мен мүмкіншіліктерін пайдалану бар да, оларға тым әуестеніп кетпей, орындылық пен қолдану тәртіптілігін сақтай білу бар. Сонымен, қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздерін талдай келе, мынадай қорытындыға келдік. Жалпы, тілді оқыту теориясы адамның тілді меңгеруінің жалпы немесе жекелеген заңдылықтарын білдіреді. Осы ретте қазақ тілін оқыту теориясы, дидактикалық негіздері қазақ тілін оқыта отырып, қазақша сөйлеу мен сауатты жазу әдістерінің, оқыту мазмұны мен мақсат-міндеттерінің, уәжінің оқыту заңдылықтары жүйесіне шоғырлануын бейнелейді. Бағдарламалық өнімнің деңгейі оны қолдану кезіндегі нақты жұмыс істеу қабілеті мен оның қауіпсіздігін қамтамасыз етумен анықталады [2].

Бағдарламалық өнімнің жұмысы оның жылдамдығымен, сенімділігімен, интерфейсінің ыңғай-лығымен сипатталады. Мәселен, бағдарламалық өнімнің деңгейін тек қана оны қолданған кезде анықтауға

болады. Алайда электрондық оқыту құралдарын бағалап таңдауды естен шығармау қажет. Электрондық оқулықтың автоматтандырылған оқу үрдісі ашық дамитын әдістемелік жүйе екендігі белгілі. Сонымен бірге электрондық оқу ақпаратын тасымалдаудың жаңа құралы болып табылады. Онда оқу ақпараты толық мазмұндалып, әр түрлі қосымшалар, анықтамалық материалдар, бақылау тапсырмалар, ұсынылатын әдебиеттер тізімі және тақырыптық сілтемелер беріледі. Электрондық оқулықтың жетістіктері мыналар болып табылады. Шұғыл кері байланысты қамтамасыз етеді, дәстүрлі оқулықта көп іздеуді қажет ететін тиісті ақпаратты тез табуға көмектеседі, гипермәтінді түсіндірмелерді бірнеше рет қарап шығу барысында уақытты анағұрлым үнемдеуге мүмкіндік береді, қысқа мәтіндермен қатар көрсетеді, әңгімелейді, жобалайды т.с.с. (мультимедиа технологияның мүмкіндігі мен артықшылығы тура осы жерде көрінеді), әрбір студентке дербестік тұрғыдан қатынас жасауға мүмкіндік беріп, олардың өз бетінше білім алуын қамтамасыз етеді, белгілі бір бөлім бойынша білімді тексеруге мүмкіндік туады. Электрондық оқытудың жаңа мүмкіндіктері арқылы қосымша білімдермен қаруланған қызметкерлер маңызды бәсекелестік артықшылыққа ие болады. Виртуалдық ұйымдардың жаңа үлгілері оқытудың қажеттігін арттыруда, оқытудың дәстүрлі бағдарламаларын қашықтықтан оқыту бағдарламалары барған сайын ығыстырып келеді және өз білімін басқарудың дамып келе жатқан жүйелі жинақталған тәжірибеден пайда табуға көмектеседі. Электрондық оқулық жас буынның жаңа әдебиеті болып есептелетіні даусыз. Сондай-ақ ол компьютер технологиясының мүмкіндіктері мен кәсіби оқулықтардың дәрежесін біріктіреді. Электрондық оқулықпен оқытудың негізгі мақсаты — оқу үрдісін және толық деңгейін бақылау, сонымен қатар ақпараттық ізденіс қабілетін дамыту. Білім берудің кез келген саласында электрондық оқулықтарды пайдалану студенттердің танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай туғызады. Осы уақытқа дейінгі білім беру саласындағы оқулықты пайдалану қазіргі заман талабын қанағаттандырмайды. Сондықтан қазіргі ақпараттандыру қоғамында бұл оқулықтарды пайдаланбай алға жылжу мүмкін емес.

Қазіргі уақытта электрондық оқулықтың құрылысы сапалы және жаңа деңгейде болуы тиіс. Электронды оқулықтың ең қажет элементі аудиохабарлар болып табылады. Инновациялық білім беру құралдары, аудио-, видеоқұралдары компьютер, интерактивтік тақта, Интернет, компьютер мультимедиялық құралдар, электрондық оқулықтары мен оқу әдістемелік кешен, медиатека, инновациялық веб-сайт және т.б. Сондықтан да қазіргі таңда көптеген веб-қосымшалар, интерактивтік бағдарламалық өнімдер, қозғалмалы нысандар құруға мүмкіндік беретін векторлық және графикалық бағдарламалық жабдықтар көптеп шығып, қолданыс табууда.

Қазақ тілін жаңаша оқыту барысында сабақта жан-жақты технологияларды ұтымды қолданып, студенттердің шығармашылықпен

жұмыс жасауына мүмкіндік туғызып отыру қажет. Оқыту кезең бойынша ұйымдастыру, сол арқылы әрбір кезеңде оқытудың мазмұнын, формасын, әдістерін және құралдарын сәйкестендіріп таңдап алуды, нәтижелерді кезең бойынша диагностикалауды есепке алу негізінде дидактикалық міндеттерді қою мен шешудің логикалық бірізділігін қамтамасыз ету керек. Жаңа технологиялар дәуірі жағдайында студенттерге қазақ тілін жеделдете оқытудың әдістемелік жүйесінің мазмұны айқындалып, соңғы ғылыми жаңалықтар негізінде толықтырылады, білім берудің жаңа парадигмалары негізіндегі жеделдете оқытудың мәні айқындалып, ұстанымдары нақтыланады.

Қазақ тілін оқыту кезеңдерінің тіл үйрету деңгейлерімен байланысы анықталып, жеделдете деңгейлік оқытудың соңғы нәтижесі қатысымдық құзыреттілік деңгейін айқындау мақсатында аралық, қорытынды сынақтарды және өзіндік жұмысты ұйымдастырудың тиімді тәсілдері айқындалады. Қазақ тілін жаңаша оқыту барысында сабақта жан-жақты технологияларды ұтымды қолданып, студенттердің шығармашылықпен жұмыс жасауына мүмкіндік туғызып отыру қажет. Оқыту кезең бойынша ұйымдастыру, сол арқылы әрбір кезеңде оқытудың мазмұнын, формасын, әдістерін және құралдарын сәйкестендіріп таңдап алуды, болатын нәтижелерді кезең бойынша диагностикалауды есепке алу негізінде дидактикалық міндеттерді қою мен шешудің логикалық бірізділігін қамтамасыз ету тиіс. Жаңа технологиялар дәуірі студенттерге қазақ тілін жеделдете оқытудың әдістемелік жүйесінің мазмұны айқындалып, соңғы ғылыми жаңалықтар негізінде толықтырылады, білім берудің парадигмалары негізіндегі жеделдете оқытудың мәні айқындалып, ұстанымдары нақтыланады [3].

Теориялық материалдарды графикалық иллюстрация түріндегі әр түрлі суреттер, сұлба, тәсілдер арқылы толықтырып отырса, онда теориялық білімді оқып, көзбен көріп, түсініп оны мида бекіту үрдістері бір уақытта өтіп отырады да материалдық қорыту үрдісі ұтымды болады. Бұлар практикум компьютерлер көмегімен жүзеге асырылады. Ал білімді бағалау тестік жүйе бойынша, ал толықтырушы материалдар интерактивтік компьютерлер типте жүзеге асады. Біздің ұсынатын бағытымыз осы соңғы айтылғанымен тығыз байланысты. Бұл бағыттың ерекшелігі сонда, мұның түпнегізі оқыту үдерісінің жалпы заңдылықтары бар, соларды белгілі бір жүйеге түсіріп тану және нақты оқыту мақсатына лайықтап ұйымдастыру керек деген идеяға негізделеді. Бұл жерде білім берудің екі жақтылық болмысы да ғылыми негіздер арқылы танылып, жүйеленуі тиіс. Оның бір жағы берілетін білім мазмұнының теориялық деңгейде оқу мақсатына лайық жүйеленуі болса, екінші жағы соны оқыту үдерісін жүйелеп тану болмақ. Мемлекеттік тіл – аса маңызды да өзекті мәселе, тіл – халықтың жан дүниесі, рухани негізі, ел еркіндігі мен ұлтты танытатын басты белгі. Ол – ұлт болмысын ұғындырып, төңірегіне жұртты топтастырушы, біріктіруші фактор. Сондықтан мемлекеттік тілді білу – өмір талабы, заман сұранысы,

қоғам қажеттілігі. Олай болса, тілді өмірдің барлық саласында қолданып, аясын кеңейту жолында әрбір қазақстандық өз азаматтық міндетін атқаруға тиіс.

Ел тәуелсіздігін тіл тәуелсіздігімен астастыра қарап, туған тілдің тұғырын биіктету қамы қолға алынғалы да біраз уақыт болып қалды. «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатының тұжырымдамасы», «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы заң» сияқты стратегиялық маңызы бар құжаттардың дүниеге келуі осы бағытта жасалған оң қадамдар. Адамның ой-өрісін, мәдени дәрежесін, ақыл-парасатын, рухани байлығын көрсететін айна. Тіл мәдениетінің өзектілігі әрқашан ескеріліп, қай халық болса да, бұл мәселені айналып өткен емес. Өнер алды – қызыл тіл» деп қазақ халқы да сөйлеу шеберлігіне үлкен мән берген. Қазіргі таңда тіл мәдениетінің көкейтестілігі арта түсті. Қазақстан Республикасы Президентінің «Тілдерді қолдану мен дамыту бағдарламасында»: «Тілді дамыту – Қазақстан Республикасы мемлекеті саясатының аса өзекті бағыттарының бірі», сондай-ақ «Мемлекеттік тілді оқытудың саны мен сапасына көңіл бөлу керек» делінген. Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде», -* деп тұжырымдайды. Ал қазақ халқының тіл келешегі – мектеп оқушыларында. Көптеген ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді, мерзімді баспасөз ақпараттарын талдап-зерттей келе, бүгінгі күнгі оқушылардың сөз саптауы көңіл аударарлық көпшілігінің тіл мәдениеті төменгі деңгейде деген қорытынды жасауға болады. Олар өз ойларын дұрыс, түсінікті етіп жеткізе алмайды, басы артық бос сөздерді көп қолданып, ойын шашыратып жібереді. Кейбірі орысша сөздерді қосып, араластыра сөйлесе, бірі жаргонмен, диалектілермен сөйлегенді сән көреді. Бұл мәселе туралы көптеп айтылып та, жазылып та жатыр.

Бүгінгі таңда қазақ мектептерінің өзекті мәселелерінің бірі – оқушылардың тіл мәдениетін көтеру, сауатты жаза алатын, өз ойын айқын жеткізе алатын азамат тәрбиелеу. Қазіргі заманымызда қойылған басты талаптардың бірі – өмірден өз орнын таңдай алатын, өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстап, кез келген ортаға тез бейімделетін, белгілі бір ғылым саласынан білімі мен білігін көрсете алатын, өз ойы мен пікірін айта білетін мәдениетті жеке тұлға қалыптастырып, тәрбиелеу. Оқушының жеке тұлға болып дамуы мен алған білімін іске асыруда сөйлеу тілін, әрекетін, тіл мәдениетін, әдебін қалыптастыру педагогиканың қазіргі кезеңдегі өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Осы мәселелерді назардан тыс қалдырмай, кәсіби-бағдар бере отырып оқыту – тіл үйренушінің мектепте алған білімін тереңдетіп, өзі таңдаған мамандыққа сай лексиканы меңгеруіне, өз көзқарасын танытуға, бейнелі, астарлы қазақ тілінің байлығын меңгеруіне жол ашады. Тіл үйренушінің ой-пікірін белгілі бір тақырып бойынша жүйелі түрде өз мамандығына негіздеуге жұмыстар жүргізіледі.

Осы арада жоғарыда айтып өткен жаңа технологияның түрлері кеңінен қолданылады, яғни оқытушының шеберлігі аса қажет етіледі. Оқытушы таңдаған технологияны түрлендіріп, аса шеберлік көрсетсе, соғұрлым сабақ

мақсатына жетеді деп ойлаймыз. Осы тұрғыдан алғанда, оқытушыға білім берудің тиімді жолдарын қарастыру, таңдай білу еркіндігі тиіп отыр. Кез келген оқыту технологиясы іс-әрекеттің қарқындылығы мен белсенділігін арттырады. Тіл үйренушінің оқуға деген ынта-ықыласын, қызығушылығын жойып алмау мақсатында, алдымен ұғымға сәйкес түсінікті болуын ескеру қажет, берілетін тапсырманың тәрбиелік мәніне көңіл бөлініп, сезімді, қызығушылықты оятатындай құрылуы керектігі ескерілуі қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Құрман Ж.Н. Қазақ тілін оқытудың әдістемелік негіздері. - Алматы, 2009. - 28-б.
2. Әбдікәрімов Б., Сарбасова Қ.А. Бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда педагогикалық технологияларды пайдалану // Еуразиялық гуманитарлық институттың хабаршысы. - 2004. - № 3. - 36-б.
3. Даумов Н.Ғ. Оқытудың ақпараттандыру процесінде оқушылардың зерттеу қызметін дамыту: Пед. ғыл.канд. ...дис. -Алматы, 2003. - 12-б.

ӘОЖ 378.016.821.512.122

МОДУЛЬДІК ОҚЫТУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

ПАНЗАБЕК Б.Т., ЖҰМАЖАН А.Б.,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі қазіргі таңда жас ұрпақты тиімді әдіспен және жоғарғы білімділікпен оқыту аса маңызды. Мақаламызда әдіскер ғалым М.Жанпейісованың зерттеу еңбегіндегі модульдік оқыту жүйесін қарастырып, қазіргі білім беруде тиімді әдістердің бірі екендігіне көз жеткізеді.

Кілт сөздер: модульді оқыту, білік, дағды, қайта жаңғырту, бақылау

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында жаңа білім беру жүйесінің қалыптасуы жүріп жатыр. Осыған орай, алдыңғы қатарлы идеялар мен педагогикалық технологияларды практикалық тұрғыдан жаңарту және оларды ғылыми тұрғыда негіздеу бағытындағы жұмыстар жүргізіледі. Болашақ маман - бүгінгі студент педагогика теориясы мен практикасындағы қазіргі заманғы педагогикалық технологиялардың түрлерін біліп, оларды тиімді қолдана алуын керек етеді. Осы тұста В.Г. Белинскийдің: «...ұстаздың қолында адам өмірінің тұтас тағдыры тұр», - деген сөзі еріксіз еске түседі.[1] Білім беру жүйесінде модульді оқыту оқушы деңгейін өсіріп, шығармашылық қабілетін өсер шыңына дейін жеткізетін оқыту технологиясы. «Модуль» дегеніміз – белгілі бір жүйенің бір бөлшегі.

«Технология» - грек тілінен аударғанда «шеберлік». Біздің түсінігімізде шеберлікпен оқыту. Модульдік технология дегеніміз - оқулықтың әр компонентті (мәтіндер, сұрақтар, жаттығулар) бір жүйенің бөлшектері ретінде қарастырылады және оқулық қызметтерін жүзеге асыруға тиіс. Қазақ тілін нәтижелі үйрету үшін, оның оқыту әдістемесін жетілдіре түсіндіру – үлкен мәселе. Бұған үлкен көмек беретін тақырыптық модульдік бағдарлама. Модульді оқытудағы мақсат - оқушының өз бетінше жұмыс істей алу мүмкіндігін дамыту, оқу материалын өңдеуді жекелеген тәсілдер арқылы жұмыс істей алуға үйрену. Бәріне белгілі, педагогикалық жүйе дидактикалық және әдістемелік құрамдас бөліктерден тұрады.

Олар 3 факторларға негізделген: 1) нені оқыту керек? 2) неге оқыту керек? 3) қалай оқыту керек? Педагогикалық технологиялар дәл осы сұрақтар арасынан қалай оқыту тиімді екенін қарастырады. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы оқыту әдісін меңгере отырып, оны заманауи оқу үдерісіне енгізу маңызды қадам болып табылады деп сүбелі ойын айта кеткен. В.Ф.Шаталовтың оқу материалдарының белгі және сызба үлгілері негізінде қарқынды оқыту технологиясы, М.Чошановтың мәселелік модульді оқыту технологиясы, К.Вазинаның модульді оқыту технологиясы, В.Монаховтың, В.Беспальконның және көптеген ғалымдар технологиялары кеңінен танымал.

Қазақстанда Ж.Қараевтың, Ә.Жүнісбектің, М.Жанпейісованың және т.б ғалымдардың оқыту технологиялары өз кезеңінде қолданылды. Модульдік оқытуда оқушылардың білімін арттыру үшін сабақта жаңа әдістерді қолдана білу керек. Модульдік оқыту білім алушыға осы бағдарламамен өз бетінше жұмыс істеуге, оны толығымен пайдалана отырып немесе қажеттілігіне қарай қолдануға мүмкіндік береді. Модульдік оқытудың басқа оқыту технологияларынан айырмашылығы және ерекшелігі төмендегідей:

- Оқу-тәрбие процесінде оқытушы мен оқушының өзара әрекеттестігі түбегейлі басқа негізде жүзеге асырылады. Модуль технологиясы арқылы оқушылардың бұрын дайындалған белгілі бір деңгейге саналы өз бетінше қол жеткізу қамтамасыз етіледі.
- Өзін-өзі бекіту, қарым-қатынас, ойын, танымдық және шығармашылық қажеттіліктерін қанағаттандыруға, белсенді сөздік қорын (ауызша және жазбаша тілінде) дамытуға бағытталады.
- Оқу процесін мұқият құра білген жағдайда оқушылардың білім сапасын едәуір арттыруға және білім стандарты бекіткен оқу материалын барлық оқушылардың меңгеруін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.
- Дарынды балалармен тұрақты және жүйелі түрде жұмыс істеу мүмкіндігі болып табылады.[2]

Модульдік оқыту орыс әдістеме ғылымы зерттеулерінің негізінде келді. П.Юцявичене, А.М.Алексюк, М.А.Анденко, Р.С.Бекирова, К.Я.Вазина және т.б ғалымдардың еңбектері бар. П.Юцявичене модульдік оқытудың мәні мен әдістемелік негіздерін негіздеген алғашқы авторлардың бірі. П.Юцявичененің “Основы модульного обучения” деген еңбегінде модульдік оқытудың негізі мынадай дидактикалық принциптері бар деп санайды:

1. Модульдік;
2. Оқыту мазмұнын жекелеген элементтерге құрылымдау;

3. Динамизм;
4. Білім мен оның жүйесінің тиімділігі.

П.А. Юцевичененің пікірінше, шет тілдерін модульдік оқытудың мәні студенттің жеке оқу жоспарымен көбірек өз бетінше немесе толық өз бетінше жұмыс істей алуында. Сонымен қатар мұғалімнің функциялары ақпаратты бақылаудан кеңес беру-үйлестіруге дейін әртүрлі болуы мүмкін. Егер оқушыда жеке өзіндік қызметі, оның үстіне, қиындықты жеңіп, жаңалық ашып, жақсы нәтижеге жетуі сабақ үстінде орын алса жағымды эмоциялар қалдырады хақ.[3] Осы туралы орыс ғалымы К.Роджерстің пікірінше, мұғалім ыңғайлы жағдайды жасай алады, ол тек келесі қағидаларды басшылыққа алуы тиіс:

1. Балаларға әрдайым сенім көрсетуі;
2. Оқушылардың оқытудың мақсаттары мен міндеттерін белгілеп, нақтылауға көмектесуі.
3. Топтық өзара әрекетке белсенді түрде қатысуы;
4. Топта өз ойын ашық білдіруі.

Зеттеулер көрсеткендей, дәстүрлі ұйымдастырылған оқу процесіне қарағанда, оқушылар ойынға қатыса отырып, неғұрлым аз шаршайды, оқу қызметінен жағымда эмоциялар қалдырады. Орыс ғалымы мен М.Жанпейісованың еңбектерін қарастыра отырып, модульдік оқытудағы сөйлесу деңгейінің ұтымды тұстары бары анық.

Модульдік оқытудың өте маңызды жағы – студент бір модуль материалын игермей, екіншісіне ауыса алмайды. Бұдан модульдік оқытудың басты сипаты әр адамның өз мүмкіндігіне қарай ізденуінде, танымдық кедергілерді азайту үшін әрекет жасауына, модуль мазмұнын игеруіне т.т мүмкіндік жасайтыны байқалады. Модульдік оқыту арқылы жоғары оқу орындары студенттеріне де тиімді тұстары ғылыми-әдістемелік тұрғыдан өайта қарауды қажет етеді. Ал модульдік оқытуды мектеп тәжірбесіне енгізуге бола ма деген орынды сұрақ туады. Әрине болады. Ол үшін оқушының материалды игеру деңгейін анықтайтын тапсырмалар (ауызша, жазбаша) және әдістемелік нұсқаулармен берілуі тиіс. Сонда ғана модуль құрылымы жағынан толық болып, оқытуда белгілі бір нәтиже бере алады. Мысалы, тілдің фонетика, лексика, сөзжасам, морфология, синтаксис салаларын жеке – жеке модуль ретінде алып, ал осы салалардың ішіндегі тілдік құбылыстарды блок ретінде (мысалы, зат есім- бір блок, есімдік- бір блок т.т.) беру тиімдірек болуы мүмкін. М.Жанпейісованың технологиясында модуль үш құрамды бөліктен тұрады: кіріспеден, сөйлесу бөлімінен және қорытынды бөлімнен тұрады. Осы бөлімдер арқылы студенттер мен оқушылар алған білімдерін сапалы әрі толық меңгере алады. Бұл аталған бөлімдерге тоқталып, жеке түсіндірме жасауға болады.

Кіріспе бөлімі(модульге, тақырыпқа енгізу);

Сөйлесу бөлімі(оқушылардың танымдық қызметін өзара сөйлесу негізінде ұйымдастыру);

Қорытынды(бақылау).

Жалпы сағат санына қарамастан, кіріспе және қорытынды бөлімдерге меншікті ғана уақыт беріледі. Барлық қалған уақыт сөйлесу бөлімінің меншігінде болады. Кіріспе бөлімінде мұғалім оқушыларды оқу моделінің жалпы құрылысымен, оның мақсат- міндетімен таныстарды. Мұғалім оқу материалын қысқаша (10-20 минут ішінде) сызба немесе кесте түрінде түсіндіріп береді. Аталмыш модульде кіріспе - қызықтырушылық кезең кіріспе бөлімде іске асырылады. Психологтардың пайымдауынша, әрбір дербес тарауды оқып-үйрену үш негізгі кезеңнен: кіріспе-қызықтырушылық, операциялдық-танымдық және рефлексиялық-бағалау кезеңдерінен тұруы тиіс (Л.М.Фридман).[4] Бұл кезеңде оқушылар бағдарламаның осы тарауын *неге* және *не үшін* оқып үйренулері керек, негізгі оқу міндеті қандай екенін түйсінуді қажет. Орыс психологы Салмина айтқандай объектілердің нақты қасиеттері жайлы білімді қалыптастыруда түсіндіруді сызба және белгілік үлгілер түрінде көрініс тапқан әрекеттен бастаған дұрыс. Сонда ғана балаларда түсінгендік те меңгергендік сезімі байқалады. Тірек сызбаларға сүйене отырып, термин сөздерді кеңінен аша отырып, тұтас сабақ тақырыбы қысқаша түсіндіріледі. Оқу моделінің кіріспе бөлімінде мұғалім:

- а) Оқушыларды оқу моделінің жалпы құрылымымен және мазмұнымен таныстырады;
- б) Оқушылардың осы оқу моделіндегі танымдық қызметінің мақсаттары мен міндеттерін анықтайды, әсіресе бұл мақсаттар мен міндеттерді әрбір оқушының “қабылдауына”, түсінуге ерекше көңіл бөледі;
- с) Тірек сызбаларға (“орамаларға”, белгілік үлгілерге) сүйене отырып, модульдің тұтас тақырыбы бойынша оқу материалын қысқаша (15-20 минут ішінде) түсіндіреді.

Сөйлесу бөлімінде танымдық процесс сыныпты 2-6 адамнан шағын топтарға бөлу арқылы негізінен оқушылардың өзара әрекет етуіне негізделген. Сөйлесу бөлімінде алғашында оқу материалын **қайта жаңғырту** және қарапайым **білік** пен **дағды** қалыптастыру мақсатында, кейіннен – алынған білімді талдау, жинақтау және бағалау мақсатында оқытудың белсенді формалары қолданылады. Оқу моделінің сөйлесу бөлімі оқушылардың өзін-өзі оқытуына және өзін-өзі бағалауына құралған. Бұл бөлім операциялдық-танымдық кезеңін іске асыру болып табылады. Осы туралы Фридманның ойы мынандай: « Оқу оқушының жеке, топтық, ұжымдық жұмыс барысындағы түрлі қызметінің жүйесі ретінде қаралады. Олар оқушының қисында ойлауын, қабілеттерін, жадын, шығармашылығын және т.б тұлғалық дамытуға бағытталған». Бұл бөлімнің сабақтарын жоспарлағанда мұғалім оқушылардың өзара сөйлесуін қамтамасыз етуге баса көңіл бөледі. Пысықтауды қажет ететін материалды мұғалім үш күрделілік деңгейінде (қарапайым, орташа дәреже, күрделі) дайындайды. Үш деңгейдің қайсысын таңдайтынын әр оқушының өзі шешеді. 1- деңгей тапсырмалары оқушылардың шығармашылығын дамытуға бағыттталып, 2 және 3- деңгей тапсырмалары оқушылардың бағдарлама материалдарын мемлекеттік білім

стандарты деңгейінде игеруін көздейді. С.Занько, Ю.Тюнникова және С.Тюнниковалардың пікірінше, оқу және дидактикалық ойындардың айырмашылығы мынада: оқу ойындары формасы бойынша ойын, мазмұны бойынша – оқу, ал дидактикалық ойын мектептегі оқуды ұйымдастырудың қалыптасқан түрін тек толықтыру болып табылады. Зерттеулер бойынша 4 – 11 сынып оқушыларын оқыту процесінде оқу ойындарын қолданудың жоғарғы тиімділігін көрсетті. [5]

Оқу бөлімінің **қорытынды бөлімі** рефлексиялық бақылау. Егер сөйлесу бөлімінің барлық сабақтарында оқушылардың бір-біріне көмегі, бірін-бірі оқытуы, түрлі ғылыми көздерді пайдалануы құпталынып келсе, енді қорытынды бөлімде оқушы өзінің сөйлесу бөлімінде алған білімін, білігі мен дағдыларын ешкімнің көмегінсіз көрсетуі тиіс. Осы бөлімде бақылау жұмыстары, сынақ, шығарма немесе диктант оқу бағдарламасына қарай қолданып, осы бөлімде беріледі. Оқу моделінің бұл бөліміне М.Жанпейісова екі бірдей бақылау түрін енгізген. Олар: міндетті тестілеу, мұғалім өз таңдауы бойынша сынақ, бақылау, диктант. Себебі, оқу материалын игеру дәрежесін бір ғана тестілеу арқылы анықтау мүмкін емес.

Модульдік оқытудың өзегі – оқу моделі. Оқу моделі ақпараттардың аяқталған блогынан, бағдарламаны табысты жүзеге асыру үшін берілген оқытушының нұсқауларынан және оқушы іс-әрекетінің мақсатты бағдарламасынан тұрады. Модульдік оқыту білім мазмұны, білімді игеру қарқына, өз бетінше жұмыс істей алу мүмкіндігі, оқудың әдістері мен тәсілдері бойынша оқытудың дербестігін қамтамасыз етеді. Модульдік оқыту технологиясының жеке тұлғаның өз-өзін дамытуға, шығармашылық қабілеттерін арттыруға қажетті іскерліктері мен дағдыларын қалыптастыратын бірден-бір технология.

Қорыта келе, М.Жанпейісованың модульдік оқыту технологиясы оқушының мұғалімнен қабылдаған білімін шығармашылықпен жеткізуге үйрететін әдіс болып табылады. Эмоциялық сезімге бойлап, әсерлі сезімде болуға жетелейді. Ойын түрлері арқылы баланың қиялын дамытады, зейінін тәрбиелейді, ұлттық құндылықтармен қаруландырады, терең білім береді, оны сатыға жеткізуші дәнекер – ойдың модулі деп түйіндеуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жанпейісова М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде.-Алматы, 2002. - 9 бет.
2. Воложина Л. Плюсы и минусы модульной технологии // Бағдарлы мектеп және кәсіптік білім. Профильная школа и профобразование – 2010. - 6 бет.
3. Бейсенбаева З. Модульдік оқытудың тиімділігі // Ұлағат. – 2007. - 25 бет.
4. Ағымбетова А. Модульдік оқыту технологиясы // Мектеп. – 2012. - 7 бет.

5. Юцявичене П.А. Основы модульного обучения. – Вильнус, 1982 - 105 бет.
6. Жампейісова М. Модульдік оқытудың құралымы // Оқыту тәрбиелеу технологиясы. – 2008. – 11 бет.
7. <https://eduindex.kz/methodical-articles/618-moduldik-tehnologija-zhne-onu-pajdalanudy-tiimdiligi.html> (Модульдік технология және оны пайдаланудың тиімділігі)
8. Дүйсенова А. Модульдік оқыту технологиясы артықшылығы // Педагогикалық қоғамдастық хабаршысы. - 2021. - 105 б.

ӘОЖ 37.01

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА РӨЛДІК ОЙЫНДАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Ж.Д. ХАМИТОВА,

С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,
«Қазақ тілі және әдебиеті» БББ магистранты,
Өскемен, Қазақстан

Аңдатпа. Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін мектепте оқытуда қолданылатын белсенді әдістің ең өнімдісі – рөлдік ойындар. Рөлдік ойындардың оқушылардың шығармашылық ойлау жүйесін қалыптастырып, өз пікірін қорғауға, басқалармен тіл табыса білуге баулитыны ғылымда дәлелденген. Сабақта ойын түрлерін пайдалану – сабақтың формалары мен әдістерін жетілдіру жолындағы ізденістердің маңызды бір буыны. Ойын элементтерінің материалдары сабақтың тақырыбы мен мазмұны неғұрлым сәйкес алынса оның танымдық, тәрбиелік маңызы да арта түседі. Оны тиімді пайдалану, сабақтың әсерлігін, тартымдылығын күшейтеді. Оқушылардың ынтасы мен қызығушылығын арттырады. Себебі, қазақ тілі пәнінде бірыңғай жазу жұмыстары мен оқу оқушыларды тез жалықтырады. Сабақта пайдаланылған сергіту жаттығуларымен қатар жаңа тақырыпты меңгеру, өткенді пысықтау мақсатында пайдаланылатын ойын түрлерінің пайдасы зор.

Кілт сөздер: рөлдік ойындар, білім, ойын элементтері, шағармашылық, этнография

Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін мектепте оқытуда қолданылатын белсенді әдістің ең өнімдісі – рөлдік ойындар. Рөлдік ойындардың оқушылардың шығармашылық ойлау жүйесін қалыптастырып, өз пікірін қорғауға, басқалармен тіл табыса білуге баулитыны ғылымда дәлелденген.

Кеңес дәуірінің әйгілі психологы Л.С. Выготский: «Бала ойын үстінде өзінің дәл жасынан анағұрлым ересек көрінеді», - дейді [1]. Ойын үстіндегі бала психологиясын зерттеген Л.С.Выготскиймен қатар, А.Н.Леонтьев,

Д.Б.Эльконин сынды кеңес ғалымдары, бірқатар шетел зерттеушілері: «Ойын — баланың өзіндік өмірі» деген ортақ қорытындыға келген [2].

Балаға білімді ойын арқылы меңгертудің педагогикалық аспектілері ертеден сөз болып келеді. Бұл ретте Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаевтардың құнды пікірлері назар аудартады. Бұдан кейінгі дәуірде Д.Әлімжанов, Ы.Маманов, Ә.Исабаев, Ж.Қоянбаев, Р.Қоянбаев, С.Рахметова, С.Ғаббасов, Ә.Табылдиев, Ш.Майғаранова, Б.Игенбаевалардың еңбектерінде айтылған тұжырымдардың ғылыми маңызы бар.

XX ғасыр басындағы педагогиканың ірі өкілі А.С. Макаренко да ойынға үлкен мән береді: «Ойын баланың өмірін қызыққа, қуанышқа бөлейді. Ол балалардың ойынға деген сүйіспеншілігі мен қызығушылығын тәрбиелейді», - деп көрсетеді [3]. Ал қазақ ғалымы Р.М.Қоянбаев: «Ойын — балалардың денесін, ақыл-ойын дамытудың сарқылмас көзі», - деген пікір қалдырған [4]. Бұл келтірілген пікірлерден оқу үдерісіне ойын технологиясын енгізудің қаншалықты маңызды және нәтижелі болатынын түйеміз. Әсіресе, бастауыш сыныптар мен орта деңгейде ойын технологиясын пайдаланудың берері мол.

Біз өз тәжірибемізде 5 сыныпта қазақ тілін оқытуда ойын технологиясын өнімді пайдаланып келеміз. Тәжірибеде байқалғандай, оқушыларға ұлттық ойындарды пайдаланып өткізілген сабақтар өте қызықты. Әсіресе, ойын элементтері бар сабақта олар еркін сөйлеу, ойлау, қарым-қатынас жасауға мүмкіндік алады.

Мәселен, басқа ұлт мектептеріндегі қазақ тілінің бірқатар тақырыптарын рөлдік ойындар арқылы меңгертуге болады. Мәселен, «Киім. Сән, талғам» атты тақырыпты бекіту үшін оқушыларға «Қазақ халқының ұлттық киімдерінің көрмесі» немесе «Ұлттық сән апталығы» деген ойын сабағын өткіземіз. Бұл үшін ұстаз алдын ала дайындық жұмысын жүргізеді. Себебі, ұлттық киім үлгілері, қазақ оюларының кесіндісі, мата үлгілері, тақырыпқа қатысты бейнематериалдар т.б. керек. Оқушыларға рөлдер алдын-ала бөлініп беріледі. Оқушылар өз рөлдеріне сәйкес дайындық жұмыстарын жүргізеді.

Ойын-сабақтың барысында бағдарламада берілген төмендегі оқу мақсаттары жүзеге асырылады:

«5.2.3.1 жарнама құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату; 5.3.2.1 жанрлық ерекшеліктеріне сай ресімделуі мен құрылымын сақтап, жарнама құрастырып жазу; 5.1.2.1 әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (ән мәтіні, жарнама) көтерілген мәселені түсіндіру; 5.2.5.1 мәтін мазмұнын түсінуге, нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру; 5.4.2.1 сөз ішіндегі және сөз аралығындағы ілгерінді, кейінді және тоғыспалы ықпал заңдылықтарына сәйкес айта білу».

Рөлдік ойында шынайы көрме өткізу барысында жасалатын жұмыс түрлері балалар әрекетінде имитацияланады. Ойын сценарийіне сәйкес,

оқушыларды топқа бөліп, оларға топтық жұмыстар тапсырылады. Бірінші топ көрменің жарнамасын жасайды. Екінші топ сән үлгілерін көрсетуде ойналатын музыканы таңдап, қазақы ою түрлерін ояды. Олардың атауын анықтайды. Үшінші топ киім үлгілерін көрсетуге дайындалады. Ұлттық киімдердің атауына байланысты шағын хабарлама дайындап, таныстырылым жасайды. (Оқулықта берілген *ішік, қыз-келіншек, кимешек, бөрік, етік, бәйбіше, тақия, көйлек, мәсі, кебіс, бешпент, қынама т.б.* сөздер қолданылуы тиіс).

Ойын шарты бойынша 2 оқушы мұражай қызметкері, бірнеше оқушы шетелдік турист, бірнешеуі киім үлгісін көрсетуші, бір оқушы музыка қоюшы, журналист болады. Туристер сұрақтар дайындаса, киім үлгісін көрсетушілер ол киімнің атауын, қандай матадан (*қырмызы, дүрия, торқа, манат т.б.*) жасалатынын, неше жастағы адам киетінін түсіндіреді. Бағалау критерийлері алдын ала анықталып, оқушыларға таныстырылады. Оқушылардың ілгерінді, кейінді ықпалға құрылған сөздерді қатыстырып монолог, диалог құра білуі, жинаған ақпараттарының құндылығы, айтылымға құрылған мәтіндердің бөлімдерін анықтай алуы т.б. білім-біліктері бағаланады. Бұндай рөлдік ойындар барысында оқушылардың сабаққа қызығушылығы оянады, жанды диалог, монолог барысында тақырыпқа қатысты сөздерді меңгереді. Ең бастысы қысылып-қымтырылмай, рөлдегі қызметіне сай еркін әрекет етеді. Қызу еңбек, белсенді әрекетке құрылған бұндай сабақтар баланың есінде ұзақ сақталады. Тілді үйрену, тіл мәдениетін игеру, логикалық тұрғыдан жүйелі сөйлеуге қол жеткізіледі. Сонымен қатар шәкірттер қазақ халқының этнографиясымен, мәдениетімен тереңірек танысуға мүмкіндік алады.

Келесі рөлдік ойын «Жануарлар әлемі мен өсімдіктер дүниесі» атты тарауды өткенде ойналады. Бұл рөлдік ойында бағдарламада берілген төмендегі оқу мақсаттарына жету көзделеді:

5.1.2.1 әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (хабарландыру) көтерілген мәселені түсіндіру; 5.2.3.1 хабарландырудың құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату; 5.4.3.1 омоним, антоним, синонимдерді көркемдік ерекшеліктеріне сай қолдану; 5.1.2.1 әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі (хабарландыру) көтерілген мәселені түсіндіру; 5.3.6.1 мәтіндегі орфографиялық қателерді сөздіктерге сүйене отырып, түзету және редакциялау т.б».

Сабакты ұйымдастыру кезеңінде үйге берілген тапсырма тексеріліп, ол жаңа тақырыппен байланыстырылды. Жаңа сабакты түсіндіріп болғаннан соң, оқушыларға «Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісі бойынша рөлдік ойын ұсынылып, ойын барысында омоним, синоним, антонимдердің мағыналарына талдау жасалынды. Сыныптағы оқушылар екі топқа бөлінеді. Әр топтағы оқушылардың өз рөлін жақсы ойнап, берілген тапсырманы дұрыс орындағанына байланысты жеңімпаз анықталады. Ойын барысында

оқушылар бір-бір рөлге ие болып, сол жануардың қимылын, қозғалысын, дауысын айнытпай салуға тырысу керек.

Алғашқы болып, 2-топ оқушылары шықты. Екінші топтың жетекшісі автор сөзін оқыды. Түйе рөлін ойнап шыққан оқушы түйенің жүрісін салып шайқалақтайды. Сонымен қатар, түйенің сыртқы келбетін синоним, антоним, омоним сөздерді пайдаланып шебер суреттеуі қажет. Ойынның ережесі бойынша басқа оқушылар рөлде ойнап тұрған оқушының ненің рөлін ойнап тұрғанын табуы, сонымен бірге оның сипаттамасында келтірілген (биік-аласа, ұзын-қысқа, ақырын-тез, үлкен-кіші т.б.) антонимдерді, (үлкен – ірі, түр – түс – рең, күшті – мықты т.б.) синонимдерді анықтай білуі қажет. Оқушылардың білімі рөлдегі баланың айтқан мәтінін мұқият тыңдап, қажетті сөздерді таба білуіне орай бағаланады. Осылайша барлық балалар хайуанаттардың қимыл-қозғалысын айнытпай салып, антоним, синоним, омоним сөздерді кірістіріп, өз рөлдерін ойнап шығады. Мұнан кейін хайуанаттардың рөліндегі оқушылардың білімі мен білігін бағалау үшін төрешіге сөз беріледі.

Бағалауға оқушылардың өзін қатыстырамыз ол үшін төмендегідей сұрақтар беріледі:

1. Кім хайуанаттың ролінде жақсы ойнады?
2. Қай оқушы хайуанаттың қасиеттерін, адам өміріндегі маңызын антоним, синоним, омонимдерді қатыстырып анық бейнеледі? Неге?
3. Кім хайуанатты қимылымен және сөздерімен бейнелей алмады? Неге?
4. Сендер жыл басына кімді сайлар едіңдер? Пікірлеріңді антоним, синоним, омонимді кірістіріп дәлелдеңдер.

Бұндай сауалдар оқушылардың өзара пікір таластыруына қозғау салады. Әрбір сұраққа оқушылар өздерінің ойларын жазады. Оны бүкіл сынып алдында дәлелдейді. Бұдан соң оқушыларға тарауда берілген мәтіндерде кездесетін сөздер жазылған кеспе қағаздар үлестіріледі. Мынадай тапсырмалар беріледі:

1-топ оқушыларына: мәтіндегі антонимдерді табыңдар. Соңынан бір-біріңнің қателеріңді тексеріңдер;

2-топ оқушыларына: мәтіндегі омонимдерді табыңдар. Тапқан сөздерді байланыстыра отырып, мағынасын түсіндіріңдер, сөйлем құраңдар.

3-топ оқушыларына: мәтіндегі синонимдерді табыңдар. Тапқан сөздерді байланыстыра отырып, мағынасын түсіндіріңдер, сөйлем құраңдар. Сонымен қатар, бүкіл сыныпқа «5.3.6.1 мәтіндегі орфографиялық қателерді сөздіктерге сүйене отырып, түзету және редакциялау» деген оқу мақсатын көздейтін жалпы тапсырма беруге болады. Тақтадан орфографиялық қателері мәтінді ұсынып, оны түзетіп жазуға және оның дұрыс нұсқасын түсіндіру жүктеледі.

Сабактың қорытынды кезеңінде ойын барысында тапқырлық пен белсенділік көрсеткен оқушылар бағаланады. Үй тапсырмасы берілді.

Ойын барысында оқушылардың антоним, синоним, омонимдерді қалай меңгергені, мәтінмен жұмыс жасай білуі (сипаттама, хабарлама мәтін құрастыра білу), жатық сөйлеу дағдылары бағаланады. Тарау бойынша алған білімдері бекітіледі. Оқушылардың хайуанаттар әлемі туралы дүниетанымы кеңейіп, жан-жануарларға қатысты сөздік қоры дамиды.

Келесі бір ойын «Суреттеп айт» деп аталады. Бұл ойынның мақсаты – балалардың сөйлеу тілін жаттықтыру, дүниетанымын кеңейту. Бұл ойын топпен ойналады. Бастаушы оқушының құлағына бір жануардың аты сыбырлап айтылады (болмаса бір жануардың суреті көрсетіледі). Бастаушы ол жануардың атын атамай, оны басқа сөздермен сипттап, суреттеуі тиіс. Оның сипаттамасында синоним, омоним, антоним сөздердің қатыстырылып айтылуы қадағаланады. Басқа оқушылар бастаушының сипаттамасын мұқият тыңдап, жасырылған жануарды дұрыс табуы тиіс. Оқушылар өз ойларын кезекпен айтады. Ойынды әрі қарай күрделендіріп, сол жануар туралы мақал-мәтел айтқызуға да болады.

Мысалы, «Түйе». Оны оқушы «Дала кемесі», «Шөлге өте төзімді, ірі үй жануары», «Ол тұзды жақсы көреді. Оның сүті адам ағзасына пайдалы, оның жүнінен көрпе, киім жасалады» деуіне болады. Жасырылған сөзді тапқан бала түйеге қатысты мақал-мәтелдер айтады. Оны айта алған бала бастаушы етіп тағайындалады. Ойын осылай жалғасады.

Түйіндесек, ойын балалардың шаршағанын басады, сергітеді, сабаққа қызығушылығын арттырады. Ойында оқу мақсаттарының жасырын тұруы балалардың ойын шарттарын тапсырма деп қабылдамай, жеңіл, ойнақы көңіл-күймен орындауына себеп болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Сухомлинский В.А. Избранные педагогические сочинения в 3 т., т. 1. – М., 1997. с. 487.
- 2 Выготский Л.С. Игра и ее роль в психическом развитии ребенка / Л.С.Выготский // Альманах Института коррекционной педагогики. № 28, 2017.
- 3 Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. Университеттер студенттеріне арналған оқу құралы / Ж.Б.Қоянбаев, Р.М.Қоянбаев. — Алматы, 2002. — 384 бет. — ISBN 9965-512-70-1

МУЛЬТИМЕДИЯҒА НЕГІЗДЕЛГЕН ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ МЕН ДИДАКТИКАЛЫҚ РЕСУРСТЫ ДАМУ

А.И.ИСЛАМКУЛЫЕВА, А.А.ИМАНБАЕВА,
Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті
Ақтау қ, Қазақстан

Аңдатпа. Мультимедияны қолдану оқушыларға оқу материалдарымен әртүрлі тәсілдермен жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Оқу материалын қалай үйренуді, ақпараттандыру құралдарының интерактивті мүмкіндіктерін қалай қолдануды және өз оқушыларымен бірлескен жұмысты қалай жүзеге асыруды өзі шешеді.

Кілт сөздер: коммуникациялық технологиялар, мультимедиялық презентация, ақпараттандыру

Заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялар- компьютерлік сыныптағы биология сабағы туралы, интерактивті тақтамен сөйлесуге мүмкіндік береді. Мұндай сабақта мұғалім өзінің әдістемелік әдістерінің барлық дерлік арсеналын сақтай отырып, оны акт мүмкіндіктерімен бірнеше рет көбейте алады.

1). Мультимедиялық презентация әдісі. Биологияны оқытуда АКТ-ны қолданудың кең таралған әдістерінің бірі-мультимедиялық презентация әдісі. "Мультимедиа" термині пайдаланушыға (оқырманға да, тыңдаушыға да, көрерменге де) барынша тиімді әсер ету мақсатында әртүрлі бағдарламалық және техникалық құралдарды пайдаланатын ақпараттық технологиялар спектрін білдіреді.

Ақпараттандыру құралдарында мультимедияны қолданудың арқасында графикалық, дыбыстық, фото және бейне ақпараттың бір мезгілде әсер етуі арқылы мұндай құралдар үлкен эмоционалды зарядқа ие және әртүрлі мекемелердің тәжірибесіне белсенді қосылады.

Биологияны оқытуда медианы қолданудың орындылығын көптеген мысалдармен көрсетуге болады. Әдетте, әдемі суреттермен немесе анимациялармен сүйемелденетін презентациялар статистикалық мәтінге қарағанда көрнекі түрде тартымды және олар ұсынылған материалды толықтыратын, оқу тиімділігін арттыруға ықпал ететін тиісті эмоционалды деңгейді сақтай алады.

Мультимедианы пайдалану оқушыларға нақты уақыт режимінде көрсету мүмкін емес бірқатар биологиялық объектілерді көрсетуге мүмкіндік береді. Мультимедиа көмегімен біз "кеңістікте қозғала аламыз" және оқушыларға биология курсына оқитын мұражай экспонаттарын немесе табиғи қорықтарды сыныптан шықпай-ақ көрсете аламыз.

Осылайша, оқушылар білім беру процесінің белсенді қатысушыларына айналады, оған мультимедиа ықпал етеді:

- Ақпаратты қабылдау және түсіну сияқты оқытудың когнитивті аспектілерін ынталандыруға үлес қосамыз;

- Оқушылардың пәнді оқуға деген ынтасын арттырамыз;

- Білім алушылардың бірлескен жұмыс және ұжымдық таным дағдыларын дамытамыз;

- Оқушылардың оқуға деген терең көзқарасын дамыту, демек, зерттелетін материалды тереңірек түсінуді қалыптастыруға әкеледі. Мультимедиямен екі бағыт бойынша жұмыс істейміз: жаңа материалды зерттеу үшін өзіміздің және әріптестерім жасаған презентацияларды қолданамыз; білімді жалпылау және бекіту үшін өздерінің шағын жұмыстарын жасауды ұсынамыз [1].

2). Жоба әдісі. Кез-келген мұғалім сияқты біз де әр оқушыны белсенді танымдық іс-әрекетке тартуды көздейтін оқушылардың өзіндік іс-әрекетін ұйымдастырудың жолдарын іздейміз. Мұндай өзіндік жұмыстың бір тәсілі-ынтымақтастықта оқыту. фронтальды жұмыстарды көбінесе жеке, жұптық, топтық жұмыстармен ауыстырамыз.

АКТ құралдарын қолдана отырып, оқушылардың жұптық немесе топтық жұмысы түсіндірме-иллюстрациялық және репродуктивті әдістерге қарағанда әлдеқайда тиімді.

Оқушылар топта жұмыс істей отырып, бірлескен іс-қимыл жоспарын әзірлейді, ақпарат көздерін, мақсаттарға жету жолдарын табады, рөлдерді бөледі, идеяларды алға тартады және талқылайды. Барлық оқушылар танымдық іс-әрекетке қатысады.

Ынтымақтастықта оқыту ұжымдағы қарым-қатынас мәдениетінің элементтерін және басқару элементтерін игеруге мүмкіндік береді (бірлескен нәтиже мен серіктестің жетістіктері үшін жауапкершілікті толық біле отырып, жалпы тапсырманы орындау үшін міндеттерді бөлу мүмкіндігі).

Біз АКТ құралдарын қолдана отырып оқушыларды оқытуда жобалық әдісті қолдануға қойылатын негізгі талаптарды қарастырамыз:

- интеграцияланған білімді, оны шешу үшін зерттеуді іздеуді қажет ететін зерттеу, шығармашылық тұрғыдан маңызды мәселенің болуы;

- болжамды нәтижелердің практикалық, теориялық, танымдық маңыздылығы; оқушының өзіндік (жеке, жұптық) қызметі;

- жоба бойынша жұмыс істеу үшін қажетті әртүрлі салалардағы негізгі білімді анықтау;

- жобаның мазмұндық бөлігін құрылымдау;

- зерттеу әдістерін қолдану;

- зерттеу міндеттерінен туындайтын мәселені анықтау;

- оларды шешу гипотезасын ұсыну, зерттеу әдістерін талқылау; алынған деректерді талдау;

- түпкілікті нәтижелерді ресімдеу;

- қорытынды шығару, қорытындылар, шығармашылық есептер және т. б.

Жобалар әдісі әрқашан бір жағынан әртүрлі әдістерді қолдануды, екінші жағынан ғылымның, техниканың, технологияның, шығармашылық салалардың әртүрлі салаларындағы білімдерді, дағдыларды біріктіруді көздейтін қандай да бір мәселені шешуді қамтиды. Жоба әдісі бойынша жұмыс қандай да бір мәселенің болуы мен іске асырылуын ғана емес, сонымен бірге оны ашу процесін де қамтиды.

Жобалық тапсырманы орындау: базалық білім мен дағдылар жүйесін қалыптастыру және оларды одан әрі толықтыру және дамыту; тұрақты мотивацияны дамытуға және жобада жұмыс істеуге қажетті жаңа білім алу қажеттілігін сезінуге мүмкіндік беру; оқушылардың танымдық іс-әрекетін белсендіру, әсіресе олар жобалық-компьютерлік зерттеулер жүргізген кезде; жобалық тапсырманы өз көзқарасына сәйкес жүзеге асыруға мүмкіндік беретін шығармашылық қабілеттерін дамыту; жаңа білім алуда бастамашылыққа және оларды қолдану аясын кеңейтуде тәуелсіздікке тәрбиелеу; оқушылардың өз білімдерін жасаушылар туралы хабардар болуы. Жоба әдісі әрдайым оқушылардың өзіндік іс-әрекетіне бағытталған-жеке, жұптық, топтық, оны оқушылар белгілі бір уақыт аралығында орындайды. Осы қызмет барысында біз АКТ құралдарын белсенді қолданамыз [2].

Бұл тәсіл топтық оқыту тәсілімен біркелкі үйлеседі. Жоба әдісін жүзеге асыру барысында оқушыларды оқытуда келесі қосымша артықшылықтар мен оқу іс-әрекетінің ерекшеліктері пайда болуы мүмкін: желілік серіктестермен топтардағы оқушылардың жұмысы; жалпы мәдени білімді игеру, телекоммуникациялық арналар арқылы алынған мультимедиялық ақпарат негізінде оқушылардың дүниетанымын қалыптастыру; АКТ-ның соңғы құралдарын пайдалану; оқушыларда коммуникативті жазбаша сөйлеуді дамыту.

Егер ол телекоммуникациялық жүйелермен жұмыс істеуге дайындалған болса, оқушы білім беру жобасына өз бетінше қосыла алады.

Жобалар әдісін жүзеге асыру кезінде барлық жобалық іс-шаралар оқушыға бағытталған және ол мектепте немесе үйде онымен қиылысатыны соншалықты маңызды емес. Оқу траекториясын таңдаудағы дербестік оқушыға ақпараттық және коммуникациялық технологиялармен жұмыстың жаңа, жоғары деңгейіне шығуға және оларды білім мен өзін-өзі дамыту құралы ретінде қарастыруға мүмкіндік береді, бұл оқушының әлеуметтік белсенділігінің көрінісіне ықпал етеді.

3). Ақпараттық ресурс әдісі.

Оқушылардың кітап, оқулық, анықтамалық, ғылыми-танымал және оқу әдебиеттерімен жұмысын оқытудың маңызды әдістерінің бірі деп санаймын. Қазіргі уақытта мен осы көздерге электронды басылымдар мен ресурстарды қосамын.

Білім беру электрондық басылымы (ББЭБ)-бұл тиісті ғылыми-практикалық білім саласы бойынша жүйеленген материалдан тұратын,

оқушылардың осы саладағы білімдерін, дағдыларын шығармашылық және белсенді меңгеруін қамтамасыз ететін электрондық басылым.

Білім беру электрондық басылымы орындаушылық пен көркемдік безендірудің жоғары деңгейімен, ақпараттың толықтығымен, әдістемелік құралдардың сапасымен, техникалық орындалу сапасымен, көрнекілігімен, қисындылығымен және дәйектілігімен ерекшеленуі тиіс. Бұл әдістің басты артықшылығы-білім алушыға оқу ақпаратын қол жетімді қарқынмен және ыңғайлы уақытта бірнеше рет өңдеу мүмкіндігі [3].

Оқу әдебиеттері мен мультимедиа құралдары барлық дидактикалық функцияларды сәтті орындайды: оқыту, дамыту, тәрбиелеу, ынталандыру, бақылау және түзету. Биология сабақтарында ақпараттық ресурстармен жұмыс істеудің екі түрі кең таралды: сабақта, мұғалімнің басшылығымен және білімді шоғырландыру және кеңейту мақсатында өзіндік жұмыс.

Тағы бір маңызды фактор-интернет желісінде жүзеге асырылатын заманауи гипермедиа технологиялары әртүрлі серверлерде орналасқан шашыраңқы мультимедиялық ақпаратты бір-бірімен байланыстыруға, оны құрылымдауға мүмкіндік береді, осылайша өлшемдері негізінен шектелмейтін тұтас ақпараттық ресурс жасайды.

Осылайша, ақпараттық ресурс әдісін қолданатын мұғалім ретіндегі менің міндетім-қажетті ресурстарды таңдау және ондағы оқушыларды бағдарлау.

Бұл әдістің бағдарламаланған оқытудың стандартты әдістерінен және әдебиеттермен жұмыс істеу әдісінен негізгі айырмашылықтары келесідей:

- ақпараттық ресурстар мен олардың арасындағы байланыстардың саны іс жүзінде шексіз болуы мүмкін;

- гипермәтін арқылы ақпарат беру жүйесі білім алушыға оқу материалының өзіндік траекториясын табуға, білімін өз қалауы мен мүмкіндіктері бойынша тереңдетуге және кеңейтуге мүмкіндік береді;

- интернет желісінде қолданылатын гипермедиа технологиялары қажет болған жағдайда оқу материалына иллюстрациялар, анимациялар, бейнероликтер енгізуге, ақпаратты айтуға мүмкіндік береді.

Біз ақпараттық ресурс әдісін қолданудың негізгі мақсаты-оқушыны өзіне қажетті және оның танымдық қажеттіліктерін қанағаттандыратын алуан түрлі ақпаратқа бағыттау арқылы теориялық білімді шоғырландыру және кеңейту деп санаймыз. Ақпараттық ресурс әдісін қолдану кезінде оқушының іс - әрекетін басқарамын-білімді бекіту және кеңейту мақсатында ақпараттық ресурстарды таңдауға және жүйелеуге көмектесеміз, сондай-ақ білім алушылардың білімін бақылауды жүзеге асырамыз. Бұл оқу-бақылау қызметін анықтайды [4].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Борис С.И., Хаппаков Н.К. Возможности использования электронных изданий на уроках биологии // Биология, 2021, № 6 – 7.

2. Гилева Г.Г. Медиаобразование и биология: первые шаги // Биология в школе, 2018, № 2. – С.36
3. Пасечник В.В. Компьютерная поддержка урока биологии // Биология в школе, 2012, № 2. – С.30
4. Тирас Х.П. Компьютерная биология в школе - вполне возможная реальность // Компьютерные учебные программы, 2019, № 3.

ӘОЖ 373.31

ЦИФРЛЫҚ ҚҰРАЛДАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ШАҒЫН КӨЛЕМДІ ЭПИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕМЕЛЕРІ

Д.М.АСЫМАКЫНОВА, магистрант
Ғылыми жетекші: ф.ғ.к.,
қауым. профессор Б.С.Бегманова,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада шағын эпикалық шығармаларды оқытуда цифрлық құралдарды қолданудың маңыздылығы талданады. Зерттеу нәтижелері заманауи технологиялардың оқушылардың ынтасын арттырып, шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін дамытуға ықпал ететінін көрсетеді. Цифрлық құралдар эпикалық шығармаларды түсінікті және тартымды жеткізуге мүмкіндік береді. Ұсыныстар мұғалімдердің цифрлық сауаттылығын арттыру мен инновациялық әдістерді енгізуге бағытталған.

Кілт сөздер: эпикалық шығармалар, цифрлық құралдар, оқыту әдістері, білім беру, шығармашылық қабілет.

Қазіргі уақытта білім беру саласына цифрлық технологиялардың әсері артып келеді. Мұғалімдер мен оқушылар үшін жаңа құралдар мен әдістер оқу процесін жеңілдетіп, оны қызықты әрі тартымды етеді. Әсіресе, цифрлық технологияларды қазақ әдебиетіндегі эпикалық шығармаларды оқытуда қолдану ерекше маңызға ие. Себебі бұл шығармалар тек әдеби мұра емес, сонымен бірге ұлттық құндылықтарды ұрпақтан ұрпаққа жеткізудің құралы болып табылады.

Эпикалық туындыларды қазіргі заманның инновациялық әдістері арқылы оқыту тек қана оқу сапасын жақсартуға емес, ұлттық рухани мұраны тиімді түрде насихаттауға мүмкіндік береді. Шағын көлемді эпикалық шығармаларды оқытуда кейбір дәстүрлі әдістердің шектеулері байқалады. Мәселен, оқушыларға мәтінді түсіну қиындық тудыруы мүмкін немесе олардың қызығушылығы төмен болуы мүмкін.

Осындай жағдайда цифрлық құралдар, мысалы ретінде интерактивті презентациялар, онлайн викториналар, интерактивті платформалар көмекке

келеді. Оқушылардың белсенділігін арттыру, олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және әдеби туындыны заманауи тұрғыдан түсіндіру үшін цифрлық құралдар маңызды рөл атқара алады. Бұған қоса, білім беру үрдісіне инновациялық технологияларды енгізу «білім алушылардың қызығушылығын ояту үшін мультимедианы қолдану» сынды ұсыныстарды іске асыруға мүмкіндік береді [1]. Соның негізінде, бұл зерттеу жұмысының басты мақсаты – шағын көлемді эпикалық шығармаларды оқытуда цифрлық құралдарды қолданудың тиімділігін талқылау. Себебі, қазіргі уақытта «клиптік ойлау» әсерінен оқушылар ауқымды әдеби туындыларды оқуы қиынға түсуде [2]. Ал, 5-6 сыныптың қазақ әдебиетінде қазақ мәдени құндылығының жарқын үлгілері «Қобыланды батыр», «Керкұла атты Кендебай», Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым – Қожа» және тағы басқа эпикалық шығармаларын толық оқуға деген әлеуетін бағалау күрделі. Сонымен қатар, бұл еңбектердің үзінділері мен қазақ әдебиеті 5 сынып оқулығының бағдарламасында қарастырылған Ыбырай Алтынсаринның «Қыпшақ Сейітқұл», «Атымтай Жомарт», Тынымбай Нұрмағамбетовтың «Анасын сағынан бала» әңгімелері секілді шағын эпикалық туындыларды балалардың қабылдауы жеңіл әрі тиімді болу үшін, цифрлық құралдардың қолданудың орындылығын бағалау қажет [3].

Әрі бүгінгі таңда мұғалімдер оқытуда заманауи әдістерді қолдануды көздейді, бірақ кейде қажетті ресурстардың немесе біліктіліктің жетіспеуі қиындық тудыруы мүмкін. Сондықтан, мақалада цифрлық құралдарды қолдану арқылы оқыту процесін жақсарту бойынша қолданбалы ұсыныстар беріледі. Бұл ұсыныстар оқушылардың оқу материалын жеңіл меңгеруіне және әдеби шығармалардың мәнін терең түсінуіне бағытталған. Ал, зерттеу әдісі ретінде әдебиетке шолу мен талдау таңдалды. Бұл тәсіл қолданбалы тәжірибесіз цифрлық әдістердің артықшылықтарын көрсетуге мүмкіндік береді. Зерттеу барысында білім беру саласындағы отандық және шетелдік жұмыстар қарастырылып, олардың нәтижелері талданды. Осылайша, шағын көлемді эпикалық шығармаларды оқытуда цифрлық құралдарды пайдаланудың мүмкіндіктері мен шектеулері айқындалды. Бұл жұмыс оқыту үдерісіне жаңа көзқарас ұсына отырып, мұғалімдерге цифрлық әдістерді тиімді пайдалану жолдарын көрсетуді мақсат етеді.

Зерттеу әдісі. Әдеби шолу әдісі зерттеудің маңызды компоненті ретінде қолданылады және ол қолданыстағы ғылыми жұмыстарды жүйелеу арқылы зерттеу бағытын айқындауға мүмкіндік береді. Бұл әдіс арқылы біз эпикалық шығармаларды оқытуда цифрлық құралдарды қолданудың тиімділігі мен шектеулерін терең түсінуге бағыт алдық. Қазақстандық және халықаралық зерттеулерге сүйене отырып, әдістер мен тәжірибелерді салыстырдық. Бұл әдісті негіздеу үшін біріншіден, әдеби шолудың шет елдік ғылыми зерттеулердегі орнын анықтап, оның әдістемелік құндылығын атап өткен. Әдеби шолу тек ақпарат жинаумен шектелмей, зерттеудің проблемалық бағыттарын жүйелеуге және жаңа ғылыми тұжырымдар жасауға ықпал ететіні көрсетілген. Біздің зерттеуде бұл әдіс цифрлық құралдардың оқыту

процесіне ықпалын жан-жақты түсінуге және олардың педагогикалық мәнін ашуға мүмкіндік берді [4]. Ал тағы бір ғалым әдеби шолудың жүйелі құрылымын сипаттап, оның негізгі қадамдарын ұсынған.

Зерттеу сұрақтарын нақты анықтау, әдебиеттерді мұқият тандау және оларды кешенді талдау сияқты элементтер сапалы әдеби шолудың негізгі талаптары болып табылады. Бұл тәсіл біздің зерттеуімізде "Абай жолы" эпосы сияқты шығармаларды оқытуда заманауи технологияларды қолдану әдістерін салыстыруға мүмкіндік берді [5]. Осылайша, әдеби шолу әдісі эпикалық шығармаларды оқытуда цифрлық құралдарды қолданудың тиімділігін және олардың оқу процесіндегі артықшылықтары мен шектеулерін анықтауға мүмкіндік берді. Ал, екіншіден, теориялық талдау әдісі зерттеудің пәнін терең түсінуге және оның практикалық аспектілерін сипаттауға арналған. Бұл әдіс цифрлық құралдардың білім беру процесіндегі мүмкіндіктерін зерттеуде қолданылды. Мысалы, бір ғалымдардың зерттеуінде ТРАСК моделі педагогикалық, мазмұндық және технологиялық білімді интеграциялау арқылы мұғалімдерге заманауи технологияларды тиімді қолданудың жолдарын ұсынады. Бұл модель цифрлық құралдардың оқытуға әсерін түсінуде мазмұндық және педагогикалық тәсілдердің үйлесімділігін ерекше атап көрсетеді [6]. Тағы бір ғалымдар тобы теориялық талдаудың әдіснамалық негіздерін сипаттай отырып, білім беру процесіндегі күрделі аспектілерді зерттеудің әдістерін ұсынады. Бұл әдіс арқылы біз цифрлық технологиялардың оқытудағы тиімділігін және олардың оқушылардың танымдық қабілеттеріне әсерін анықтадық [7]. Осылайша, теориялық талдау әдісі зерттеуіміздің тұжырымдамаларын негіздеп, цифрлық құралдарды қолданудың педагогикалық тиімділігі мен олардың оқушыларға ықпалын түсінуге мүмкіндік берді. Жалпы, әдеби шолу мен теориялық талдау әдістерінің үйлесімді қолданылуы зерттеудің сапасын арттырып, шағын эпикалық шығармаларды оқытуда цифрлық технологиялардың әлеуетін жан-жақты ашуға мүмкіндік берді. Әдеби шолу әдісі зерттеудің аясын кеңейтіп, теориялық талдау нәтижелері алынған мәліметтерді педагогикалық тәжірибеге бейімдеудің негізін қалады.

Нәтижелер мен талқылау. Зерттеу барысында цифрлық құралдарды қолданудың эпикалық шығармаларды оқытуда тиімді екені анықталды. Қазіргі заманғы технологиялар оқушылардың оқу материалын игеруін жеңілдетіп қана қоймай, олардың сабаққа деген ынтасын арттырып, аналитикалық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Цифрлық құралдар оқу процесін қызықты әрі интерактивті ете отырып, күрделі эпикалық шығармалардың мазмұнын оқушыларға түсінікті және қолжетімді етуге көмектеседі. Мысалы, Сербиялық ғалымның зерттеуінде электронды ми карталарының оқушылардың оқу мотивациясын арттырып, материалды тез меңгеруіне ықпал ететіні көрсетілген. Бұл құралдың оқушылардың ақпаратты құрылымдау, есте сақтау және шығармашылық тұрғыда қолдану дағдыларын дамытуда маңызды екені анықталды. Мысалы, эпикалық шығармалардың күрделі оқиғалар желісі мен терең философиялық

ойларын ми карталары арқылы бейнелеу оқушыларға түсінуге жеңілдік береді [8]. Оның зерттеуі эпикалық кейіпкерлердің өмірлік таңдаулары мен әрекеттерін талдау арқылы оқушыларды этикалық және моральдық мәселелерді түсінуге баулудың тиімділігін атап өтті.

Эпостардағы батырлық, адалдық, және жауапкершілік сияқты қасиеттер оқушыларға өмірлік маңызды құндылықтарды түсінуге көмектеседі. Ал, қазақстандық зерттеулерде Padlet, Kahoot, Quizlet сияқты платформаларды қолданудың тиімділігін атап өтті. Бұл құралдар оқушылардың топтық жұмысқа деген ынтасын арттырып, өзара қарым-қатынас жасау дағдыларын нығайтуға көмектеседі. Мәселен, Quizlet платформасы арқылы оқушылар әдеби терминдерді жаттап, шығармалардағы контексте қолдануды үйреніп, өз білімдерін нығайтады [9]. Тағы бір ғалымдар визуализацияның маңыздылығын зерттей отырып, мұғалімдердің цифрлық құралдарды қолдану арқылы эпикалық шығармалардың мазмұнын тиімді жеткізе алатынын көрсетті [10]. Мысалы, интерактивті презентациялар немесе бейнематериалдар оқушылардың назарын негізгі оқиғаларға аударып, шығарманы тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Ал, эпикалық шығармалардың ұлттық құндылықтарды үйретудегі рөліне келсек, эпикалық шығармалар оқушыларды ұлттық мәдениет пен тарихқа жақындатып, олардың бойында рухани құндылықтарды қалыптастыруға көмектеседі. Мысал ретінде, "Абай жолы" романының мазмұны арқылы оқушылардың ұлттық тарих пен мәдениетке деген құрметін арттырудың маңыздылығын көрсетеді. Бұл шығарманы оқыту барысында мұғалімдер тарихи және әлеуметтік контекстті тереңірек түсіндіріп, оқушылардың қазақ халқының бай мұрасын тануына мүмкіндік жасайды [9]. Ендігі кезекте, нәтижелерге сәйкес заманауи цифрлық құралдар оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, сабаққа деген қызығушылығын күшейтуге ықпал ететінін көр. Соған сәйкес, бірнеше цифрлық құралдың тиімділігін қарастырылды. Олар:

1. Kahoot: Бұл платформа викториналар мен тестілерді интерактивті форматта өткізуге мүмкіндік береді. Мысалы, "Абай жолы" эпосының кейіпкерлері мен оқиғалары бойынша Kahoot-та ұйымдастырылған викториналар оқушылардың тақырыпты жақсы меңгеруіне және сыни тұрғыда ойлауына мүмкіндік береді.
2. Padlet: Padlet платформасы оқушылардың идеяларын визуализациялап, топтық жұмыс жүргізуге жағдай жасайды. Мысалы, "Қазақ эпостарындағы ұлттық құндылықтар" тақырыбында оқушылар Padlet арқылы пікір алмасып, бірлескен жобалар әзірлей алады.
3. Quizlet: Әдеби терминдерді есте сақтау және оларды шығармашылық тұрғыда қолдану үшін өте қолайлы құрал. Мысалы, "эпикалық шығармалардың композициялық

ерекшеліктері" тақырыбында терминдер жинағын құрып, оқушылардың білімін тексеруге болады.

Ендігі кезекте, осы зерттеу нәтижелеріне сәйкес эпикалық шығармаларды оқыту үдерісін жетілдіру мақсатында бірнеше бағытта ұсыныстар жасалды. Олар оқыту тәжірибесінде цифрлық құралдардың әлеуетін арттыруға бағытталған және заманауи әдістемелерді енгізуге мүмкіндік береді.

Біріншісі, мұғалімдерге цифрлық құралдарды меңгеруге арналған тренингтер ұйымдастыру. Себебі, цифрлық құралдарды тиімді қолдану үшін мұғалімдерге арналған арнайы тренингтер ұйымдастыру қажеттілігі айқындалды. Бұл тренингтер барысында мұғалімдер цифрлық платформалардың мүмкіндіктерімен танысып, оларды сабақта қолданудың озық тәсілдерін игере алады. Бұл бойынша шет елдік зерттеуде ТРАСК моделі мұғалімдерге мазмұндық, педагогикалық және технологиялық білімді интеграциялау арқылы цифрлық құралдарды тиімді қолдану жолдарын ұсынады. Бұл модель цифрлық құралдарды сабақта қолдану барысында мазмұн мен педагогикалық әдістердің үйлесімділігін қамтамасыз етуге негізделген [11]. Ал, Сербия ғалымы зерттеуі мұғалімдердің заманауи технологияларды қолдану тәжірибесін дамыту арқылы оқушылардың танымдық және шығармашылық әлеуетін арттыруға болатынын көрсетті. Мұндай тренингтер мұғалімдерге цифрлық құралдарды оқыту үдерісін жаңғырту үшін тиімді пайдалануға мүмкіндік береді [8].

Екіншісі, әдістемелік нұсқаулықтар мен интернет ресурстарын көбейту. Себебі, мұғалімдердің кәсіби дамуын қолдау үшін әдістемелік нұсқаулықтар мен интернет ресурстарын кеңейту маңызды. Бұл ресурстар оқытудың тиімділігін арттырып қана қоймай, цифрлық құралдарды қолдану бойынша тәжірибе алмасу алаңын ұсынады. Американдық зерттеуде әдеби шолудың жаңа ғылыми тұжырымдарды жасауға ықпал ететінін көрсетеді. Бұл зерттеу әдістемелік нұсқаулықтар мен ресурстарды мұғалімдерге қолжетімді ету арқылы цифрлық құралдарды тиімді қолдануды қамтамасыз етуді ұсынады [4]. Сонымен қатар, бұл зерттеуде интернет ресурстарын пайдаланудың тиімді әдістерін сипаттап, мұғалімдерге арналған әдістемелік құралдарды әзірлеу қажеттілігін атап көрсетеді. Бұл тәсіл оқытудың заманауи әдістерін игеруде мұғалімдерге үлкен қолдау болады.

Үшіншісі, цифрлық платформаларды интерактивті оқыту үдерісіне бейімдеу оқушылардың оқу материалын игеруін жеңілдетіп, сабақтың қызықты өтуіне ықпал етеді. Мұғалімдерге интерактивті құралдарды сабақтарда қолдануға мүмкіндік беретін платформаларды дамыту ұсынылады. Атап өтілген, Kahoot платформасы арқылы интерактивті викториналар өткізу оқушылардың оқу материалын терең түсінуіне көмектеседі. Ал Padlet арқылы топтық жұмыстар ұйымдастыру шығармашылық ойлау мен өзара ынтымақтастықты нығайтады. Тағы бір зерттеу цифрлық құралдарды қолдану оқушылардың танымдық және әлеуметтік дағдыларын дамытуға оң әсер ететінін анықтады.

Төртіншісі, цифрлық сауаттылықты дамыту қажеттілігі. Себебі, цифрлық сауаттылықты арттыру білім беру жүйесінде маңызды орын алады. Мұғалімдер мен оқушылардың жаңа технологияларды меңгеруі олардың оқуға деген ынтасын арттырып, оқу материалын игеру тиімділігін жақсартады. Платформалардың тиімділігін атап өткенде оқушылардың цифрлық құралдарды меңгеру арқылы өздігінен білім алу дағдыларын дамытуға болатынын көрсетті. Мұндай тәжірибе болашақта оқушылардың түрлі мамандықтарда табысты болуына ықпал етеді. Жалпы, ұсынылған шаралар цифрлық құралдарды тиімді пайдалану арқылы оқыту үдерісін жаңғыртып, оқушылардың танымдық, шығармашылық және әлеуметтік дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Бұл ұсыныстардың жүзеге асырылуы білім беру сапасын арттыруда маңызды рөл атқарады.

Бұл зерттеу жұмысы шағын көлемді эпикалық шығармаларды оқытуда цифрлық құралдарды қолданудың маңыздылығын айқындап, олардың білім беру сапасын арттырудағы әлеуетін көрсетті. Эпикалық шығармаларды оқыту барысында цифрлық технологияларды қолдану оқушылардың оқу процесіне деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың танымдық белсенділігін, шығармашылық ойлау қабілеттерін және ұлттық құндылықтарды терең түсінуін дамытуға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері цифрлық құралдардың дәстүрлі әдістерге қарағанда бірқатар артықшылықтарын көрсетті. Атап айтқанда, интерактивті платформалар, мысалы, Kahoot, Padlet, және Quizlet, оқушылардың сабаққа белсенді қатысуын қамтамасыз етіп, материалды тез әрі тиімді меңгеруге көмектесті. Әсіресе, интерактивті викториналар мен визуализация құралдары оқушыларға күрделі эпикалық мәтіндердің мазмұнын түсінуін жеңілдетіп, олардың оқу процесіне деген ынтасын арттырды. Сонымен қатар, бұл платформалар топтық жұмысқа ынталандырып, оқушылардың қарым-қатынас жасау дағдыларын нығайтты.

Эпикалық шығармалардың ұлттық құндылықтарды үйретудегі маңызы ерекше атап өтілді. Бұл шығармаларды оқыту арқылы оқушылар ұлттық тарих пен мәдениеттің бай мұрасын түсінуге мүмкіндік алады. «Абай жолы» романының мысалында оқушылар ұлттық құндылықтарды, тарихи және әлеуметтік контекстерді тереңірек түсіне алатыны анықталды.

Эпикалық кейіпкерлердің өмірлік таңдаулары мен қасиеттері оқушыларды жауапкершілік, адалдық, әділдік сияқты құндылықтарды бағалауға үйретеді. Дегенмен, зерттеу барысында кейбір шектеулер анықталды. Мұғалімдердің цифрлық құралдарды қолдану дағдыларының жеткіліксіздігі және техникалық ресурстардың жетіспеушілігі оқу процесін оңтайландыруға кедергі келтіруі мүмкін. Сондықтан мұғалімдерге арнайы тренингтер ұйымдастыру, әдістемелік нұсқаулықтар мен интернет ресурстарды көбейту маңызды ұсыныстар ретінде қарастырылды. Қорыта келгенде, цифрлық құралдарды қолдану шағын көлемді эпикалық шығармаларды оқытуда инновациялық тәсілдер ұсынады және оқыту процесін тиімдірек етеді.

Бұл тәсілдер оқушылардың материалды игеруін жеңілдетіп қана қоймай, олардың ұлттық құндылықтарды түсінуіне ықпал етіп, шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін дамытады. Мұғалімдердің цифрлық технологияларды тиімді пайдалануына бағытталған қолдау шараларын енгізу бұл процесті одан әрі жетілдіруге мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері мен ұсыныстар білім беру жүйесінде цифрлық технологияларды қолданудың әлеуетін толыққанды жүзеге асыруға негіз болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Таласпаева Ж. С. и др. СӨЗ ЭТИКЕТІНІҢ ТІЛДІК ҚАТЫНАСТАҒЫ ҚЫЗМЕТІ //Bulletin of Shokan Ualikhanov Kokshetau University Philological Series. – 2022. – №. 2. – С. 35-42.
2. Купчинская М. А., Юдалевич Н. В. Клиповое мышление как феномен современного общества //Бизнес-образование в экономике знаний. – 2019. – №. 3 (14). – С. 66-71.
3. Молдабаева А. Б. и др. Шағын көлемді эикалық шығармалардың жаңартылған білім мазмұны шеңберінде жалпы білім беретін мектеп бағдарламасында оқылу деңгейі (5 сынып «Қазақ әдебиеті» оқулығы негізінде) //Евразийский Союз Ученых. – 2020. – №. 2-1 (71). – С. 38-41.
4. Snyder H. Literature review as a research methodology: An overview and guidelines //Journal of business research. – 2019. – Т. 104. – С. 333-339.
5. Okoli C. A guide to conducting a standalone systematic literature review //Communications of the Association for Information Systems. – 2015. – Т. 37.
6. Mishra P., Koehler M. J. Technological pedagogical content knowledge: A framework for teacher knowledge //Teachers college record. – 2006. – Т. 108. – №. 6. – С. 1017-1054.
7. Louis C., Keith M., Lawrence M. Research methods in education 5th edition. – New York, 2000.
8. Laketa S. Effects of the contemporary interpretation of epic poems on the attitudes of students towards computer mind maps //Open Access J Sci. – 2018. – Т. 2. – №. 3. – С. 169-172.
9. Kozykanovna M. M. Teaching M. Auezov's Epic Novel" The Way of Abai" at School //Cultural and Historical Heritage: Preservation, Presentation, Digitalization (KIN Journal). – 2023. – Т. 9. – №. 1. – С. 24-36.
10. SHUTIY M. V. METHODOICAL ASPECTS OF THE TEACHING OF AN EPIC WORK //Актуальні проблеми розвитку педагогічної освіти: інновації, виклики. – 2024. – С. 134.
11. Mishra P., Koehler M. J. Technological pedagogical content knowledge: A framework for teacher knowledge //Teachers college record. – 2006. – Т. 108. – №. 6. – С. 1017-1054.

ФИЗИКА ПӘНІ БОЙЫНША ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМУ

МАНАПОВА Хадижат Джалаловна,
№ 3 жалпы білім беретін мектептің мұғалімі,
педагог-зерттеуші,
Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада физика пәні бойынша функционалдық сауаттылықты дамыту зерделеніп, оқушылардың оқу құзіреттілігінің даму деңгейін, яғни оқушының мәтінді қаншалықты түсініп, одан қажетті ақпаратты ала алатынын бағалауы байыпталады. Физика сабақтарында ерекше дамытушы ортаны, яғни кілттік құзыреттіліктер мен функционалдық сауаттылықты, қалыптастыратын ортаны құрудың мәселесі қарастырылды. Орта мектепте оқушылардың функционалдық сауаттылығы туралы түсініктер талданған. Физика сабақтарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру қажеттілігі көрсетілген. Сондай-ақ автордың «Физика пәні бойынша функционалдық сауаттылықты дамыту» атты авторлық бағдарламасының бұл оқу құралы мұғалімдер мен студенттердің назарын PISA форматындағы тәжірибелік тапсырмалардың жаңа және қызықты түріне аудару, физика курсына алған білімдерін қолдануға көмектесу, логикалық ойлауын дамыту екендігі айтылады.

Кілт сөздер: физика пәні, білім беру, физиканы оқыту әдістемесі, кілттік құзыреттілік, қалыптастыру мен дамыту, функционалдық сауаттылық, пәнаралық байланыс, оқушылардың оқу құзіреттілігі, зерттеу құзіреттілігі

Функционалдық сауаттылық дегеніміз – адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесуі, адамның мамандығын әрдайым жетілдіріп отыруы, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық фактор. Функционалдық сауаттылық-оқушылардың мектепте алған білімдерін өмірде тиімді қолдануына үйрету.

Қазіргі кезде физика пәнін оқытуда оқушылардың функционалдық ойлау қабілеті мен шығармашылық тұрғыдағы жұмысын дамытуда өз бетімен жұмыс жасаулары және логикалық тапсырмаларды орындаудың маңызы зор. Бұл тапсырмаларды қалай ұйымдастыру керек, тарау бойынша тақырыпқа сай етіп деңгейлеп, саралап таңдай білу ол мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Бүгінгі таңдағы алда тұрған басты міндет – оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығы ең алдымен үйден, отбасынан басталады. Өйткені, ата-аналардың балаларды оқытуы және тәрбиелеуі ұлттық жоспарда функционалдық сауаттылықтың негізгі тетіктерінің бірі болып көрсетілген.

Функционалдык сауаттылык дегеніміз – адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге араласуы. Тіпті «экономика» деген сөздің өзін сөзбе сөз аударсақ «үй шаруашылығы» дегенді білдіреді. Сондықтан да, отбасындағы экономиканы мемлекеттік экономиканың құрамдас бөлігі ретінде қарауға тура келеді.

Оқушылардың функционалдык сауаттылығы екіншіден, мектептен басталады. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі – мұғалім. Оқушының бойына білім нәрін дарытуға көмек беретін функционалдык сауаттылык мұғалім бойында да болуы тиіс. Мұғалім сабақты түрлендіріп, өмірмен байланыстырып өтуінде, пәндік білімдеріне, ептіліктеріне және сауаттылығына сүйене отырып, оқу пәндері арқылы, оқушылардың функционалдык сауаттылығын қалыптастыру негізінде жүзеге асады.

Функционалдык сауаттылықтың негізгі міндеті – мұғалім баланы оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін, шығармашылық тұрғыда ойлауын қалыптастырып және де баланың өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру.

Физика ғылымының ілгерілеген алғы шебін былай қойғанда, тіпті оның күнбе-күнгі тұрмыста жан-жақты орын тебе бастаған салаларын функционалдык сауаттылығы бар оқушылар еркін бойлап алуы керек.

Заманауи қарқынды дамып келе жатқан қоғамда «сауаттылык» түсінігінің мазмұны анағұрлым кеңейді. Адамның оқу, жазу және арифметикалық есептерді шығару қабілетін сипаттайтын сауаттылықтың дәстүрлі түсіндірілуімен қатар, «функционалды сауаттылык» түсінігі белсенді пайдалана бастады. Функционалды сауаттылык — алған білімді өмірлік міндеттерді шешу үшін қолдана алу қабілеті. Анағұрлым кең мағынадағы функционалды сауаттылык білімнің (бірінші кезекте жалпының) көпжақты адами әрекеттілікпен байланысын ықпалдастыратын, тұлғаның әлеуметтік бағыттылығының тәсілін білдіреді. Үкімет Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен оқушылардың функционалдык сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012–2016 жж. арналған Ұлттық іс-қимыл жоспары іске асырылуда [1].

«Білім» және «түсіну» деңгейлерінде оқыту үстірт оқуға әкелгендіктен, онда оқушылардың функционалдык сауаттылығын қалыптастыру үшін мұғалімдер жоғары деңгейдегі ойлауды талап ететін тапсырмалар ұсынуы керек. Бұл тапсырмалар «қолдану», «талдау», «синтез» және «бағалау» деңгейлерінде болуы тиіс. Функционалдык сауаттылык пен кілттік құзыреттіліктерді дамытудың есебі оқушы дамуының жеке траекториясын бақылауын, мерзімді түзету жұмыстарын жүргізуін және оқу жетістіктерін әділ бағалауын талап етеді [2]. Білім беруді жаңарту оқушы білімін ғана емес, оларды қолдану дағдыларын, атап айтқанда, функционалдык сауаттылығын қалыптастырады. Оқушылардың бойында өзіндік білім алу, талдау, құрастыру, қоғамдық өмірде өзін-өзі жан-жақты таныту үшін, білімін пайдалана білу дағдыларын қалыптастырады және қоғамға пайда келтіреді. Функционалдык сауаттылык – мектепте алған білімдерін, іскерлік

дағдыларын, адами іс-әрекеттердің әр түрлі салаларында, сондай-ақ тұлғааралық қарым-қатынастарды өмірлік міндеттерін шешу үшін пайдалану, әрекет ету. Мақсатқа жету оқушының өзі арқылы іске асады. Мұғалім – бағыт беруші, ұйымдастырушы [3]. Функционалды сауаттылыққа ие болудың жағымды жақтары көп, оның ішінде оқушылар әлемнің өзгерістеріне жедел әрі оңай бейімделеді. Олай болса, олар заманға сай дамып, әр саланың білікті де білімді мамандары бола алады. Ғылым әлемінде «функционалды сауаттылық» ұғымының көптеген анықтамалары бар. Функционалды сауаттылық жеке тұлғаның әлеуметтік бағдары, білім саласын адамның көпбағдарлы қызметімен байланыстырушы құрал ретінде бола алады. Функционалды сауаттылық (functional literacy — ағылшын сөзі) – білім алу, мәдениет жетістіктерін игеру, кәсіби міндеттерді дұрыс атқару, жеке тұлғаның өмірінде қолданылатын, оның келешек дамуына қажетті білім алудың нәтижесі [4].

Осы орайда жазған «Физика пәні бойынша функционалдық сауаттылықты дамыту» атты авторлық бағдарламам оқу жоспарына негізделген типтік бағдарламамен сабақтастықты ескере отырып құрастырылған. Автордың жұмысы пәнге деген қызығушылықты, зерттеушілік қабілетін, білім беру стандартының пәндік тақырыптарының мазмұнын, оқу сағаттарын курс бөлімдері арасында бөлуді, сондай-ақ пәнаралық байланыстарды ескере отырып, ұсынылған пәндер мен пәндік бөлімдерді зерделеу тәртібін негізге ала отырып, дамытуға және қалыптастыруға бағытталған.

«Функционалдық сауаттылық» ұғымы қазіргі уақытта мүлдем жаңа болып табылады және XX ғасырдың соңғы үштен бірінде ЮНЕСКО құжаттарында пайда болды және кейінірек халықаралық білім беру тәжірибесінде бұрын қолданылған «сауаттылық» ұғымынан айырмашылығы, қоғамның индустриалды дәуірден постиндустриалды кезеңге өтуімен байланысты біздің заманымыздың жаһандық сын-қатерлеріне жауап ретінде зерттеушілер арасында қолданыла бастады.

Қазіргі уақытта функционалдық сауаттылық кең мағынада қарастырылады: компьютерлік сауаттылықты, саяси және экономикалық сауаттылықты қамту. Бұл тұрғыда функционалдық сауаттылық білім берудің (ең алдымен жалпы) жалпы адам қызметінің көп қырлы қызметімен байланысын біріктіретін жеке тұлғаның әлеуметтік бағдарлану тәсілі ретінде әрекет етеді.

«Физика пәні бойынша функционалдық сауаттылықты дамыту» атты авторлық бағдарламамның мақсаты мұғалімдер мен студенттердің назарын PISA форматындағы тәжірибелік тапсырмалардың жаңа және қызықты түріне аудару, физика курсына алған білімдерін қолдануға көмектесу, логикалық ойлауын дамыту болып табылады. Осы бағдарламаны жазу барысында оқушылардың оқу құзіреттілігінің даму деңгейін, яғни оқушының мәтінді қаншалықты түсініп, одан қажетті ақпаратты ала алатынын бағалау; пәндік білім мен дағды деңгейін бағалау; жалпы білім

беру дағдыларының даму деңгейін бағалау; қазіргі әлемде сәтті бейімделу үшін қажетті білімді өз бетінше алу және қызмет әдістерін таңдау қабілетін бағалау, т.б. әдеттен тыс жағдайларда тиімді әрекет ету; зерттеу құзіреттілігін дамыту арқылы танымдық қызығушылықты қалыптастыру; оқушылардың білімін тереңдету және тапсырмаларды орындаудың негізгі алгоритмін меңгеру; деректерді талдау, түсіндіру және тиісті қорытынды жасау; жаратылыстану зерттеулерінің негізгі ерекшеліктерін түсіну сияқты міндеттер қойылды.

Тапсырмаларды шешу арқылы алынған дағдылар студенттерге жаратылыстану әдістерін қолдану арқылы шешуге болатын мәселені көруге және қоршаған әлемді және оған адам әрекеті әкелетін өзгерістерді түсінуге қажетті қорытындыларды алуға үйренуге мүмкіндік береді.

Әдістемелік құралды қолданудың ыңғайлылығы үшін бастауыш мектеп физика курсының бағдарламасына сәйкес тапсырмалар жүйеленген, барлық тапсырмаларға жауаптар берілген.

Жазылып шыққан «Физика пәні бойынша функционалдық сауаттылықты дамыту» атты авторлық бағдарламадан

- оқушылардың оқу құзіреттілігінің даму деңгейін, яғни оқушының мәтінді түсіну және одан қажетті ақпаратты алу дәрежесін арттыру;
- пәндік білім мен дағдының шекарасы кеңейтілді;
- шоғырландырылған жалпы білім беру дағдылары;
- заманауи әлемде сәтті бейімделу үшін қажетті білімді өз бетінше алу және қызмет әдістерін таңдау дағдыларын бекітті, т.б. әдеттен тыс жағдайларда тиімді әрекет ету;
- зерттеушілік құзыреттілігін дамыту арқылы танымдық қызығушылық қалыптасты
- тапсырмаларды орындау кезінде негізгі алгоритмді меңгеруде оқушылардың білімін тереңдету
- мәліметтерді талдап, түсіндіре алады және тиісті қорытынды жасай алады
- жаратылыстану зерттеулерінің негізгі ерекшеліктерін түсіну сияқты нәтижелерді күтуге болады.

Аталған «Физика пәні бойынша функционалдық сауаттылықты дамыту» атты авторлық бағдарлама қадеге жарап жатса, мақсатқа жеткеніміз деп білем. Оқушыларға функционалдық сауаттылықты анықтап жеткізіп жатса, нұр үстіне нұр.

Функционалдық сауаттылықтың қалыптасуының негізгі сипаттамасы оқушылармен кілттік құзыреттіліктер жүйесін меңгеруі болып табылатындығы бәріне мәлім. Кілттік құзыреттіліктер жүйесі оқушыларға игерілген білімді практикалық жағдайда тиімді және әлеуметтік бейімделу процесінде табысты қолдануға мүмкіндік беретіндігіне көз жеткіздік.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы, 2013. – 66 б.
2. Функционалдық сауаттылық және ақпараттық технология – рухани жаңғыру тетігі - [Электронный ресурс] / Режим доступа: <https://bilim-all.kz/jospar/4044-Funktsionaldyq-sauattylyq-zhane-aqparattyq-tehnologiya-%E2%80%94-ruhani-zhangyru-tetigi>
3. Физика сабағында функционалды ғылыми-жаратылыстану сауаттылықтарын қалыптастыру арқылы оқушылардың ой-өрісін дамыту [Электронный ресурс] / Режим доступа: <http://www.zkoipk.kz/qz/2015confpisa3/1713-3.html>
4. Жүсіпқалиева Ғ.Х. Мектепте физика курсын оқытудың теориясы мен әдістемесі: оқу құралы. / Ғ.Х. Жүсіпқалиева, А.А. Джумашева, Б.С. Құбаева. – Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ редакциялық баспа орталығы, 2012.-195 б.

ӘОЖ 378.147:811.512

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУЫН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

М.Қ.ХАМАР,

Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан
педагогикалық университетінің студенті.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Сауытбаева И.Д.

Аңдатпа. Авторлар мақаласында бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлауын дамыту жолдарын қарастырады, «логика», «логикалық ойлау» ұғымының мәнін ашып, оны зерттеуші шетелдік және отандық ғалымдар еңбектеріне тоқталады. Математиканы оқытуда бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлауын дамытуға арналған оқытудың тиімді әдістемесін ұсыну, логикалық ойлауын дамытуға бағытталған тапсырмалар жүйесін құрастыруды мақсат етеді.

кілт сөздер: ойлау, логикалық ойлау, логикалық ойлау тапсырмалары, математикадағы логикалық тапсырмалар

Қазіргі білім философиясында ХХІ ғасыр сан-қилы қайшылықтарға толы заманда балаларды оқыту мен тәрбиелеуде жаңа міндеттер көзделіп отыр.

«Қазақстан-2050» стратегиясында «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз алдымен сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек», -деп білім саласына үлкен үміт пен міндет жүктелгенін білеміз[1]. Яғни, бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру бастауыш сыныптан

басталады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Халық бірлігі және жүйелі реформалар-ел игілігінің берік іргетасы» атты Қазақстан халқына жолдауында еліміздің алдында тұрған басты міндеттің бірі-білімді, ақылды, парасатты, мәдениетті, өрісі кең ұрпақты тәрбиелеу екендігіне ерекше тоқталды [2].

Жоғарыда аталған міндеттерді шешуде ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы[3], Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы [4], нормативтік құжаттары құрайды.

«Ойлау», «логикалық ойлауға» түсінік бере отырып оны оқыту барысында тиімділігін қарастырған ғалымдар: К.А. Рупасов, Н.Н. Никитин[5], Ж.Икрамов, А.И. Фетисов[6], Д.Рахымбек[7], В.В. Репьев формальді логикалық элементтерді енгізу жағын қолдаушылары болды. И.Л. Никольская, И.Б. Юдина, М.П. Маланюк, А.Д. Семучин, А.А. Столяр, М.Е.Драпкина осы логика элементтерін оқытуды ұсынған.

Оқытуда оқушылардың логикалық ойлауын дамытуда тапсырмалар ұсынудың мақсаты, мазмұны, принциптері, психологиялық-педагогикалық негіздері жөнінде: И.Я. Лернер, Р.Г. Лемберг, Д.В. Вилькеев, Ж.Икрамов және отандық ғалымдар: Д.Рахымбек, А.Жапбаров, Ш.Онтугановалардың [8] еңбектерінде зерттелген.

Күнделікті өмірде, тұрмыс жағдайында тәрбиенің сан саласы мен күрделі мәселелерді шешуге бастайтын білім мен тәрбиенің бастауы-бастауыш мектеп болып табылады. Оқушыларының білім, білік, дағдыларының қалыптасуы да осы бастауыш сыныптан басталады. Бастауыш сыныптардағы негігі міндет-оқушының жеке тұлға ретінде дамуы мен қалыптасуын қамтамасыз ете отырып білім алуға деген сенімділіктерін арттырып, іскерліктері мен дүниетанымдарын қалыптастыру, ынталарын арттыру болып табылады.

Тақырыпты зерттей келе психологиялық-педагогикалық еңбектердегі ойлау мен логикалық ойлауға тоқталып өттік. Ғылым мен техниканың дамыған кезінде бұл қоғам-қабілетті және дарынды адамдарды қажет етеді. Жаңа нәрсені ашу қажеттілігі білім алуға қызығушылық пен мұқтаждығынан туады. Адам ойлауы дұрыс дамығанда ғана айналадағы заттардың байланысын, тәуелділігін, олардың дамуы мен шығу тегін ажыратады. Яғни, оқу барысында логикалық тапсырмаларды дұрыс, көптеп пайдалану сапалы оқытудың маңызды бір бөлігі болып табылады. «Ойлау»- тұлғаның танымын жүзеге асыратын психикалық компонент болып табылады. Мысалы, Мағжан Жұмабаев ойлау дегенді: «...Ойлау адам өмірінде аса қымбат орын алады. Ойлау болмаса адам басқа жануар сықылды, заттарды, көріністерді, құр жадына, есіне ғана алып, жат бір көрініс ұшыраса, оны шеше алмайтын, оған түсіне алмайтын, бір жан иесі ғана болар еді. Адам ойлаудың арқасында ғана заңдарды, көріністердің араларындағы байламды белгілеп, оларды бар қылған сәбептерді табады. Келешекте оларға не болатынын ойлап шығарады. Келешекті болжай алады, қысқасы, ойлай білетін адам-шын мағынасымен

адам». Сондықтан Мағжан Жұмабаев «Ойлауды өркендету жолдары» туралы айтып, ойлау бұл- жанның қиын да, терең ісі деп қарайды. «Жас балаға ойлау тым ауыр. Сондықтан мұғалім баланың ойлауын қалыптастырғанда өте сақ болу керек»[9].

Қазақстанда математикалық логика дамуына А.Д. Тайманов академик зор үлесін қосты. А.Д. Тайманов ойлаудың формалары: пікір, ұғым, ой-қорытындысын зерттеп, түрлерін, мәнін, арақатынастарын, ережелерін, олармен орындалатын операциялардың тәртібін ашып, түпкілікті ойлау заңдарын саралады. Математика логика саласы дәстүрлі логиканың тарихи сабақтасы болып саналады. Мұнда дәстүрлі логикада берілген мәселелерді шешуде символдар тілі, логикалық есептеулер мен математикалық әдістер қолданылады. Қазіргі таңда логика жан-жақты тармақталған ғылымға айналды [10].



Сурет 3. Логиканың жан-жақты таралу жолы.

Бастауыш сынып оқушыларына логикалық ойлауларын дамытудың бір көзі-түсіндіру, итермелеу болып табылады. Оқушылар мұндай тапсырмаларды орындауда мұғалім дұрыс бағыт-бағдар беріп басқарып, қадағалап отыру тиіс. Дұрыс бағыт-бағдар берілгенде ғана логикалық ойлауды дамытудың құралына айналады.

Біз мақаламызда математика пәні бойынша логикалық ойлауды дамытуға арналған тапсырмаларды оқушыларға ұсындық.

Оқушылардың логикалық ойлауларын дамытуға А.З. Зактың әдістемесін ұсынамыз. Бұл әдістеменің мақсаты 4-сынып оқушыларының логикалық ойлауларының деңгейлерін анықтап, оларды дамытуды көздейді. Осы әдістемелерді орындау барысында оқушылардың абстракциялық ойлауы, шешімі қиындық туғызған тапсырмаларды қабылдауы, логикалық дұрыс ойлай басталғаны зерттелінеді.

А.З. Зактың әдістемесі.

Мақсаты: Бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлауын дамыту үшін олардың деңгейін анықтай отырып дамыту. Тапсырма берілмес бұрын оқушыларға толық түсіндіріледі.

Барлық оқушыларға бірдей 22 тапсырма таратылып беріледі. Есептер қиындықтарына қарай 3 топқа бөлінген.

1-18 тапсырмаларда 1 сұраққа жауап жазады;

19-20 тапсырмаларда 2 сұраққа жауап жазады;

21-22 тапсырмаларда 3 сұраққа жауап жазады.

Тапсырмалардың бірнешеуін ұсынатын болсақ:

Мысық итке қарағанда жеңіл. Піл итке қарағанда ауыр. Бәрінен ең жеңілі қайсы?

а) Мысық

- б) Ит
в) Піл



Жәшіктен 3 балапанды алып, оған 3 қоянды салды. Аяқтар саны қалай өзгерді?

Жауабы: алтыға артты



6. Балнұр 8 жаста. Инабат Балнұрдан кіші. Инабат неше жаста?

Жауабы: Инабаттың жасы Балнұрдан кем. Кіші деген сөз «кем» деген сөзді білдіреді. Сұраққа 8-ден кем сандарды айтуға болады. 1,2,3,4,5,6,7. Инабат 1,2, 3 жаста9 жаста болуы мүмкін.

Анасы қызына 3 кг, 5 кг, 8 кг кір тасты берді. Осы кір тастар арқылы 10, 16, 11, 6 кг ұнды өлшеп алуға болады?

✚ Берілген кір тастар арқылы 11 кг ұнмен таразыны теңестіру керек.

Проблемалық сұрақтар:

✚ Сізде 10 банан бар. 5 балаға теңдей бөлгенде қанша бананнан келеді?



✚ Саматта 8 доп бар еді. Ол достарына теңдей бөліп бергенде, әр балада қанша доптан келеді?



✚ Айжанның 100 тенгесі бар еді. Ол оған бір ойыншық сатып алды. Айжанда қанша ақша қалды?

✚ Болатта 5 кітап бар еді. Ол тағы 7-еуін сатып алды. Қанша кітап болды?



✚ Сенде 8 кітап бар еді. Олардың төртеуін оқыған соң қанша қанша оқылмаған кітап қалады?



✚ Сенде 15 шоколад бар еді. Олардың он төртін достарыңа бергенде қанша шоколад қалады?



Егер бүгін жұма болса, ертең қай күн? Сіз ертең демаласыз ба?



Егер бүгін жексенбі болса, аптаның соңғы күні қашан?



Айдын әкесі 27 жасқа келгенде 3 жаста еді. Қазір Айдынның жасы әкесінің жасынан 3 есеге кем. Айдын мен әкесі қанша жаста? Жауабы: Айдын 12-де, әкесі 36 жаста.



Марғаулар мен тауық балапандарында 7 бас пен 20 аяқтары бар. Қанша марғау мен балапан бар? Жауабы: 3 марғау мен 4 балапан.



Суретте қанша үшбұрыш берілген? Жауабы: 35 үшбұрыш



✚ Суреттегі бос орынға санды қой. Қандай тәртіппен орналасқанын түсіндір.

✚ Айша, Инабат, Айым үшеуі саябаққа барады. Айша Инабаттан 2 жасқа үлкен. Айым Айшадан 3 жасқа кіші. Егерде Айша 10 жаста болса, онда Айым қаншада болады?



✚ Сыныпта 30 оқушы бар. Олардың 15-і қазақ тілінен, 12-сі математикадан сабақ алса, онда тек математика пәнінен сабақ оқитын оқушы қанша?



✚ Сенде 100 тенге бар. Сатып алғың келген ойыншық 250 тенге тұрады. Саған қанша тенге ақша жетпейді?

Айдос ертегі кітап оқығысы келді. Ертегі 150 беттен тұрады. Егерде күніне 15 беттен оқитын болғанда, Айдос ертегіні қанша күнде оқып шығады?



✚ 25 адам автобуска мінді. Автобуста 40 орындық бар. Автобус толу үшін қанша адам керек?



✚ Егер бүгін дүйсенбі болса жексенбі күнге қанша күн керек?



✚ Үйде мысықтардың аяқтарының саны 24. Үйде қанша мысық бар?



✚ Дүкенде 15 шоколад сатылғаннан соң 50 шоколад қалды. Дүкенде қанша шоколад болған?



✚ Алма ағашының 5 бұтағында 3 алмадан өсіп тұр. Ағашта қанша алма бар?



✚ Егер көгершін күніне 3 рет ұшқанда 10 метрге жоғары көтерілетін болса, онда көгершін күніне қанша метр биіктікке ұшады?



✚ Бақшада 4 түрлі өсімдік өсіп тұр: шөп, гүл, ағаш, кактус. Егер шөп 2 күнде, гүл 3 күнде, ағаш 14 күнде, кактус 7 күнде өсетін болса, онда қай өсімдік тез өседі?



✚ Бөлме аквариумында 10 балық бар. Олардың 3-еуін сатып жібергенде жаңадан тағы 5 балық алып келді. Аквариумда қанша балық бар?



✚ Саябақта 50 ағаш бар. Әр ағаштың жанында 4 орындықтан қойса, саябақта қанша орындық бар?



✚ Егер тауық 2 күнде 1 рет жұмыртқаласа, 10 күнде ол қанша жұмыртқа береді?



✚ Бір итте 4 аяқ болғанда, 6 итте қанша аяқ бар?



Егер бүгін жұма болса, 4 күннен соң қай күн болады?

Пингвин, ит, мысық, құс- қайсылары ұша алады?



Суретте екі мысық, үш үйрек, бес күшік тұр. Олардың қайсысы жануар?



Әкесі мен балалары серуенге шықты. Олар 2 доңғалақты және 3 доңғалақты велосипедтер тепті. Олардың үшеуінің доңғалақтары 7-еу. Үшдоңғалақты велосипедтер нешеу? Әкесінің қанша баласы бар?

Шешуі: 2 доңғалақты велосипедте-2, 3 доңғалақты велосипедте-3 доңғалақ бар. Барлығында жеті доңғалақ. Бірінші 7 санын шығарып алу үшін, 3 пен 2 санын таңдау –іріктеумен есептеп көреміз $2+2+3=7$.

Жауабын төмендегі сызба арқылы көрсетейік.



2 доңғалақтыдан -2, 3 доңғалақтыдан-3 велосипед. Бұдан қорытынды 3 велосипед бар. Екі баласы мен әкесі үш адам бар.



Балжан шәйнектердің жартысын жуып, жартысын жумады. Барлығы 10 шәйнек. Балжан қанша шәйнек жуды?



$10:2=5$. 10-ның жартысы 5. Жауабы: 5 шәйнек жуды.

Қорытындылай келе логикалық ойлауды математика пәні бойынша орындау оқушылардың логикалық дағдыларды дамытып ғана қоймастан, оқушы бойында логикалық ойлауларының тереңдеуіне үлкен әсері бар екендігін байқадық. Логикалық ойлауларын дамытуға арналған тапсырмаларды сыныптан тыс жұмыстарда да жалғастыру оқушылардың логикалық ойлауларының жүйелі түрде дамуына пайдасы зор. Логикалық тапсырмалар оқушылардың логикалық ойлауларын дамытып, жағашыл идеяларға көңіл көкжиегін ашу болып табылады. Сонда ғана оқушылар логикалық ойлау дағдыларын игеріп, оны өмірде қолдана алады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Қазақстан - 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы //Ақиқат. – 2013.–№1. 5-27 б.

2 Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арналған Жолдауы «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі»//II сессия VII сайланым Қазақстан Республикасы парламенті сенаты қызметінің қорытындылары.–2021.4–27 б.

3 «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 Қаулысы.<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988>., 15.04.2020.

4 «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы (ҚР 14.07.2022ж. №141-VII сәйкес өзгертулер мен толықтырулар енгізілген).

5 Никитин Н.Н. Проблема субординация логических форм. -Алма-Ата: Наука, 1968. - 214 с.

6 Фетисов А.И. Логические упражнения по элементарной математике. – Минск., 1965. – 205 с.

7 Рахымбек Д. Оқушылардың логика-методологиялық білімдерін жетілдіру. – Алматы: РБК, 1998. – 255 б.

8 Онтуганова Ш.Ш., Жапбаров А. Бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлау дағдыларын қалыптастыру//Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы. – Алматы, 2021. –№2(86). –31 б.

9 Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы, 1992. – 160 б.

10 Тайманов А.Д. Логика және оны қазақ тілін оқытуда қолдану. – Ақтөбе, 2004. – 60б.

ӨОЖ 378.147:811.512

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СЫНИ ОЙЛАУЫН ДАМУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Г.К.УРИСТЕНБЕКОВА,
п.ғ.к.,Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ,
Шымкент қаласы, Қазақстан

Аңдатпа. Автор мақаласында «Сыни ойлау» ұғымының жалпы мағынасын ашып, отандық, шетелдік зерттеуші-ғалымдардың еңбектеріне талдау жасайды. Сонымен қатар, бастауыш сынып оқушыларының сыни ойлауын дамытудың ерекшеліктеріне тоқталады.

Кілт сөздер: ойлау, түйсік, қабылдау, салыстыру, жинақтау, қорытындылау

Білім беру жүйесінде сыни тұрғыдан ойлау қабілеті дамыған, ақпаратты өздігімен талдай алатын, креативті тұрғыда жаңа идеяларды ұсына алатын, инновациялық іс-әрекетке бейім, тілдік дағдылары дамыған, цифрлық құзыреті мен зерттеушілік дағдылары қалыптасқан оқушы тұлғасын дамыту басты міндеттердің бірі болып табылады. Бұл міндеттерді жүзеге асыруда ҚР жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдасының 2-ші параграфында ғылымның зияткерлік әлеуетін нығайту мәселесі қарастырылады[1]. Олай болса, сыни ойлауды

дамытуда арнайы құзыреттер мен дағдыларды қалыптастырудың қажеттілігі туындайды. Ендеше, білім алушының сыни ойлау дағдыларын қалыптастырудың маңызы зор деп білеміз.

Осы орайда, бастауыш білім берудің жалпы міндетті білім беру стандартында оқушының білім кеңістігінде еркін дамуына мүмкіндік беретін дағдылардың бірі - сыни ойлау дағдылары деп қарастырылған[2]. Ендеше, білім беру процесінде саналы шешім қабылдауға, өз алдына ізденісті ұйымдастыруға, мәселені талдауға, өз пікірін дәлелдей алуға мүмкіндік беретін жағдаяттарды құру қажеттілігі туындайды. Бұл бағыттағы жұмыстарды бір-бірімен ұштастыра ұйымдастыру арқылы жоғары нәтижеге жетуге болады. Себебі, қазіргі білім беру жүйесінде сыни тұрғыдан ойлай алатын оқушыны тәрбиелеу өзекті әрі күрделі процесс болып табылады.

Сыни ойлау ұғымы гректің «сын» сөзі оқшаулану, бөліну деген мағынаны білдіреді. Сын ұғымына барлық ақыл-ой әрекеттері кіреді.

«Сыни ойлау» ұғымының жалпы бірнеше мағынасы бар. Бұл ұғымдар ойлаудың даму кезеңдері мен талдау қабілетін, шындыққа деген көзқарасты білдіреді. Деме, оқушылардың ақыл-ойын ынталандыру үшін қолданылатын әдістері мен құралдарына байланысты іске асады.

Сыни ойлау ұғымы «бағалау», «өзін-өзі сыни бағалау», «сыни көзқарас білдіру», «дәлелдеу» және т.с.с. ұғымдармен тығыз байланыста.

Сыни ойлауды дамытуда қолданылатын барлық әдіс-тәсілдер оқушының өзін-өзі дамуына, тұлға ретінде қалыптасуына, дүниетанымын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Сыни ойлауды Джуди Браус пен Дэвид Вуд рефлексивті ойлау деп қарастырады. Сыни ойлау өз позициясын білдіруде, өз көзқарасын білдіруде, жаңа идеяларды ұсынуда, мәселені шешуде көрініс табады.

Сыни ойлауды дамытуда білімге деген қызығушылықты танытпай дамыту мүмкін емес деген мәселені қозғаған С.Темпле мен С.Мередикт болды. Олардың пайымдауынша, өзіне сұрақ қою, өз білімді дамыту, оларға жауап беру сыни ойлауды дамытуға мүмкіндік береді. Сыни ойлау кезінде белгілі бір мәселеге күмәнмен қарау, өзінің позитивті тұрғыда көзқарасын білдіру және т.б. әрекеттерді орындайды.

Сыни ойлау қабылдау, түйсік процестерімен тығыз байланыста дамып, ойлаудың жоғары деңгейімен ерекшеленеді.

Олай болса, сыни ойлауды дамытда Жан Пиаже 14-16 жасқа қарай сыни ойлаудың ең үлкен даму процесі жүріп жататынын айта кетті. Бірақ осыған қарамастан ойлау барлық адамда бірдей дамымады, олар интеллектуалды тапсырмаларды орындауда қиындыққа тап болады.

Д.Халперннің зерттеуінде сыни ойлау сыни ойлаудың әдістері арқылы дамытудың жолдарын ұсынады [3]. Бұл технологияның басты ерекшелігі - қалай үйрету керек деген мәселені қозғайды. Демек, алған білімді кмірде, тәжірибеде қолдануға бағытталады.

Сыни ойлауды тек кітап оқып дамытпаймыз, оған арнайы міндеттер қоямыз. Әр сабақта сыни ойлауды дамытатын жағдаяттар ұйымдастыру

керек, яғни, сыни ойлауды дамытатын күнделікті дағдыны қалыптастыру қажет. Осы орайда, А.Кинг өзінің зерттеуінде баланың сыни ойлауын дамытуда мақсат қоюдың маңыздылығын атап өтті.

Автор сыни ойлауды дамытуға әсер ететін әрекеттерді атап өтті:

- жоспарлауға дайын болу;
- икемділік пен табандылық;
- өз қателіктерін түзетуге дайын болу;
- өзінің ойлау процесін өзін-өзі тану;
- өз қателіктеріне шешім табу [4, 30].

Сыни ойлауды дамытуда сабақты семантикалық бөліктерге бөлу қажет.

Сабақта пысықталған материал оқушының бойында жақсы сақталады. Олайды дамытуда оқушының қойған сұрағына назар аудару керек. Себебі, ойлана алатын адам сұрақты да жүйелі түрде қоя алады.

Осы орайда Алиса Кингтің ойлауды дамытуға бағытталған сұрақтарына тоқталып кетсек:



1-сурет. А.Кингтің ұсынған сұрақтары

Оқушы сабақтың мәліметін толық түсіну үшін әңгіме барысында дұрыс сұрақтар қоя білуді үйрену қажет. Егер оқушы өздері сұрақ қойып, оларға дұрыс жауап тауып, онда материалды дұрыс игереді және есте сақтайды, демек, процесс дұрыс жолға қойылады деген сөз.

Сыни тұрғыдан ойлау - бұл, тәуелсіз және әлеуметтік ойлау. Мұндай ойлаудың бастапқы нүктесі - сұрақтар қоюдан және шешілуі керек мәселелерді көруден, қажетті дәлелдерді табудан жаңа ақпарат алу.


Р.Полдың зерттеуі бойынша «сыни ойлау - ойлауды жетілдіретін тәртіпті, өзін-өзі басқаратын нақты жоға сәйкес келетін ой» деп анықтамасын ұсынды. Сыни ойлаудың екі мағынасын қарастырды: бірі - әлсіз, екіншісі - күшті. Әлсіз сыни ойлау - басқаларды ескермей, белгілі бір адамның немесе

топтың мүдделерін ескеруді ұсынады. Күшті түрі - әр түрлі адамдардың немесе топтың мүдделерін ескеруді қамтиды.

К.В.Климовтың пайымдауынша, сыни ойлау - мотивациялық көзқараспен байланысты ойлау стилі, ол арқылы адам болжам жасауды үйренеді, көзқарастардың әр түрлілігіне қарай өз позициясын білдіріп, пікірін дәлелдеуді үйренеді» деп тұжырымдайды. Демек, дәлелдеме келтіре отырып өзінің пікірін білдіреді.

Осылайша сыни ойлаудың анықтамалары әр түрлі контексте қарастырылғанын байқаймыз. Демек, шешім қабылдау, шешім қадыбдамауға, келісім білдіруге, келісім білдірмеуге байланысты әрекеттер іске асады.

З.И.Калмыкова сыни ойлау дағдыларының ішінен мыналарды ажыратады[5]:



2-сурет. З.И.Калмыкова ұсынған модель

Сыни ойлау сөзі көбінесе бір нәрсеге теріс қатынасты білдіру үшін қолданылатындай көрінеді. Мәселен, сыни - қасиеттердің бірі, қалыпты психикалық белсенділік, өз қателіктерін білу, өз ойларын бағалай білу, алға қойылған болжасдарға қарсы және оған дәлелдерді өлшеу, жан-жақты тексеруден өткізуді ұсынады.

Сыни көзқарас оқу процесінің барлық кезеңдерінде қажет, өйткені талдау, салыстыру, жалпылау, теріске шығару барлық жерде іске асады.

Сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын меңгерген адам өзінің ақыл-ой әрекетінің нәтижелерін өзі қабылдаған шешімнің қаншалықты дұрыс екенін немесе тапсырманы қаншалықты сәтті орындағанын бағалай алады.

Д.Халперн ойлау кезінде болуы керек негізгі кезеңдерді анықтады:

1) - мақсаты қандай? түпкі мақсаттарды анықтайды.

2) - не белгілі? ойлауды дамытудың бастапқы кезеңі. Ол ақпаратты тексеруді қамтиды, нәтижені анықтайды. Ақпараттың сенімділігі мен толықтығын тексереді.

3) - қандай ойлау дағдылары мақсатқа жетуге мүмкіндік береді? қозғаушы күші болып табылады. Бірнеше стратегияларды ұсынады. Стратегия жүйесін әзірлейді.

4) - алға қойылған мақсатқа қол жеткізілді ме? Сыни ойлаудың қорытынды кезеңі. Қорытындылайды және тұжырым жасалады.

Ғалым сыни ойлауды шешім қабылдағынға дейін пайымдауды көрсету және сақтау қабілеті ретінде анықтайды. Автор сыни тұрғыдан ойлау танымдық дағдылар жиынтығы ретінде анықтайды.

Сыни тұрғыдан ойлауды дамытуда келесі қасиеттерге мән берілу керек:

- сұрақтардың кең ауқымына қызғушылық таныту;
- жаңа білімге ұмтылу;
- өз күшіне деген сенімділік;
- әлемге әр түрлі көзқарастарға қатысты көрегендік;
- баламалар мен пікірлерді қарастырудағы икемділік;
- басқа адамдардың пікірін тыңдау және т.б.
- пайымдау;
- өз көзқарасын қайта қарау;
- байқампаздық қасиеттері және т.б. жатады.

Сыни ойлау дағдылары насихатты тануға, оның құрбаны болмауға, жалған пікірлерді талдауға көмектеседі. Сыни ойлауды сыни тұрғыдан ойлау технологиясы арқылы дамытуға болады.

Сыни ойлау технологиясы - оқушыны қызықтыруға, зерттеушілік және шығармашылық белсенділігін оятуға, материалды жетік меңгеруге жағдай жасауға, білімдерді жалпылауға көмектесетін әр түрлі әдістердің жиынтығы болып табылады. Бұл стратегиялық жүйе болып табылады. Демек, ақпараттарды біріктірудің әртүрлі тәсілдерін игеруге мүмкіндік беріп, жаңа идеялардың туындауына, өз пікірін анық, түсінікті жеткізуді қамтамасыз етеді.

Бұл бағыттағы тапсырмалар оқушылар алған білімдерін кез-келген жағдайда қолдануға қабілетті. Жақсы нәтижеге жету үшін ойлауды үнемі жетілдіріп отыру керек деп есептейміз.

Бастауыш сынып оқушыларының «сыни ойлауының» мәні - *ойлау операциялын іске асыра отырып, жаңа идея ұсыну, мәселенің шешімін табу, болжам жасау кешені. Оның құрылымы: жаңа идея ұсыну, мәселенің шешімін табу, болжам жасау.*

Сыни ойлау - білім беру жүйесіндегі маңызды процестердің бірі. Демек, өз ойынды еркін жеткізіп, зерттей алып, тұжырым жасап, ой қозғап, білгенін талдап, салыстырып, жинақтап, қорытындылау процесінде іске асырылады.

Ал, С Заир-Бек., И.В Муштавинская пайымдауынша, сыни тұрғыдан ойлауға үйрету 6 танымдық дағдыға негізделген:

- түсіндіру;
- талдау;
- бағалау;
- қорытынды;
- түсініктеме;
- өзін-өзі реттеу[6].

Талдау дағдылары - тұтастықты бөліктерге бөлу, оның қасиеттері мен сипаттамаларынан ақыл-ойды ажырату мүмкіндігі.

Интерпретация дағдылары - тәжірибеге, жағдайға, фактілерге және сенімдірге негізделген мағынаны түсіну және білдіру;

Бағалау дағдылары - кез-келген әрекеттің, объектінің немесе құбылыстың маңыздылығын анықтай білу, оның параметрлерінің сандық және сапалық нәтижелерін игеру;

Тұжырымдай келе, сыни ойлауды дамытудың ерекшеліктері:

Бірінші ерекшелік - жаңа білімді меңгеруде теориялық тұрғыда білімнің болуы;

Екінші ерекшелік - білімге деген қызығушылықты арттыру, маңызды ақпараттарды бөліп қарастыру, дидактикалық ұстанымдарды негізге алуды қамтамасыз ету;

Үшінші ерекшелік - шығармашылық іс-әрекеттерді іске асыру, өзіндік пікір мен тұжырымды негіздей алу;

Төртінші ерекшелік - өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі тәрбиелеуді іске асыру.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы.
2. Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары
3. Халперн Д. Психология критического мышления / пер. Н.Мальгина, С.Рысев, Л.Царук. - Изд. 4-е международное. – СПб.: Питер, 2000. – 512 с.
4. King A. The structure and measurement of intelligence. - N.Y.:Springer, 1999. – 126 p.
5. Калмыкова З.И. Продуктивное мышление как основа обучаемости. -М.: Педагогика, 1981. - 200 с.
6. Заир-Бек С., Муштавинская И.В.: Развитие критического мышления на уроке: пособие для учителей.– ФГОС; Издательство: Просвещение, 2018.– 223 с

ӘОЖ 378.147:811.512

АКСИОЛОГИЯЛЫҚ ТӘСІЛ – ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ БАСТЫ БАҒЫТЫ

КИРАБАЕВА А.К.,

№ 3 жалпы білім беретін мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
педагог-зерттеуші,

Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, Қазақстан

Аңдатпа. Қазақ тілін оқытудың қазіргі әдістемесінде тілді меңгертудің антропоэлектік ұстанымы белсенді дами бастады. Жалпы орта мектептерде

филология бойынша берілетін білім жүйесінде тілдің коммуникативті қызметі жетекші сипатқа ие. Алайда тілдің қызметі онымен шектелмейді. Тілді меңгере отырып, оқушы әлемді сол тілдің ықпалымен тани бастайды, тіл арқылы ұлттық дүниетаным мәдениетін бойына сіңіреді. Оқулықтарға жасалған талдау мен мектеп бітірушілері арасында жүргізілген ассоциативті сауалнама қорытындысы ұлттық аксиологиялық концептілердің оқыту мазмұнында жүйелі түрде берілмейтіндігін байқатып отыр. Қазақ тілін оқытуда аксиологиялық бағытты ұстану бүгінгі күні өте өзекті болып табылады. Оқушының қазақ тіліне құндылық ретінде қараушы көзқарасын тіл мен мәдениеттің тарихи байланысын түсіндіру арқылы дамыту тұлғаның ұлттық дүниетанымын, ұлттық құндылықтарын қалыптастыруға ықпал етеді.

Түйін сөздер: аксиологиялық құндылықтар, тірек концептілер, ассоциациялық сауалнама, оқулықтар мазмұнына сараптама жасау, құндылықты көзқарас

Қазіргі білім берудің құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған мазмұнына сай тілдерді оқыту үдерісі білім алушының коммуникативтік, лингвистикалық, әлеуметтік –мәдени, прагматикалық құзырет түрлерін, сыни ойлау іскерлігін қалыптастыруды, сонымен қатар аксиологиялық құндылықтар жүйесін оқушының таным дүниесінің негізгі ұстанымдары ретінде бойына сіңіруді көздейді. Аталған мақсаттар ішінде дүниетаным құндылықтарын тілді оқыту барысында меңгерту мақсаты соңғы уақытта мемлекеттік деңгейде көтеріліп, бірнеше маңызды құжаттарда аталды. Өйткені әлемнің тілдік бейнесі объективті шындықтың тілдегі өзгермеген көшірмесі емес. Адам танымы сыртқы әлемді белгілі бір бағалаушылық өлшемдердің сүзгісінен өткізеді. Ол – құндылықтар жүйесі. Әлемді танудың, бағалаудың өлшемдері әр ұлттың мәдениетімен, тарихымен тығыз байланысты қалыптасады. Бағалаушы құндылықтар жүйесі немесе аксиологиялық құндылықтар жүйесі тілде сақталады және тіл арқылы беріледі. Сондықтан ұлттық дүниетаным мәдениетін қалыптастыруда аксиологиялық құндылықтар жүйесін оқыту мазмұнына енгізу қазіргі ғаламдану заманында өте маңызды және өзекті болып табылады. Бұл тұлғалық құндылықтар адамның өмірлік ұстанымдарын анықтайтын, мінез – құлқын тәрбиелейтін, көпұлтты қоғамда толеранттылықта өмір сүруге үйрететін

- 1) қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік;
 - 2) құрмет;
 - 3) ынтымақтастық;
 - 4) еңбек пен шығармашылық;
 - 5) ашықтық;
 - 6) өмір бойы білім алу сияқты құндылықтар болып белгіленді
- (Әдістемелік нұсқаулық, 2017: 16).

Бұл міндеттерді қазақ тілін оқытуда орындау үшін мына сұрақтарға жауап беру керек деп ойлаймыз:

1) мемлекеттік деңгейдегі құндылықтар қазақ халқының дүниетаным мәдениетіндегі қандай құндылықтармен сәйкес келеді?

2) ұлттық құндылықтар қазақ тілі оқулықтарында қандай мазмұнда қамтылған?

3) мектеп түлектері танымында ұлттық құндылықтар концептосферасының мазмұны қандай сипатта қалыптасып отыр? Зерттеу мақсаты – қазақ тілін оқыту мазмұнында (8-сынып оқулығы негізінде) қамтылған құндылықтар жүйесін лингвомәдениеттаным саласында ғылыми түрде зерттеліп мойындалған құндылықтар жүйесімен салыстырып, толықтығын, қамтылу деңгейін анықтау; – қазақ тілін үйренушілер арасында анкеталық сауалнама жүргізіп, олардың танымындағы аксиологиялық құндылықтардың мазмұны туралы ақпарат алу; – аксиологиялық құндылықтардың концептосферасын құрып, оларды оқу бағдарламаларында қамтудың тиімді жолдары мен әдіс-тәсілдерін ұсыну.

Зерттеу әдісі – аксиологиялық концептілердің қазақ тіл білімінде зерттелу бағыттары мен жетістіктері салыстырмалы түрде сараланады; – аксиологиялық тірек концептілердің мазмұндық құрылымын анықтауда семантикалық талдау әдісі (пәндік, бағалауыштық, жеке, сезімдік компоненттер) қолданылады; оқулықтарға сараптама жасауда тірек концептілерді меңгертудің сабақ мақсатында қамтылуы мен тілдік материалдардың берілуіне талдау жасалады; – 1-курс студенттері арасында ұлттық құндылық түрлерін маңыздылығына қарай таңдау ISSN 1563-0223 Eurasian Journal of Philology: Science and Education. №2 (170). 2018 203 Ерназарова З.Ш. сауалнамасы жүргізіледі, басым концептілер жүйесі анықталады. Тәжірибе Философия ғылымының аксиология саласы қоғамға тән құндылықтар жүйесін қарастырады.

Құндылық дегеніміз белгілі бір ұлт өкілдері арасында қабылданған ортақ әлеуметтік -психологиялық ойлар мен көзқарастар болып табылады (Нысанбаев, 2011: 49). Тіл білімінде аксиологиялық құндылықтарды аксиологиялық лингвистика зерттейді. В.И. Карасик еңбектерінде аксиологиялық құндылықтар ұлттық танымда жинақталған ұлттың әлем туралы білім қоры – концепт ретінде қарастырылады (Карасик, 2009). Ж.А.Джамбаеваның пікірінше, аксиологиялық концептілердің басты ерекшелігі – олар адамның ділдік әлемі мен мәдени әлемінің түйісінде пайда болуында (Джабаева, 2017). Лингвомәдениеттанымның бір саласы аксиологиялық лингвистика зерттеу объектісін «тіл- адам – құндылықтар – мәдениет» үштігінде қарастырады (Бабаева, 2017: 10). Қазақ тіліндегі аксиологиялық құндылықтарды зерттеген З.Қ. Ахметжанова: «Аксиологиялық концептілер ұлттық ойлау ерекшелігін бейнелейтін концептілер жүйесін құрайды», – дейді (Ахметжанова, 2016: 82–84). Басқаша айтқанда, аксиологиялық концептілер ұлттың өмір сүру ортасы, салты, дүниені тану ұстанымдарымен байланысты тілде жинақталған әлемді бағалаудың өлшемдері – құндылықтар жүйесі – болып табылады. Аксиологиялық құндылықтар – адамға жақсы мен жаманды, керек пен керек

еместі, маңызды және маңызды емес, жақын және алысты ажыратуға, бағалауға көмектесіп, әрекеттерін, қарым-қатынастарын реттеп отыратын білім қоры. З.Қ. Ахметжанова қазақ лингвомәдениетаным саласында зерттелген ұлттық аксиологиялық концептілерді семантикалық жүйе ретінде бірнеше деңгейге бөледі: базалық деңгейді тағдыр, тіл-сөз, намыс, қанағат концептілері, орта деңгейді атамекен, әйел, ұрпақ, дастарқан, қонақжайлылық концептілері, ал төменгі деңгейді домбыра, жылқы, қамшы, шаңырақ концептілері құрайтынын айтады (Ахметжанова, 2016). Аксиологиялық құндылықтардың деңгейлік бөлінуі ұлттың дүниетанымы үшін маңызға ие функционалды белгілеріне қарай ажыратылады. Яғни құндылықтар ұлттың өмір сүруінде алатын орны мен қызметіне қарай ажыратылады. Қазақ лингвомәдениетанымында аксиологиялық концептілердің мазмұнын құраушы компоненттерді анықтау мәселесі де өзекті болып табылады. Өйткені аксиологиялық лингвистикада құндылықтардың негізінде жатқан мәдени кодтарды анықтау жолдары толық қалыптасып болған жоқ. Ұлттық мәдени кодтар – ұлттық ойлаудың модельдерін құрайтын тіректер. Н. Уәли тілдегі ұлттық –мәдени кодты ашу үшін халықтың дүниетанымында қалыптасқан аксиологиялық мәнге ие тілдік бірліктердің ассоциативті семантикалық өрісін анықтаудың маңызын атайды. Аксиологиялық бірліктер туралы ғалым «кейбір сөздердің бойында екі таңба қатар көрініс беретін кездері болады, олар тілдік таңба және мәдени таңба. Осы екі таңбаның түпкі мәндері тоғыса келіп, лингвомәдени таңба ретінде бір ұғымның аясына бірігіп, санада бір ғана бірлік күйінде сақталады» дейді (Уәли, 2009, 5-б.). Олар ұлттық ойлаудың тірек-белгісі ретінде бағалаушылық қызмет атқарады. Аксиологиялық бірліктерді қалай анықтауға болады деген сұраққа ғалым олардың халықтың жүріс-тұрыс, ортада өзін ұстауымен байланысты қалыптасқан ережелермен, ырымдар мен тыйымдармен байланысты қолданылатынын атайды. Н. Уәли оларды этнотаңбалар деп атай отырып, іштей индексті этнотаңба және иконды елтаңба деп бөледі. Қазақ тіл біліміне ұлттық дүниетанымдағы аксиологиялық құндылықтар жүйесін екі бағытта қарастыру қалыптасқан:

1) бірінші бағыт бойынша зерттеу жұмыстары ұлттық дүниетанымдағы аксиологиялық концептілерді ұлттың даму тарихында құндылық ретінде танылған ұғымдарды анықтау, оны концепті ретінде негіздеу үшін тілдік материалдарды тақырыптық-лексикалық тұрғыдан іріктеу, семантикалық талдау жасау, ассоциативтік сауалнама жүргізудің көмегімен санадағы моделін жобалау түрінде жүргізді. Нәтижесінде тірек концептілердің жүйесі анықталды, ұлттық дүниетаным концептосферасы жүйеленді (Байғұтова, 2008; Қошанова, 2008; Сейдекенова, 2009; Шалбаева, 2010).

2) екінші бағыт ұлттың өмір сүру салты мен дәстүрінде таңбалық сипатқа ие этнотаңбалар түрлерін (қамшы, тары, жылқы, шаңырақ,) анықтауды мақсат етті. Этнотаңбалар ұлттық салт-дәстүрлермен – жүріп тұру ережелері, әдет-ғұрыптармен байланысты қолданылатын материалдық заттарды айқындады. Этнотаңбалардың тілдегі қолданыстарына (сөз тіркесі,

фразеологизмдер, мақал-мәтелдер) талдау жасалып, қазақ тілін оқытудың аксиологиялық бағыты аксиологиялық мағыналық компонентінің дамуы сипатталды (Күштаева, 2009). Аксиологиялық құндылықтардың – концептілердің мазмұнын құраушы компоненттерді анықтау қазақ тілі оқулықтарын құрастыруда маңызды болып табылады. Бұл оқу материалдарын жүйелі беруге, оқушының таным әрекетіне сай тапсырма түрлерін құрастыруға негіз болады.

Қорытындылай келгенде:

1. аксиологиялық құндылықтар ұлттың дүниетаным мәдениетін бейнелейтін білім қоры болып табылады;
2. аксиологиялық құндылықтарда бағалауыштық компонент басымдыққа ие. Бағалауыштық компоненттің мазмұнын ұлттық мәдени код анықтайды;
3. аксиологиялық құндылықтар ретінде ұлттың тарихында маңызға ие ұғым–түсініктер, қарым-қатынас, өмір сүру салтымен байланысты қалыптасқан ережелер жиынтығы мен этнотаңбалар қаралады;
4. аксиологиялық құндылықтарды сипаттаудың әдістері – синонимдер қатарын құрау, ассоциативті өрістерді құру, сөз тіркестерін құрастыру, мақал-мәтелдер мен фразеологизмдерді анықтау.

Қорыта айтқанда, мемлекеттік бағдарламаларда ұсынылған құндылықтар жүйесі универсалды, жалпыадамзатқа тән құндылықтардан тұрады. Ал қазақ тілін оқыту барысында олардың ұлттық көріністерін мына сәйкестікте ұсыну керек деп есептейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ахметжанова З.К. Казахская лингвокультура: язык, человек, этнос. / З.К. Ахметжанова // Елтаным. – 2016. – С. 82-110.
2. Бабаева Е.В. Лингвокультурологические характеристики русской и немецкой аксиологических картин мира: дис. д-ра филол. наук. – Волгоград, 2004. – С. 438.
3. Бияздықова Ә. Қазақ тіліндегі бақыт концептісінің танымдық сипаты мен қызметі: ф.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2014. Вежбицкая А. Семантические универсалии «примитивное мышление // Язык. Культура. Познание. – 1996. – С. 291- 325.
4. Джамбаева Ж.А. Ключевые понятия лингвоконцептологии и средства репрезентации концептов // Вестник КГУ им. Ч. Уалиханова. – 2018. – №4. – С. 52-57.
5. Карасик В.И. Языковые ключи. – М.: Генезис, 2009. – С. 520.

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ- СИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

М.Ж. АМАНГАЛИЕВА,
№36 мектеп-гимназиясы қазақ тілі
мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
Атырау қаласы, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ тілін оқыту әдістемесінің педагогикалық және психологиялық негіздері қарастырылады. Тілді меңгертуде педагогикалық теориялар мен психологиялық ерекшеліктердің өзара байланысы талданады. Сонымен қатар, оқыту процесінде қолданылатын заманауи әдіс-тәсілдер, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес тіл үйрету жолдары сипатталады. Тілді тиімді меңгерту үшін мотивация, когнитивті даму, жеке тұлғаның психологиялық ерекшеліктері сияқты факторлардың маңыздылығы айқындалады. Зерттеу нәтижелері қазақ тілін оқытудың ғылыми негізделген әдістерін жетілдіруге бағытталған.

Кілт сөздер: Тіл, әдістеме, білім, педагогика, ұлт, психология, оқыту, ғылым, шығармашылық, әдіс, тәсіл, сабақ, мақсат, жаңа технология.

«Білім туралы Қазақстан Республикасының Заңында» «Жеке адамның шығармашылық, рухани және дене мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке басының дамуы үшін жағдай жасау арқылы интеллектін байыту», - делінген тұжырымдар бүгінгі білім берудің мақсат, міндеттерін ғана емес, тіл дамытудағы келелі мәселелерді де айқындайды.

Қазақ тілі сабағында оқушыларды сөзді дұрыс қолдана білуге, өз ойын орнықты жеткізуге, еркін сөйлей білуге жетелейтін тәсілдің бірі тіл дамыту жұмыстары. Тіл дамыту мақсатындағы жүргізілетін жұмыстар оқушының ойлау қабілетіне, сондай-ақ өз ойын жеткізе білуіне, жеке шығармашылық жұмыстарына кеңінен жол ашады. Оқушының білімі ғана жетіліп қоймайды, қабілет, қарымы мен дарын, дағдысының қалыптасуына себеп болары сөзсіз. Берілген барлық жаттығулар оқушылардың тілін дамытуға бейімделе жүргізілуі тиіс. Тіл сабағы негізінен оқушыларымызға тілімізді меңгерту, ойды анық жеткізу, сауатты сөйлей білуді мақсат етеді.

Олай болса, оқу мен жазу сабақтарында әдеби тіліміздің нормаларын сақтау дағдысы бірдей дәрежеде берілу қажеттілігін басшылыққа алсақ, тіл дамыту жұмыстарына аса назар аударуымыз қажет. Тіл дамытудың басты құралы сөздік қор болып табылады. Оқушының сөздік қорының неғұрлым көп болуы және оны тиімді қолдана білуі жүйелі еңбекті қажет етеді.

Тіл дамыту жұмыстарында басшылыққа алатын басты мәселелердің бірі оқушылардың сөздік қорды, ауызекі сөйлеу тілін ережеге сәйкес құра білуінде жатыр. Қазақ тіліндегі тіл ұстарту жұмыстарының негізгі мақсаты

дұрыс, сауатты жазуға, оқушының ауызша және жазбаша ойын, грамматикасын және стилистикасы жағынан дұрыс сөйлем құрап, жүйелі сөйлеуге үйретуде жатыр. Мұғалім оқушының ауызша және жазбаша тілін дұрыс дамытуда грамматикалық ережелерді жақсы білуге, тыныс белгілерін дұрыс қоюға үйретіп, көркем әдебиетті көп оқуға кеңес беріп, жолға қойып, оның үлгісін көрсетіп отыруы тиіс. Әр мұғалім тіл ұстарту жұмыстарын шығармашылықпен жүргізіп, дұрыс ұйымдастыра білсе, ол оқушының күнделікті өмірдегі құбылысты жан- жақты түсіне білуіне, білген нәрселерін ауызекі сөздерінде қолдана білуіне жағдай жасайды. Тіл дамыту жұмыстары ауызша-жазбаша жаттығулар, мәтінмен жұмыс, эссе, мақала жазу, мінездеме беру, суретпен жұмыс, сұраққа жауап жаздыру, жоспар құрғызу, кітап оқу сияқты жұмыс түрлері арқылы іске асырылады.

Оқушының сөздік қорын байытып, тілін ұстартуда шешуші рөл атқаратын жұмыстардың бірі - сөздікпен жұмыс. Сөздік жұмысы арқылы оқушының тіл байлығын молайтып, байытумен қатар, дұрыс жазуға да машықтандыра аламыз. Тіл дамытудағы өнімді тәсілдердің бірі - шығармашылық тапсырмалар. Шығармашылықтың түрі әр алуан, мәні біреу ол жаңа мазмұн жасау. Әр оқушы өзінше талантты, өз алдына шығармашыл болып келеді. Шығармашыл бала өзінің қабілетін, күш-қуатын, бейімділігін сезіне алатынын дәлелдейді. Оны шыңдау әр ұстаздың әдіскерлік шеберлігінде.

Тамаша педагог В.Сухомлинский: «Шығармашылық арқылы тұлғаның рухани байлығы қалыптасады, шығармашылық адамды адамға тартатын магнитпен тең. Сондықтан да мектептің, мұғалімнің, ата-ананың, тәрбиешілердің негізгі мақсаты баланы өмірге, еңбекке шығармашылықпен қарауға үйрету», - деп атап көрсеткен болатын.

Қазақ тілі сабағын жүргізу мәселесімен айналысып жүрген ұстаздар, тілші, ғалымдар көптеп саналады. Олардың әрқайсысы әр түрлі мәселелерді қарастыра келіп, қазақ тілін оқыту саласының дамып, жетілуіне үлес қоса отырып, түрлі оқу құралдары мен әдістемелік еңбектерін ұсынды. Бұл еңбектердің авторлары Ш.Х.Сарыбаев, И.В.Маманов, Ғ.Бегалиев, С.Жиенбаев, Т.Аяпова, Ш.Бектуров, К.Сариева, А.Жүнісбеков, Қ.Бітібаева, Ф.Р.Ахметжанова, М.Жанпейісова, Ф.Оразбаева т.б.

Қазіргі таңда білімге ерекше көңіл бөлінгендігі белгілі. Ол бүгінгі өмірдің талаптарына сай маңыздылығымен ерекшеленеді. Қазақ халқының көрнекті ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыров:

Сүйемін туған тілді анам тілін,

Бесікте жатқанымда-ақ берген білім.

Шыр етіп жерге түскен минөтіменен,

Құлағыма сіңірген таныс үнін», -деп жырлаған болатын.

Халқымызды кемеліне келтіру үшін жастарымызды білімді, мәдениетті, Отансүйгіш, елжанды, тілін шексіз сүйетіндей етіп дайындауға әрбір ұстаз жауапты дер едім. Елбасы жүргізіп отырған парасатты саясаттың арқасында

мемлекеттік тіл қазақ тілі де елімен бірге өркендеп, өрлеп, абыройлы, күрделі кезеңдермен жүріп өтті, жүріп келеді.

Ендігі мақсат тәуелсіз Қазақстанның өсіп келе жатқан жас ұрпағын өз Отанының мемлекеттігінің кепілі мемлекеттік тілді құрметтеуге баулу, оны оқып үйренуге деген қызығушылықтарын арттыру болмақ. Қазіргі таңда инновациялық технологиялардың дамыды. Атап айтсақ модульдік технология, сын тұрғысынан ойлау, тірек сызба технологиясы, дамыта оқыту, проблемалық оқыту, деңгейлеп саралап оқыту технологиясы және т.б. Қазақ тілін оқыту күрделі жұмыс. Қазақ тілі пәні сабағын оқытуда жаңа технологиялардың элементтерін қолдана отырып, деңгейлеп оқыту технологиясына ерекше көңіл бөлу қажет. Өйткені бұл технология баланың жеке мүмкіндігіне, тұлғаның жан-жақты дамуына бағытталған. Ол халықаралық білім стандартының шарттарымен үндес. Американдық гуманитарлық психология қауымдастығының өкілі К. Роджерс жасаған әдістеменің төмендегідей бағыттары жаңа педагогикалық технологияда көрініс тапқан. Яғни олар:

1. Оқушының дайындық деңгейін бақылай алу;
2. Оқу материалын сұрыптап ұсына алу;
3. Оқу әрекетін ұйымдастыра алу;
4. Диалог жүргізе алу
5. Сабақ барысында жағымды эмоция сезімдерімен қанықтыра алу;
6. Мақсаттың нәтижеге ұласуын жоспарлау, жүзеге асыра алу.

Білім негізінен пән арқылы берілгендіктен, әр пәнді заман талабына сай өз деңгейінде игерту, ең маңызды мәселе болып табылады. Материалдың игеруге қолайлығы оқулық деңгейімен шектелу мүлде нәтижесіз болды деу қателік болар, дегенмен мұғалім үшін ең басты мәселе оқыту әдісін дұрыс таңдай білуі.

Жаңа педагогикалық технологиялар оқушының жеке тұлғалық күшін арттырып, шығармашылық ойының дамуында басты рөл атқарады. Деңгейлеп оқытудағы диалогтық қарым-қатынас:

1. Коммуникативтік (оқушылардың бір-бірімен ақпарат алмасуы)
2. Интерактивтік (оқушылар білімдерімен ғана емес, сонымен бірге оқу әрекеттерімен де өзара алмасуы).

Бұл- оқушының жан-жақты дамуына, жетілуіне, шығармашылыққа бейімделуіне, топта, жұпта жұмыс істей алу қажеттілігіне жетелейтін бірегей әдіс. Жаңа технологияларды меңгеру мұғалімнің зияткерлік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына зор көмегін тигізеді. Қазіргі кезде ғылым мен техниканың даму деңгейі әрбір оқушыға сапалы және терең білім ала білуге жағдай жасап отыр. Мұғалім оқиды, әңгімелейді, түсіндіреді, ал оқушы тыңдайды, қабылдайды, ойлайды, кері байланыс беріп, таным әрекеттерін жасайды. Сондықтан сабақтарымызда мүмкіншілігіне қарай АКТ пайдаланып отырсақ, бұл біздің басты ұтысымыз болмақ. Оларды тиімді, жүйелі түрде қолдану әр

мұғалімнің шеберлігіне байланысты әрқилы жүзеге асырылады. АКТ технологиясын пайдаланудың тиімді тұстары:

- оқушының пәнге деген жеке қызығушылығын оятады,
- танымдық қабілеттілігін қалыптастырады;
- оқушыны шығармашылық жұмысқа баулиды;
- мұғалімнің уақытын үнемдейді;
- қосымша мәліметтер береді.

Яки, әр қазақ тілі сабақтарын слайдтар қолдану арқылы өткізсек, әр сабағымыздың өзінде оқушының тілге деген қызығушылығын еселей алатынымыз сөзсіз. Әр саланың өзіндік ерекше жаналығы болса, біздің тіліміздегі тілдік қажетті жаңалықтың бірі сатылай оқыту технологиясы. Тіл білімінің қай саласы болмасын сатылап талдануға бағынады. Оқушы үшін сатылай кешенді талдауды игерудің маңызы зор. Бұл жерде:

- оқушының материалды қалай меңгергендігі байқалады;
- оқушының білімін тұрақтандыруға көмектеседі;
- ізденіске, шығармашылыққа жетелейді, қызықтырады;
- талдау нәтижесінде оқушылардың ойлау, есте сақтау қабілеті артады.

Жаңа технологияларды сабақта қолданудың тиімділігін қашан да жолға қоярымыз анық. Соның бірі "Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту" технологиясын сабақты жоспарлауды қолданудың тиімділігі. Мұнда әр оқушының ойы шыңдалып, өз даму деңгейіне сай жетістіктерге жетуіне жол ашылады. Сын тұрғысынан ойлау жобасы мынандай үш құрылымнан тұрады:

- қызығушылықты ояту;
- мағынаны тану;
- ой-толғаныс.

Бұл технологияда бұрынғы білім мен жаңа ұғым ұштастырылады. Ал соңғы кезеңде оқушы өз шығармашылығынан жеке қабілетін таныта алады. Мұнда оқушыға ойлануға, ойын айтуға уақыт берілуі керек. Содан барып оқушы шығармашылығы анық қалыптасқаны көрінеді.

Сабақтың қай құрылымында болмасын оқушы осындай стратегияларды қолданғаны дұрыс "Мен нені білдім?" және "Мен нені білгім келеді?",- деген сұрақтарды есінен шығармауы керек. "Мағынаны тану" кезеңінде оқушыларды топқа бөлу арқылы сұрақтар дайындап, оны мазмұны, стратегиясы арқылы жүзеге асыруға болады. Сұрақтар үш деңгейде әзірленеді. Дайындалған сұрақтарға оқушылар өз ойларын жинақтай отырып, жауап береді, бұл сұрақтар оқушылардың деңгейіне сай топтастыруға мүмкіндік береді. Бұл жерде мұғалім "Жуан және жіңішке сұрақтар" стратегиясын жүзеге асыра алады.

Бұл технологияның келесі бір кезеңі ой-толғаныс. Мұнда "Венн диаграммасын қолдану арқылы тақырыптардың ұқсастығы мен айырмашылығын көрсете аламыз. Осы кезеңде оқушылардың тілдік дағдыларын қалыптастыру мақсатында сабақ тақырыбына байланысты пікір-сайыс өткізуге немесе «5 жолдық өлең» құрастыртып жаздыруға болады.

Мұндағы мақсат оқушылардың өзіндік көзқарасын қалыптастыру. Сол «5 жолдық өлеңді» жазғанда сабаққа қабілеті төмендеу оқушылардың өзі 3-4 сөз тіркестерін құрастырып өз ойын жазады, соның өзі оқушыны сабаққа тарта алады.

Инновациялық білім беру – іскерліктің жаңа түрі. Инновациялық қызмет оқу ісін дамытуға, пәндердің мәнін тереңдетуге, мұғалімнің кәсіптік шеберлігін арттыруға, басқа да жаңа технологияларды енгізуге, пайдалануға және шығармашылық жұмыстар жүргізуге бағытталады. Мұндай технологияларды қолдануда мұғалім көп ұтады. Сабақты тиімді ұйымдастырылады, оқушының пәнге деген қызығушылығы арттырылады. Осындай сөйлесулерде, жазба жұмыстарында оқушылардың өз еліне, Отанына, туған қаласына, көшесіне деген сүйіспеншіліктері, мақтаныштары арта түсері сөзсіз. Әрине, мұндай нәтижеге алдыңғы сабақтарды тиімді, тартымды өткізудің арқасында жетуге болады.

Сонымен қатар оқытуда, қазақ тілін басқа ғылымдармен, әдебиет, тарих, философия, логика, психология, биология, педагогика, кибернетика ғылымымен байланыста қарау-заңдылық [5].

Пән бойынша интеграцияланған сабақтарды жиі өткізіп тұрамыз. 6-7-сыныптарда «Өлкетану» бағдарламасы аясында қазақ әдебиеті, тарих, музыка пәндерімен бірігіп өткізген сабақтардан оқушылар білім алып қана қоймай рухани байып, олардың намысшылдық, тектілік, адамгершілік сезімдері де дамиды. Қазақтың ұлттық аспаптары туралы айта келе, бұл сабақта домбыраға тоқталып, домбыраның түрлерін бейнесабақ арқылы көрсетіп, ұнтаспадан тыңдатып, домбыра шертетін оқушылардың орындауларында күйлерді орындатып, тыңдату білім алушылар үшін, этнопедогогика, елтану, өлкетану, өз тілін, дінін құрметтеу, ұлттық, рухани тәрбие алуға қызмет етеді. Сабақ соңында «Туған жер» туралы әні айтылып, сұрақтарға жауап беріледі. Бұл- нұр үстіне нұр. Оқушылардың сұхбатынан-ақ біздің мектеп облыстық мұражайлармен тығыз байланыста екенін ұғуға болады. Мұражай қызметерлері келіп, Наурыз мейрамы, Республика күні мерекелерінде көрме ұйымдастырып, ұлттық ойын, салт-дәстүрлер туралы айтып, шағын көріністер көрсетеді. Оқушылар да мұражайға саяхаттап, аймағымыз туралы мұражай естіп, біліп, сұрақтар қойып, жәдігерлерді тамашалап, кейін, сабақта сол жайында сұхбаттар құрайды. Шағын мәтіндер құрастырып, шығармалар жазады.

Барлық жұмыс түрлері тілдік материалмен салаларды тізбектеп оқыта берумен емес, олардың ішінен сөйлеуге қажетті ең керектілерін сұрыптап ала білумен, сөйлеу материалды танумен, оларды дұрыс қолданумен, сөйлеу әрекетінде тиімді пайдалана білумен де ерекшеленеді [7]. Сол бағытта жұмыс барысында нәтижеге тек қатысымдық әдіспен қатар, басқа да инновациялық технологиялардың элементтерін қолданып, солардың жақсы нәтижесін оқушыларымыздың жетістіктерінен көріп келеміз. Яғни, оқушылар дыбыстық ерекшеліктерді жақсы меңгерген, яғни айтылым дағдылары, сөйлеу дағдылары жоғары. Күнделікті жұптап, топтап жұмыс істеудің

нәтижесінде оқушылар берілген тақырыпқа сұрақ қоя білу, жауап беру дағдылары даму үстінде, сол бағытта оқушылардың пәнге деген қызығушылығы арта түсуде.

Сондықтан әр оқушыға қазақ тілін сауатты меңгертуде сабақты ұтымды ұйымдастырумен қатар кемшіліктер мен қателіктерге жол бермеу, жаңа технология жетістіктерін әр сабақта тиімді пайдалану, білімді ұлттық, адамгершілік құндылықтармен қанықтыру білім мазмұнын дамыта оқытуға зор мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ә.Қабдешева. сын тұрғысынан ойлауды дамыту. Алматы 2016 жыл
2. Кан –Калик, В.А.Никануров Педагогическое творчество. «Педагогика» 2005 жыл
3. Ж.Қараев «Оқытудың педагогикалық технологиясы»
4. А.Ғұмаров «Сын тұрғысынан ойлау» Қазақ тілі мен әдебиеті №5, 2011жыл
5. А.Махметова Жаңа оқыту технологияларының білім сапасын арттырудағы рөлі. №2 2016 жыл
6. Қазақстан Республикасы 12 жылдық орта білім берудің жалпыға бірдей міндетті стандарты. Нормативтік құжаттар, Астана 2016 жыл

ӘОЖ 377.031

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖАЗБАША СӨЙЛЕУ ТІЛІНІҢ ДАМУЫ

Салтанат ОРАЗОВА,

№ 3 жалпы білім беретін мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
педагог-зерттеуші,

Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ тілі сабағында жазылым дағдысының дамуы сөз болады. Жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасындағы негізгі міндеттердің бірі – қазақ тілін ана тілі ретінде тани отырып, өмірлік қажеттіліктеріне коммуникативтік әрекеттер түрінде (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) сауаттылықпен қолдану деп көрсетілген. Мектеп бағдарламасында жазылымға қатысты - жоспар құру; әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру; жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну; эссе жазу; оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін жазу; мәтіндерді түзету және редакциялау секілді жұмыс түрлері қамтылған. Сондықтан қай сыныпта болмасын, қазақ тілі сабақтарында аталған оқу мақсаттарына жетуге назар аударылады. Сабақ үдерісінде оқушылардың жазылым әрекеті бойынша дағдыларын жетілдіру белгілі бір логикалық

жүйемен үздіксіз дамытылып отырылса, оқушыларды жазылым шеберлігіне төселдіру оқытудың жаңа әдістерін сауатты қолдану арқылы оқушының өзіндік шешімі мен шығармашылық ізденістеріне басымдылық берілсе, онда дара тұлғаның жазба жұмыстарына қатысты қабілеттерін, өз ой-пікірін дәйекті және сауатты жеткізудің амал-тәсілдерін меңгертудің мүмкіндігі кеңейіп, оқытудың нәтижелілігі мен тиімділігі арта түседі. Мақалада оқушылардың қазақ тілі сабағында сөйлеу әрекетінің негізгісі – жазылым дағдысын монофон, әңгімеге негізделген жазу, мәтін түйіндемесі, жүгіртпе диктант, галереялық ой шақыру секілді әдістер арқылы дамытудың жолдары қарастырылды.

Кілт сөздер: Қазақ тілі, жаңаша оқыту, коммуникативтік әрекеттер, жазылым дағдысы, белсенді әдістер

Білім алушылардың жазбаша сөйлеу тілінің дамуы сөйлесім әрекетінің түрлері арқылы (тыңдалым, айтылым, оқылым, тілдесім) дағды болып қалыптасады. Жазылым дағдысын дамытуда білім алушының сөздік қорының мол болуы педагогтің оқу мақсаттарын жүзеге асыруына, оқытудың нәтижелі болуына кепіл болмақ. Ал сөздік қор оқылым дағдысы арқылы қалыптасып, дамиды. Сабақ барысында білім алушыға төрт дағдыны меңгерте отырып оқытудағы мұғалімнің жететін нәтижесінің көрсеткіші жазылым дағдысының дамуында көрінеді. Себебі білім алушының айтылым, тыңдалым, оқылым арқылы қалыптасқан біліктілігінің көрсеткіші жазылым болып табылады. «Қазақ тілі» пәнінің нәтижесі Үлгілік оқу бағдарламасына сай педагог пен білім алушыларға болашақ қадамдары жөнінде өзара ой бөлісуге, оларды жоспарлау мен бағалауға мүмкіндік беретін, бірізділік пен сабақтастықты көрсететін 4 бөлімге: «Тыңдалым және айтылым», «Оқылым», «Жазылым», «Әдеби тіл нормалары» байланысты болады. Біздің зерттеуіміз осы төрт бағдардың бастысы – оқушылардың жазылым дағдысын дамыту жолдарына арналды. Мектептегі оқушылардың жазылым дағдысы талапқа сай ма? Жазылым дағдысын қалыптастырудың қандай тиімді жолдары бар?

Жазылым әрекетінің репродуктивтік және продуктивтік дағдыларын дамытуда қандай әдістер тиімді?. Дағды – адам өзі жасаған әрекеттері арқылы бойына орнығатын қасиет. Ал жазылым продуктивті дағдылар қатарына жатады. Продуктивті дағды – тілді қолданып сөйлеу немесе жазу, яғни айтылған сөзді, хабарды қағаз бетіне түсірудің жолы. Жазу арқылы коммуникацияға түсу үшін біз әріптер мен сөздерді пайдалана отырып, сөйлем құраймыз, сол сөйлемдерді топтастыру арқылы өз ойымызды жазбаша түрде жеткізе аламыз

Біз қарастырып отырған «Жазылым» бөлімі оқушылардың төмендегі дағдыларды үйренуіне мүмкіндік береді:

- өз көзқарасын білдіре отырып мәтін жазу;
- тиісті стильді пайдалана отырып, алуан түрлі тақырып бойынша мәтін жазу;

- жоспар құру;
- өзіндік стильде мәтін құру;
- тыңдалым, оқылым және аудиовизуалды материалдар негізінде шығармашылық жұмыс жазу;
- түрлі жанрда мәтін құру;
- мәтіндерді салыстыру;
- мәтіндерді түзету және түрлендіру;
- оқырманның қызығушылығын оятып, сендіріп жазу;
- эссе жазу.

Осы дағдыларды қалыптастыру үшін түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалану қажет. Сондықтан жазылым түрлерін меңгертудің жолдарын түрлендіріп отыру білім алушылардың жазылым әрекетіне қатысты дағдыларын дамытуға игі ықпал етеді. Оқушылардың жазылым түрлері бойынша жұмыс істеу дағдыларын арттыру, ол үшін әдістерді таңдап, олардың тиімділігін көрсету басты мақсат болды.

Зерттеу «Қазақ тілі» пәні бойынша білім алушылардың жазылым дағдысын дамытуға негізделген әдістер арқылы жүргізілген нәтижелерді білім беру жүйесінде қолдану ұтымдылығын анықтауға бағытталған. Мектеп бағдарламасында әр сыныпта оқытылатын жазылым тапсырмалары көрсетілген. Мысалы, 5-сыныпта: мәтін бөлімдеріне (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды) жоспар құру, хат, хабарлама, жарнаманы жанрлық ерекшеліктеріне сәйкес жазу, сюжетті суреттер негізінде әңгіме жазу, т.б. немесе 6-сыныпта әртүрлі жанрдағы мәтіндер жазу үшін жоспар құру, мінездеме, өмірбаян, құттықтауды жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай жазу, графиктік мәтін құрастыру т.б. Осылайша барлық сыныптарда жүргізілетін жазылым тапсырмалары қамтылған. Зерттеу барысында білім алушылардың жазба жұмыстары бойынша дағдыларын жетілдіруді талдау, салыстырмалы талдау, аналитикалық зерттеулер әдістері қолданылды. Нәтижелер Ғылыми еңбектерді талдай келе қазақ тілі пәнінің материалдарын оқытудың жолдарын заман талабына сай дамытып отыру қажеттігін түсінуге болады.

Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының: «Жазу жоқ кезде оқу жоқ. Оқудан жазу дүниеге бұрын келген. Оқуды жазу тудырған. ...Оқу мен жазу қатар жүреді. Оқытушылар үйретуді оқудан бастаса, әдістер оқытқанын жаздырып, жазудан бастаса, жаздырғанын, не жазғанын оқытып отыруы керек» [1, 369], – деп балаға білім берудегі оқу мен жазудың қызметін айқындап берген тұжырымы қазіргі білім берудің бағытымен сабақтасып жатыр.

Олай болса, мектептегі «Қазақ тілі» пәнін оқытуда сөйлесім әрекетінің бір түрі – жазылымға басымдылық берген жөн. Тілдік дағдыларды басшылыққа алып оқыту туралы Ж.Аймауытовтың: «Баланы тілдің әр түріне машықтандырғанда белгілі жүйе қолданылсын. Жазу, оқу тыңдаудан, сөйлеуден соң келеді, соңғылар тәжірибеден соң келеді.

Сондықтан әуелі баланың көрген-білгені туралы әңгіме құрып, содан кейін оқуға, жазуға үйретілсін» [2, 65],- деген тұжырымы қазіргі кезде де

мектептегі оқу үдерісінде мәні жоғары. Мектептегі оқушының жазба жұмыстарын әдіскер-ғалым А.Көшімбаев: «оқушының қиял дүниесінің қазынасы, ойлау жұмысының нәтижесі» [3, 21],-деп бағалаған. Ал Ф.Абдрахова: «Жазылым әрекеті тілдік және қатысымдық тұлғалардың сыртқы таңбалық және ішкі мазмұндық қасиетімен байланыста бола келіп, олардың көзге көрінетін тұрақты, арнайы заңдылыққа бағынған жүйесі арқылы іске асып, белгілі бір хабарды жарыққа шығаруға ықпал етеді» [4, 35], - дей келіп, жазылым әрекетінде айтылар ой, мазмұндық ішкі бірлік, тұтастық, жүйелілік арқылы жеткізілетіндігін, сөйлесім әрекетінің барлық түрі қатысатындығын, сөйлесімнің мазмұны мен формасына көңіл бөлінетіндігін, қағазға жазылған ой-пікірлердің түсінікті, жүйелі, орфографиялық нормалардың, тыныс белгілерінің сауатты болуына байланысты жүзеге асатындығын санамалап көрсеткен» [4, 35].

Белгілі ғалым С.Мақырұлы жазба жұмысының мақсатын «Таптаурын ойлаудан творчестволық ойлауға тәрбиелеу, өмір, қоғамдық даму, тарих, адамдық асыл қасиеттер хақында өзіндік ой түюге, азамат ретінде толғануға баулу, тіл, ой байлығын молайтудың, сезім сергектігін тәрбиелеу жолы», - деп пайымдаған [5, 82].

Осы мақсатқа сай жалпы білім беретін мектептерде «Қазақ тілі» пәні бойынша білім алушылардың жазылым түрлеріне қатысты дағдыларын қалыптастыруда заман талабына сай жаңа әдістердің маңызды орын алатындығын ескеріп, жазылым түрлерінің ерекшеліктерін қалай меңгертеміз және оқушылардың жазба жұмыстары бойынша іс-әрекеттерін қалай дамытамыз деген мәселе туындайды. Аталған мәселенің шешімін айқындау біздің зерттеуіміздің жетекші идеясы болып табылады.

Мектептегі «Қазақ тілі» пәні бойынша оқушыны адамгершілікке, ізгілікке баулудың, білім алушылардың аналитикалық ойлауын дамытудың, еркін де сыни көзқарастарын қалыптастырудың, өзіндік позициясы бар тұлғаны дамытуда үлкен рөл атқаратын күрделі жұмыстың бірі – жазылым.

Әдістемелік еңбектерде жазылымның ішкі дағдылары екі топқа бөліп қарастырылған. Біріншісі – сауаттылық, ал екінші тобы – идеяны (ойды) жеткізе білуі. Идеяны жеткізе білуге қатысты дағдылар мынадай түрлерге бөлінген:

1. Стилді дұрыс таңдай білу;

- 2.Идеяларды жүйелі ұйымдастыра білу;

- 3.Мәтін түрлерінің ерекшеліктерін қолдана білу және мағынасын жеткізе білуде қажетті функцияларды пайдалана білу. Сондай-ақ әдістемелік құралда белгілі бір жазылым тапсырмасын толық орындаудың бірнеше қадамдары көрсетілген:

- 1.Әуелі жазғың келетін нәрсенің мақсатын анықтап алу (тақырып, идея, оқырман, стиль, жанр).

- 2.Ойыңды дұрыс жеткізуді жоспарлау.

- 3.Шимай нұсқасын (өзгертілуі мүмкін жазылым түрі) жазып көру.

- 4.Түзету (қателерді түзету және мазмұнын толықтыру).

5.Тексеріп шығу (сауаттылыққа тексеру және түзеу).

6. Дұрыс нұсқаны (екінші немесе соңғы нұсқаны жазып шығу) жазу. Жазба жұмыстарының көрсетілген қадамдары күнделікті сабақ үдерісінде ескерілуге тиісті. Өйткені алдымен жазатын мәселенің тақырыбын нақтылап, жанрын анықтау қажет. Одан соң жазатын тақырыпқа қатысты жоспар құру білім алушының өз ойын жүйелі жеткізуіне мүмкіндік береді. Сол жоспарды басшылыққа ала отырып, оқушы алғашқы нұсқасын жазып, келесі кезекте жазғанын қайтадан қарап, түзетеді, толықтырады. Сыныптағы білім алушылардың барлығы жазбаларын аяқтаған соң, олардың жұмыстарымен таныстыру, жазылым тапсырмасы бойынша ой бөлісу, рефлексия жүргізіледі. Жоғарыда тоқталғанымыздай, жазылым арқылы қалыптасатын дағдыны екі топқа бөліп қарастыруға болады.

Олар: сауаттылық және ойды жеткізе білу. Білім алушы бойында сауаттылықты қалыптастыратын дағдылар:

1. Орфографиялық сауаттылық;
2. Каллиграфияның дұрыстығы;
3. Тыныс белгілерін дұрыс қолдану;
4. Тіл салаларын меңгеруі (фонетика, лексика, морфология, синтаксис)
5. Сөйлемдерді дұрыс байланыстыра білу;
6. Мәтіндегі азат жолдың қызметін білу (жаңа азат жолдан басталған, бір идеяға ғана негізделген көлемділеу жазылым бөлігі).

Білім алушы бойында ойды жеткізе білу дағдысын дамыту: 1. Мәтіннің стилін түсіну; 2. Мәтін түрлерінің ерекшеліктерін білу. Білім алушының жазылым дағдысын дамытуда жас ерекшелігіне сай жазылым түрлерімен таныстырып, мәтінімен (мазмұны, лексикасы, стилі және құрылымымен) жұмыс жасату керек. Сабақ барысында дайын мәтінді талдатуға болады, немесе мәтінді білім алушылардың өздеріне құрата отырып, талдауға болады. Білім алушы өзі құратын мәтіннің тақырыбын талқылаудан бастап, жоғарыда көрсетілген қадамдарды орындаса, оқушылар жазылымның әр түрін (хат, хабарлама, жарнама, әгіме, эссе, оның түрлері, мінездеме, өмірбаян, құттықтау, шағын мақала, нұсқаулық, әңгіме құрастырып жазу, мақала, аннотация, тезис, жинақы мәтін, баяндама, мақала, лекция, баяндама тезистері, аннотация, түйіндеме, рецензия) кез келген уақытта жаза білуге дағдыланады. Мысалы, тақырып алып, оның мазмұнын ашуда туындаған идеясын жоспарлай отырып, алғашқы нұсқасын жазу кезеңінде өз ойларын жеткізу үшін қажетті сөздерді, сөйлем құрылымдарын іздейді, мәтін құрастырады. Дайындаған мәтінін түзету және тексеру кезеңінде жазылымның сауаттылығын, ондағы идеяларды бағалай отырып, өз жұмысына сыни көзбен қарап, артықшылығы мен осал тұстары туралы саралай алады.

Мысалы, 5-сынып оқушысына мына оқу мақсаты бойынша «5.3.2.1.жанрлық ерекшеліктеріне сай ресімделуі мен құрылымын сақтап, хат, жарнама, хабарландыру құрастырып жазу» жарнама жаздыру жолдарына тоқталайық. Әуелі жарнама туралы мәлімет беріледі. Жарнама сөзі (франц.

reclame, лат. reclamo — жар саламын) — тауарлардың, қызмет көрсетудің тұтынушылық қасиеті туралы ақпарат беру және оған деген сұранысты көбейту мақсатында таратылатын хабарлама. Белгілі бір адамдар, ұйымдар, әдебиет пен өнер шығармалары туралы хабар таратып, оларды әйгілеу. Жарнаманың қызметі: 1. тауардың өтімділігін арттыру, 2. коммерциялық мақсатта, 3. жұртшылықты белгілі бір өніммен таныстыру, 4. тілдің қолданыс аясын кеңейту.

Шетелдік ғалым Т. Бузанның ұсынған «Ақыл картасы» — жинақы мәтін жаздыруда ыңғайлы әдістің бірі. Алдымен, оқушы берілген мәтінге байланысты тірек сөздерді теріп жазады, екінші қадам — мәтінде көтерілген мәселеге өзіндік пікірін білдіреді де, үшінші қадамда мәтіннен өз ойына байланысты дәлелдемелерді табады. Сабақ кезінде интербелсенді әдістерді пайдалану оқушылардың жазба жұмыстардың түрлерін және олардың мақсатын, мазмұнын, стилі мен тілін талдау арқылы ерекшеліктерін меңгере отырып, жазылым дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Қорытынды Қорыта айтқанда, білім алушылар қазақ тілі пәнін меңгеру арқылы қоғамдық өмірге араласуға қажетті тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын жағдаяттар жүйесі негізінде дамытады; олар қазақ тілінде түрлі өмірлік жағдаяттарда еркін қарым-қатынас жасайды, өзара пікір алмасады, көзқарастарын білдіреді, өз ойын жүйелі де нақты жеткізе алады; қазақ тілінде берілген кез келген ақпаратты тиімді қолдана отырып, өзіне қажетті мәліметті ала алады; түрлі мәтіндерді өздігінен түсініп оқиды; оқығаны бойынша өзіндік қорытынды жасап, ауызша және жазбаша сөйлеу дағдылары арқылы тың идеяларын өзгелермен еркін бөліседі. Яғни білім алушылар бойында жазылым дағдысы арқылы да коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға болатындығын ғалым М. Дүйсенова: «Қазақ тілі сабақтарында оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі тілдің коммуникативтік және танымдық салаларының ортақ бағыттары мен тәсілдерін байланыстыратын жаңа бағыт болып табылады.

Бұл бағытта оқушылардың тілді үйрену барысында оның тұжырымдамалық ерекшеліктерін ескере отырып, сөздің мағынасын қабылдау, түсіну және игеру, оны әр түрлі өмірлік жағдайларда қолдана білу, өз ойлары мен идеяларын сабақтарда жеткізе білу, коммуникативті мәселелерді шешу және тіл заңдары мен нормаларын қолдану сияқты дағдыларды қалыптастыру мәселелері бірінші орынға шығады» деп көрсетеді. Сонымен қатар, жазылым дағдысының жүйелі, дұрыс қалыптасуы сабақ үдерісінде әдістерді түрлендірумен тығыз байланысты. Өйткені, әдістер білім алушылардың танымдық қызығушылығы мен дербестігін, оқу іс-әрекетіне оң көзқарасын дамытады және жаңа материалды зерделеу кезінде жақсы нәтиже беретіндігін байқатты. Жазылым түрлері қай уақытта да қоғамдық-әлеуметтік сұранысқа сай мектеп бітірушілердің міндетті түрде меңгеріп шығуы тиіс білімі мен білігінің түпкі нәтижесі болып табылатындығы анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Байтұрсынов, А. Тіл тағылымы [Мәтін]. – Алматы, 1992. – 448 б.
2. Аймауытов, Ж. Ана тілін қалай оқыту керек? [Мәтін] // Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – Т. 6. – 384 б.
3. Көшімбаев, А. Қазақ әдебиетін оқыту методикасы [Мәтін]. – Алматы : Мектеп, 1969. – 207 б.
4. Абдразахова, Ф. Ж. Қазақ тілін шетелдік студенттерге жазылым әрекеті арқылы үйрету әдістемесі (жоғары оқу орындарының филология факультетіне арналған): пед.ғыл.канд. авторефераты [Мәтін]. – Алматы, 2003. – 29 б.
5. Мақырұлы, С. Мәтінтану – маңызды мәселе [Мәтін]. – Алматы: «Кие» лингвоелтану инновациялық орталығы баспасы, 2009. – 10 б.

ӘОЖ 372.882

ЕРБОЛАТ ӘБІКЕННІҢ «ПӘТЕР ІЗДЕП ЖҮР ЕДІК» ӘНГІМЕСІН ОҚЫТУ: ОҚУ МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ТАПСЫРМА

А.С.САРСЕМБАЕВА, 1-курс магистранты,

Е.А.Бөкетов атындағы

Қарағанды зерттеу университетінің

Ғылыми жетекші: Рустемова Ж.А.,

ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор

Қарағанды қаласы, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні сабағында Е.Әбікеннің «Пәтер іздеп жүр едік» әңгімесі арқылы әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселеге баға беруге бағыттау тапсырмаларының ерекшеліктері қарастырылады. Көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселе туралы (вербалдық) және бейвербалдық элементтерді қолданып, сенімді және еркін сөйлеуге мүмкіндік беретін жұмыс түрлері көрсетіледі.

Кілт сөздер: Қазақ тілі мен әдебиеті (Т2), оқу бағдарламасы, әдістеме, мәселеге баға беру, оқылым, айтылым.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін Қазақстанның көпэтникалық қоғамының тілдік жағдайын ескере отырып оқытудың маңызы зор. Орыс тілді сыныптарда қазақ тілін үйрету барысында әдебиет шығармаларын пайдалану оқушылардың тілдік дағдыларын жетілдіріп қана қоймай, олардың мәдениетаралық қарым-қатынасын қалыптастырады. Осы тұрғыда Ерболат Әбікеннің «Пәтер іздеп жүр едік» әңгімесін оқыту жастардың әлеуметтік және моральдық мәселелерді түсінуіне ықпал етеді.

Мақала тақырыбының өзектілігі бүгінгі күні «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің оқу бағдарламасына әлеуметтік мәселелерді қозғайтын

шығармаларды енгізудің маңыздылығынан туындайды. Е.Әбікеннің әңгімесі қоғамдағы адамгершілік құндылықтарды, жан мен тәннің аласапыранын, адамға тән қасиеттерді айқындайтын көркемдік құралдармен байытылған. Шығарманы орыс тілді сыныптарда оқыту арқылы оқушылардың әдебиетке деген қызығушылығын арттырып, қазақ тілінің бай сөздік қорын меңгеруіне ықпал ету көзделеді.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні қазақ халқының тілі мен мәдениетін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Пән сабақтарында тек тіл үйрену ғана маңызды емес, сонымен қатар қазақ халқының рухани әлемін түсіну де үлкен мәнге ие. Оқу бағдарламасындағы шығармалар оқушыларға әлеуметтік мәселелерді кеңінен түсінуге және олардың шешімдерін табуға бағыттайды.

11 сыныптың оқу бағдарламасындағы «11.3.3.1 әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселеге баға беру және әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыру» және «11.2.5.1 көпшілік алдында сөз сөйлеуде маңызды орын алатын тілдік (вербалдық) және бейвербалдық элементтерді қолданып, сенімді және еркін сөйлеу» [1] оқу мақсаттарына жету үшін – лексикалық-грамматикалық минимумдарын меңгерте отырып, оқушылардың әдебиет саласындағы сыни ойлау дағдыларын дамыту, оларды оқыған шығармаларына талдау жасатып, шығарманың әлеуметтік-қоғамдық мәнін түсінуге бағыттау керек.

Ерболат Әбікеннің шығармасын оқыту барысында оқушылар:

1) әңгімеде көтерілген әлеуметтік мәселені анықтап, оған жеке пікірлерін білдіруге үйренеді;

2) қоғамдағы адамдардың қиын жағдайларына, олардың психологиялық күйіне тереңірек бойлайды;

3) қазақ әдебиетінің қазіргі қоғаммен байланысын түсінеді;

4) күнделікті ауызекі тілдегі қарапайым сөздер мен сөз тіркестерін орынды қолдануды, шынайы өмірде көтерілген мәселе аясында тілдесе алуды үйренеді.

Әрбір әдеби тапсырма оқушының шығарманы түсінуін тереңдетуге және шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталуы керек. Мысалы, «Пәтер іздеп жүр едік» әңгімесіне байланысты мынадай тапсырмалар ұсынылуы мүмкін [2]:

- Шығарманың басты кейіпкерлерінің әлеуметтік жағдайын сипаттаңыз. Олардың іс-әрекеттері мен психологиялық ерекшеліктері арқылы қазіргі қоғамдағы адамдардың проблемаларын талдаңыз.

- Әңгімеде қоғамның әлеуметтік теңсіздігі қалай көрініс табады? Оны сипаттайтын мысалдар келтіріңіз.

- Тақырып аясында қарастырылған мәселе бойынша өз ойларыңды қосымша ақпарат көздеріндегі деректермен толықтырып, сынып алында үндеу жасаңдар (интервью беріңдер, сөй сөйлеңдер).

Мақаламыздың мақсаты – «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні сабағында Е.Әбікеннің «Пәтер іздеп жүр едік» әңгімесі арқылы әдеби шығармада

көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселеге баға беруге бағыттау тапсырмаларының ерекшеліктерін талдау.

Орыс тілді баланың қазақ тілінде пікір білдіріп, сөз сөйлеуін дамыту үшін бірнеше жұмыс түрін жүргізуге болады. Бұл жұмыс түрлері оқушының қазақ тілін еркін меңгеріп, қоғамдық мәселелер туралы өз ойын ашық әрі түсінікті жеткізе алуы үшін маңызды.

1. Қазақ тілінде көп тыңдау және оқу

Білім алушының қазақ тілін түсінуі мен сөйлеу дағдыларын жетілдіру үшін қазақ тіліндегі кітаптарды, газеттерді, мақалаларды оқыту, қазақша мультфильмдер, хабарлар мен бейнемазмұнды қарауы қажет. Бұл әсіресе, қоғамдық мәселелерді талқылағанда, сөздік қорын кеңейтуге септігін тигізеді.

2. Қазақ тілінде пікірталас жүргізу

Білім алушының қазақ тілінде өз пікірін айтуына мүмкіндік беру үшін түрлі тақырыптар бойынша пікірталас ұйымдастыру. Осы арқылы оқушы қазақ тілінде аргументтер келтіріп, өз ойын дәлелдеп, қоғамдық мәселелер туралы тереңірек ойлануға дағдыланады.

3. Қазақ тіліндегі сөздік қорды дамыту

Әлеуметтік-қоғамдық мәселелер туралы талқылау үшін оқушының арнайы сөздік қорын арттыру қажет. Бұл үшін онымен қазақ тілінде паттернді, сөз тіркестерін, тұрақты тіркестерді, мақал-мәтел, нақыл сөздерді қолдана отырып жиі сөйлескен жөн. Ең алдымен әлеуметтік, экономикалық, саяси мәселелер туралы сөздер мен түсініктерді, терминдерді меңгерту керек.

Бұл тұста Қаныгүл Жаманбаеваның «Тіл қолданысының когнитивтік негіздері» атты еңбегіндегі «Мақсатты стиль» ұғымын ұмытпау маңызды. «Мақсатты стиль дегеніміз...тілдің қандай мақсатта, кімге арнап жұмсалатындығына қатысты құбылыс». «Сонымен, тілді қолданушының сөздердің, тіркестердің, сөйлемдердің мағынасын түсінуі, немесе тілдік сапаларды игеруі, немесе сөздердің түсіндірме сөздіктегі мағынасын меңгеруі жеткіліксіз, ол - белгілі бір сөздердің негізінде жатқан құндылықтарды танып білуі керек» [3].

Паттерн – бұл біздің сөйлеуімізді құрайтын негізгі, жиі қолданатын фразалар. Күнделікті тілдесу үшін кейде тіпті аз сөз тіркестері қажет болып жатады. Бұндай фразалар тиімді болып келеді, себебі дайын үлгілердің болуынан бөлек сөз тіркестерін қолдану, сөйлемдерді грамматикалық тұрғыдан дұрыс құруды үйретеді. Дайын паттерндердің құрылымын білгеннен кейін ондағы сөздерді ауыстыруға болады.

4. Ойындар мен шығармашылық тапсырмалар

- Қоғамдық тақырыптарға байланысты шығармашылық тапсырмалар беруге болады. Мысалы, балаға белгілі бір әлеуметтік мәселе туралы эссе жазуға немесе презентация жасауға тапсырма беру. Бұл оның өз пікірін толық және құрылымды түрде жеткізуге көмектеседі.

- Рөлдік ойындар да тиімді. Мысалы, баланы журналист, саясаткер немесе қоғамдық ұйым өкілі ретінде қойып, қоғамдық мәселелер туралы сұхбаттар жасау.

5. Қазақ тілінде пікірлерді жазуға үйрету

- Баланы қазақ тілінде күнделікті жазбалар жасауға ынталандыру. Әлеуметтік желілерде, блог жазбаларында немесе жай ғана жеке дәптерінде өз пікірлерін жазу оның жазу дағдыларын дамытады.

6. Қазақ тілінде қоғамдық пікірлер мен көзқарастарды талдау

- Оқушыны қазақ тіліндегі әлеуметтік пікірлермен таныстыру. Мысалы, белгілі бір қоғамдық мәселе бойынша жазылған мақалалар, блог жазбалары, телебағдарламалар арқылы баланың қазақ тіліндегі қоғамдық мәселелерді талдау қабілетін арттыру.

Осы әдістерді қолданып, бала өз ойларын қазақ тілінде жеткізе алатын деңгейге жетеді. Әлеуметтік мәселелерді түсіну мен олар туралы еркін сөйлесу – оның қоғамдағы азаматтық позициясын қалыптастыруға, жауапкершілігін арттыруға да ықпал етеді. Әдістемелік тұрғыдан қарағанда, бұл оқу мақсатын жүзеге асыруда өз септігін тигізеді.

Е.Әбікеннің «Пәтер іздеп жүр едік» әңгімесін оқытуда келесі реттілікпен жұмыс жасауға болады:

1. Әңгіме жанры туралы ақпарат беру
2. Әңгіменің сюжеттік желісін талдау
3. Көркем шығармадағы әлеуметтік-қоғамдық мәселені анықтау
4. Әңгімеге арқау болған әлеуметтік-қоғамдық мәселесі аясында қолданылатын сөздер, сөз тіркестер, паттерн (шаблон, үлгі) фразаларды меңгерту
5. Әлеуметтік-қоғамдық мәселені шынайы өмірмен байланыстыра отырып, баға беру
6. Аталмыш әлеуметтік мәселе туралы сынып алдында ойын білдіру

Әңгіменің сюжеттік талдауын жасауда Сатылай кешенді талдау технологиясын немесе Фрейтаг пирамидасын қолдануға болады.

Көркем шығармадағы әлеуметтік-қоғамдық мәселені анықтау үшін «FILA» әдісі арқылы анықтау тиімді.

F /Дерек/ – шығармадағы негізгі деректер

I /Идеясы /– шығарманың идеясы

L /Сұрақ/– шығармада туындаған мәселе

A /Іс-әрекет/– мәселенің шешу жолдары.

Әр әдістің өзіндік артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне, дайындық және шығармашылық деңгейлеріне байланысты осы әдістердің тиімді үйлесімін қолдануға болады.

Мақалаға арқау болған зерттеуіміз Қарағанды облысы Абай ауданы Топар кентінің Прокофий Корниенко атындағы жалпы орта білім беретін мектеп базасында жүргізілді. Зерттеуге 11 сынып оқушылары қатысты.

Оқу мақсаттары:

11.3.3.1 – әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселеге баға беру және әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыру

11.2.5.1 – көпшілік алдында сөз сөйлеуде маңызды орын алатын тілдік (вербалдық) және бейвербалдық элементтерді қолданып, сенімді және еркін сөйлеу

Ерболат Әбікеннің «Пәтер іздеп жүр едік» шығармасының жанры әңгімеге қысқаша тоқталып, шолу жасалады.

Әңгіме – оқиға желісін қысқаша әрі қарасөзбен баяндалатын көркем шығарма түрі. Оның көлемі шағын, кейіпкерлері аз, ал сюжеттік желісі басталу, шарықтау шегі мен шешімнен тұрады. Мұнда бір жайға қайта оралып, артық сөзбен түсіндіру немесе ұзақ суреттеу орын алмайды. Әңгіме жанры жазушыдан аз сөзбен терең мән беретін көркемдік шеберлікті талап етеді.

